

БУЛШЕКБАЕВА АСЕМ ИСАЕВНА

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның
дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру**

6D010300-Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші:
Педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Бейсенбаева А.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD білім докторы,
Донггук университетінің профессоры
Намин Шин/Namin Shin
(Сеул, Оңтүстік Корея)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2014

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТҰЛҒАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	16
1.1 Философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің зерделену жайы	16
1.2 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің мағынасы, құрылымы мен мазмұны	30
1.3 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың отандық және шетелдік тәжірибесі	41
1.4 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары және қағидалары	50
2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТҰЛҒАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	64
2.1 Психологиядағы тұлға теориясы – тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің мазмұны	64
2.2 Таным және мәдениет теориялары тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың тетігі	73
2.3 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінің тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру әлеуеті	83
2.4 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі	93
3 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТҰЛҒАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ	102
3.1 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары және әдістемесі	102
3.2 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламасы және кезеңдері	120
3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері	139
ҚОРЫТЫНДЫ	155
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	158
ҚОСЫМШАЛАР	168

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 17-қаңтар, 2014.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, №828-831 (27902) желтоқсан, 2012.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7-желтоқсандағы №118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 10 маусым, 2011.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана. 30-тамыз, 1995.

«Қазақстан - 2030» стратегиясы. 1997.

Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты бекіту туралы» №1080 бұйрығы. 23-тамыз, 2012.

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, №407-IV, 2011.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17-мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Білім – білім алушының білім, білік, дағды және құзыреттілікті меңгеруге бағытталған мақсатты әрекеті. Дүниеге көзқарасты бейнелейтін адамзаттың тәжірибесі. Бұл үдеріс өмір бойы жүзеге асады. Дүниетаным дамуының үлкен тірегі.

Ғылыми дүниетаным — адам тәжірибесінде ғылыми тексерілген және дәлелденген ұстанымдар мен заңдылықтар.

Ғылыми таным – нақты фактілер негізінде объективті заңдар мен ақиқатты танудың түрі мен деңгейі. Ғылыми таным адам өміріне әсер ететін күрделі құбылыс.

Гуманизм (ізгілік) – (латынша *humanitas* — «ізгілік», *humanus* — «адамдық, азаматтық», *homo* — «адам») — тұлғалық идеяның құнды дүниетанымдық қасиеті. Изгілік адам құндылығын бағалаудың өлшемдік түсінігі.

Дүниетаным – адамда өмір бойы қалыптасатын білім, сенім, мұрат, өмірлік құндылықтар жүйесі. Дүниетаным тұлғаның өмірлік мақсатын, өмірлік ұстанымын анықтайды.

Дүниетанымдық әсерлену – дүниені қабылдаудан қуат алу.

Дүниетанымдық бағалау – адам мен адамдардың әлеуметтік қатынаста мінез-құлық реттеуші фактор есебінде бейнеленеді.

Дүниетанымдық белсенділік – тұлғаның танып білуге деген ерекше құштарлығы.

Дүниетанымдық білім – дүниеге көзқарастың тұтастығы.

Дүниетанымдық мәдениет - тұлғаның жеке кәсіби сапасы ретінде өзекті де табысты және қазіргі заманғы ерекше үздік белгілерінің бірі. Ол тұлғаның құрылымының элементі ғана емес, оның кәсіби құрылымын байытудың және қалыптастырудың ең қажет факторы.

Дүниетанымдық қабілет – тұлғаның дүниетанымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға икемділігі.

Дүниетанымдық қажеттілік – тұлғаны мақсатқа жетелейтін қозғаушы күш.

Дүниетанымдық қабылдау – заттар мен құбылыстар ерекшеліктерінің мида бейнеленуі.

Дүниетанымдық сана – объективтік болмыс жайында қажетті білімдерді меңгертетін, адамның өзін-өзі танып білуінде де жетекші рөл атқаратын психиканың жоғары сапалы сатысы.

Дүниетанымдық сезім – тұлғаның табиғи және әлеуметтік қажеттіліктерінің қанағаттандырылу не қанағаттандырылмауы.

Дүниетанымдық талғам – әлемнің тұтастығын, өлшеусіз шексіздігін түйсіну.

Дүниетанымдық іс-әрекет - тұлғаның дүниемен қарым-қатынас тәсілі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру – тұлғаның қабілетін дамытуға, әлеуметтік маңызды идеяларды іске асыруға, қоғамның жоғары кәсіби мамандарға деген қажеттіліктерін өтеуге арналған жүйе.

Магистрант – магистратурада білім алушы тұлға.

Мәдениет - тұлғаның шығармашылық әрекет нәтижелерін жинақтайды, рухани-тәжірибелік күштерін жетілдіреді және оны шығармашылық тұлға тұрғысында дамытады.

Сана – объективті шындықты тілдік мағыналар жүйесіне психикалық бейнелеудің жоғары, тек адамға ғана тән түрі.

Тұлға – сөйлеу қабілеті бар саналы, шығармашылық мүмкіндігі бар қоғамдық және табиғи тіршілік иесі.

Шығармашылық – қайталанбастығымен, шынайылығымен және қоғамдық-тарихи бірегейлігімен белгіленетін іс-әрекет.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі белгілер мен қысқартулар қолданылған:

АҚШ	Америка құрама штаты
ЖОО	Жоғары оқу орны
ҚР	Қазақстан Республикасы
МЖБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
МҒЗЖ	Магистранттардың ғылыми–зерттеу жұмысы
т.б.	тағы басқалары
ТДМ	Тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті
ФРГ	Германия Федеративті Республикасы

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі кезде елімізде білім жүйесінің жаңаруы, ізгілікке бағытталып, мәдениеттен көрініс алуы тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуына, рухани құндылықтарының қалыптасуына әсер етеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты кезекті Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» [1]; «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына Жолдауында: «Әлем ауыр дүниетанымдық және құндылықтық дағдарысты бастан кешіріп отыр» [2] - деп ерекше мән беруі қоғамның дүниетанымы жоғары, белсенді азаматтық ұстанымы қалыптасқан, биік деңгейлі адамгершілік және көшбасшылық қасиеттері бар тұлғаға сұраныс тудырып отырғанын дәлелдей түспек.

Сонымен бірге бірқатар мемлекеттік нормативті құжаттарда [3,4,5,6] жеке тұлғаға мемлекеттік қолдау көрсету мен ынталандыруларды күшейту, білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес білім сапасының жоғары дәрежесіне жету мәселелері қамтылған.

Республикамыздағы қоғамдық өзгерулердің кеңдігі, күрделілігі білім саласына, нақтырақ айтқанда жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларына жаңартулар қажеттілігі туындайды. Білім беру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі – келешек ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру. Себебі, заман талабына сәйкес жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруда ұлттық ерекшеліктерді ескеріп, салт-дәстүрді, білімді, ғылымды қолдану – бүгінгі күннің өзекті мәселелері екені даусыз. Еліміздегі жоғары оқу орындары осы мәселелерді шешуде бірнеше мақсаттарды орындауда.

Жоғары оқу орындарының негізгі ұстанымы – бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу, тұлғаның мәдени және құндылықтық деңгейі мен ақыл-ойын арттыру, жоғары білімді мамандарды қоғам қажеттілігіне сай даярлау. Жоғары оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша мамандар даярланады [7].

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім - маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырып қана қоймай, тұлғаның өзіндік «Мен» тұжырымдамасын дамытады. Қазіргі кезде педагогиканың өзекті мәселелері - әлемдік білім кеңістігіне сәйкес бейімделген білім алу, кәсіби қалыптасудың сапасын жоғарылату, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтуда оның рөлін арттыру. Сондықтан да, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болмақ.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін айтпас бұрын тұлға дамуындағы ізгілікті қасиеттерді ескере кеткен жөн сияқты. Жеке тұлға тәрбиесін ізгілендіру - бүгінгі заман талаптарының бірі [8]. Ізгіліктің негізі және оның тәлім-тәрбиелік

маңызы туралы құнды ой-пікірлер туралы қазақ даласындағы ұлы ғұламалар Жүсіп Баласағұн, Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұт Қашқари, ағартушылар А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, қазақ зиялылары Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов [9,10,11,12,13,14,15,16] т.б. болашақ ұрпақты адамгершілік, адалдық, парасаттылық, шыншылдық сынды қасиеттерге тәрбиелеудегі халық даналығын жоғары бағалағандығы және соған талпынғаны да аңғарылады. Жоғарыда келтірілген ізгілікті қасиеттер дүниетанымы жоғары тұлға қасиеттері екені анық.

Дүниетаным - қоғамдық сана мен жеке тұлға санасының ең жоғары деңгейі. «Дүниетаным», «таным» саласында көптеген құнды ой-пікірлер мен көзқарастар философ ғалымдардың С.Б.Крымский [17], Б.М.Кедров [18], Ғ.Есім [19], Ә.Нысанбаев [20], А.Қасабеков [21], М.Орынбеков [8], Ж.Алтаев [22], А.Кішібеков [23], К.Толысбай [24], Ж.М.Әбділдин [25], Н.А.Бердяев [26], Б.С.Гершунский [27], М.Шелер [28] және т.б.) еңбектерінде жан-жақты талқыланып келеді.

Білім алушылардың танымдық әрекеттерінің түрлері отандық психологтардың еңбектерінде Т.Тәжібаев [29], Қ.Б.Жарықбаев [30], Ж.Ы.Намазбаева [31], С.М.Жақыпов [32], Х.Т.Шерьязданова [33], А.Р.Ерментаева [34], Н.Қ.Тоқсанбаева [35] және ресейлік психолог, педагог ғалымдардың М.А.Данилов [36], И.Я.Лернер [37], Л.В.Занков [38], М.И.Махмудов [39], А.А.Люблинская [40], А.Н.Леонтьев [41], Н.Б.Менчинская [42], П.Я.Гальперин [43], Д.Б.Эльконин [44], М.И.Левина [45], Ю.К.Бабанский [46], Т.И.Шамова [47], С.П.Барнов [48]) зерттеу нысанына қарай жүйелі талданған.

Қазақстандық ғалымдар Т.Тәжібаев [29], Қ.Жарықбаев [30] және т.б. дүниетаным жеке тұлғаның өмірлік бағытын көрсетуші мотивтер мен қажеттіліктер, бейімділік пен қызығушылықтар, мұрат пен талғам секілді компоненттерден тұратындығын тұжырымдайды.

Дүниетанымның интеллектуалдық, тұлғалық, практикалық сипатын ашуда жеке тұлғаның қалыптасуындағы өзіндік «Мен» мазмұнын айқындау психолог ғалымдар С.М.Жақыпов [32], Ж.Ы.Намазбаева [31], Қ.Т.Шерьяздановалардың [33] еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазіргі уақытта қазақстандық ғалымдар тарапынан педагогика ғылымында осы мәселеге қатысты бағалы ой-пікірлер айтылып, ғылыми ізденістер жасалында. Мысалы, жеке тұлғаның тәрбие мәселелері туралы (Р.Қоянбаев [49]); тұлға қалыптастырудағы гуманистік тәрбие, ықпалдастыру (интеграция) мәселесін (А.А.Бейсенбаева [50]), тұлғаның зерттеушілік мәдениеті (Ш.Т.Таубаева [51]), тұлғаға ұлттық тәрбие беру мәселелері (С.Қ.Қалиев [52], К.Ж.Қожахметова [53], Р.К.Төлеубекова [54], Қ.Б. Бөлеев [55], Қ.Қ.Шалғынбаева [56], Қ.А.Сарбасова [57]); тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелері (Б.А.Тұрғынбаева [58] және т.б.) еңбектерінде жан-жақты талданған.

Педагогикалық үдерісте дүниетаным мәселелерін зерттеп, зерделеген ғалымдардың еңбектерін атап кеткеніміз орынды болмақ. Ғалым Қ.Аймағамбетова бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың ғылыми-

әдістемелік негіздерін [59], Е.З.Батталханов оқушылардың гуманистік дүниетанымын қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық мәселелерін [60], Ә.Мұханбетжанова бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін [61], Т.Ш.Тілеубай болашақ информатика мұғалімінің ақпараттық дүниетанымын қалыптастырудың әдістемелік негіздерін [62], М.М.Нағымова өнер салалары сабақтастығы арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру [63], С.К.Ахтанова бастауыш сынып оқушыларының ұлттық дүниетанымын музыка арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттарын [64], А.М.Текесбаева өлкетану негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру [65] мәселелерін өз зерттеу еңбектерінде қарастырған.

Бірақ, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесі әлі де болса өзінің теориялық мәнділігін толық тапқан жоқ. Осы тұрғыдан алғанда қоғамның әлеуметтік даму жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруда:

- қазіргі қоғамның белсенді, дүниетанымдық мәдениеті жоғары және оларды шығармашылық тұрғыда ойлай алатын, әлеуметтік бейімделген азаматтарға зәрулігі мен ондай тұлғаны қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздерінің жасалмауы арасында;

- ЖОО жағдайында болашақ мамандардың дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігі мен оны жүзеге асырудың бар мүмкіндіктерінің пайдаланылмауы арасында;

- тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру және оқытушылардың оларға педагогикалық көмек көрсету үдерісінің әлі де дидактикалық жағдайға сәйкес келмеуі арасында **қарама-қайшылықтар** туындап отыр.

Осы бөліп көрсетілген қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру, біздің мәселемізді айқындауға және зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру үдерісін теориялық негіздеу және оның әдістемесін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізу.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі.

Зерттеу пәні: жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру үдерісі.

Зерттеу болжамы: *Егер*, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде білім беру үдерісінің теориялық моделі мен әдістемесі жасалып, практикаға ендірілсе, онда білім алушының дүниетанымдық мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасады, өйткені ұсынылған жүйе педагогикалық-психологиялық теорияларға негізделеді.

Зерттеу міндеттері:

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру әлеуетін анықтау және осы саладағы отандық, шетелдік тәжірибені сипаттау;
- тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық – әдіснамалық негіздерін анықтау;
- тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі мен әдістемесін жасау;
- тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігін тексеру және ұсыныстар даярлау.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда **теориялық** (философиялық, социологиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, қорытындылау, салыстыру, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, нәтижені жобалау, моделдеу, индуктивті-дедуктивті талдау); **эмпирикалық** (сауалнама, интервью, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, нормативті құжаттарды саралау, тест, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу); **статистикалық** (зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу) әдістер қолданылды. Сонымен бірге Сеулдегі Донггук университетінің (Оңтүстік Корея) профессоры Намин Шинмен бірлесе жасалынып, құрастырылған сауалнамалар да пайдаланылды.

Зерттеудің жетекші идеясы: жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті, оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың басты факторы болып табылады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: *тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр* (В.В.Сериков, В.А.Сластенин, И.С.Якиманская, Н.В.Кузмина; *аксиологиялық (құндылықты) тұғыр* (М.С.Каган, А.Лэнгле, З.И. Равкин, Н.С.Розов, В.П.Тугаринов); *акмеологиялық тұғыр* (А.А.Деркач, А.А.Бодалев); *Мәдениеттілік тұғыр* (Е.В.Бондаревская, Б.С.Гершунский, И.Ф.Исаев және т.б.); *құзыреттілік тұғыр* (В.А.Сластенин, Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Меңлібекова, А.К.Маркова, М.В.Прохорова, Дж.Равен, А.И.Пискунов, В.И.Журавлев, А.А.Реан, А.А.Вербицкий).

Зерттеу көздері. Зерттеу мәселесі бойынша философтардың, психологтардың, педагогтардың және әлеуметтану бойынша мамандардың ғылыми еңбектері, ресми материалдар мен құжаттар (Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, №828-831 (27902) желтоқсан, 2012; Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7-желтоқсандағы №118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 10-маусым, 2011; Қазақстан

Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда; Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана. 30 тамыз, 1995; «Қазақстан - 2030» стратегиясы. 1997 ж.; Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты бекіту туралы» №1080 бұйрығы. 23 тамыз, 2012; Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, № 407-IV, 2011 т.б.), оқу-әдістемелік әдебиеттер, мерзімдік баспа материалдары, бағдарламалар, педагогикалық іс-тәжірибелер.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы төмендегілер болып табылады:

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру әлеуетін анықтау және осы саладағы отандық, шетелдік тәжірибенің сипатталуы;

2. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық – әдіснамалық негіздерінің анықталуы;

3. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі мен әдістемесінің жасалуы;

4. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеме тиімділігінің тексерілуі және ұсыныстар даярлануы.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы: - жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың әдістемесі құрастырылды және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында, педагог кадрлар біліктілігін жетілдіретін мекемелерде, сондай-ақ, ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыратын республикалық институттарында қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары: *тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр* нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылады. Дүниетанымдық мәдениетті *жүйелілік* тұрғыдан қарастыру оның құрылымдық компоненттерін, олардың қызметтерін ажыратуды, функционалдық-иерархиялық байланыстарын орнатуды, жүйекұрастырушы факторын анықтауды, сыртқы байланыстарын талдауды көздейді. *Аксиологиялық (құндылықты) тұғыр* ұлттық және жалпы адамзаттық басымдықтардың тәрбиенің мәндік негізін құрайтындығын көрсетеді. *Акмеологиялық тұғырдан* қарау бағыты болашақ маманның кәсіби тұлғалық дамуына ықпал беретін жағдайларды анықтауға, азамат, маман ретінде әлеуметтік жетілудің барынша жоғары деңгейлеріне қол жеткізу кезеңдерін жобалауға бағытталған. *Мәдениеттілік* тұғырдан қарау дүниетанымдық мәдениеттің жалпы адамзаттық құндылықтарына негізделуіне бағытталған, жалпы адамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін ұлттық мәдениеттің құндылықтары мен нормаларына сәйкес құрылады. Дүниетанымдық

мәдениетті *құзыреттілік* тұғыр тұрғысынан қарау білім, білік және дағды арқылы мәселелерді өз бетінше шешетін, өзін-өзі реттей алатын тұлғалық қасиеттерді пайдалана алу мүмкіндігі.

2. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін тиімді қалыптастыру үдерісі магистранттардың дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудағы оқытушының рөлі, білімдік үдерістегі дәстүрлілік және жаңашылдық, білім алушының өзіндік бағалауларының сәйкестігін мазмұндайтын *педагогикалық шарттардан (теориялық, ұйымдастырушылық, әдістемелік)* тұрады.

3. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделінің жасалуы, онда тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің компоненттері, зерттеліп отырған феноменнің анықталған құрылымын түзеді.

4. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің қалыптасуы ғылыми-теориялық дайындық; рухани-адамгершіліктік жетілу; мінез-құлықтық дайындық; кәсіби құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілікті көрсететін өлшемдер мен көрсеткіштер болып табылады. Тұлғада олардың қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасы; төмен, орта, жоғары.

5. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру әдістемесінің құрылуы және тәжірибе жүзінде оның тиімділігінің тексерілуі.

Зерттеудің негізгі кезеңдері. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруға арналған тәжірибелік – педагогикалық жұмыс қойылған мақсатқа сай үш: бірінші (2011-2012 жж.), екінші (2012-2013 жж.), үшінші (2013-2014 жж.) кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде — теориялық-ізденушілік: зерттеу мәселесі анықталып, оның мақсаты мен міндеттері айқындалды, зерттеудің ғылыми аппараты дайындалды, зерттеудің теориялық негізі жасалды. Зерттеу мәселесіне байланысты философиялық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер қарастырылды; әдебиеттерге салыстыру сараптамасы жүргізілді, зерттеу мәселесіне сәйкес алдыңғы қатарлы тәжірибелер жинақталып, дидактикалық материалдар зерделенді, анықтаушы эксперимент кезеңі орындалды. Отандық, шетелдік іргелі ғылыми зерттеулерге талдау жасау барысында қарастырылып отырған мәселенің ғылыми-теориялық негіздері анықталды, ғылыми мақалалар дайындалып, басылым көрді. Зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталып, жүргізілетін жұмыстардың мақсат-міндеттері, мазмұны анықталды.

Екінші кезеңде — эксперименттік: тәжірибелік-эксперименттің қалыптастырушы кезеңі жүргізілді, эксперимент барысында зерттеудің ғылымилығы негізделіп, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі жасалды, оның өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалып, соған сәйкес деңгейлері анықталды. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру әдістемесі даярланды және

тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді, ұсыныстар берілді.

Үшінші кезеңде — қорытынды: эксперименттік жұмыс барысында алынған барлық мәліметтердің қорытындысы шығарылды. Зерттеу нәтижелері талқыланып, статистикалық-математикалық өңдеу жұмыстары жүргізілді, диссертацияны талапқа сай рәсімдеу жүзеге асырылды.

Зерттеу базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Аталған тәжірибелік –эксперименттік жұмысқа 350 магистрант қатысты.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен сынақтан өткізу, ендіру. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, Магистратура және PhD докторантура институтының, педагогикалық мамандықтар кафедрасында талқылаудан өтті.

Аталған диссертацияның теориялық-әдіснамалық қағидалары, тәжірибе нәтижелері 2011-2014 жылдар аралығында отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрді: 1. Педагогтың әдіснамалық және дүниетанымдық мәдениеті// әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Өзге тілді аудиторияда оқытудың инновациялық қызметтің бағыттары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалы, 6 сәуір, 2012. 192-198 б.; 2. Мұғалімнің дүниетанымдық мәдениеті және адамдық капитал// «XXI ғасыр зерттеушісі» тақырыбындағы магистранттар мен докторанттардың Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және PhD докторантура институты, Психологиялық-педагогикалық мамандықтар кафедрасы, 25 қараша 2011. 270-273 б.; 3. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселелері// «Садықов оқулары: білім беру кеңістігіне инновациялық технологияларды енгізу мәселелері және жолдары» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 26-28 қыркүйек, 2013. 228-231 б.; 4. Адами капитал және болашақ мұғалімнің дүниетанымдық мәдениеті//«Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. АҚ «Назарбаев зияткерлік мектебі», 5-6 желтоқсан 2011. 109-111 б.; 5. Становление мировоззренческой культуры личности// материалы VIII Международной научно-практической конференций «Актуальные научные разработки – 2012» Место издания: Бял ГРАД-БГ (г.София, Болгария), 17.01 – 25.01.2012. 3-6 стр.; 6. World outlook culture of the person//Международная научно-практическая конференция “Исследование и сохранение культурного наследия – основа развития докторантуры PhD в образовательном пространстве вузов искусства”. Казахская Национальная академия искусств им.Т.Жургенова, 14 декабря 2011. 145-148 стр.; 7. Formation of outlook of the person// материалы VIII Международной научно-практической конференции «Наука и образование – 2011/2012» Место издания: Publishing House “Education and Science” s.r.o. (Чехия, Прага), 27.12.2011 – 05.01.2012 . 17-21 стр.; 8. Aesthetic and world outlook culture of the teacher: as the culturological phenomenon// Первая международная научно-практическая конференция "Научное искусство" 4-5 апреля 2012 года в Москве на базе МГУ

имени М.В.Ломоносова. 4-5 апреля 2012. 123-124 стр.; 9. Формирование мировоззрения личности// II Международной научно-практической конференции «Перспективные разработки науки и техники – 2011» Место издания: Sp. z o.o. “Nauka I studia”,(Przemysl , Польша) 07-15.11.2011. 94-98 стр.; 10. Тұлға дүниетанымын қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері// Журнал: Білім әлемінде. №1, 2012 ж. 31-34 б.; 11. World outlook self-determination of the person// Научно-теоретический и практический журнал «Современный научный вестник» №14(110), 2011. Россия. Серия «педагогические науки». 77-81 стр.; 12. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайындағы тұлғалық құзыреттілік// Изденіс-Поиск, №1(3), 2012. 96-100 б.; 13. Мировоззренческое самоопределение личности// Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының Хабаршысы. №4(54)2013. 63-67 стр.; 14. Педагогическая и мировоззренческая культура педагога// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы «Педагогика ғылымдары сериясы» №2(38), 2013. 128-131 стр.; 15. Человеческий капитал как основа формирования мировоззренческой культуры личности. Ежеквартальный информационно-методический вестник РИПК СО «Менеджмент в образовании». №4, 2011. 44-47 стр.; 16. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың психологиялық мәселелері// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы, Психология сериясы. №4, 2013.; 17. Tolerance formation and humanistic world outlook of students// *Proceedings of the 1st International Academic Conference «Applied and Fundamental Studies» VOLUME 2* hosted by the Publishing House «Science and Innovation Center», and the International Journal of Advanced Studies. St. Louis, Missouri, USA. 143-149 p. October 27-28, 2012.; 18. Die Nationale "FRAGE" IM Denken und Den Taten Heidar Alijews ZUR Ideologie des Aserbaidshanismus // World Academy of Science, Engineering and Technology- 2013 Iss 737 – P.686-692.; 19. Educational and Ideological Culture of a Teacher in Forming Tolerance// Middle-East Journal of Scientific Research 14 (7): 920-924, 2013 ISSN 1990-9233© IDOSI Publications, 2013 DOI: 10.5829/idosi.mejsr.2013.14.7.2166; 20. Formation of tolerance and humanistic worldview the students based personality-oriented technology// 2nd Cyprus International Conference on Educational Research Procedia - Social and Behavioral Sciences 89 (2013) 921 – 926 13-15 February 2013, Ataturk Teacher Training Academy, Lefkosa (Nicosia), North Cyprus.; 21. Tolerance Features In The Structure Of Worldview Culture// WORLD CONFERENCE on PSYCHOLOGY and SOCIOLOGY Procedia - Social and Behavioral Sciences 82 (2013) 921 – 932 November 27 - December 01, 2012 Antalya, Turkey.; 22. Tolerance in the System of Formation of World-View Culture and Spiritual and Moral Development Middle-East Journal of Scientific Research 17 (6): 802-804, 2013 ISSN 1990-9233© IDOSI Publications, 2013 DOI: 10.5829/idosi.mejsr.2013.17.06.12260.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі негізделеді, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық-

теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, ғылыми болжамы, қорғауға ұсынылатын қағидалары ашып көрсетіледі.

«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-практикалық алғышарттары және әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде зерттеу жұмысының философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселелері зерделенді. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің мағынасы, құрылымы мен мазмұны анықталып, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың отандық және шетелдік тәжірибесі сараланды. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары және қағидалары айқындалды.

«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері» атты екінші бөлімде психологиядағы тұлға теориясы – тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің мазмұндық бөлігі сараланды. Таным және мәдениет теориялары тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың тетігі ретінде қарастырылды. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінің тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру әлеуеті сипатталды. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі құрастырылды.

«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны» атты үшінші бөлімде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесіне талдау жасалынып, тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың мазмұны және оның нәтижелері көрсетілді. Сонымен қатар мәселенің әдістемесі, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері талқыланып, қорытындыланады.

Қорытынды бөлімде теориялық және эксперименттік жұмыстың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ғылыми тұрғыдан ұсыныстар берілді.

Қосымшада жалпы оқу іс-әрекетті анықтау мақсатында магистранттарға сауалнамалар және тест сұрақтары ұсынылды.

1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТҮЛҒАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің зерделену жайы

Елімізде білімді дамытудың негізгі стратегиялық бағыты жоғары білімді, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, шығармашылық ойлау қабілеті бар, дүниетанымдық мәдениетті игерген және өзінің даралығын сақтаған тұлғаларды қалыптастыру.

Бұл тұлға дамуындағы мәдени тетіктердің әлеуметтік және психологиялық байланыста білім берудегі ізгіліктік парадигмаларын қалыптастыру қажеттілігін айқындайды. Осы жағдай қоғамның тұлғаға ерекше құбылыс ретінде қарауын қамтуды және дәстүрлі білім беру жүйесіне қарағанда әлеуметтік мәдени ортамен және өзімен, табиғатпен қатынасының жарасымдылығына мүмкіндігінше зор көмек береді. Білім берудің негізгі ұстанымдары: білім беру қызметі субъектісі түрінде көрінген өзін-өзі дамытуға бейімделу, тұлғалық белсенділікті жеке тұрғыдан қарау. Осы байланыстағы маңызды астар дарынды жастардың, жас ғалымдар тұлғасын дамыту және психологиялық көмек көрсету мәселесі болып табылады.

Дүниені тану адам пайда болғанда бірге туған қоғамдық тарихи үдеріс. Оның шығуының бастауы - өмірдің өзі, адам тіршілігі. Қоршаған дүние туралы көзқарастың дамуы танымға байланысты болады. Әртүрлі тарихи кезеңдерде дүние, табиғат, оның түрлері, көріністері туралы адамның өзіндік көзқарасы, түсінігі, ойы болды. Дүниені тану – адамзат санасының, дүниетанымының қажетті саласы.

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді талдау негізінде қарастырылып отырған мәселенің әртүрлі астарлар тұрғысынан зерттеліп келе жатқаны сараланып, айқындалды. Сондықтан, дүниетаным философия ғылымының категориясы және сана феномені ретінде ғылыми білім салаларынан білім синтезіне негізделген.

Осыған орай бүгінде тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру «дүниетаным», «тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру» түсініктерінің ерекшелігімен айқындалады.

Бұл түсініктерге берілген анықтамаларды нақтылау мақсатында әр түрлі ғылым салаларына, әдеби деректерге, философ, психолог, педагог ғалымдардың тәжірибелік және педагогикалық зерттеу жұмыстарына көңіл бөлінді.

Нақты үдерістің мәнді-мазмұнды көрсеткішін анықтау үшін ең алдымен, құбылысты түсінуге және оның мазмұнын талдауға, ол ұғымның туындаған

уақыты мен даму кезеңдерін сараптауға ерекше назар аудару қажеттігі туындайды.

Сондықтан, зерттеу жұмысымызда дүниетанымның мәнін ашатын ғылыми қорды жүйелеу, жинақталған тәжірибені талдап, қорыту жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың өзектілігін айқындайды.

Осы тұрғыдан алғанда біздің қарастырып отырған мәселеміздің қалыптасқан терең тарихы бар. Қоғам зиялылары ең алдымен адамның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік беретін, оның өміріне қажетті дағдылар мен біліктіліктерінің негізін құрайтын, адамның білім алуы кезінде пайда болатын дүниетанымға ерекше назар аударды.

Философ ғалым М.Орынбеков: «Дүниетаным - тұлға және оның қоғамдағы орны, сана-сезімдік қалпы жайлы ұғымдарының жиынтығы, дүниенің біртұтастығын түсіну нәтижесі болып табылады», - деп тұжырымдайды [8].

Ғалым Қ.Аймағамбетова өзінің «Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты зерттеу еңбегінде қоғамдық сананың өсуіне байланысты адамның ойлау дәрежесінің шеңбері ұлғайып, «...қоршап тұрған дүниені, қоғамды және адамның өзін дұрыс бейнелеу белесіне жету» көзделетінін атап айтады. Сонымен қатар, ғалым бұның бәрі дүниетану деңгейінің адамзаттың даму эволюциясына байланысты күрделене түсетінін де ескертіп, білімді меңгеру мүмкіндігіне қарай өзгеріп отыратынын да пайымдайды [59].

Дүниені танып, білу туралы ғалым К.Оразбекова «Біз дүниені танып-білу процесі бақылау және ойлау сатыларынан тұрады дегенмен, оның ең негізгі, жоғары сатысы тәжірибе, яғни кең мағынада айтқанда, практика болып есептелінеді» дейді өз зерттеу еңбегінде [66].

Ә.Мұханбетжанова «Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты зерттеу жұмысында біздің дүние туралы біліміміз әртүрлі заттар мен құбылыстар жөніндегі әр саладағы мәліметтердің кездейсоқ жиынтығы емес, қоршаған шындықтың белгілі бір дәрежеде өмір сүретін жүйесін көрсететін ұғымдар, ұстанымдар, заңдардың тәртіптелген жүйесі – деп атап көрсетеді [61].

Жеке тұлға дүниетанымы туралы ғылыми еңбектерде де зерделеніп келеді. М.М.Нағымова – «Жеке тұлға дүниетанымы, біріншіден, отбасындағы тәрбие мен мектеп қабырғасындағы білімге байланысты қалыптасып дамыса, екіншіден, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты өзгереді. Аталған факторлар адамның ішкі жан дүниесіне ықпал жасап, оның белсенді өмір позициясы мен іс-әрекетінен көрінгенде, жеке тұлғаның дүниетаным ауқымын байқауға болады» - дей келе дүниетанымның қалыптасуына адам, табиғат, қоғам білімдері тірек болады. Адам, табиғат, қоғам біртұтас дүние деп сипаттайды [63].

Ғалым С.К.Ахтанова «дүниетаным - адам идеясының қоршаған орта жөніндегі ғылыми, философиялық, қоғамдық-әлеуметтік, психологиялық-

педагогикалық көзқарастардың және іс-әрекетінің бағыт-бағдарын айқындайтын тұтас жүйе» - деген анықтама береді [64].

Дүниетанымның басты категориясы ретінде «дүние» және «адам» алынады. Дүниетаным – күрделі рухани жүйе. Дүниетаным, адам, оның қоғамдағы орнын анықтау, табиғаттың құбылыстары мен заңдылықтарын тану философиялық дүниетанымның негізгі мәселелері болып саналады [64].

Сонымен, дүниетаным адам санасының, қоғам, табиғи өзгерістертердің ғылыми түсінігін қамтиды. Бұл тұста тұлғаның дамуындағы ізгіліктік қасиеттер туралы айтып кетуге тура келеді. Ізгілік дүниетанымның айнымас бөліктерінің бірі.

Оқу-тәрбие үдерісін ізгілендіру туралы көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өзінің зерттеулерінде ізгілік қасиеттердің, қарым-қатынастардың қалыптасуы мен дамуы, олардың заңдылықтары мен қалыптасу әдістерін қарастыру ғалым А.А.Бейсенбаеваның назарынан тыс қалмады. Ғалым тұлғаның ізгіліктік қасиеттері оның дүниетанымдық мәдениетінің жоғары деңгейі екенін атап көрсетеді [67].

Қазіргі уақытқа дейін демократия мен адам құқықтары, экономикалық және саяси бостандықтың барлық қырлары ашылып, сараланды. Дегенмен, дүниежүзі бойынша білімнің баға жетпес құндылық екенін мойындағанымыз абзал. Дәл осы уақытта әр адам үшін ар мен дүниетаным бостандығы шындыққа айналды. Бірақ, адам баласын көбінесе адамзат тағдыры, оның өмір сүруі, әлеуметтік әділетсіздіктер толғандыратыны белгілі. Қарама-қайшылыққа толы әлемде әр адамның өзінің бағытын табуына, өзіндік әрекеттер жасауына мүмкіндік беру үшін ең алдымен оның дүниетанымын қалыптастырып, жетілдіру қажеттілігі артуда.

Қазіргі жағдайда еліміз терең және көп қырлы жағдайды басынан өткізуде. Олар: экономикалық тәртіп пен қоғамдық-саяси бағыт өзгерді, аға ұрпақты рухани құндылықтар жағдайы көбірек алаңдатады. Жедел түрде жалған бұқаралық ақпарат мәдениеті мен субмәдениет жүйесі таралуда: тұтынушылық, ойын-сауық, жеке күшке табыну, агрессия (басқыншылық), вандализм, жауапкершіліксіз бостандық, немқұрайдылыққа салыну. Осының барлығы білім мен тәрбиеге жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді.

Педагогика ғылымының алдында жастардың бойында тез өзгеруші қоғамда өз орнын таба алатын тұлғалық қасиеттерді дамыту мен қалыптастыру міндеті тұр. Олар: ойлау икемділігі, сыншылдық, қиын жағдайда өз бетімен таңдау жасай алуы, сабырлылығы, төзімділігі (толеранттылық), азаматтығы, қызмет ету, іскерлік, креативтілігі, қарым-қатынас мәдениеті, ғаламдық болжау, «мәдени диалог» жүргізе алуы және т.б. Сондықтан да, осы тұста ғылыми-техникалық үдеріс кезеңінде кәсіби даярлығы бар, ғылыми дүниетанымы кең адамдардың қажеттілігі яғни, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің маңызы зор екенін айта кеткіміз келеді.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылдың 5-қыркүйегінде Назарбаев Университеті студенттері алдында сөйлеген сөзінде «Гарвард

университетінің нақылдарының бірі - бүкіл өмір бойы оқу ендігі жерде балама емес, асқан қажеттілік» - дейді. Соған байланысты, сендер алатын сапалы білім бар болғаны жолашар интеллектуалдық капитал болып табылады. Сендерге өзді-өздеріңмен үздіксіз жұмыс істеп, өз білімдеріңді, кәсіби құзырлылықтарыңды арттыру қажет. Неміс философы Зиммельдің айтуынша, «білімді адам – ол өзі білмейтінді қайдан табуға болатынын білетін адам». Сендер Қазақстанның өз ғылымы мен технологиясын, өзіндік ұстанымын жасайтын ғылым иесі болуларың керек», - деп жастарға өз сенімін білдірген болатын [68].

Ендеше, дүниетаным жоғары тұлға ғана айтарлықтай жетістіктерге жете алады. Ал, дүниетанымның не екенін саралап, талдау жасап көрелік.

Дүниетаным - адам болсын, қандай басқа бір зат болсын, бүкіл әлем болсын, оның дүниеде болу жолын, болу тәсілін көрсетеді. Құбылыстың ішкі өзіндік табиғаты оның өзін-өзі қалай жасайтынында, өзін қалай сақтауында, үнемі бүкіл болмысын қалай жаңғыртып отыруында. Ал, бұл қандай қажет болса да, жеке белгі емес, себебі жеке белгі немесе белгілер нәрсенің тұтас табиғатын қамти алмайды. Бұл оның ішкі заңдылығы. Сондықтан, заттың ішкі байланысын бейнелеу үшін адам ой жүзінде болсын, іс жүзінде болсын затты, өз заңдылығымен қайта жасап шығуы тиіс. Әр нәрсені біз оның өз заңдылығымен ой жүзінде жасай алсақ, онда дүниені тануымыз. Бұл жай білуден басқа нәрсе, әсіресе заттармен, олардың қасиеттерімен жай таныс болудан тіпті бөлек.

Тарихқа үңілсек, дүниетанымның қалыптасу тарихы философтардың еңбектерінде ғылыми зерделенген. Дүниетаным адам ойы кеңістігіндегі негізгі және аса күрделі түсініктердің бірі. Дүниетаным негізін салуда көне грек философтары Демокрит, Платон, Аристотель үлкен рөл атқарды [69, 70, 71].

Г.В.Ф.Гегель дүниетанымның қалыптасуы туралы көзқарасқа біршама тарихи даму сипатын берді. Оның ойынша, ойлау тұлғаның басында ғана болатын үдеріс емес, ол әлемдік күш, табиғат та, адам қоғамы да соның туындысы. Логикалық формалар абсолюттік идеяның, рухтың дамуының белгілі сатысы. Рух дамуының белгілі кезеңінде адамның дүниетанымына айналады. Дүниетаным - өзінен тыс бір нәрсені бейнелеу емес, рухтың өзін-өзі тануының бір жолы. Ал тану өзін-өзі жасаумен барабар [72].

Италияның ұлы суретшісі, ғалым, философ Леонардо да Винчи – «Дүниетаным – ақиқатты рухани қажетті игеру жүйесі, оның ішінде тұтастай алғанда, білімі мен наным, ар-ождан мұраттары мен әлеуметтік жағдайлардың реттеушісі, қоршаған ортаға психологиялық және эстетикалық көзқарасы» [73] - дей келе, дүниетанымды қалыптастырып, оны жалпы адамзаттық мәдени көрініске айналдыруға қосқан зор үлесі болды.

Дүниетанымның қалыптасу жолын әртүрлі түсінуден оның мазмұны мен ауқымын әртүрлі пайымдау шығады. Дж.Локк өз еңбегінде негізінен «эмпирикалық логикадан дүниетанымның мазмұны мен ауқымының кері қатынасы туралы заң шығады» деген пікір ұсынады [74].

«Ойлаудың жоғары дәрежесі, зерттелетін нысанның елеулі белгілері мен қасиеттері туралы пікірдің түйіні болып табылатын мәннің тұтас бірлестігі - дүниені тану қалпында қабылданады», - деп көрсетеді Н.И.Кондаков [75].

Дүниетаным айнала қоршаған дүниенің түрлі жақтарын, заңдылықтарын, байланыстарын тану үдерісінде пайда болады. Сонымен қатар, ұғымдарға, идеялардың таным нысанына кері әсер етуінен, шынайы ақиқатты зерделеу формаларының өзін жетілдіруден көрінетін дербестік тән.

Дүниетаным философия ғылымының категориясы болғанымен психология мен педагогика ғылымдарымен ықпалдасатын категория, күрделі, сан қырлы құбылыс. Сондықтан да, оған берілген түсініктемелерде сан алуан.

Психологтар «дүниетаным» терминіне әр түрлі түсініктемелер береді. Мысалы, Н.А.Менчинская: ««Дүниетаным» сөзімен біздер, заттар мен құбылыстардың қасиеттерін бейнелейтін қорытынды білімді белгілейміз» деп сипаттайды [76].

Орыс тілінің түсіндірмелі сөздігінде: «Дүниетаным – шындыққа қатысты ұстанымдар мен көзқарастар, сенімдердің жиынтығы» [77]. С.И.Ожеговтың «Орыс тілі сөздігінде»: «қоғам мен табиғатқа деген таным мен көзқарастар жиынтығы» деп анықталады [78].

Философияның энциклопедиялық сөздігінде: «тұлғаның, әлеуметтік топтың, таптың немесе тұтас қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын ұстанымдардың, көзқарастардың мақсат-мұраттар мен сенімдердің жүйесі» [79] деген анықтама берілген.

Демек, авторлардың түсініктерін талдап қорыта келе, дүниетаным адам танымының кешенді жүйесі деп анықталады, тұлғаның дүниетанымы оның ой-пікірін айшықтайды. Адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін оның білім деңгейі емес, дүниетанымы көрсетеді. Сонымен қатар, ол таным, адам, өмір салты философиясының негізгі категорияларының бірі және зерттейтін мәселесі болып табылады. Әлем, тұрмыс, әлеумет пен тұлға туралы, оның этикалық және эстетикалық жағдайы, адамның объективті әлемдегі рөліне сипаттама береді. Осы тұста тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті деген мәселенің туындары белгілі. Ал, тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті дегеніміз не? Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыруға байланысты көкейкесті мәселенің біріне айналған [80].

Осы орайда қазіргі жоғары оқу орындарында рухани байлықты дамытуда және көркемдік білім берудің құнарлығын арттыруда дүниетаным мәселесін теориялық-практикалық тұрғыдан қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Ресейлік ғалым Абросимова Л.Ф. «Дүниетанымдық мәдениет - тұлғаның жеке кәсіби сапасы ретінде өзекті де табысты және қазіргі заманғы ерекше үздік белгілерінің бірі болып табылады. Ол тұлғаның құрылымының элементі ғана емес, оның кәсіби құрылымын байытудың және қалыптастырудың ең қажет факторы» - деген пікір білдіреді [81].

Жалпы дүниетаным адамзат пен қоғамның рухани өміріндегі күрделі үдеріс. Оның қолдауымен адамзат қызметі ұйымдастырылған және реттелген сипатқа ие.

Ол көзқарастар, ойлар, идеялар, құндылықтар мен ұстанымдар жиынтығы болып табылады. Сонымен бірге, адамзаттың өмірлік позициялары айқындалып, қызметі мақсатты түрде ұйымдастырылады.

Дүниетанымды қалыптастыру үшін ғалым Н.А.Менчинскаяның пайымдауы бойынша адамға бәрінен бұрын білім негіздерін меңгеру қажет. Өйткені білім дүниетанымды қалыптастыратын негізгі мәселе болып табылады [76].

Қоғамдағы кез келген мәселені тиімді, дұрыс шеше алатын, еңбек іс-әрекетіне және танымдық іс-әрекетке қабілетті адамды дүниетанымы қалыптасқан тұлға деп айта аламыз.

Бүгінгі күні жеке тұлғаны демократиялық қоғам талабына сай дамытуға, оны әлеуметтік тұрғыдан қабілетін арттыруға тәрбиелеу керек, яғни оның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру қажет.

Дүниетанымдық мәдениет дегеніміз – адамның өмірлік тәжірибесінде белгілі бір ойдан, мақсаттардан, рухани жан дүниесіне байланысты туындайтын, белгілі бір жағдайларға байланысты дүниетаным, яғни дүние туралы түсінік ретінде сипатталады. Ол адамның ішкі жан дүниесінің өзгеріп отыруын анықтайтын адамның ішкі жан дүниесінің тірегі. Дүниетанымдық ілім білімге терең сусындаумен, диалектілік ойлау қабілетінің дамуына, адамның әлеуметтік белсенділігіне байланысты қалыптасады [79,80,81,82]. Тұлға дүниетанымы – бұл ақиқатты дүниеге және ондағы адамның алар орнына, оны қоршаған болмысына және өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар, адамдардың осы көзқарастар арқылы қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным мен қызмет ұстанымдары, құндылық бағыттары.

Дүниетаным қоғамдық және жеке адам санасының ұйтқысы болып табылады. Дүниетанымды қалыптастыру – тек жеке тұлғаның ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік топтың, қоғамдық таптың жетілуінің елеулі көрсеткіші.

Болашақтағы болмыс шынайылығының тәсілдерін аңғара отырып, дүниетаным өзіне өмірлік қағидаларды енгізеді, адамдардың іс-әрекетінің сипаттамасымен байланыстырады.

Дүниетаным қоғамдық сананың жалпы және жоғары түрі болып табылады. Ол өз түрлеріне тән бірнеше элементтерден қалыптасады (философия, ғылым, эстетика, мораль, т.б.). Осылардың ішінде, философиялық, ғылыми, саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар үлкен рөл атқарады. Философиялық көзқарастар мен сенімдер бүкіл дүниетаным жүйесінің негізін құрайды. Философияның өзі таным қызметтерінің ұтымды-ұғымды мәнерін және дүниетаным бағдарын негіздейді: ол ғылыми деректер мен тәжірибе жиынтығын теориялық тұрғыда ұғындырады және шындық бейнесін объективті және тарихи тұрғыда айқындауға ұмтылады. Ғылыми білім дүниетаным жүйесіне ене отырып, адамды қоршаған әлеуметтік және табиғи орта шындығына бағыттау мақсатында, сондай-ақ шындыққа қатысты тиімділікке, адасулар мен ескілік көзқарастардан арылуға қызмет етеді. Адамгершілік қағидалар мен өлшемдер адамдардың мінез-

құлқы мен өзара қарым-қатынасын реттеуге және эстетикалық көзқарастармен бірге қоршаған ортаға қарым-қатынасын анықтауға, іс-әрекет түрлеріне, мақсаттары мен нәтижелеріне қызмет етеді. Білімнің, тәжірибенің және көңіл-күй бағамын жалпылай отырып, адамның қоғамдық тұрмыс-тіршілік ерекшеліктерін бейнелейді, тұлғаның дүниетанымдылығы мен тарихи айқын жүйенің бүкіл өмірлік және іс-әрекетінің бағытын анықтайды [81,82].

Егер, дүниетаным ақиқат дүние дамуының объективті тенденциясының дамуын бейнелесе, адам ойлауының және қоғамның, табиғаттың заңдарын ғылыми тұрғыда тануға негізделсе, онда ол барлық адамзаттың қызығушылығының және ақиқатты өзгертудің күшті құралы болып табылады.

Дүниетаным көзқарастары адамның ұзақ уақыт айналысқан күрделі ақыл-ес жұмыстарының негізінде орнығады. Бұл көзқарастар тұлғаның рухани өмірінің тұғырына, оның «Мен» мәніне айналып, өмірлік ұстанымын айқындауға негіз болады. Дүниетанымның қалыптасуы кездейсоқ жәй, тұрмыстық тәжірибеден не әрқилы дүниетанымдық ұстанымдар тоғысынан, немесе саналы, тұғырлы идеялар, мұраттар мен ұстанымдардың теориялық зерттеулері арқасында болуы мүмкін [82,83].

Дүниетанымды қалыптастыруға сан **түрлі факторлар** ықпал жасайды. Олардың құрамында адам өмірінің материалдық жағдайлары, өмір сүріп отырған микро және макро ортасы, көпшілік хабарларды тарату құралдары, оқыту мен тәрбиелеу кіреді.

Дүниетанымның психологиялық құрылымы танымдық, эмоционалдық және еріктік құраушыларды қамтиды. Білім жеке көзқарас сенімге айналу үшін оны тек ойластырып қана қоймай, терең сезіну, қоғамдық өмір және іс-әрекетпен салыстыруы керек.

Дүниетанымды қалыптастыру өткінші үдеріс емес, ол адам өмірін түгел қамтиды. Тұлғаның жалпы дамуында бұл үдеріс тұрақты және үздіксіз өзгерістерге ұшырайды [84].

Дүниетаным дегеніміз – нақты дүниеге және ондағы адамның алатын орнына, адамның өзін қоршаған шындыққа және өзіне қатынасы туралы көзқарастар жүйесі, сонымен қатар осы көзқарастарға тәуелді адамдардың өмірлік позициясын, олардың сенімдері, мұраттары, таным және іс-әрекет ұстанымдары, құндылық бағдарлары [85].

Жеке тұлғаның дүниетанымы – ақиқаттың жалпылама көрінісінің жоғары деңгейімен ерекшеленетін әлеуметтік мәдениеттің, интеллектуалды және эмоционалды-жігерлік сипаттарын топтастырған феномен [86].

Тұтас-психикалық білім ретінде дүниетаным күрделі де көп аспектілі құрылым. Оның ұйытқысы – теоретикалық ойлау, жоғары зияткерлік сезімдерді білдіру, саналы мақсатты ерік-жігердің дамыған қабілеттілігімен үйлесімді көзқарастар мен сенімдер. Көзқарастар – адамның идеясы, білімдер, теориялық тұжырымдар мен болжамдар ретінде қабылдауы. Олар табиғат пен қоғам құбылыстарын түсіндіріп, адамның мінез-құлық, іс-әрекет пен қатынастардың бағыт-бағдары қызметін атқарады.

Дүниетанымдық деңгейлерді сараптай келе, дүниетаным – әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны, тіршіліктің мән-мағынасы туралы көзқарастардың, пікірлер мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы деуге болады. Дүниетаным көзі – білім. Адам тіршілігінің көзі – табиғат. Дүниетаным – дүние және тану деп аталатын екі бөлімнен тұрады. Адамның әрбір даму кезеңіне байланысты дүниені тану шеңбері мен оның мазмұны ұлғайып, тереңдей түседі. Қоршаған дүниені білу – танымға байланысты. Таным – адам санасын дамытудың негізгі және ол арқылы адам өзін қоршаған ортаны игеру мүмкіндігі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесі білімнің көптеген саласы мамандарының зерттеу пәні болып табылады. Біртұтас құрылымды құрайтын білім берудің дұрыс ұйымдастырылған үдерісі дүниетанымдық идеяларға негізделген білімді меңгеруге, кәсіби маманға қоғам дамуының өзгермелі жағдайына тез бейімделуге, сан алуан жағдаяттарға стандарттық емес тұрғыдан үшқыр ойлауға, тұтас ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дүниетаным философ, педагог және психологтардың терең ұғынатын объектісі болып табылады. Ежелгі грек философтары (Аристотель, Гегель, Декарт, Платон және т.б.) дүниетаным ұғымын және оның қоғам, адам өміріндегі маңызын; басқалары (И.В.Вернадский, И.Пригожин, М.Хайдеггер, Тейяр де Шарден, Э.Фромм, К.Ясперс) ғылымдағы тарихтағы олардың рөлі мен орнын; тағы басқалары (А.А.Касьян, Л.Ф. Кузнецова, В.С.Степин және т.б.) әлем бейнесі мен дүниетаным ұғымдарының арақатынасын қарастырады. Дүниетанымның психологиялық-педагогикалық негіздеріне Ю.К.Бабанский, Н.А.Менчинская, Э.И.Монозон және т.б. талдау жасады [46,70,71,72,76,87,88].

Дүниетанымды зерттеу бойынша көптеген еңбектердің болғанына қарамастан бүгінде бұл мәселе өзекті.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті қоғамның қалыптасуының маңызды факторы және кәсіби іс-әрекеттің барлық аспектілеріне ықпал етеді. Практика көрсеткендей, іс-әрекет қазіргі қоғамның өмір сүру үдерістерімен: *өмір сүру деңгейі, өмір сүру сапасы, өмір сүру стилі, өмір сүру тәртібі* тікелей байланысты.

Тұлғаның дүниетанымын психологиялық тұрғыдан сыртқы дүниенің оның санасында бейнеленуінің жалпы жүйесі ретінде емес, меңгерген ғылыми түсініктер, өлшем, баға жүйесі ретінде, сонымен бірге психикалық іс-әрекет – өзінің тәрбиесінде және дүниеге деген өзінің қатынасын реттеу үшін дүниетанымдық мақсатта, бұл бейнелерді пайдалануға бағытталған – іс-әрекет пен қабылдаудың таным операциясы жүйесі ретінде қарастыру қажет.

Ғалым педагог Қ.Аймағамбетованың зерттеулерінде «дүние», «тану», «дүниетаным», «дүниеге көзқарас» түсініктеріне философиялық талдау жасалған. Ғалымның пікірінше, «дүниетаным – ақиқатты рухани қажетті игеру жүйесі, оның ішінде тұтастай алғанда адамның білім мен наным, ар-ұждан мұраттары мен әлеуметтік құлықтың реттеушісі, саяси бағыт-бағдар, қоршаған ортаға психологиялық және эстетикалық көзқарас» [59].

Г.Е.Залесскийдің пікірінше, «дүниетаным - ерекше психикалық іс-әрекет. Бұл әлеуметтік бағдарлау үдерісінде «Мен – бейнені» іске асырушы қызмет атқарады [89].

Басқа әр түрлі заттармен салыстырғанда инвариант бола отырып, «дүниетаным» іс-әрекеті, мақсаты, мотивациясына және операциялық механизмінің құрамы бойынша өзіне тән ерекшеліктерге ие болады. Оны іске асыру әлеуметтік бағдарлаудағы жеке әдісті қалыптастыру болып табылады, яғни қоғамдық тәжірибенің ғылыми білімдер жүйесіне белгіленген және жеке тұлғаның әлеуметтік талаптар мен күтілулеріне, тәрбиесіне мақсатты түрде бағытталуына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

«Дүниетанымдық іс-әрекет» жеке тұлғаның саналы түрде өмірге, дүниеге деген өзінің қатынасын құрудың қызығушылығы, қажеттілік талаптары пен оның эмпирикалық немесе эмоционалдық негіздегі тәртібі ғана емес, оның ғылыми дүниетаным мазмұнына сүйенуі болып табылады.

Әлеуметтік бағдарлау әдісі бойынша оны танымдық әрекеттерді жалпылау жиынтығы деп түсіну қажет, нақты қоғамдық оқиғаларға, құбылыстарға қалай қарау керек екені жайлы мәселердің шешімін қалай орындау жолдары. Егер ол пайдалы болса, оны мәнді деп ойлауға бола ма және егер «иә» десеніз оны қандай мақсатта, қалай пайдалану керек және егер ол зиянды болса қалай жоюға болады?

Дүниетанымның атқаратын қызметтері жайында әр түрлі көзқарастар бар. Дүниетанымның негізгі қызметтері: ақпаратты-бейнелі, бағдарлы-реттеуші және бағалау болып табылады (И.Ф.Харламов) [90].

Дүниетанымның ақпаратты-бейнелі қызметтері қоршаған ортадағы оқиғалар мен құбылыстарды қабылдау тәсіліне және оның адам санасында бейнеленуіне байланысты. Дүниетаным призма рөлін атқарады, яғни барлық сыртқы әсерлер сыну арқылы өтеді.

Дүниетанымның бағдарлы-реттеуші қызметі адамның тәртібі мен іс-әрекеті арқылы онын санасымен, көзқарасын және сенімін анықтауға байланысты болып келеді. Егер, адамда сол және одан басқа да дүниетаным қалыптасса, онда адамда тұрақты көзқарас пен сенім жинақталады, яғни іс-әрекеттері мен қылықтарын анықтайды.

И.Ф.Харламов айтқандай, әр адамның дүниетанымдық көзқарастары ұзақ, күрделі интеллектуалдық іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Ал, көзқарастар болса өз кезегінде оның рухани мәдениетінің, «Мен» деген сезімінің мәнісін ашып, оның өмірлік ұстанымдарының, ар-ожданының негізін құрайды [90].

Дүниетанымның маңызды рөлі психологиялық, әлеуметтік-психологиялық және эмоционалдық кездері болып табылады және олар адамның мінез-құлқы мен көңіл күйін анықтайды, соңында іс-әрекетке дайындайды. Тек сенім білім арқылы өсетін жеке тұлға белсенділігінің негізгі көзі болып табылады. Қажымас ерік-жігер – дүниетанымның маңызды элементі. Сенім адамды іс-әрекетке итермелейді [90].

Ғылыми дүниетаным теориялық санамен шектеліп қана қоймай, тәжірибеде сана мен жігерді іс-әрекетпен біріктіреді. Дүниетаным элементі ретінде

теориялық ойлау – адамның білімдерді, болмыстың құбылыстарын шығармашылық түрде түсініп-ұғыну, дүниетанымды мейлінше жетілдіру, ерік-жігерді сенімді іске асыруға бағыттаудың қабілетті. Сенім мен идеал адамның өмірлік мақсаттары ретінде дүниетанымның ең маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Сананың мазмұны сенім сипатына ие болған жағдайда дүниетанымға айналады [80].

Осы айтылғандар негізінде тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті ұғымына *«дүниетанымдық іс-әрекетке қажетті дүниетанымдық қабілеттерінің, көркемдік-рухани білімі мен практикалық іскерлігінің кіріктірілген тұлғалық сапасы»* - деп анықтама береміз.

Кез келген мәселені тиімді, дұрыс шеше алатын, еңбек іс-әрекетіне және танымдық іс-әрекетке қабілетті, өзінің дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырған тұлға қашанда қоғам талаптарының сұраныстарына ие мамандар болмақ.

Дүниетанымның басқа ғылыми емес көзқарастардан айырмашылығы – ол табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын дұрыс бейнелейді. Сол заңдылықтарды меңгерудің және адамдардың практикалық іс-әрекеттерінде қолданудың жолдарын көрсетеді [76].

Ғалымдардың пікірлері бойынша, көзқарастар мен сенімдер дүниетанымның күрделі құрылымының өзегі болып табылады.

Философ Д.Злобин дүниетаным ұғымына анықтама беріп, оның негізгі компоненттеріне сенім мен күмәнді жатқызады. Ал, А.Спиркин дүниетаным құрылымына білімді құндылық-бағыттаушылық, сенім мен қатар мұратты да кіргізеді. Ол дүниетанымның қалыптасуы әлеуметтік жағдай, тәрбие мен білім беру ісіне байланысты екенін айқын атап көрсетеді [91].

Дүниетаным гнесологиялық тұрғыда қоршаған шындықтың адам санасында бейнеленуі ретінде пайымдалғандықтан, ол танымның ерекше формасы іспеттес деп саналады [79].

Қоғамдық сананың өсуіне байланысты адамның ойлау дәрежесінің шеңбері ұлғайып, « ... қоршап тұрған дүниені, қоғамды және адамның өзін дұрыс бейнелеу белесіне жету» көзделеді [80].

Сонымен философтардың ой-пікірлеріне сүйене отырып, біз дүниетаным дегеніміз - адам санасындағы дүниенің сыртқы бейнесі ғана емес, оның сол дүниеге, қоғамдық өмірге деген қарым-қатынасы деген тұжырымға келдік.

Дүниетаным, оның құрылымдарының компоненттерін анықтауда белгілі психологтар: В.В.Богословский [92], А.Г.Ковалев [93], А.Д.Виноградова [94], А.Н.Леонтьев [95], В.Н.Мясищев [96], С.Л.Рубинштейн [97], Д.Н.Узнадзе [98], М.В.Матюхина [99], Ә.Алмұратов [100], Қ.Б.Жарықбаев [30], Т.Тәжібаев [29] т.б. дүниетаным ұғымына түсінік бере отырып, оны жеке тұлғаның бір құрылымы ретінде қарастырады. Жеке тұлға, оның құрылымы туралы мәселелерге психологтардың әрқайсысының өзіндік пікірі, өзінше талдауы бар.

В.Н.Мясищев [96] жеке тұлғаны ең алдымен адамның қоршаған шындыққа қатынасының жүйесі ретінде сипаттайды. А.Г.Ковалев [93] жеке тұлға

дүниетанымы қоғамдық болмыстың бейнеленуі деп, оның қалыптасуының бірден-бір факторы – тәрбие екенін атап көрсетеді. Сондай-ақ, ол жеке тұлға дүниетанымының сапалы ерекшеліктерін – бағыттылық, ғылымилық, сенімділік, оның іс-әрекет пен мінез-құлықпен байланысын бейнелейді.

Психологтар В.В.Богословский [92], А.Г.Ковалев [93], А.Степанова [101], Н.Шабалин болса, жеке тұлға дүниетанымының сапалық сипаттамасын: мазмұндылығы мен ғылымилығы; жүйелілігі мен мақсаттылығы; логикалық дәйектілігі мен дәлдігі; жалпылау дәрежесі мен нақтылығы; іс-әрекет пен мінез-құлық байланыстары, белгілері бойынша анықтайды.

Сонымен, жоғарыда аталған ғылыми пікірлер тұлға дүниетанымын қалыптастыру мен дамытуда негізгі қағидалар ретінде есепке алынады.

Белгілі психолог-педагог Қ.Жарықбаевтың пікірінше, дүниетаным - адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі [30].

Бірқатар педагог ғалымдар: М.Алексеев [102], Т.Балавадзе [103], Б.Лихачев [104], И.Харламов [90], Э.Моносзон [88], Р.Рогова [105], И.Лернер [106], Е.Сағындықұлы [107], Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев [85] т.б. дүниетанымды тұлғаның қалыптасуы мен дамуының анықтаушы факторы ретінде ерекше атай отырып, білім мен сенімді, мұратты дүниетанымның құрылымдық компоненттері деп көрсетеді.

Белгілі педагогтар Ж.Б.Қоянбаев пен Р.М. Қоянбаев білім алушылардың жас ерекшеліктері және күрделі дүниетанымдық ұғымды игеру қабілеттеріне қарай дүние, табиғаттың құбылыстары, адамның табиғатпен өзара әрекеттесуі, қоғамдағы оның іс-әрекеті туралы ғылыми білімнің бастапқы негіздерін игеріп, оқу тәрбие үдерісінде патриоттық түсінігі қалыптасады деп пайымдайды [85].

Осыған байланысты тұлғаның дүниетаным феномені - тұлғаның интеллектуалды және эмоционалды - ерік сипатын өзіне жинақтаған, әлеуметтік мәдениеттің сол бөлігіне назар аударған, іс-әрекеттің жалпы бейнесін жоғары деңгейде ерекшелеген іс-әрекетке дайындық.

Ғалым Л.И.Божовичтың пікірі негізінде, жеке тұлғаның дүниетанымы – салыстырмалы түрде кеш келетін үдеріс, ол жеткіншек шақта пайда болатын, жалпы тәрбиелік бағыттылық, дүниетаным мен дүниені сезіну жүйесі болып табылады [108].

Л.С.Выготский жеке тұлға мен дүниетаным арасындағы байланысқа диалектикалық талдау жасап, дүниетанымды дүние мен оның құрамды бөліктері туралы түсінік жүйесі деп қабылдамау керектігін, жеке тұлғаға байланысты дүниетанымды «...тұлғаның қоршаған дүниемен қарым-қатынасы жөніндегі мәдени тұрғыдағы бүкіл іс-әрекеті ретінде анықтаған жөн», - деп саралайды [109].

С.Л.Рубинштейн адамда дүниетанымдық қасиеттердің болуы, онда сезімнің жоғары көрсеткіштерінің болуына байланысты байқалады. Дүниетанымды адамның танымдық, зияткерлік және жеке тұлғалық қасиеттері деп тұжырымдама жасаған [97].

Ғалымдар Т.К.Мухина мен В.Рубцов дүниетанымдық ұғым мен түсініктер әдептілік ұғымдарды сезім мен сезіну арқылы меңгерту негізінде қалыптасатынын ғылыми еңбектерінде дәлелдеген [110].

Ғалым Г.Е.Залесский дүниетанымға керек компоненттер: терең меңгерілген білім, оны пайдалана алуға негізделген дағды және білім алушының меңгерген теориялық білімі мен игерген дағдысын орынды пайдалануы дейді. Жалпы алғанда, дүниетаным адамның біртұтас құрылымдық кешені, оның дамуымен тығыз байланыста нақтыланады [89].

Психологтар тұлғаның зияткерлік, жеке және тәжірибелік астарларын бөліп қарастырады. Дүниетанымның аталған компоненттері диалектикалық бірлікте болып, олардың дамуы Н.А.Менчинскаяның зерттеу еңбектерінде көрсетілгендей, дүниетанымның барлық компоненттерінің – білімнің, қатынастың үйлесімді жиынтық бағытына қатысты [76].

Зерттеуші А.Г.Ковалев жеке тұлға дүниетанымы қоғамдық болмыстың көрінісі дей келе, оның қалыптасуының бірден-бір дәлелі тәрбие деп айқындайды. Ғалым тұлға мәселесін зерттей отырып, ол жеке тұлға дүниетанымының сапалық қасиеттерін: бағыттылық, ғылымилық, сенімділік, оның іс-әрекетпен және мінез-құлықпен байланысты деп тұжырымдайды [93].

Ғалым-зерттеушілер В.В.Богословский, А.Степанов, Н.Шабалин жеке тұлға дүниетанымының сапалық мінездемесін мазмұндылығы мен ғылымилығы, жүйелілігі мен мақсаттылығы, қисындық дәйектілігі мен дәлдігі, жалпылау дәрежесі мен нақтылығы, іс-әрекет және мінез-құлықпен байланыстара қарастырады. Олар жеке тұлға құрылымының негізгі компоненттеріне бағыттылық, қабілеттілік, мінез-құлықты жатқызады [92].

Американ психологы Р.Кеттел өз еңбектерінде жеке тұлғаның үш жағын, қызығушылығын, қабілетін, темпераментін атап көрсетеді. Неміс психологі Л.Клягес жеке тұлға мен мінездің компоненттерін материя, құрылым, қозғаушы күштер деп қарастырады. Бұл аталған пікірлердің барлығы да тұлға дүниетанымын қалыптастыруда негізгі қағидаларға жатады [87].

Дүниетанымның қалыптасуы педагогикалық үдеріс ретінде, объективті түрде әдіснамалық идеялардың реттелген жиынтығын тұлғаның игілігіне айналдыруды талап етеді. Тұлға материалистік диалектиканың мынадай заңдары мен категорияларын игерулері қажет: дүниенің материалдығы мен танымдылығы; қозғалыс – материяның өмір сүру формасы ретінде; материяның бірінші, сананың екінші болуы; қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі; себепті байланыс – болмыстың жалпы заңы; сандық өзгерістердің мөлшерден шығып кетуі мен олардың сапалық өзгерістерге айналуы; дамудың үздіксіздігі мен үздіктігі; себеп пен салдар диалектикасы; құбылыс – мәнділіктің көрінісі ретінде; мүмкіндік пен шындық; практика – таным негізі, ақиқат өлшемі.

Дүниетаным қалыптасуының біртұтас үдерісі білім берудегі сабақтастық, оқу пәндері арасындағы өзара байланыс арқылы жүзеге асады. Оқыту – білім беруші мен білім алушының бірлескен іс-әрекетімен сипатталады, іс-әрекеттің мақсаты – жеке тұлғаны дамыту, олардың бойында білім, білік, дағдыларды, яғни

нақты бір іс-әрекеттің жалпы бағыттық негізін, сонымен бірге дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру [76].

Кез келген аналитикалық-жүйелік іс-әрекеттің нәтижесінде (түсінікте, идеалдарда, теорияларда) білім де, іс-әрекет әдіс-тәсілдері де бар. Бұл танымның әр түрлі жақтары, бірақ бұл үдерісте ең басты орында білім тұрады. Осының барлығы білім алушы бойында білім мен білікке қоса ойлау мен әрекет ете алуды дамытуды талап етеді.

Дүниетаным жекелеген білімдерден емес, заманның талабына сай білімдердің құрылымын қамтитын, әдіснамалық идеялар, теориялар мен ұстанымдар негізінде ұйымдастырылатын жүйе. Тұлғаның меңгерген білімдер жүйесі әрдайым қозғалыста болады, басқа жүйелермен қатынасқа түсіп, оларды пайдалану міндеттеріне сәйкес жалғасады.

Оқыту – тұлғаның ғылыми білімдерді, білік пен дағдыларды меңгерудегі, шығармашылық қабілеттілігінің, дүниетанымы мен адамгершілік-эстетикалық көзқарастарының дамуындағы белсенді оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру мен ынталандырудың мақсатты педагогикалық үдерісі. Оқыту, адамның іс-әрекетін белгілі бір білімдерді, білік пен дағдыларды меңгерудің саналы мақсаты билеген кезде қызмет-әрекет ретінде жүзеге асады. «Түсініктерді, ұғымдарды, заңдарды білім алушылардың басына жаттанды түрде сіңіруге болмайды. Оларды тұлғаның өзі, оқытушының басшылығымен, көмегімен қалыптастыруы қажет. Білім түсініктердің пайда болуы, заңдарды жете түсіну – жеке тұлғаның ойлау мен іс-әрекетінің белсенді үдерісі» [92].

Оқу тұлғаның іс-әрекетінің басты нәтижесі олардың бойында теориялық сана мен ойлаудың қалыптасуы болып табылады. Оқу іс-әрекетінің психологиялық мазмұны іс-әрекеттің жалпы тәсілдерін, білімдерді меңгеру болып табылады.

Білімдер сенімге айналу үшін, жеке тұлғаның қажеттіліктерінен, әлеуметтік үміт пен құндылық бағыттарынан биік болып тұрған көзқарастарының жалпы жүйесіне және оның сезіміне айналуы қажет. Олардың жағымды эмоционалдық күйі, жеке тәжірибесіне, әлеуметтік-психологиялық жағдайына сүйенеді [86].

Оқу мен еңбек, қоғамдық іс-әрекет тұлғаны әлеуметтік, жан-жақты ақпаратпен, саяси қарым-қатынас тәжірибесімен қаруландырады. Ол тұлғаның ішкі жан-дүниесіне, жеке тұлғаның белсенді жасампаздық қажеттілігін дамытады.

Тұлғаның дүниетанымдық бағдарлары қоғамда және кәсіби ортада тұлғаның өзін ұстауынан, өзін-өзі реттеуінен, өмірлік стратегияларын құрудан көрінеді.

Дүниетаным тұтас-психикалық білім ретінде күрделі де көпаспектілі құрылым. Оның ұйытқысы – теоретикалық ойлау, жоғары зияткерлік сезімдерді білдіру, саналы мақсатты ерік-жігердің дамыған қабілеттілігімен үйлесімді көзқарастар мен сенімдер. Олар табиғат пен қоғам құбылыстарын түсіндіріп, адамның мінез-құлқын, оның іс-әрекеттері мен қатынастарының бағыт-бағдары қызметін атқарады [89].

Көпқырлы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен құндылықтардың өзгеру кезеңінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мақсаты мен міндеттері айқындала түсті.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында білім беру жүйесінде мамандарды даярлаудың оқу жоспарын ұйымдастыруда алдымен ізгілікті құндылықтар мен тұлғаның жалпы мәдени даму ұстанымдары басшылыққа алынып жүзеге асырылуда [7].

Қарастырылып отырған мәселе бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық салыстырмалы зерттеу жұмыстарына жасалған талдау нәтижесі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті болашақ маманның ғылыми-зерттеу бағдары мен кәсіби даярлығының көрінісі екенін көрсетті. Себебі, ол тұлғаның ғылыми, құндылықтық, жалпы қорытындыланған білімі мен дүниетанымдық ұстанымдарын және көзқарастарын қамтиды.

Жалпы алып қарайтын болсақ, тұлғаның қалыптасуына алғаш болып зерттеген және эксперимент жүргізген Дж.П. Гилфорд пен В.Циммерман [87]. Олар тұлға қалыптасуының тұжырымдамасы мен тұлғаның интеллектуалды қалыптасуының алғышартын жасауға көңіл бөлді. Тұлғаның интеллектуалды қалыптасуының алғышарты: жалпы белсенділік (энергиялық, іс-әрекеттің лездігі, іс-әрекетке деген құштарлық); басымдылық (инициативтілік, өз сөзін, ісін дәлелдей білу, т.б.); батылдық; өзіне деген сенімділік; салқын қандылық; көпшіл; арманшыл; эмоционалдық; әділдік; қанағатшылдық. Алайда, уақыт өте келе ғалымдар бұл тұжырымнан көптеген керексіз сипаттарды көре білді [87].

Психология ғылымында оқытушы тұлғасын зерттеу мақсаттары жеке тұлға мәселесін шешуге бағытталған теориялық өңдеулерге негізделеді. Зерттеушілердің (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Д.Н. Узнадзе) бұл мәселелерді шешу бағыттары әртүрлі, олардың бірқатары тұлғаның қайталанбас ерекшеліктеріне адамның іс-әрекетіндегі түрткілердің жан-жақты көрінісін, жеке биохимиялық қасиеттерін, әлеуметтік рөлдерін, жоғары жүйке жүйесі әрекетінің типтерін, келбетін, қызығушылығын, арман-мұраттарын, қабілеттерін, күшті әсерлерін, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін, дүниетанымын, адамгершілік кескінін, өзіндік санасын, шығармашылық өнімдерін, қиялын, дәстүрлерін, түрлі тарихи кезеңдердегі дүниені қабылдауын, әлеуметтік топтардағы орнын, жауап қайтару жылдамдығын, ерік-жігерін, жек көру мен жақсы көруін, қысылтаяң жағдайларды бастан кешіруін, кәсіби біліктері мен дағдыларын, қылықтарын, әрекеттерін және т.б. жатқызады [95,97,98,109].

Қорыта келгенде, дүниетанымды әртүрлі ғылымдар ықпалдастығында қарастыру мынадай құбылыстарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: объективті мазмұны, маңызды қасиеті бар сыртқы әлем туралы дүниетанымдық білімінің болуы және оны меңгеру; олардың мағынасы мен құндылығын түсіну; олардың талаптарынан шығатын міндеттерге, шынайылыққа сенімділік; тұлғаның қажеттілігі мен қызығушылығын есепке ала отырып, меңгерілген білімді негіздеу; құбылыстар мен әлеуметтік фактілерді бағалау және ғылыми талдаудың


тәсілдерін меңгеру, білім берудің біліктілігін жаңғырту, адамдардың іс-әрекетін, өмір құбылыстарын, әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа да құбылыс фактілерін талдау және бағалау; өмірде осы білімдер арқылы басшылық жасай білу, ұмтылу; белсенді іс-әрекетке субъект ретінде дайындық (шешім қабылдау, іс-әрекет жоспарын жасау және негіздеу, бағалау, қабылданған шешімнің дұрыстығын дәлеледеу). Білімді сенімге айналдыру және дүниетанымды қалыптастыру тұлғаның жалпы бағытта қалыптасуымен яғни іс-әрекет қарым-қатынасының жүйесімен тікелей байланысты. Ұсынылған көзқарастарды талдау келесі анықтаманы беруге негіз болды: дүниетанымдық мәдениет – тұлғаның өзін-өзі тануы, тұлғаның дүниеге қатынасы және білім, идея, көзқарастарының ықпалдасқан кешені. Келесі кезекте тұлға дүниетанымның мағынасы мен құрылымын және мазмұнын қарастырғанды жөн көрдік.

1.2 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің мағынасы, құрылымы мен мазмұны

Дүниетаным — бұл ақиқатты дүниеге және ондағы адамның алар орнына, оны қоршаған болмысына және өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар, адамдардың осы көзқарастар арқылы қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным мен қызмет ұстанымдары, құндылық бағыттары. Дүниетаным қоғамдық және жеке адам санасының ұйтқысы болып табылады. Дүниетанымды қалыптастыру — тек жеке тұлғаның ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік топтың, қоғамдық таптың жетілуінің елеулі көрсеткіші [111].

Болашақтағы болмыс шынайылығының тәсілдерін аңғара отырып, дүниетаным өзіне өмірлік қағидаларды енгізеді, адамдардың іс-әрекетінің сипаттамасымен байланыстырады. Дүниетанымның басқа да ғылыми категориялар сияқты өзіне тән компоненттері бар.

Ғалым О.Айтбаев дүниетанымның компоненттерін тоғыз бөлікке бөліп қарастырады. Олар: дүниеге көзқарас, дүниені қабылдау, дүниені түйсіну, дүниені пайымдау, дүниені елестету, дүниені аңғару, дүниеге қатынастық, дүниені бағалау, дүние нұсқаулық [111] (Сурет -1).



Сурет – 1. Дүниетанымның компоненттері (О.Айтбаев еңбектері негізінде)

Дүниеге көзқарас (менің көз алдымдағы дүние) - қоршаған дүние туралы, адам туралы метафизикалық ойлаудың жалпы жиынтығы немесе әлемді біртұтас формада тану. Метафизикалық көзқарастың құрамына, біріншіден, ғасырлар бойы қалыптасқан нәсілдік, ұлттық, халықтық кәдімгі табиғи қоғамдық дәстүр-салттары, әдет-ғұрыптары, күнделікті өмірге деген көзқарастары; екіншіден, бірер жүйеге келтірілген ілімдік (миф, дін, философия) көзқарастар; үшіншіден, барлық ғылыми жетістіктердің өмірге, табиғатқа деген жалпы көзқарастары жатады. Дүниеге көзқарасқа жалпы адамзаттың білімі жата бермейді. Оның пәні білімге философиялық тұрғыда қарастыратын көзқарасты айтамыз. Егер де, Аристотельдің айтуынша метафизика "бірінші философия" десе, ал философия дүниетанымның өзегі деп айтамыз. Дүниетанымдық көзқарастың өзіндік нысаны, сол адамды қоршап тұрған дүние мен адамның ара қатынасынан шығатын негізгі сұраулар жауабы. [71,111]. Дүниеге көзқарас адамның санасында ғана пайда болады да, оның осы дүниеде саналық, түсінікті өмір сүруімен тығыз байланысты. Гуманист А.Швейцердің айтуы бойынша: "Қоғам және жеке адамдар дүниеге көзқарассыз өмір сүрсе, онда олар негізгі өмір сүру бағытынан айырылған, патологиялық аурумен ауырған қоғам болады", - деді [79,111]. Сондықтан, қандай да бір адам болмасын, әлеуметтік мектептен өткен және бірер деңгейлік білімі бар адамның өмірге, дүниеге, өзінің кім екендігіне дүниетанымдық көзқарасы

болады. Дүниетаным қоғамдық мәдениеттің қайнар көзі, оның бастамасы және соңы. Дүниетанымның адам өмір сүру тұрғысына тигізетін мағынасы өте зор.

Дүниетаным бөлшек-бөлшектен тұратын жинақтаушы көзқарас емес, ол біртұтас жүйелілік көзқарас болғандықтан, оның негізі адам мәселесі. Адам мәселесі рухани дүниеге тығыз байланысты болғандықтан дүниетанымның ішкі құрылымы өте күрделі. Ондай құрылымға (категориялық ұғымдарға) кіретіндер: болмыстық түсінік, материя, табиғат, қоғам, идеялар, ақиқат, рух, әлем рухы, бостандық, мәңгілік өмір, құдай, өмір, қуат және дүниеге көзқарастық ұғымдар. Дүниетаным адамзаттың тікелей өмір сүру жолындағы рухани-практикалық түрде өмірді меңгеру десек, онда біз дүниетанымдық рөлдері арқылы қарастырамыз. Дүниетаным тек өмірді, әлемді тану мен түсіну емес, ол арқылы дүниені өзгерту дейміз. Адамның санасы дүниені тек бейнелеп қоймайды, оны өзгертеді. Сондықтан, дүниетанымның ішкі өзіндік астарлары мен компоненттері арқылы дамып және өзгеріп отырады.

Дүниені қабылау (мировосприятие) - жалпы дүниетанымның бірінші қадамы немесе қайнар көзі. Дүниені қабылдау - субъект және объект ара қатынасынан пайда болатын образдық, ұғымдық идеялизациялық объект. Оның ерекшелігі айқын аффектілік-эмоционалдық образдың бір жағы. Ондай "қабылдау" адекватты немесе иллюзорлы болады. Дүниені тікелей немесе жанама қатынастағы жағымен тығыз байланысты болғандықтан, "ақиқаттық" жағынан жеңіл тексеруге болатындығын айтамыз. Тағы бір ерекшелігі, бұл компонент адамның шығармашылық актісімен байланысты бола отырып, оны "үдеріс" есебінде қабылдаймыз. Дүниені қабылдау компоненті - "үдеріс" ретінде объект және субъект арасында тоқтамай өтіп жатады. Дүниені қабылдауда бұл үдеріс жалпылама тұрғыда, қабылдаушы субъектінің білімдік саласы, тәжірибесі, логикалық заңдылықты ескере отырып жасалатын үдерісті айтамыз. Дүниені қабылдау үдерісінде бірінші орында "мәндік" және "бағалық" феномендері тұрады. Психологиялық қабылдау тікелей біздің физикалық ағзамыздың "қабылдау" рецепторларымен байланысты. Қабылдау нәтижесінде сол бар нәрсенің қасиетімен қатынастың белгілерін айқындап, тікелей қорытынды шығарылады. Ол "қабылдау" ерекшеліктеріне байланысты екі сапалық деңгейліктен тұрады. Біріншісі - "қабылдаудың" көлемі, мақсаты. Екіншісі - қабылдаушының субъективті білімі, психологиялық ерекшелігі. "Қабылдаудан" шыққан нәтижеге байланысты: жалпы қорытынды ма, жеке қорытынды ма, жай тәжірибелік пе, жоқ ғылымға негізделген бе, осыларды ескере отырып, дүниетанымдық "қабылдауды" ажырата аламыз. "Бірінші сана" құрастырылуы үшін дүниені қабылдау үдерісіне айналуы керек. Дүниені қабылдау үдерісінен дүниені түсіну компонентіне өтуімен байланысты дейміз.

Дүниені түсіну (миросозерцание) компонентін "алғашқы сананың" анықтаушы ретінде қарастырамыз. Бұл компонент арқылы сананың, ақылдың терең еместігін байқаймыз. "Алғашқы сана" алғашқы дәуірде өмір сүрген адамдардың санасына сәйкес немесе қазіргі сәбилердің санасына сай көзқарасты айтамыз. Бұл компоненттің ерекшелігі: бір нәрсенің қасиетін, қатынасының асты

және үсті жағын терең емес көрсету, табиғатты, ғарышты гармониялық, "шеңберлі тұйықталған" тұрғыда қабылдауы. Дүниені түйсіну көзқарасы терең емес ақыл-естің негізі бола тұра, интуициялық, әдеби, эстетикалық көзқарастың қайнар көзі. Дүниені түйсіну компоненті дүниені әйгілі, көрнекті етіп санада бейнелейді. Сондықтан, жас сәбилердің дүниетанушылығы сәулелі, көркемді, фантазиялы болып келеді.

Дүние пайымдау (мироощущение) компоненті қоршаған дүниенің негізінен гөрі формасын, түрлілік белгісін пайымдайды. Бұл компонент арқылы "дүние" мен адам арасындағы байланысты "жеңіл" немесе көрнекті жолдармен бейнелелейді. Себебі, пайымдау адамның сол қоршаған дүниесімен тығыз байланысты сезімдік, эмоциялық, көркемдік жақтарымен тығыз байланысты. Ондай сезімдік түсінікте адамға әр алуан көрнекті түсініктер туылып, қарапайым образдар шығады. Саналық жағынан қарапайым санамен байланысты болғандықтан, бұл аспектімен "алғашқы сана" құрастырылады [111]. Олар: дүниені пайымдау, дүниені елестету және дүниені аңғару компоненттері, осы аспектіні толығынан, жан-жақты негізін ашып көрсетіп, олардың біртұтастығы "өзіндік сана" түсінігін береді. Себебі, осы аспектіде адамды қоршаған дүниені танумен қатар, адам өзінің кім екендігін түсінуге тырысады. Таным теориясында ең шын мәніндегі мәселе "адам деген кім?" деген сұрақтан басталады да, сол сұраққа жауап іздеу жолында барлық гносеологиялық мәселелермен аяқталады.

Дүниені байыптау (мироосмысление), онтологиялық аспектіге сүйене отырып оның мәндік және мағыналық жақтарын тереңірек қарастыру немесе онтологиядан алынған "ақпаратты" қорыту мен тұжырымдау. Дегенмен, дүниені байыптау адам санасында тоқтамай жүріп жататын үдеріс болғандықтан бұл компонентті "үдеріс" феномені ретінде қабылдаймыз. Онтологиялық образдық қабылдаудың мәні мен маңызын білу үшін байыптау арқылы оның қасиеттерін, қатынастарын ажырата білу керек. Сондықтан, бұл компонентте логикалық ойлау формаларының рөлдері өте жоғары. Дүниені пайымдау әрдайым жалпы біліммен тығыз байланысты. Неғұрлым адамның білімі терең де жоғары болса, соғұрлым пайымдау ақиқаттылығы жоғары деңгейге көтеріледі. Білім мен дүниені пайымдаудың арақатынасы адамның дүниетанымдық деңгейін жоғары көтереді. Бұл компоненттің ерекшелігі онтология аспектісінен алынған ақпаратты талдайды, таңдайды және ондай ақпараттарды тұрақты жүйелі көзқарасқа айналдырады [111].

Дүниені елестету (миропредставление) компоненті эмпирикалық тұрғыдан тануға келе бермейтін, абстрактілі деңгейде рационалды немесе иррационалды образдар тудырады. Бұл компонент елестету мен естеліктің қайнар көзі. "Өзіндік сана" - естелікпен тығыз байланысты. Адамды "адам" деп оның естелік қабілетін айтамыз. Бұл компонент арқылы объективтік образдар субъективті елестету образы арқылы жүріп жатады. Бұл компоненттің мүмкіндігі әр түрлі абстрактілі образдардың шығуын, жай немесе ғылыми жорамалды туғызуды, ғылыми фантазия шығаруды, ұғымды жіктеуді және т.б. логикалық операциялар жасауды бейнелейді. Дүниені елестету дүниені біртұтастық, жалпылама тұрғыда айқындап

көрсету қызметін орындайды. Бұл деңгейде ғылыми теориялық заңдылықтарын көрсету қабілетін айтамыз. Бұл компонентті тұрақты идеалдық образдарды тудыруына байланысты феномен ретінде қарастырамыз. Дүниені елестету де жеке адамдардың тікелей білімдік деңгейліктерімен тығыз байланысты. Образдық елестету адекваттылығы тікелей рационалды немесе иррационалды ойлаулармен тығыз байланысты болғандықтан, қабылданған "ақпаратты" қорытып түсінуге көшеді. Ондай мәндік аңғаруды - дүниені аңғару компоненті дейміз [111].

Дүниені аңғару (миропонимание) - адамның дүниені қабылдау мен дүниені елестетудің кәмілдігіне, ақиқаттылығына сену. Оның негізіне түйсінуге жатады. Дүниені аңғару жеке және "шашылып жатқан" ұғымдық түсінікті бірер қалыпқа келтіріп, себеп-салдарлық байланыстармен жалпы жүйелік ретке келтіру. Бұл компоненттердің ерекшелігі, басқа адамдардың дүниеге деген көзқарастық мақсаттарын түсіну (аңғару), ондай түсінік арқылы өзінің де бұл дүниедегі орнын, мақсатын аңғару. Сондықтан, осы аспектіні "өзіндік сана" деп айтамыз. Өзіндік сана әрдайым логикалық ойлау заңдылықтарымен тығыз байланысты. Қандай да бір заңдылық ойлау тұрақтылығын қажет етеді. Дүниені аңғару компоненті ұғымдық тұрғыда "өзіндік сананың" қорытындысын шығарады. Бұндай тұрақтылықты түсінік ретінде қарастырамыз.

Дүние қатынастық (мироотношение) компоненті адамның қоршаған дүние қатынастығының заңдылық тұрақтылығын шығару үдерісі ретінде қарастырамыз. Мұндай қатынастықтың негізін, жалпы қатынастық жағын көрсетеді. Дегенмен, дүние қатынастық компоненті бұл аспектіде алғашқы компонент ретінде болғандықтан, қалған екі компонентке қарағанда, қатынастық тоқталмай жүріп жататын үдеріс болғандықтан, бұл компонентті "үдеріс" ретінде қарастырамыз. Мұндай көптеген түрлілік қатынасты топтап бір жүйелі қатынастар шығарылады. Ондай қатынастар философиялық тұрғыда себеп пен салдар, сан мен саналық, детерменизм және индетерменизм мен қатынастар өздерінің іштік логикалық заңдары байқалып, тұрақты логикалық заңдар шығуына демеу болады.

Дүние бағалау (мирооценка) - компоненті адам мен адамдардың әлеуметтік қатынаста мінез-құлық реттеуші фактор есебінде бейнеленеді. Реттеуші мен бағалау тұрақтылықты меңзейді. Ол арқылы өмірдің жақсы және жаман, әсемдік пен көргенсіздік ұғымдарын терең танимыз. Дүниені бағалау арқылы өмірге деген қатаң бағалық көзқарас құрастырылады, ол арқылы стереотипті мінез-құлық қалыптасады (керек болса фанаттық көзқарас та қалыптасады). Өмірді бағалау: ақиқаттық, адамгершілік, әдептілік, бауырмалдық және т.б. ұғымдық түсініктер кең бағалық жолында көрсетіліп, мызғымас идеалға айналады. Идеал адамға мән және мағына беріп, оның ой-өрісін жаулап алады. Адамның бағалық идеалы неғұрлым биік болса, оның рухани ішкі дүниесінің деңгейі биік болады. Ондай жағдай соңғы компонентке өтуіне жол ашады. Ол компонент дүниенұсқаулық көзқарас [111].

Дүние нұсқаулық (мироустановка) компонентін дүниеге көзқарастың бастамасы және соңы деп қарастырсақ артық болмайды. Себебі, барлық ілімдік (дін, философия), ғылымдық көзқарастар өздерінің мызғымас ақиқатқа ие болуға

ұмтылады. Дүние нұсқау компоненті сондай "ұмтылуды" бейнелеп көрсетеді. Дүние нұсқаулықтың ең бір ерекшелігі "кәміл" шындыққа сену. "Кәміл шындық" түсінігі көзқарасқа айналғанда әрбір адамның рухани ішкі дүниесімен тығыз байланысты. Ондай тұрғыда адамда бұлжымас көзқарастық сенім мен наным қалыптасады. Ондай жағдай адамды фанаттық көзқарасқа да жеткізеді [111]. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті осы аталған компоненттерден тұруы тиіс.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру – бұл тұлғаның қабілетін дамытуға, әлеуметтік керек идеяларды іске асыруға, қоғамның жоғары кәсіби мамандарға деген қажеттіліктерін өтеуге арналған жүйе. Демек, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлға мәдениеті өзекті мәселе болып қала бермек [7].

Сондықтан, ең алдымен еліміздегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің мақсаты мен міндеттерін қарастыруды жөн көрдік.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің мақсаты – әлеуеті жоғары ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау. Осы мақсат келесідей міндеттерді туындатады: жоғары сапалы білім беру қызметіне деген қоғамның, мемлекеттің және тұлғалардың мұқтаждықтарын қамтамасыздандыру; экономиканың жекелеген секторлары үшін елдің зияткерлік, ғылыми-техникалық элитасын, адам капиталын қалыптастыру; білім трансферті, үлгілер мен технологияларды жасау, қазақстандық және әлемдік ғылым арасындағы интерфейсті қалыптастыру; білім алудың қолжетімділігін күшейту; мемлекеттің халықаралық бағыттылығын қамтамасыздандыру.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің кәсіби оқу бағдарламалары жоғары дәрежелі (білікті) ғылыми және педагогикалық кадрларды дайындап, олардың ғылыми және педагогикалық дайындық деңгейін дәйектілікпен жоғарылатуға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт-бағдары» тақырыбындағы кезекті халыққа жолдауында - 2050 жылы әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру мәселесін алға тарта отырып, «оған қажеттінің бәрі - ресурстарымыз, білімді адамдар, ұйысқан ұлт, бәрі бар», - деп атап көрсетеді [2].

Аталған жолдауда қарастырылған бағыттар, негізгі идеялар «Интеллектуалды ұлт -2020» ұлттық жобасында қамтылған қағидалармен, инновациялық тұрғыда дамыту, жалпы қоғамды ақпараттандыру, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдени құндылықтарын қалыптастыруға негізделген рухани-адамгершілік тәрбие беру стратегиялық бағыттарымен ұштасып, сабақтасып жатыр.

«Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында Елбасының бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамды дамытуды көздейді. Бүгінгі қоғамның алдында рухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр. Осы тұрғыда тұлғаны қалыптастыруда үздіксіз

білім беру жүйесінің, бәсекеге қабілетті интеллектуалды тұлға қалыптастыруда ұстаздың орны ерекше. Бүгінгі егемен еліміздің елдігі мен бірлігі ұстаз тәрбиелеген жас ұрпақтың рухының биіктігінде, біліктілігі мен білімінде екені әлемдегі жаһандану үдерісі көрсетіп отыр [2].

Бүгінгі таңда болашақ маманды даярлау жоғары мектеп жағдайында ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру бойынша, көбінесе әр түрлі кезеңдерде бұл құбылысты қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін арнайы зерттеуді талап етеді. Интеллектуалды ұлтты табысты қалыптастыру үздіксіз білім беру барлық деңгейлерінде ғылыми негізделген әдістемесіз мүмкін емес екені айқын. Сондықтан, үздіксіз білім беру жүйесінде мәселе бойынша тұжырымдамада да көрсетілген әр бағыт бойынша жекелей бағдарлама дайындау және әдістемелік тұрғыда қамтамасыздандыру қажет. Демек, қоғамдағы белсенді тұлға - жас маман иесіне оқу-тәрбие жұмысын қарқынды әрі сапалы жүргізу міндеті жүктеледі. Осыдан болашақ жастардың өмірге өз үлесін қосып, орнын табуы оған ерекше ықпал ететін дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына және олардың мәдени-әлеуметтік іс-әрекетін жетілдіруіне байланысты деп тұжырымдаймыз.

Педагогика ғылымдарың докторы, профессор А.А.Бейсенбаева жоғары оқу орындарында тұлғаға білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне қатысты құнды ойларын зерттеу еңбектерін жазған [67]. Мәселен, ғалым тұлғаның құрылымдық компоненттері үш бөліктен тұратынын зерделейді: біріншіден, оның ақыл-ойын дамыту арқылы санасын жетілдіру; екіншіден, адамзаттық өркениетті тұлғаның бойына біртіндеп сіңіру; үшіншіден, жеке тұлғаны іс-әрекетке ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге белсене қатыстыру. Бұл тұжырым тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің құрамдас бөліктерін анықтауға негіз болды. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында білім алып жатқан тұлғалар – дүниеге ғылыми диалектикалық материалистік көзқарасты, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық даярлықты, жоғары адамгершілік сапаны, қоғамдық белсенділікті, мамандыққа деген сүйіспеншілікті, дербес білім алу мен өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын, қажеттілігін игерген біздің заманымыздың алдыңғы қатарлы адамы.

Осы орайда зерттеу барысында **тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің құрамдас бөліктері** айқындалып, қысқаша **мазмұндық сипаттама** берілді:

- адамның рухани-дүниеге көзқарасының бағыттары; қажеттіліктері, қызығушылықтары, әрекет себептері және құндылық бағдарларының жоғары шығармашылық еңбекке бағытталуы;

- Қазақстанда әлемдік қауымдастықта өз әлеуеті негізінде экономикалық даму мен басымдылық жағдайға тұлғаны бағдарлайтын ұлттық қасиет, патриотизм;

- рухани-адамгершілік және материалдық мәдениет құндылықтарын меңгеру; іргелі ғылымдар саласындағы танымдық мәдениет, экономикалық, азаматтық, саяси, құқықтық, дене экологиялық, өнер мәдениеті. Демек еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуі, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа моделдің қалыптасуы жаңаша ойлайтын, дүниетанымдық мәдениеті мен өзіндік санасы дамыған тұлғаны оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың

сапасын арттыруды талап етеді. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беруді жаңаша ұйымдастыру - оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарастыруды қажет етеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 27-қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауында адами капиталды дамыту мәселесіне ерекше назар аударады [112].

Бүгінде Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама білім беру қызметі, білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесін қалыптастыруға, жеке тұлғаның еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейтуге, білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізуіне бағытталған [3].

Болон процесі оқытудағы білім, білік, дағдыға қоса құзыреттілік сапаларының қарастырылуын жаңа парадигма туғызып отырған қажеттілік деп бағалайды. Болон декларациясында: «Біз жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге деген теңдесі жоқ сұраныстың куәсі болып отырмыз, себебі оның әлеуметтік-мәдени және экономикалық дамудағы маңызын, сондай-ақ жаңа білім, дағды, біліктілікті және идеяларды меңгерген жас ұрпақтың болашақты жасаудағы шешуші маңызын үлкен сезіммен мойындаймыз», - деп атап көрсетілген. Болон декларациясының білім беруге қойған негізгі мақсаттарының бірі – оның сапасын қамтамасыз ету - деп нақтыланған [113].

Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени үдеріспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – тұлғалық құзыреттілікті дамыту болып табылады. Олай болса, білімге негізделген қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі. Еуропалық білім кеңістігінде қоғамға қажеттілік, ұтқырлық, өзара сенім білдірудің ең басты шарты болып алынып, сапа көрсеткіштері ретінде құзыреттіліктер қарастырылуда. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталу барысында мамандар белгілі бір нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде мәселенің шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық қызметті атқарады. Қазіргі қоғам талабы адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жетілдіру талабын қалыптастыра алады. Сондықтан да, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру әр салада мамандар даярлаудың негізгі жүйесі, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны [114].

И.Ф.Харламов дүниетанымның адам өмірі мен оның мінез-құлқына тигізетін ықпалын сипаттай келе, дүниетанымның хабарлау-айқындау, бағыттаушылық-бағалаушылық қызметтерін атайды. Дүниетанымның мұндай

сапаларын Е.Сағындықұлы өз еңбегінде көрсетеді. Б.Лихачев болса, дүниетанымның ағартушылық, тәрбиелік, дамытушылық және ұйымдастырушылық қызметтерін атап айтады [90,104,107].

Жалпы дүниетаным адамзат пен қоғамның рухани өміріндегі күрделі құбылыс. Оның қолдауымен адамзат қызметі ұйымдастырылған және реттелген сипатқа ие. Ол көзқарастар, ойлар, идеялар, құндылықтар мен ұстанымдар жиынтығы болып табылады. Сонымен бірге, адамзаттың өмірлік позициялары айқындалып, қызметі мақсатты түрде ұйымдастырылады. Талданған ғылыми әдебиетте сүйене отырып дүниетанымның қызметін төмендегідей бөліп қарастыруды жөн деп санаймыз. Сонымен, дүниетанымдық мәдениет бірнеше қызмет атқарады (сурет-2).



Сурет-2. Дүниетанымдық мәдениеттің қызметтері

Суретте көрсетілгендей, дүниетанымдық мәдениеттің мынадай қызметтерін жүзеге асыру мақсаты алға қойылады:

- *біріншісі, дидактикалық қызметі:* қоғамның әлеуметтік сұранысын қамтамасыз ететін Қазақстан халықтары дүниетанымын зерттеу, білім беру жүйесіне енгізу арқылы орындау мен үйренудің нормативті өлшемі; қоғамдық сана мен халықтық педагогика дәстүрі негізінде әдіснама мен дүниетанымның білімдік-тәрбиелік әлеуетін анықтау; жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген шарттар шеңберіндегі білім беру мен дамыту үдерісіне дүниетанымдық көзқарастың қайнар көзін, әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана білу; полиэтникалық мәдениеттің прогрессивтік идеяларын пайдаланудың формалары мен жолдарын белгілеп нақтылау, т.б.

- *екіншісі, менталитет түзуші қызметі:* Қазақстан мемлекетінде тұратын әрбір халықтың тұрмыс-салтын, мәдениеті мен тарихын зерттеуге; адамзат қауымдастығының менталитеттік мінез-құлқын үйрену негізінде оның өлшемін көре біліп, ұғынуға; педагогикалық үдерісте қолданылатын ұлттық педагогика материалдарының ділдік құндылықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Соның арқасында дүниені қабылдау мен сезінудің, дүниені танудың сонау тереңде жатқан «тамырлы» негіздерін нақты зерттеуге болады;

- *үшіншісі, тұлғаның сараптамалық тапсырмаларды жүзеге асыруын қамтамасыз ететін эвристикалық-танымдық қызметі.* Ол оқу материалдарының мазмұнын адекватты түрде «бейнелеп» қана қоймай, тұлғаның әдіснамалық және дүниетанымдық мәдениетін жаңартудың және оқыту мен тәрбиелеудің басты құралы болып табылады;

- *төртіншісі, конструктивті-басқару қызметі:* ол білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу материалдарын таңдау мен құрылымдарын қамтамасыз етіп, оны бағалаудың тиісті шарттары мен өлшемдерін құрайды;

- *бесіншісі, сын қызметі:* онда тұлғаның қажетті материалдар жиынтығын жүзеге асыру мүмкіндігі, көпұлтты Қазақстан халықтарының мәдениеті мен тарихын зерделеп құрметтеу және осы этникалық құндылықтардың тарихи-мәдени-адамгершілік шынайы жетістіктері қамтамасыз етіледі;

- *алтыншысы, диагностикалық қызметі;* бұл жүйелі міндеттің әдеттегідей еместігі және оның қиындығы сол, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесі бір сәттік, бір күндік үдеріс болмауы дер едік. Сондықтан, зерттеу жүйелерін толыққанды ұйымдастырып, қысқа мерзім ішінде ұлттық құндылықтарын үзіліссіз жетілдірудің ұзақ мерзімді стратегиясын мониторингтің әр түрлі деңгейлі жүйесінде қайта өңдеу болмақ.

- *жетіншісі, әлеуметтік-генетикалық қызметінде* әр ұлт бойынша жинақталған деректер іске асырылады, атап айтқанда, этнос және оның халықтық педагогикасының құрылуы мен дамуының әлеуметтік-гендік факторларын үйрену; көпұлтты елдерді мекендейтін этностарды арнайы оқып-үйренуге айналатын нысандарды әлеуметтендірудің жолдары мен шарттары; Қазақстан халықтарының педагогикалық дәстүрлерінің жүзеге асуын салыстырмалы түрде талдау.

Қарастырылып отырылған мәселені теориялық жағынан талдау дүниетанымдық мәдениеттің жүйесі қалыптасқандығын көрсетеді. Сол себепті, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру үдерісін де жүйелі құрылымдық негізінде құру қажет (Кесте-1).



Кесте -1 – Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің құрылымы

Кестеде көрсетілгендей, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруда оның құрылымдық бөліктерінің, атап айтқанда, дүниетанымдық білімнің, дүниетанымдық қабілет, дүниетанымдық қабылдау, дүниетанымдық сезім, дүниетанымдық әсерлену, дүниетанымдық талғам, дүниетанымдық бағалау, дүниетанымдық белсенділік пен дүниетанымдық қажеттіліктің болуы маңызды саналады. Ендігі кезекте осы құрылымдық бөліктерге мазмұндық сипаттама беріледі: **Дүниетанымдық білім** – дүниеге көзқарастың тұтастығы. **Дүниетанымдық қабілет** – тұлғаның дүниетанымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға икемділігі. **Дүниетанымдық қажеттілік** – тұлғаны мақсатқа жетелейтін қозғаушы күш. **Дүниетанымдық қабылдау** – заттар мен құбылыстар ерекшеліктерінің мида бейнеленуі. **Дүниетанымдық сезім** – тұлғаның табиғи және әлеуметтік қажеттіліктерінің қанағаттандырылу не қанағаттандырылмауы. **Дүниетанымдық әсерлену** – дүниені қабылдауынан қуат алуы. **Дүниетанымдық талғам** – әлемнің тұтастығын, өлшеусіз шексіздігін түйсіну. **Дүниетанымдық бағалау** – адам мен адамдардың әлеуметтік қатынаста мінез-құлық реттеуші фактор есебінде бейнеленеді. **Дүниетанымдық белсенділік** – тұлғаның танып білуге деген ерекше құштарлығы. **Дүниетанымдық сана** – объективтік болмыс жайында қажетті білімдерді меңгертетін, адамның өзін-өзі танып білуінде де жетекші рөл атқаратын психиканың жоғары сапалы сатысы. **Дүниетанымдық іс-әрекет** - тұлғаның дүниемен қарым-қатынас тәсілі.

Осы құрылымдық бөліктер дүниетанымдық сананы қалыптастырып, дүниетанымдық іс-әрекетке негізделіп, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырады.

Жеке тұлғаның дүниетанымы әр адамның тұлғалық және психикалық мінез-құлқын танытатын түсінік ретінде орныға келе, жеке тұлғаның қызмет барысындағы өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Дүниетаным адамзаттың тікелей өмір сүру жолындағы рухани-практикалық түрде өмірді меңгеруі. Дүниетаным тек өмірді, әлемді тану мен түсіну емес, ол арқылы дүниені өзгерту. Адамның санасы дүниені тек бейнелеп қоймайды, оны өзгертеді.

Ойымызды жинақтай келе, дүниетанымдық мәдениетті қалыптастыру арқылы тұлғаның қызметке өз бетімен әрі үздік араласуға бағдарланған жалпы қабілеттілігі, оның оқуы және әлеуметтенуі барысында алған білімдері мен тәжірибесіне негізделген іс-әрекетке дайындығынан көрініс беретін кіріктірілген сапа түзіледі деген ұсыныс жасағымыз келеді.

Келесі параграфта тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру отандық және шетелдік тәжірибе тұрғысынан зерделенеді.

1.3 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың отандық және шетелдік тәжірибесі

Бүгінгі таңда әлемдік ғаламдану кезеңінде көрініс алып отырған білім беру саласындағы өзара ықпалдасу үдерісінің тереңдей түсуі, білім берудің ұлттық жүйелерінің бірігуі мен өзара әрекеттесуі әлемдік біртұтас білім беру кеңістігін құрудың қажеттілігін дәлелдеп отыр. Әлемдік білім беру кеңістігінде кәсіби білім берудің біртұтас жүйесін құрудың негізгі идеялары болып адамға үздіксіз көпдеңгейлі кәсіби білім беру үшін барынша мүмкіндік жасау; тұлғаның үздіксіз шығармашылықпен дамуы, өзгеруі және жетілуі; оның білім алу кеңістігіндегі жаңалыққа ұмтылысын қамтамасыз ету және кәсіби білім алуы үшін қолайлы жағдайлар жасау; тұлғаға білім алу траекториясын өз мүддесіне, бейімділігі мен қажеттіліктерін ескере отырып қалыптастыруға мүмкіндік беру болып саналады. Мұның бәрі кәсіби білім берудің көпдеңгейлілігі бағдарламаларында көрініс тауып, тәжірибеде жүйелі бірізділікте жүзеге асырылуы тиіс. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі білім берудің мұндай біртұтас жүйесін құрудың негізгі идеялары мен бүгінгі күнгі жоғары білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттары Еуропа жоғары білімінің ең маңызды құрылымдық реформасының негізін қалаушы Болон декларациясында көрініс алуда. Үздіксіз көпдеңгейлі білім беру жүйесінде мамандардың кәсіби даярлығының сапасын арттырып, оны басқарудың бірізділігі мен сабақтастығын теориялық тұрғыда негіздеп, ғылыми-әдістемемен қамтамасыз ету Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу үдерісіндегі зерттеуді және оны біртіндеп жүзеге асыруды қажет ететін басты мақсаттардың біріне айналып отыр [115].

Қазақстанда білім алу сапасының жоғарылауы ғылым мен техниканың ілгерілеуінің нәтижесі.

Отандық білім беру жүйесінде құндылық әлеміне зор көңіл бөлінеді. Енді мәселені нақтылай түсіп, ұлттық дүниетанымның қалыптасуына қысқаша ой жүгіртейік.

Басқа халықтардың дүниетанымы сияқты біздің ұлттық дүниетанымымыз да өз қайнар көзін көне аңыздар мен дастандар, ертегілерден бастайды. Өйткені, үнемі көшіп-қонып жүрген халықтың бір ғана байлығы болды, ол оның тілі, бабалардан келе жатқан дәстүр, аңыз-хикаялар, нақыл сөздер. Көне түріктердің түсінігі бойынша, бұл дүние жоқтан бұрын пайда болған. Көне түріктер - «...дүниені ұстаға ұқсайтын жаратушы тудырды. Дүние негізінен: жер, су, от, ауадан тұрады. Ол неше түрлі қайшылыққа толы: жер мен күн, өмір мен өлім, адам мен табиғат, бақ, құт пен зардап, жарық пен қараңғы, жылы мен суық және т.б» - деп пайымдаған [80].

Қазақтың даналық ой-пікірлерінің, ұлттық дүниетанымының тарихы екі кезеңнен тұратынын аңғарамыз. Бірінші кезеңде Қорқыт ата [116], Жүсіп Баласағұн [9], Қожа Ахмет Ясауи [117], Әбу Насыр әл-Фараби [10], Махмұт Қашқари [11] т.б. данышпандар даналық дәстүрлерін жасады, олар табиғи түрде қазақ этносының дүниетанымдық ойлау мәдениетінің бастау арналарына айналған. Екінші кезеңде қазақ халқының төл дүниетанымы мен философиясы қалыптасып, дамыды. Қазақ философиясының төл тарихы Асан қайғы мен Мұхаммед Хайдар Дулаттан басталады. Асан Қайғы – түркі жұртының әйгілі ойшылы Қорқыттың дүниетанымын жалғастырушы. Қазақ философиясы бастау алатын екінші ойшыл, қоғам қайраткері – М.Х.Дулаттың «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде түркі дүниесінің рухани тұтастығы және оның дүние жүзі халықтары өркениетімен тығыз байланысы нақтылы мысалдармен баяндалған [118].

Қазақ дүниетанымының қалыптасуына ақын-жыраулардың шығармалары көп әсер еткенін де айта кеткіміз келеді. Ақын-жыраулардың ішінен Сыпыра жырауды, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Марғасқа, Ақтамберді, Бұқар жырауларды атауға болады [118]. Дүниетанымның ғылыми сипат алып, ұлттық тұрғыда астасып жатуына Ш.Уәлиханов [119], Ы.Алтынсарин [13], А.Құнанбаевтардың [12] еңбектерін атап кеткен жөн.

Ш.Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Сахарадағы мұсылмандық жөнінде», «Тәңір (күдай)» деген еңбектерінде тұлға дүниетанымына қатысты пікірлер айтады. Қазақ жеріндегі шамандықтың орын алу себебін түсіндіргенде «сыртқы дүние - күн, ай, жұлдыздар және жер - алғашқы күдірет болып табылады» деп көрсетеді. Қазіргі кезде негізгі мәселелерінің маңыздысы есебінде адам, оның қоршаған дүниеге қарым-қатынасы аталынады. Ш.Уәлиханов бұл мәселенің маңызды екенін ХІХ ғасырдың орта кезінде-ақ айтып кеткен. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбегінде табиғат пен адам, өмір мен өлім әрқашан түпсіз сырға толы ғажайып тандану пәні болды деп көрсетеді [119].

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) дүниетаным қалыптасуына туған ел, халық ауыз әдебиеті, озық орыс әдебиеті мен Еуропа ойшылдарының еңбектері елеулі әсерін тигізді. Ш.Уәлиханов секілді Ы.Алтынсарин да өз халқының артта

қалушылығын жоюдың бірден-бір жолы ағартушылықта деп сенді және Қазақстандағы халық ағарту ісінің ұйымдастырылуы мен дамуына белсене араласты. Ыбырай Алтынсарин ағарту және қоғам мәселелерін талдауға арналған шығармаларында дүниетанымдық ерекше пікірлер қалыптастырған. Ыбырайдың көптеген өлеңдері мен әңгімелерінен оның қоршаған дүниенің санадан тыс және тәуелсіз өмір сүретіндігін мойындайтынын байқаймыз. «Жаз», «Өзен» сияқты өлеңдері табиғатты өзінше тамашалау ғана емес, сонымен бірге оның адам санасынан тыс және тәуелсіз екендігі сезіледі. Бұл - ағартушының дүние туралы көзқарасының бір жағы [13].

А.Құнанбаев (1845-1904) қазақ ағартушылығында, қазақ халқының бүкіл ұлағатты мәдениеті тарихында үлкен орын алған ақын, ойшыл. Оның шығармашылық мұрасы өлең, дастан, философиялық проза, аудармалар мен әндерден тұрады. Абайдың дүниеге көзқарасы ойы мен қыры мол, күрделі. Дүние туралы пікірі де өз шығармаларында кеңінен көрініс тапқан. Біріншіден, сыртқы дүниенің санадан тыс өмір сүретіндігін қуаттайды. Мысалы, қырық үшінші қара сөзінде адам «...көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады» - дейді. Сонымен бірге «Мен» және «менікі» деген философиялық мәселені қарастырып, өзіндік тұжырымға келеді. Абай дүниетаным туралы құнды пікірлер қалдырды. Түйсіктеріміз арқылы дүниеден хабар аламыз, пайда, залалды айыратын қуаттың аты - ақыл дейді. Көптеген өлеңдері мен қара сөздерінен диалектикалық тұжырымдар бейнесін көруге болады [12].

Қазақ ұлттық дүниетанымының тарихы өте терең. Оны бір зерттеу жұмысының көлемінде толық зерделеп жату қиынға соғады. Әр автордың дүниетанымдық ойлары мен пайымдаулары жеке зерттеу жұмысына арқау бола алады. Зерттеу жұмысымыздың алға қойған міндеттеріне сәйкес отандық дүниетаным тарихына ғана емес шетелдік білім беру жүйесіндегі дүниетанымдық мәселелерді қарастырып көрелік.

XXI ғасырда дамыған елдер адам ресурстарын дамытуды басты мақсаттардың бірі ретінде қарастыруда. Рухани бай және жетілген қоғам құру үшін ең алдымен білім жүйесін дамыту қажет. Осы мақсатта көптеген елдерде жүргізілген білім реформаларының өзіндік тарихи аспектілері мен ерекшеліктері бар. Мысалы, АҚШ-та кең көлемді білім реформасы кеңес үкіметінің аспан әлеміне жасанды жер серігін жіберуіне байланысты атқарылды. Өткен ғасырдың 50 жылынан бастап АҚШ-та білім беру саясаты мемлекеттік деңгейдегі маңызды мәселелердің біріне айналды. Америкада білім беру жөнінде екі түрлі мақсат алға қойылған, сол екеуінің арасында қашаннан бәсеке бар. Бірінші мақсат-жалпыға бірдей және тең түрде білім беру болып табылса, екіншісіне- қатаң іріктеп алу жолымен білім беру жатады, яғни бұл академиялық және ғылыми элита даярлауға бағытталған. Ғылыми элита деген тұста өзіндік дүниетанымы жоғары, танымдық мәдениеті қалыптасқан тұлғалар екенін айта кеткіміз келеді. Бірінші АҚШ-тықтардың ойынша, жалпы білім беруді жетілдіруге көп күш пен қаржы бөлу

керек, екінші ғылыми зерттеулер саласындағы АҚШ позициясын нығайта түсу қажет деп санайды [120].

АҚШ және Батыс Еуропа елдерінде кәсіби білім беру жүйесінің 5 әлемдік негізгі типі айқындалған. Олар: білім мектебі; еңбек мектебі; өмір мектебі; конфессионалдық (діни) мектеп; альтернативтік мектеп. Ең көп тарағаны алғашқы үшеуі. Білім мектебі Германия, Чехия, Австрия, Дания, Польша, Болгария, Ресей және басқа елдерге тараған. Оның негізгі мақсаты – тұлғаны үйлесімді дамыту, оқытындарға бай білім қоры негізінде жан-жақты білім беру. Бұл мектептердің жетістігі:

- дәстүрлілік;
- білім берудің іргелілігі;
- ұйымдастыру мен әдістеме мәселелерінің айқындығы;

-басқа педагогикалық мектептермен салыстырғандағы білімнің жеткілікті дәрежеде жоғары деңгейі. Әлемдік педагогикалық «еңбек мектебі» деп аталатын білім берудің классикалық жүйесімен бәсекеге түсіп отырған екінші типтегі мектептер Франция, Голландия, Бельгия, Алжир т.б. елдерде өмір сүруде. Бұл қазіргі заманғы жүйенің негізгі ерекшелігі – оқытындарды жалпы білімділік жетістіктерімен тең еңбекке дайындауында [121]. Үшінші тип АҚШ, Канада, Ұлыбритания т.б. елдерде басымдыққа ие болып отырған әлемдік педагогикалық өмір мектебі деп аталатын мектептер. Оның негізгі мағынасы тұлғаның өзінің құқығы мен жауапкершілігін сезінетін, өзінің мақсаты мен жетістіктеріне нарықтық экономикаға негізделген құқықтық, ізгілікті және демократиялық қоғамда тек қана өзінің күшімен қол жеткізетін бәсекелестік жағдайында еркін дамуы, дүниетанымының кең болуы. АҚШ және Батыс Еуропа елдерінде жоғары педагогикалық білім беру үш түрлі категориядағы университеттерде жүзеге асырылады: зерттеу; көппрофильді және корпоративтік. Алғашқы екеуі бакалавр, магистр және доктор дәрежелерін беру құқықтарына ие. Америкалық жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің сипаттық ерекшелігі оқу – тәрбие үдерісінің оқытушы білімнің басты көзі болып табылатын дидактикалық жүйесінен негізі тірек білім алушының өз бетінше оқып, өз бетінше ізденуіне түсетін жекелеп оқытуға бірте – бірте көшуі болып табылады. АҚШ та педагогикалық білім беру құрылымы әртүрлі деңгейлерге бөлінеді: университеттер (4-5 жыл), колледждер (4-5 жыл), еркін өнер колледждері (4 жыл), кіші колледждер (2 жыл). Педагог кадрларды дайындауда белгілі университеттер Болл университеті (Индиана штаты), Солтүстік Иллиной университеті (Иллиной штаты), Мичиган университеті (Мичиган штаты). Болашақ мұғалімдер негізінен 4 жыл, үштен бірінен азы 5 жыл, қалғаны 2 жыл оқиды [121].

4-5 жылдық мерзімен оқытындар алғашқы екі жылда жалпы білім беретін цикл бойынша гуманитарлық: экономика, философия, әдебиет, тарих, саясаттану, әлеуметтану т.б. пәндерді оқиды. Міндетті және элективті курстар сәйкестігі қарастырылған. Бағдарламада теориялық психологиялық – педагогикалық пәндер: жалпы педагогикалық психология, бала дамуының психологиясы, білім беру негіздері, тәрбие философиясы, педагогика тарихы, педагогикалық әлеуметтану,

салыстырмалы педагогика, оқыту әдістемесі, педагогикалық этика оқытылады. Бұларға оқу уақытының 25-35 пайызы бөлінеді. Болашақ мұғалімдер игеруге тиіс білімдер құрылымына жалпы білімдер, арнайы білімдер және мінез – құлықтық ғылым енгізілген [121].

Германия Федеративті Республикасында білім реформасы әр он жыл сайын жүргізіліп отырады. Германияда білімнің сапалы болуы ондағы жүргізілген білім реформаларының нәтижесі. 1950 жылдан бастап Германияда:

- Педагог кадрларды даярлау;
- Мектептердің инфрақұрылымдық жүйесін жетілдіру;
- Жоғары оқу орындарының сапасын әлемдік деңгейге көтеру;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігі;
- Германияда оқығысы келетіндерге мүмкіндік жасау;
- Үздіксіз білім беру;
- Жоғары білімнің тұтас стратегиясы мен бұқаралық жүйесін жетілдіру т.б.

аталмыш жағдайлардың барлығы ФРГ-ның әр он жылдық білім реформаларында қарастырылып, өз шешімін тауып отырады. Германияның жоғары білім беру жүйесі білімнің жоғары сапалылығымен ерекшеленеді. Қазіргі таңда ғасырлық тарихы бар Германияның жоғары оқу орындары халықаралық білім беру жүйесінде үлкен беделге ие, бұл оқу орындарында «ғылым және оқу қызметіндегі бірлік» ұстанымымен қолданбалы және іргелі зерттеулерді үйлестіру негізінде жүзеге асады. Германияда мұғалім даярлауға арналған педагогикалық білім беру бағдарламасы тек қана сабақ беруді үйретуге ғана емес, сонымен қатар талдау, жоспарлау және бағалау сияқты баламен жұмыс істеуде шешуші рөл атқаратын әдістемелік амалдарды, кездесетін кәсіби мәселелерді шеше білуді де көздейді. Педагогикалық жоғары оқу орындарында емтихан тапсыру мемлекеттік жолмен реттеліп отырады. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық ғылымды оқып үйренуіне арналған бағдарламалар мен білім мазмұны болады. Бағдарлама «Тәрбие және білім беру» атты бөлімнен басталады. Бұл бөлімде студенттер жалпы педагогика негіздерімен танысады. Бағдарламаның екінші «Даму және оқыту» атты бөлімі бойынша болашақ мұғалімдерде әдістемелік сапалар қалыптастыру қарастырылған. «Тәрбиенің қоғамдық алғышарттары» атты үшінші бөлім тәрбие мен білім беруге әсер ететін тарихи және әлеуметтік факторлар жөнінде мағлұматтар береді. Төртінші «Білім беру институты» бөлімі болса, бесіншісі «Сабақ беру және жалпы дидактика» болашақ мұғалім бойында оқу үдерісін өз бетінше ұйымдастыра білу, оған талдау жасау сияқты сапаларды қалыптастыруды көздейді [120].

Ұлыбританияның білім жүйесінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Олар білім реформасын жүргізуде жетістіктерге жету үшін бірнеше міндеттерді алға қойды: міндетті білімнің көлемін қысқарту, білім алушылардың біліктілігін көтерудің жүйесін жетілдіру, білім беруді басқару мен мамандарды даярлаудың бір ортаға шоғырлануы, білімге қаржының көп бөлінуі, мектеп ісінің да Ұлыбританияда педагогикалық колледждер университеттердің құрамына бітірушілерге университеттік дәреже беру мүмкіндігіне ие тең құқықты факультеттер ретінде

енгізілген. Мектеп мұғалімдерін жалпы колледждер, сонымен қатар университеттердің педагогикалық бөлімдері дайындайды. Педагогикалық колледждерде бірдей оқу жоспары болмайды. 3 жылдық педагогикалық колледждердің оқу жоспарларына негізгі пән курсы, кәсіби курс, педагогикалық курс, мектептегі практика кіреді. Болашақ мұғалімнің сабақ беретін ағылшын тілі мен әдебиеті, математика, дін, үй шаруашылығы т.б. пәндерге байланысты пәндік негізгі курсқа басымдық беріледі, бұған оқу уақытының 25 пайызы бөлінеді. Барлық оқу уақытының 40 пайызы кәсіби курсқа беріледі, бұған жалпы академиялық ағылшын тілі, математика, география, тарих – барлығы 8 пән кіреді. Барлық оқу уақытының төрттен бірі педагогика философиясы, психология, педагогикалық әлеуметтану, оқыту әдістемесі, педагогика тарихы, салыстырмалы педагогика, мектеп гигиенасы, мектептану т.б. пәндерден тұратын педагогикалық курсқа бөлінеді [121]. Аудиториялық сабақтардың негізгі түрлері лекция және семинар. Техникалық құралдар, рөлдік ойындар, ұсақ сабақ беріп көру жиі қолданылады.

Шетелдердегі жоғары оқу орындарының көпшілігінде оқу орнының мәртебесі оқытушылардың ұсынған оқу бағдарламаларының, лекция курстарының сапасымен анықталады. Талапкерлер жоғары оқу орнын таңдауда осы мәселеге көбірек қарайды. Сондықтан, мұнда жоғары оқу орны әкімшілігі мен оқытушының келісім шартқа отырар кезінде педагогтың кәсібилігі өте маңызды рөл атқарады.

Бұл аталған мемлекеттердің барлығының білім жүйесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Бірақ, барлық дамыған мемлекеттердің арасында Жапонияның білім жүйесі ерекше. Жапон елінің білім жүйесі батыстық үлгіде жасалғанымен, нақты бір елдің жүйесін емес, керісінше батыстық педагогиканы ұлттық педагогикамен үйлестіріп, өзіндік білім жүйесін жасауға қол жеткізді. Сондықтан да, Жапон елінің білім реформасы бірнеше рет өзгерді. Әр реформаның нақты өзіндік тарихи аспектілері бар. Себебі, жапондардың тарихы мен ұлттық әлеуметтік құндылықтары шетелдік үлгілерді игеруге кедергі келтірді. Жапондықтар ең алдымен өздерінің ұлттық құндылықтарын, дүниетанымын жоғары бағалайды. Олар қашан да білімге құштарлықпен танылған ұлт, ондағы білім жүйесі білім алушылар бойында да тиісті адамгершілік ережесін қалыптастырып, ұлттық сипаттағы қасиеттерді дамытады. Бұны біз әр жылдары жүргізілген білім реформаларынан анық аңғарамыз.

Жапониядағы Мейдзидің алғашқы реформасы ХІХ ғасырдың 70жылдары Юкити Фукудзаваның (1834-1901) басшылық етуімен қабылдана бастады. 1862 жылы Юкити Фукудзава Францияның мектеп ісі құжаттарын қарап, баспасөз беттерінде жан-жақты баяндамалар жариялай бастады. 1868 жылы Білім мәселесі жөнінде арнайы комиссия құрылып, оның басшысы болып Ю.Фукудзава тағайындалды. Бұл жүргізілген реформада: «қытай білімі және жапон рухы» атты лозунг (кансай-вакон) «жапон рухы-батыстық техника» (вакон-есай) болып өзгертілген. Вакон есай «шет елдіктерден білімді алуға болады, бірақ шет елдіктердің жапон рухын және жапондық ойлау жүйесін қозғауына жол бермеу»

деген мағынаны білдіреді. Осы күнге дейін «Вакон-есай» Жапон білімінде маңызды ұстаным. Жапон елінде 1872 жылы білім туралы заң қабылданды. Заңда «өмірдегі жетістіктердің кілті оқуда, оны ешкім жоққа шығара алмайды және болашақта бірде-бір отбасы, бірде-бір адам сауатсыз болмауы керек»- деп айтылады. Көптеген жетістіктермен қоса білімнің батыстық жүйесі жапон халқына пайда келтірмеді. Себебі, батыстық білім жүйесінің негізінде оқытқанда, олардың негізгі пәні, негізгі ұстанымдары әдеп қағидасы ұмытылды. Император Мейдзи 1879 жылы елді аралау сапарында халық арасында тәрбиеге байланысты көптеген олқылықтарды байқады. Сол кемшіліктерді түзету үшін «Білімнің ұлы ұстанымдары» атты қаулы қабылдады. Ол қаулыда «халық ең алдымен өзін рухани жағынан тәрбиелеп және әдеп ұстанымдарына жүгінуі керек. Осылар орындалғаннан кейін өздерінің қабілеттеріне қарай пән таңдауға болады», - делінген. Барлық оқу орындарында Мейдзи білім реформасы негізінде 1881 жылдан бастап әдеп пәні жүргізіле бастады. Шет тілі пәнінің сағаты қысқарды. Сонымен реформаның нәтижесінде: Біріншіден жапондықтар өздерінің дәстүрлерін қайта жандандырды. Екіншіден көп аймақтарда Еуропалық білім кең тарады. Үшіншіден мектеп ұжымдары тамаша жетістіктерге қол жеткізді. Төртіншіден бұл реформа Жапонияны көптеген дамыған елдердің білім жүйесімен теңестірді. Мейдзиден кейін Жапонияның ағарту сахнасына педагогтардың екі тобы шықты. Бір топ (Н. Мотада 1818-1891 жж.) Батыс идеясының шектен тыс енуіне үзілді-кесілді қарсы шықса, екінші топ (А.Мори-1847-1889 жж.) оларды шектеусіз қабылдауды қолдаған болатын. Моридің өзі жапон тілін ағылшын тілімен алмастыруды жақтады. Оның бұл ойы жүзеге аспады, себебі, жапон рухы ондай идеяны қабылдауы мүмкін емес еді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапонияда 1947 жылы. «Білімнің негізгі заңы» атты реформа жүргізілді. Бұл реформаның нәтижесінде 9-жылдық білім міндетті болды. Педагогтарға еркіндік берілді. Бірақ, бұл заң түгел дерлік Америка білім жүйесінен көшіріліп алынған болатын. 1948 жылы 99, 3 пайыз Жапон баласы міндетті мектепке барғаннан кейін жапондықтардың білімге деген дәстүрлі ұмтылыстары дамыды. Себебі, батыстық білім жүйесі жапондықтардың ұлттық тәрбиелеріне сәйкес келмеді. 1952 жылы Егемендік алғаннан кейін бұл заңға өзгерістер мен түзетулер енгізілді. Жапон елінде 1966 жылы «Идеалды жапон бейнесі» атты құжат қабылданды. Бұл құжатта жапон қоғамының рухани-адамгершілік құндылықтары айқын көрініс тапқан. 1984 жылы «Всеобъемлющей реформе народного образования, направленной в XXI век.» деген реформа жүргізілді. Бұл реформаның негізгі мақсаты: дамыған қоғамның тұлғасын қалыптастыру болды. Реформаның орындалуы барысында премьер министр Ясухиро Накасонэнің басшылық етуімен арнайы комиссия құрылып, комиссия мүшелері «40 жыл өткен реформаны өзгерту керек»- деген шешім қабылдады [120].

1985 жылы Білім мәселесі жөнінде құрылған арнайы комитеттің анализі аяқталып, қорытындылады. Ол қорытынды да білімдегі төрт ұстаным анықталды: Біріншіден үздіксіз білім беру жүйесін құру, ол әр адам өмірі үшін

маңызды. Екіншіден жалпы білім беретін мектептердің әдісі мен мазмұнын өзгерту, жеке айырмашылықтарды қамту. Үшіншіден жапон халқының жоғары идеялының дамуы, рухани-адамгершіліктің сақталуы. Төртіншіден оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен әдісін жаңа бағытта құру компьютерлендіру.

1990 жылы Жапон елінде Үздіксіз білім беру заңы қабылданды. Білім жөніндегі ұлттық ұйым білім реформасындағы үш негізгі ұстанымды анықтады: Бірінші даралықтың дамуы мен нығаюы, екінші өмір бойы білімге ұмтылу, үшінші білім арқылы қоғамның дамуына үн қосу. Жоғарыда аталған құжаттардың барлығында жапон ұлтының ұлттық құндылықтары қарастырылған және оны сақтау керектігі айтылады.

Жапон елінде ұлттың сенімді болашағына қол жеткізуде, оқушыларды мектеп қабырғасында әдептілік, имандылық пен өнегелілікке үйрету өте маңызды қадам болып есептеледі. Табиғатты аялау, әділдік пен шындықты қастерлеу, адам өмірін бағалау, адам хұқықтарын құрметтеу, келесі ұрпақ үшін жауапкершілікті ала алатын және қоғамның дамуына үлес қосатын балаларды өсіріп тәрбиелеу мектептердің маңызды жұмысына айналған. Жапониядағы білім жүйесінің компоненттері (мектепке дейінгі дайындық, мектеп, жоғары білім) бір-бірімен тығыз байланысты. Барлығының негізгі мақсаты жапон елінің ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтау, ұлттық дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруын қамтамасыз ету. Оқу жылы үш семестрден тұрады: сәуір-маусым, қыркүйек-желтоқсан және қаңтар-наурыз.

Жер бетіндегі әр ұлттың мақсаты- өз ұрпағының бойына адамдық қасиет, ұлттық рух пен мәдениеттің күш-қуатын қалыптастыру, ұлтының болмысын, оның өмір сүру тәсілі мен тәжірбиесін, тәрбие ықпалының жолы мен бағытын кең түсіндіре білу.

Жапон ұлтының білім берудегі басты ұстанымы - ұлттық құндылықтарын сақтау және оны дамыту. Жапондықтар үш басты қасиетті қадір тұтады. Олар-ұлт мүддесін жеке бас мүддесінен жоғары қою, білімге құштарлық және еңбексүйгіштік. Ендеше, ұлттық құндылықтарымызды сақтау арқылы еліміздегі білім беру саясатының ұлттық-рухани дамуына, білім жүйесінің жетілуіне, қоғамда өзіне лайық орын алатын білімді болашақ тәрбиелеуге, озық қоғам құруға, дүниетанымы жоғары тұлға қалыптастыруға қол жеткізуге болады [120].

Өзінің құрылғанынан бері Оңтүстік Корея елі өзінің білім беру жүйесі, мемлекетті басқару жүйесі, экономикасы мен мәдениетін дамытуда даңғыл жолдан өтіп, өзгелерге үлгі боларлықтай дәрежеге жетті [121].

Корея Республикасын «Серпінді дамып келе жатқан» ел ретінде қазіргі Қазақстан жақсы таниды. Оның жетістікке жету жолы бүгінде қазақ қоғамының қызығушылығын тудыру үстінде.

1960 жылдардан бастап кәріс ұлттық сана сезімнің жандануы елдің модернизациялану үдерісіне алып келді. Елді ұзақ ұйқыдан ояту қиынға соқты, ал мемлекетті көтеру одан да қиын болды. Әйтсе де көптеген қиыншылықтар мен қателіктерден соң елдің дамуын тездетуге ынта пайда болып, мемлекеттің саяси, экономикалық, қоғамдық және мәдени өмірін түбегейлі жаңғырту іске асырылды,

белгілі «Жаңарту реформасын» жүргізуге мүмкіндік туды. Мұндай жағдай 1970 жылға қарай өзгерістерге алып келді. Мұндай реформаларды жүзеге асырылуы халықаралық жағдайларға өзгерістерге тез бейімделуге мүмкіндік беріп, адамдардың мерейлене түсуіне және халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге мүмкіндік берді.

«Азия жолбарыстары» қатарындағы Оңтүстік Кореяның қазіргі кезеңдегі дүниежүзілік деңгейде алдыңғы орындарға шығуына ұлттық идея мен ұлттық дүниетаным әсер етіп отыр. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ұлттың бірлігі мен топтасуына негізделген «дәстүрлі жапон рухы мен ең жаңа батыстық технологияның бірлігі» туралы жапон идеясы Жапонияның әлемдегі экономикасы ең шарықтау шегіне шыққан мемлекеттердің қатарына кіруге, сонымен қоса дәстүрлі мәдениет құндылықтары мен Батыстың либералдық құндылықтарының синтезін жүзеге асыруға, сол арқылы өскелең жаһандану жағдайында өзінің этностық бірлігін сақтап қалуына негіз болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Оңтүстік Корейлік ұлттық идея – жапондарды қуып жету және олардан асып түсу ұстанымы біртіндеп ұлттық идеологияға айналды. Міне, соның негізінде Оңтүстік Корея әлемнің ең дамыған мемлекеттерінің біріне айналды.

Ұлттың өркендеуі мен кемелденуі ұлттық құндылықтардың негізінде жүзеге асады дейтініміз сондықтан. Корей мен қазақты бір-біріне тартатын, оларды өзара ұқсастыратын нәрсе осы ұлттық құндылықтарға деген құрмет. Құрмет болғанда ұлттық құндылықтарды жаңғырту, жасарту, ұлттық құндылықтардың ғасырлар қойнауында жинақтаған әлеуетін қоғамның өркендеуіне, қоғамның кемелденуіне пайдалану [122]. Кореяның жалпы білім беру жүйесі үш деңгейлі: бастауыш, орта және жоғары мектептер (6+3+3=K12). Әлемдегі дамыған мемлекеттер сияқты білім беру парадигмасы өзгерген: Digital Native буыны үшін құзырлылыққа бағытталған білім. Кореяда «Жалпыға бірдей білім» және «Өмір бойы білім алу» ұлттық дүниетанымды қастерлеу ұстанымдары тәжірибеде іске асырылады.

Жоғарыдағы мәліметтерді зерделей келе, тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті отандық және шетелдік тәжірибеде де ұлттық құндылықтарға негізделетінін аңғардық. Отандық және шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, қазіргі кезде тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың негізгі мәселелері төмендегідей деген қорытындыға келдік:

- жеке тұлғаның басымдылығын тануда ізгілікті бағытты ұстану;
- оқу үдерісінде жеке тұлғаны толыққанды тұтас қалыптастыру;
- кәсіби дайындықтың мазмұн, форма және әдістерін қайта қарау;
- тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың қазіргі іргелі және қолданбалы ғылым деңгейіне сай келетін жаңа тетіктерін ойластыру.

Келесі параграфта тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен қағидаларын қарастырып көрелік.

1.4 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары және қағидалары

Қазақстанда және әлем елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың жаңа тұғырлары мен әдістемелерін зерттеу мәселелерін өзектендіреді. Ғылыми әдебиеттерді сараптауда тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесін шешудің теориялық алғы-шарттары зерделенді.

Кез келген даму, ақиқат дүниенің нақты бір мәселесін зерттеу, оның әдіснамасын талдаумен тығыз байланысты жүзеге асырылады. Тек тәжірибе, интуиция жеткіліксіз, әдіснама қажет.

Зерттеу барысында «тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті» ұғымының мәдениет, дүниетаным, т.б. деген бір-бірінен туындайтын ұғымдармен тікелей байланысы айқындалды. Қоғамның қарқынды даму жағдайындағы қазіргі өзгерістер, адамның жаңа әлеуметтік рөлге ие болуы, білім мен тәрбие беру мәселелерін қайта қарап, жан-жақты білімді, дүниетанымдық мәдениеті жоғары, қоғамға еркін араласуға дайын, қабілетті тұлғаны тәрбиелеуді талап етіп отыр. Адамдардың іс-әрекеті көптеген факторларға байланысты. Кім, қандай бағытта, не үшін, қалай әрекет етеді деген көптеген сұрақтар пайда болады. Түптеп келгенде бұл әдіснама мәселесіне әкеледі.

Ғылыми әдебиеттерде «әдіснама» термині «методология» түрінде де жазылып келе жатқаны белгілі. Методология грек тілінен аударғанда, “*metodos*” – жол, “*logos*” – ілім дегенді білдіреді, яғни «әдіс туралы ілім» немесе «әдістің теориясы», зерттеу жолы немесе таным, теория, ілім деген мағыналарды білдіреді. Әдіснама – (грекше *methodos*) «бір нәрсеге жол», субъектің іс-әрекетінің тәсілі. Бұл ұғымның екі мағынасы бар: белгілі бір іс-әрекетте, ғылымда, саясатта, өнерде қолданылатын тәсілдер мен жолдардың белгілі бір жүйесі, осы жүйе туралы ілім, әдістің жалпы теориясы [123]. Әдіснаманың негізгі қызметі – таным үдерісін реттеу және іштей ұйымдастыру немесе нысанды практикалық өзгертудің жолын анықтау. Сондықтан да, әдіс белгілі ережелер мен жолдардың, тәсілдердің таным мен әрекет нормаларының жиынтығы. Белгілі бір міндетті орындауға жағдай жасайтын шешімдердің, ұстанымдардың, талаптардың жүйесі. Ақиқатты іздеуді жүйелейді, уақыт пен күшті үнемдеуге көмектеседі, мақсатқа қысқа жолмен жетуге мүмкіндік береді.

Ф.Бэкон әдісті жолаушыға қараңғы түнде жолды көрсететін шыраққа теңеген. Философ танымның сенімді құралы болатын әдістерді жасауға тырысқан [124]. Р.Декарт әдісті өтірікті ақиқаттан ажыратып, білімді кеңейтуге көмектесетін нақты қарапайым ережелер деп атайды [125]. Қазіргі ғылымның маңызды сипаттарының бірі – білімнің дамуының, құрылымының жалпы заңдылықтарымен қатар, әр ғылымның өзіне тән ерекшеліктеріне назар аудару.

Ғылым кез-келген заттар мен оқиғалардың өзара сан алуан байланыстарын зерттей отырып, ең алдымен, олардың ішінен сол заттар меп құбылыстар үшін анағұрлым қажеттісін және үдерістерді басқаратындарын бөліп алады. Бұл байланыстар *заңдар* деп аталады. Заттар мен құбылыстардың арасында әр түрлі байланыстар болады. Әлеуметтік ғылымдарда сан қырлы қоғамдық құбылыстардың байланыстары мен тәуелділіктері ашып көрсетіледі

Гегель алғашқылардың бірі болып ғылымдар әдіснамасының негізін қалаған, ол философиялық әдістің өзіндік сипатына, оның нақты ғылымдар әдістерінен айырмашылығына көңіл бөлді. Ол әдіс үдерістің мәнін ашатын, мазмұнның қозғалысы және мазмұнынан тыс дайындалмайды деп атап көрсетеді [72].

Материалистік диалектикада объективті шындықтың таным әдістерінің негізіне табиғат, қоғам және адамның ойлау заңдары алынады. Таным әдісі табиғат пен қоғамның объективті заңдарын бейнелеген де ғана ғылыми болады. Сондықтан, ғылыми таным қағидалары, оның категориялары мен ұғымдары адамның ақыл-ойымен құрылған еркін ережелердің қосындысы емес, ол табиғаттың да, адамның да, қоғамның да заңдылықтарының бейнеленуі. Осыдан тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері философиялық диалектикаға негізделуі қажет.

Зерттеу жұмысымызда диалектиканың заңдылықтарына сәйкес дүниетаным мен дүниетанымдық мәдениеттің маңызы мен мәні, тұлғаның қалыптасуындағы алатын орны, мазмұны ашып көрсетіліп, түрлері мен атқаратын қызметтерінің жетіле түскендігі, оның ғылымның әр саласында категория ретінде қалыптасуы айқындалды.

Кравец А.С. «Методология науки» деген еңбегінде «ғылымда бір-бірімен байланысқан екі маңызды бағыт көзге түседі, оның бірі нысандардың қасиеттерін зерттеу, ал екіншісі ғылыми танымның тәсілі мен түрін зерттеу» деп жазады [126]. Ғылым әдіснамасын анықтаудың эмпирикалық негізі философиялық, қоғамдық – тарихи, әлеуметтік – мәдени көкжиек тұрғысынан алынған ғылым тарихы болып табылады. Кез келген ғылыми әдіс белгілі теорияның негізінде қалыптасады.

Әдістің пәрменділігі мен күші әдіске айналатын теорияның тереңдігімен, мағыналығымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, әдістің өзі де теория деңгейіне дейін кеңеюі мүмкін, яғни оның өзі басқа да тың білімдерге негіз, тірек бола алады.

Теорияның дамуы мен әдістің жетілдірілуі бір-бірімен тығыз байланысты үдеріс. Дегенмен бұл екеуін бір-бірімен алмастыруға да болмайды. Өйткені, әдіс тікелей теория, ал теория тікелей әдіс бола алмайды.

Теория мен әдістің бір-бірінен айырмашылығы мынада:

а) теория – бұрынғы іс-әрекет пен ізденістің нәтижесі, ал әдіс кейінгі іс-әрекеттің, бастамасы және алғы шарты;

ә) теорияның негізгі міндеті – түсіндіру және болжам жасау, ал әдістің негізгі міндеті – реттеу және бағыт – бағдар беру;

б) теория нысандардың мәні мен заңдылықтарын бейнелейтін идеалды түсініктер жүйесі, ал әдіс шындықты өзгерту мен ақиқатты тануға жол көрсететін реттеу, ережелер, кеңестер жүйесі;

в) теория мәселені шешуге бағытталады, ал әдіс оны зерттеудің тетігі мен жолын айқындайды [80].

Демек, әдіснама кез келген ғылымда қолданылатын әдістердің жиынтығы; теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың және құрудың қағидалары мен тәсілдерінің жүйесі. Ол кез келген ғылым саласын ғылыми нақты зерттеуге және практика мен теорияның өзін дамыту үшін қажетті жаңа білімді алуға мүмкіндік беретін идеялардың, ережелердің, теориялардың, қағидалардың (философиялық, психологиялық, педагогикалық т.б.) жиынтығы. Осындай ережелерді ғалымдар да, практиктер де өзінің кәсіби іс-әрекетінде басшылыққа алады. Сондықтан да, кез келген теория, заңдар, категориялар әдіс бола алмайды. Әдіснамалық қызметті атқару үшін олар түсіндіру қызметінен арылып, реттеушілік, жол сілтеушілік, ережелік сипаты бар қағидаларға айналуы тиіс.

Теориялық танымның әдістері:

1. Формальдау – мағыналы білімді символдық белгі түрінде бейнелеу.
2. Аксиомалық әдіс – ғылыми білімді ұйымдастыруда көптеген ақиқат пікірлердің ішінен олардың осы салада болашақта нақты дамуында негіз бола алатын және тұрақты, өзгермейтін пікірін, яғни аксиоманы табудың жолы.
3. Индукция – жекеден жалпыға өту әдісі, яғни зат пен құбылыс туралы жеке мәліметтерден жалпы қорытынды жасауға ұмтылу.
4. Дедукция – философия мен әдіснамада екі мағынада қолданылады: 1) жалпы білімнен жеке білімге өту жолы; 2) кез келген логикалық қорытынды.
5. Жалпылау – ойша жекеден жалпыға өте отырып, білімді өсіру тәсілі. Жалпылау заттар мен құбылыстарды өзара салыстыру үдерісінде олардың мәнін көмескілендіретін құбылыстардан жалпы ұстанымдарды бөліп алуға бағытталған аса маңызды ғылыми әдіс.
6. Абстрактілеу – сезім арқылы берілген мәліметті ойша құрастырылған нысанмен ауыстыру. Абстрактілеудің нәтижесі абстракция деп аталады. Абстракция – нысанды ойша бөліктеуден туындаған ұғымдар мен пікірлер [79].

Танымның философиялық әдістеріне диалектикалық, абстрактіліктен нақтылыққа өрлеу, тарихилық пен логикалықтың бірлігі сияқты әдістер жатады. Даму мен жалпы байланысқа негізделген диалектикалық әдіс заттар мен құбылыстарды объективтілік, жан-жақтылық, нақтылық, тарихилық және қайшылық қағидалары тұрғысынан зерттейді. Дүниетаным когнитивтік танымдық көзқарас тұрғысынан сипатталса, онда ол объективті дүниені соншалықты дұрыс және терең бейнелейді, ол шын және жалған, ғылыми және діни, материалистік және идеалистік түрде болуы мүмкін [126].

Әрбір ғылымның негізгі тұғыры – әдіснама екенін ескере отырып, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың негізін айқындау барысында философтардың, психологтардың, педагогтардың, әлеуметтанушылардың,

мәдениеттанушылардың т.б. берген ғылыми ой- тұжырымдары біздің зерттеу жұмысымыздың әдіснамасын ашуға негіз болды.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық базасы ретінде бірқатар тұғырларды атауға болады: тұлғалық-іс-әрекеттік, жүйелілік, аксиологиялық, мәдениеттілік, акмеологиялық, құзыреттілік.

Дүниетанымдық мәдениетті **тұлғалық-іс-әрекеттік** тұрғыдан қарау бағыты тұлғаны адамның жеке белсенділігінің нәтижесінде қалыптасқан оның әлеуметтік сипаттамасы ретінде түсінуге негізделеді.

Тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылады. Педагогикалық үдерісті қайта құру немесе өзгерістер енгізудің алғашқы формасы - еңбек. Адамның материалдық және рухани байлықтарды жасаудағы іс-әрекеттері еңбек барысында атқарылып, оқыту субъектілерін шығармашылықпен өзгеріске түсіреді.

Белгілі психолог А.Н.Леонтьев адамзат мәдениетінің жетістіктерін игеруде - іс-әрекет атқару арқылы оның жетістіктерін одан әрі жетілдіреді деп түсіндіреді. Сондықтан, білім алушыларды өмірге және жан-жақты іс-әрекеттерге дайындауда олардың мүмкіндіктерін ескеріп, өмір тіршіліктеріне қажетті істерге тартып, олардың өмірін әлеуметтік және адамгершілік тұрғыдан ұйымдастыру қажет [95].

Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр психологтар Л.С.Выготский [109], А.Н.Леонтьев [95], С.Л.Рубинштейн [97], Б.Г.Ананьевтердің [127] еңбектерінде айқын көрініс тапты. Авторлар тұлғаны іс-әрекеттің субъектісі деп танып, ол өзге адамдармен қарым-қатынас әрекетінде қалыптасады деп тұжырым жасайды.

Дүниетанымдық мәдениетті *жүйелілік* тұрғыдан қарастыру оның құрылымдық компоненттерін, олардың қызметтерін ажыратуды, функционалдық-иерархиялық байланыстарын орнатуды, жүйекұрастырушы факторын анықтауды, сыртқы байланыстарын талдауды көздейді. Жүйелі тұғыр нысанды тұтастай ашып көрсету, оның ішкі байланыстарын және қатынастарын анықтау; зерттелген мәселені оның жекелеген бөліктерімен және оны қоршаған ортамен өзара байланысын қоса тұтас қарастыру көптеген өзара байланысты, қызметтері мен мақсаттарының ортақтығымен бірлескен, басқару және істі атқаруының бірлігі бар нысандарды талдауға қолданылатын тұғыр.

Білім беру мәселесінде жүйелі тұғыр негізі А.Байтұрсынов, С.И.Архангельский, В.П.Беспалько, М.Н.Скаткин, Ю.К.Бабанский, Б.Г.Ананьев, Э.Г.Юдиндердің еңбектерінде кеңінен көрініс алған [128].

Аксиологиялық (құндылықты) тұғыр ұлттық және жалпы адамзаттық басымдықтардың тәрбиенің мәндік негізін құрайтындығын көрсетеді. Аксиологиялық тұғыр тәрбие нәтижесінде құндылық мінез-құлқын қалыптастыратын тұлғаны құндылыққа қатыстыру үдерісі ретінде қарастырылады. Ғалымдар құндылық, дүниетаным, тұлғаның өмірлік ұстанымдары түсініктерін бірге байланыстырады (М.С. Каган, А.Лэнгле, З.И. Равкин, Н.С. Розов, В.П. Тугаринов) [128,129].

Құндылық тарихи «мәдени-тарихи шығармашылық» үдерісте (Н.Н.Лукин) адам мен әлем қатынасынан туындаған (С.Л.Рубинштейн). Құндылықтар тәрбиемен байланысты дамып, тұлғаның дүниеге көқарасы мен қатынасына айналады. Ғылымда құндылықтың жіктемесі мен типологиясы әртүрлі [97].

Гуманистік психология (А.Маслоу) экзистенциалды-тұрмыстық құндылықтар – игілік, әдемілік, әділеттілік, шындық, өзіндік жеткіліктілік, әлемге, қоршаған ортаға құндылықты дарыта білу деп анықтаған [130].

В.Франкл құндылықтың үш категориясын қарастырады: 1) Жасампаздық құндылық. Ол шығармашылық іс-әрекетте көрініс табады. 2) Әсерленушілік құндылық. Өнер туындылары мен табиғат көріністері алдында, махаббат сезімінде көрінеді. 3) Қарым-қатынастық құндылық. Тұлға кез-келген, тіпті қолайсыз, күрделі жағдайларда жүзеге асыруға міндетті [131].

Ғалымдар Ш.А.Амонашвили мен В.И.Загвязинский аксиологиялық тұғырды бірнешеге бөліп қарау керектігін айтады. Олар: ізгіліктік, шығармашылық, ақпараттық құндылықтық. Авторлар өз еңбектерінде осы құндылықтар арқылы тұлға қоршаған ортасына жағымды әсер қалдырып, дүниетанымын байыта отырып, мәдени адамгершіліктік асқақтыққа қол жеткізе білу керектігін айтады [132,133].

Сонымен қатар тұлғаның құндылықтарды игеруі күрделі диалектикалық үдеріс екенін ұмытпауымыз қажет. С.Ф.Анисимов аталған үдерісті екі сатылы деп сипаттайды: әлеуметтік (тұлға аралық), психологиялық (тұлға ішілік). Әлеуметтік сатыда – тұлға аралық қатынастар реттеліп, іріктеледі [134]. Психологиялық сатыда тұлға таныған құндылықтар құндылықтық бағытқа айналады. Құндылықтың реттеліп, сараланып, мәндік қатары толығыады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламасы бойынша білім алып жатқан тұлғалар үшін құндылық мәселесінің мәні зор. Құндылық тұлға негізі, қозғаушы күші, жақсы қасиеттерді дамыту мен тәрбиелеу кепілі, мәдени идеалдың қалыптасуы.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін *акмеологиялық тұғырдан* қарау бағыты болашақ маманның кәсіби тұлғалық дамуына ықпал беретін жағдайларды анықтауға, азамат, маман ретінде әлеуметтік жетілудің барынша жоғары деңгейлеріне қол жеткізу кезеңдерін жобалауға бағытталған. *«Акмеология»* ұғымы ХХ ғасырдың бас кезеңінде қолданысқа енген ұғым. Бұл ұғымды ең алғаш рет 1928 жылы Н.А.Рыбников ұсынған. Кейін Б.Г.Ананьев бұл ұғымға анықтама беріп, оның ғылымдар жүйесіндегі орнын көрсеткен. Ол адамның онтогенездік дамуын зерттейтін ғылымдарды былайша орналастырады: эмбриология, морфология және физиология, педология, акмеология, геронтология [127].

«Акмеология» ұғымына акмеолог ғалымдар әртүрлі түсініктемелер береді:

- әлеуметтік маңызы бар мәдениет, шығармашылық, әдебиет, ғылым, техника, білім салаларында және адамның өзінде жүзеге асатын, кәсіби шеберлік шыңына және жасампаздық әрекетінің өнімділігіне жетуге бағытталған өзіндік қозғалысында ересек адамдардың шығармашылық әлеуетінің өзіндік жүзеге асуына әсер ететін немесе кедергі жасайтын жағдайлар, факторлар мен заңдылықтар туралы ғылым (Кузьмина Н.В.) [135];

- жаратылыстану, қоғамдық, гуманитарлық және техникалық пәндер тоғысында пайда болған, адамның ересектік даму кезеңін, әсіресе, оның бұл даму жолында жоғары дәрежеде жетістікке жету заңдылықтары мен құрылымдарын зерттейтін ғылым (Деркач А.А., Бодалев А.А.) [136, 137];

- шоғырланған ғылым. Психологиядан айырмашылығы, адамның нәтижеге жетудегі жасампаздығының заңдылықтарын зерттейді. Оның қызметінің нәтижелілігін бағалау өлшемдерін тұжырымдайды, даму және өмір сүру жағдайларын зерттейді: ғұмырнамасы, шығу тегі, қоршаған ортасы, басқа адамдармен қарым-қатынасы (Кузьмина Н.В.) [135];

- ересек адамның жасампаздық әрекетінде өзін-өзі жетілдіру әдістерін және шығармашылық әлеует шыңына жету жағдайларын, тәсілдерін, жолдарын, заңдылықтарын зерттейтін шоғырланған ғылым;

- білім беру жүйелерін дамыту жағдайында педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзін-өзі дамытуы туралы ғылым.

Сонымен, «акмеология» дамуы және әрекет етуі барысында тұлғаның биікке шығуы туралы ғылым. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін акмеологиялық тұрғыдан қарау тұлғаның бойында өзін-өзі қалыптастыруға деген жауапкершілік, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі әрқашан жаңартып отыруға деген дайындық, өзін-өзі қалыптастыру үдерісіне әсер ететін тәсілдер мен формаларды әрқашан жаңғыртып отыру сияқты қасиеттер қалыптасады.

Тұлғаның жоғары деңгейде қалыптасуы өзін-өзі жетілдіру үдерісін өмірлік құндылық ретінде қабылдатып, тіршілік әрекетінде өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі жетілдіру арқылы өзіндік «Менін» тануға, қарым-қатынас ортасында өзінің қабілеттері мен мүмкіншіліктерін көрсете алуға мүмкіндік тудырады. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін акмеологиялық тұрғыдан қарау тұлғаның жетістікке жету мотивациясы деп айта кеткіміз келеді. А.Маслоу бойынша жетістікке жетудің мотивациясы ретінде өзін-өзі көрсету қажеттілігін қарастыруға болады [130]

А.Маслоу адамдарды бұрын тәжірибесі бар, әрі білімді деп қана қарамай, оларды өзін-өзі жетілдіретін және өзін-өзі меңгеретін, өз өмірін қалыптастыра алатын жандар ретінде қарастырады. Сонымен қатар адамның кәсіби қанағаттанушылығын да жатқызуға болады. Адам өз кәсібін ұнатып, сол кәсіптің қыр-сырын меңгеруге, жетілдіруге өз үлесін қосады. Бұл орайда ол өз-өзі дамытып, өз кәсібінің нағыз маманы болады. Қазіргі бәсекелестік заманда кәсіби-шығармашылық жетістіктеріне жетіп, шыңға шығу оңайға түспесі барлығымызға аян. Бірақ, өзіне талап қойып, жаңашылдыққа, жасампаздыққа ұмтылатын ұтқыр ойлы, ізденімпаз тұлғалардың биік шыңдарға жетуге мүмкіншіліктері жоғары [130].

Мәдениеттілік тұғырдан қарау дүниетанымдық мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделуіне бағытталған, жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін ұлттық мәдениеттің құндылықтары мен нормаларына сәйкес құрылады.

Мәдениеттілік тұғыры – білім алушының жеке тұлғасын зерттеп, құндылық бағдарын қалыптастыруда аксиологиялық құндылық іліміне сүйеніп, нақты ғылыми әдіснама ретінде таным мен педагогикалық іс-әрекеттерді қайта құруға немесе өзгерістер енгізуге бағыт-бағдар береді.

Мәдениеттілік тұғыры арқылы жеке тұлғаның мәдениетпен объективтік байланысы негізінде оның мінез-құлқындағы құндылықтар жүйесін анықтайды. Өйткені, адам мәдениет арқылы дамығандықтан сол мәдениетке жаңа элементтер енгізуге үлес қосады. Сол себептен адам мәдениет құндылықтарының жүйесін игеріп өзін-өзі дамытса, екінші жағынан, оның шығармашылықты жеке тұлға болып дамуына жағдай туады. Білім беруде мәдениеттанушылық тұғырды ұсынушылар (М.С.Каган, Е.В.Бондаревская және т.б.) [138].

Дүниетанымдық мәдениетті *құзыреттілік* тұғыр тұрғысынан қарау білім, білік және дағды арқылы мәселелерді өз бетінше шешетін, өзін-өзі реттей алатын тұлғалық қасиеттерді пайдалана алу мүмкіндігі.

Тұлғаның нақты әрекет пен үдерістерде тиімді, өнімді әрекеттер жасай алу қабілетін, дара тұлға сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды (В.А.Сластенин, Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Меңлібекова, А.К.Маркова, М.В.Прохорова, Дж.Равен, А.И.Пискунов, В.И.Журавлев, А.А.Реан, А.А.Вербицкий) [139,140,141,142,143,144,145,146,147,148].

Құзыреттілік тұғырға сай білім беру жүйесіндегі негізгі нәтижелері түйінді күзiреттiлiктер болып табылады. Мұнда жоғары деңгейдегі қарым-қатынасты игере алуға, талдау жасауға, дүниетанымдық түсінік қалыптастыруға баса мән беріледі. Бұл тәсіл өмірдің әр түрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге деген қабілеттілікті және қоғамда (социумда) табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игеруге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге зерттеу барысында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруда мына **қағидаларға** сүйендік:

Сана мен әрекеттің бірлігі қағидасы – адам санасы белгілі бір істі жүзеге асыру барысында ішкі жоспарына сай қалыптасады; сана тұлғаның интеллектуалдық әрекетінің өнімділігін реттейді; сана қоғамда бағаланатын және тұлғалық-құнды мінез-құлықты игерудегі мүмкіндікті көрсетеді.

Жеке тұлғаның әлеуетін дамыту қағидасы, мұнда әлеует (лат. potential – күш, қор, бастау, мүмкіндік) – жағымды әсер қалдыратын жағдаятта белгілі бір істі жүзеге асыру арқылы аса байқала бермейтін қабілетті (көбінесе көрінбеген, жасырын) айқындау. Адам және оның әлеуеттік мүмкіндіктерінің болашақтағы дамуының объективті заңдылықтарын көрсетеді. Бұдан «өзекті» және «әлеуетті» қабілет түсінігі пайда болады. Бұл ұстаным әрбір адамның өзіндік дамуы мен келешекте кәсіби шығармашылыққа қол жеткізуіндегі жеке әлеуетін ашу мен дамытуға септігін тигізеді.

Іс - әрекет субъектісі ретінде жеке тұлғаның белсенділік қағидасы – тұлғаны белсенді субъект (орындаушы, бастамашы (инициатор), үйлестіруші) ретінде қарастыру индивидтің көкейкесті міндеттерді шешу үшін мотивациясын

түсінуге мүмкіндік береді және ақиқат шындықты қайтадан өндіруге қарым-қатынасын айқындайды, берілген шығармашылық жұмыстардан тыс іздестірулерді қамтамасыз етеді.

Жалпы адамзаттық және ұлттық мәдениеттің тірек болу қағидасы – тұлғаны қалыптастыру қазіргі әлемдегі, елдегі, қоғамдағы құнды -мағыналы басымдылықтарға, ұлттық құндылықтардың жиынтығына, Қазақстандағы адамзаттық қоғамның рухани өмірін сипаттайтын моно-кросс мәдени әрекеттестігін, этноәлеуметтік-мәдени дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, нормаларды сақтауға негізделеді. Қазақстандағы қоғамдық ұжымның рухани өмірін сипаттайды. Бұл өзара ықпалдасқан көп салалы мәдениеттің, дүниетанымдық мәдениеттің қалыптасуына әсер етеді.

Өз әрекетін ұйымдастыру қағидасы – білім беру үдерісін (мақсаттылықтан бастап бірлескен әрекетке дейін талдау) ұйымдастыруға барлық субъектілердің өзінің қажеттілігі мен даралық қасиеттерін меңгере отырып, тікелей қатысуы. Дербестік тұлғаның іс-әрекеттегі (үйрену мен оқыту) мотивациялық-қажеттілік саласын айқындайды.

Еңбек нарығының қажеттілігін және оның мамандарға қоятын талаптарын ескеру қағидасы – қазіргі Қазақстан қоғамының сұранысына сай кәсіби бәсекелестікке қабілетті мамандармен жасақтау, жұмыс берушілерді үздіксіз білім беру жүйесінің қызмет етуіне қатыстыру.

Рефлексивтік басқару және өзін-өзі басқару қағидасы – білім беру үдерісіндегі әрбір субъектінің өз әрекетін ұйымдастыруы және өзгелермен қарым-қатынасын қалыптастыруы, білім алушылар мен педагогтардың жекелеген әрі бірлескен іс-әрекеттерінің нәтижесіне өзіндік талдау жасауы.

Сонымен, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруда әр жеке тұлғаның өзіндік белсенділігі мен қабілеттілігін іске асыру жолында ұйымдастырушылық - құқықтық шарттарды құру (білім берудің жеке траекториясын таңдау); ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың психологиялық негізі ретінде білім берудің барлық саласында психологиялық қызмет көрсету жүйесін құру (тұлғаның психологиялық саулығы); білім беру саласындағы психологтардың кәсіби жұмысына психологиялық-педагогикалық кешенді сараптама жасау; тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті қалыптастыруды психологиялық тұрғыдан қамтудың ғылыми-теориялық негізін жасау; тұлғаның интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін дамытуға арналған білім беру үдерісінде субъектінің іс-әрекетін әлеуметтік-психологиялық тұрғыда қамту; жеке тұлғаның интеллектуалды-шығармашылық әлеуетін дамытудың инновациялық психотехнологияларын жасау; әлеуметтік институттардың (психологтар, әлеуметтік педагогтар, мектеп мұғалімдері, ЖОО оқытушылары, ата-аналар және т.б.) өзара қарым-қатынасын психология-педагогикалық жағынан жасақтау [114].

Қорыта келгенде, аз зерттелінген және әдістемесі аз мәселелер зерттеуді барысында көптеген қиындықтар кездеседі. Бұл мәселе бойынша жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының көпшілігі бұл құбылыстың адамзат баласымен

бірге болатынын, көбінесе, саяси, экономикалық, тұлғаның жеке басының дағдарысы кезеңінде күшейетінін көрсетеді. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайындағы тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің әдіснамалық мәселелерінен оны қызметі мен құрылымын нақтылау мәселесі туындары анық.

Дүниетаным ғылыми, ғылыми емес, прогрессивті немесе реакциялық, оптимистік немесе пессимистік болуы мүмкін. Сонымен қатар, әрбір тарихи дәуірде осы заманның сарынына сәйкес дүниетанымның ерекше типі болады. Мысалы, көне дүниеде мифологиялық, орта ғасырларда діни, ал Жаңа дәуірде адамдардың табиғи құқықтары туралы идеяға сүйенетін, ғылымға бағытталған заңды дүниетаным қалыптасты.

Зерттеу нәтижесі ғылыми-педагогикалық еңбектерде дүниетанымның төрт түрлі құрылымдық компоненттерінің (білім, сенім, адам мұраты, дүниетаным) бар екенін көрсетеді.

Педагог ғалымдар (Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев, т.б.) дүниетаным құрылымының осындай компоненттерін анықтаған [85]. Ғалымдар дүниетанымның мәнін нақтылай келе, оның құрылымының маңызды компоненттері ретінде білімдер жүйесін, көзқарастар, сенім мен мұратты көрсетеді.

И.Ф.Харламов көзқарастар, сенімдер мен мұраттар деп екі топқа бөліп, дүниетанымның ғылыми білімге негізделетінін айқындады. Осыдан кез келген білім дүниетанымды қалыптастыра ма? деген сұрақ туындайды [90].

Зерттеушілер А.Г.Спиркин, К.К.Платонов, Н.Г.Огурцов дүниетанымдық білімге тек талқыланып, қорытылған білімдерді жатқызады [91].

Э.И.Моносзон, Р.М.Рогова кез келген білім дүниетанымның дүниетанымдық қызметін атқара алады десе, К.К.Платонов: «...дүниетанымға барлық ғылыми білімдерді енгізу – ол ғылыми дүниетанымды ғылыммен тұтас теңестіру дегенді білдіреді» - деп тұжырымдайды [88, 149].

И.Ф.Харламов білім дүниетанымның қалыптасуына әсер ету үшін, білімнің субъективті мағынаға ие болу қажеттілігін айтады. Демек, білім адамның сеніміне айналып, оның мұратының пайда болуына негіз болуы керек дейді [90].

Демек, дүниетанымның, дүниеге көзқарастың тұтастығын құрастыратын негіз – ол білім. Ертедегі ойшылдар тек білім ғана надандықты жоятынын, қала берсе, халық пен халықты теңестіретін күш екеніне кәміл сенді.

Ертедегі грек философы Платон: «Ештеңе білмейтін және бірдеңе білейінші деп талпынбайтын адам өте нашар адам» - деп бекер айтпаған [70].

Әл-Фараби бабамыз айтқандай [10]: «Білімді болу деген сөз - белгісіз нәрсені ашу, игеру қабілетіне ие болу деген сөз».

Ал халық «білім - ырыс қазығы» дейді. Білім тереңдеген сайын, ғылыми арнаға түскен сайын одан бастау алатын дүниеге көзқарас та нақтыланып, ерекшеленіп, жүйелік тұрақтылық сипатқа ие болды. Білім адамның көкірегіне қоныс теуіп, санасына ұялап, оның өмір тәжірибесінің елегінен өтіп барып, сенімге айналады. Сенім - дүниеге көзқарастың түп қазығы, бағыттаушысы, адамның өз позициясына, тоқыған ойына, істеген іске, ұмтылған мұрат мақсатына

деген беріктігі, сенімі берік адамның көзқарасы, дүниетанымы нақты, ісі қонымды, бағыты қашан да айқын.

Дүниеге көзқарас адам қызметіне, оның белсенділігі мен әлеуметтік бағдарына шешуші ықпал етеді. Сондай-ақ, дүниеге көзқарастың қалыптасуы мен дамуының өзі табиғи әлеуметтік және нақты мәдени ортаға тәуелді [111].

Қазіргі уақытта білім беру саласының маңызды мәселесі - белсенді өмірлік көзқарасы бар, әртүрлі өмірлік және кәсіби міндеттерді жеке шеше алуға қабілетті тұлғаны даярлау болып табылады.

Сенім – көзқарастардың сапа жағынан мейлінше жоғары күйі. Сенім білім сияқты объективті дүниенің субъективті көрінісі, адамдардың ұжымды жеке тәжірибесін меңгергенінің нәтижесі. Сенім әлде бір «білетін» немесе «түсінетін» емес, ол – жеке тұлғаның ішкі ұстанымдарына айналған білім.

Қазіргі уақытта сенім дүниетанымның өзегі «бастапқы», «элементарлық кереге көзі» болып табылады деген ережені терең негіздеу деп санауға болады.

Сенім дүниетанымның ұйытқысы дегенді әлеуметтік және педагогикалық маңызы жағынан бағалау қиын. Олардың адамның өмір жолын анықтаудағы, мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлі әрбір педагогқа, әрбір білім алушыға түсінікті болуы керек. Тек меңгерілген білім ғана емес, ал сол сенімнің өзі адамды белсендіретін шынайы күш, оны жетілдіретін анық қылықтар, қолжеткізген білімі және солар үшін күресу болып табылады (Волков К.Н.). Сол білім мен ойлар сенімге айналады, ол адамның өзін және әлемді қайта өзгертетін материалдық күшке еніп, әлем мен адамның өзін құрады [150].

Егер, білім дүниетаным жүйесінің басым мазмұндық компоненттері болып саналса, онда сенім білімге және шынайы ақиқатқа деген эмоционалдық-психологиялық қарым-қатынас және адамгершілік маңыздылыққа ие болады.

Реттеуші қызмет атқара отырып сенім жеке тұлғаның тұтас рухани, құндылық бағыттарын, мақсат-мүдделерін, тілек-қажеттілігін, сезім мен қылықтарын анықтайды. Олар қоғамдық мақсат-мүдделердің объективті талаптарынан, адамның танып білген қажеттілігіне сәйкес әрекеттен туындайды. Сенім жеке тұлғаның қазіргі уақытта іс-әрекетін басшылыққа алып, оның болашақ өмір жолын анықтайды. Сенім – жеке тұлғаның өз құндылық бағыттары мен көзқарастарына сәйкес қызмет-әрекет етуге итермелейтін саналы қажеттілігі. Адамның сенім жүйесі -оның дүниетаным көрінісі. Сезім – сенімнің үйлесімді қасиеті. Сенімді өмірде басшылыққа алу таным қуанышы мен ақиқат шындығының, сұлулыққа эстетикалық сүйсіну мен оған берілгендік, әлеуметтік оптимизм мен мақсаттылық сияқты интеллектуалды сезімдермен байланысты [80].

Тұлға – ғылыми дүниетанымның иесі және оны тұтынушысы. Негізінде, білім алушының дүниені танып білудегі көмекшісі ұстаз. Ұстаз жан дүниесі бай психологиялық және әдістемелік даярлығы бар маман.

Білім беру – бүгінгі таңда дидактиканың саласы емес, ықпалдасқан үдеріс. Құрылымы бойынша күрделі және көп қырлы. Себебі, білім беру түсінігіне оқытудың қорытынды нәтижесі негізінде білім, білік, дағдыларды ғана емес, білім

алушының қызметі мен қарым-қатынасының үзіліссіз жүруі барысында мінез-құлықтық ұстамдарында сыни ойлау, әрекет жасау, бағалау біліктерін де дамытуға көңіл бөлу қажет.

Білім беру - қоғамның мәдени мұрасын адамға жеткізу тәсілі мен танып-білу арқылы адамды мәдениетке жақындастыру процесі, әлеуметтендіру, сонымен бірге адамның дене және рухани жағынан қалыптасу құралы. Демек, оқытудың теориясы (дидактика) - білім беру, оқыту, тәрбиелеу теориясы; педагогиканың білім алушыларға білімді, білік пен дағдыны меңгерту және тәрбиелеу заңдылықтарын зерделейтін, әр кезеңде берілетін білім мазмұнының көлемі мен құрылымын анықтайтын, білім берудің әдістері мен ұйымдық түрлерін жетілдіру жолдарын ғылыми негіздеу [83].

Дидактика (*гр.* didasko - оқыту, түсіндіру, дәлелдеу, оқу) – білім беру, оқыту, тәрбиелеу теориясы; педагогиканың үйренушілерге білімді, машық пен дағдыны меңгерту және тәрбиелеу заңдылықтарын зерттейтін, әр кезеңде берілетін білім мазмұнының көлемі мен құрылымын айқындайтын, білім берудің әдістері мен ұйымдық формаларын жетілдіру жолдарын ғылыми негіздеумен айналысатын саласы [83]. Дидактика ежелгі Грекияда жас ұрпақты «оқыту-үйрету» тәжірибесінің негізінде пайда болды. Қайта өрлеу дәуірінде жалпы мәдениеттің, ғылымның дамуына, оқыту жүйесі мен тәлім-тәрбие ісін жаңаша құру міндетіне байланысты, педагогика ғылымының негізгі саласы болып қалыптасты. «Дидактика» терминін XVII ғасырда чех ғалымы Я.А.Коменский өзінің «Ұлы дидактика» деген зерттеуінде алғаш рет пайдаланды [151]. Ол білім берудің мазмұнын, дидактикалық принциптер мен көрнекілікті, дәйектілікті және табиғатпен сәйкес келуді негіздеп, сабақ өткізу жүйесін ұйымдастыруды ғылыми тұрғыдан тұжырымдап берді. Коменскийдің дидактикалық идеялары XVIII-XIX ғасырлардағы швейцариялық педагог И.Г.Песталоцийдің, неміс ғалымы Ф.А.Дистервергтің, Ресейде К.Д.Ушинскийдің еңбектерінде одан әрі дамытылды [150].

Қазақстанда дидактикалық ой философиялық, әлеуметтік, этникалық, әдеби шығармалар арқылы дамыды. Көне түркі жазба ескерткіштерінде, «Қорқыт ата кітабында», ежелгі жыр-аңыздарда, мақал-мәтелдерде, ертегілерде ұрпақ тәрбиесіне қатысты ойлар мен толғаныстар мол [116]. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің философиялық трактаттарында адамгершілігі мен білімі кемел адамды әділетті қоғам құрудағы шешуші тұлға ретінде қарастырды [10]. Қожа Ахмет Ясауи адамның өзін-өзі жетілдіріп, рухани кемелдену арқылы хаққа (ақиқатқа) жетуге болатынын өсиет етеді [117]. Қыпшақ тіліндегі «Кодекс Куманикс» [152] сөздігі мен Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» [153] сөздігінде де тәлім-тәрбиеге қатысты мақал-мәтелдер, өлең-жыр үлгілері көп. Ал, Жүсіп Баласағұн [9], Ахмет Иүгінеки [154], Сүлеймен Бақырғани [155], т.б. дидактикалық дастандарында бала тәрбиесіне, оқу-білімнің маңызына, адамгершілік негіздеріне жан-жақты тоқталған.

Ғалым Сарбасова Қ.А. өз зерттеулерінде «әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари мұралары педагогика ғылымындағы ұлттық тарихымыздың бастау

көздері болып табылатындығын, қазақ халқының сан ғасырлар бойы тәлім-тәрбиеге қатысты жинақтаған інжу-маржандарын әлем жұртшылығына танытып, әлемдік педагогиканың қатарынан орын алуына күш салу елдігіміздің басты белгісі»- деп қадап айтады [57].

Қазақ әдебиеті тарихында «*жыраулық поэзия*» деп аталатын Асан қайғыдан Бұқар жырау шығармаларына дейінгі ауызша жыр-толғаулар ұлттық дидактикалық ойдың да терең қазынасы болып табылады. Отандық қоғамдық ойдың тарихында ұлттық үдерістерді әлемдік өркениет үлгілерімен ұштастырған ұлы ғұлама Абай Құнанбайұлы болатын. Абайдың философиялық ойларында ұрпақ тәрбиесіне, жалпы тәрбие мәселелеріне де қатысты тұжырымдары мол [12].

Отандық педагогика ғылымы тарихында таза ағартушылық қызметпен айналысып, тәрбие мен оқу-ағарту ісін дамытуға кәсіби теориялық тұжырымдамаларымен ат салысқан ғалым – Ы.Алтынсарин. Оның мақалалары мен хаттарында, «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы», «Қырғыздарды (қазақ) орыс тіліне оқыту ісіне алғашқы басшылық» т.б. кітаптарында сол замандағы дидактика мәселері әр қырынан сөз болады [13].

XX ғасырдың басында балаларды оқыту, тәрбиелеу мәселелері А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, т.б. кітаптарында жан-жақты талқыланды. Әсіресе, А.Байтұрсынұлының сол замандағы әлемдік дидактика ғылымындағы оқыту әдістерін талдаған мақалалары, әдістемелік «Баяншы» кітабы отандық кәсіби дидактика ғылымының дамуына негіз қалады. Кейін оқыту теориясымен айналысқан педагог ғалымдар (Т.Тәжібаев, Р.Г.Лемберг т.б.) әлемдік дидактиканың заңдылықтары мен ұстанымдарын отандық оқу-ағарту ісіне қатысты тұжырымдап, тәжірибеге енгізді [15,16,29,156,157,158].

Қазіргі заманғы дидактика ғылымы білім беру теориясы болып табылады. Оның зерттеу пәні – оқытудың мақсаты, мазмұны, заңдылықтары мен принциптері. Дидактика өзінің алдына қойған мақсаттарға жету үшін белгілі бір дидактикалық принциптерге негізделеді. Дидактикалық ұстанымдар оқу-тәрбие жұмыстарының заңды жүйесін көрсетеді, оқыту ісінде табысқа жетудің қажетті шарты болып табылады. Олар бір-бірімен тығыз байланысты құрылған.

Жоғарыда атап көрсетілген ғалымдардың еңбектерін талдай келе, адам баласының ұрпағы үнемі жаңарып, өзгеріп отыратындығында, дидактика ілімінің үлесі зор. Әсіресе атап айтсақ, мектепке дейінгі педагогикасында, мектеп педагогикасында дидактика - ол тек қана оқытудың теориясы ғана емес, сонымен бірге тұлғаны қалыптастыру үдерістерін ұйымдастырудағы «өнер туралы ілім» екендігіне көзіміз жетті.

Жоғары оқу орнында да оқыту үдерісі дидактиканың негізгі категорияларының бірі деп көрсетіледі. Мұнда оқыту үдерісі бірнеше ұғымдарды қамтиды (білім беру, оқыту үдерісі, оқытудың қағидалары, білім берудің мазмұны т.б.). Осы ұғымдарға тоқталып өтейік.

Ғылыми таным – екі деңгейден тұратын ұдайы дамып отыратын ғылыми білімдер жүйесі.

Эмпирикалық деңгейде сезімдік таным әрекет етеді. Зерттелетін нысан оның қарапайым, сыртқы байланыстары мен көріністері тұрғысынан қарастырылады. Бұл деңгейде фактілер жинақталады, олардың алғашқы қорытындылары баяндалады, эксперименттің нәтижелері бағаланады. Сөйтіп, зерттелетін нысан барлық жағынан сипатталады [79,80,81].

Эмпирикалық, тәжірибелік зерттеу әр уақытта нысанға тікелей бағытталады, яғни салыстырылады, өлшенеді, байқалады. Бірақ осы жұмыстың өзі алдын ала жоспарланатын болғандықтан, осы деңгейдің өзінде көрінбейтін теориялық жұмыс бар.

Эмпирикалық білімнің құрылымдық жүйесі күрделі. Ол төрт деңгейден тұрады. Оның қарапайымы – жеке эмпирикалық пікірлер немесе хаттамалық сөйлемдер. Оның мағынасы – жекелеген байқаудың, бақылаудың нәтижесін дискурспен нақтылау. Мұндай хаттамаларда нақты уақыт, бақылау орны көрсетіледі. Эмпирикалық білімнің екінші деңгейі – фактілер. Ғылыми фактілер дегеніміз – хаттамаларды индуктивті қорытындылау, жалпы әмбебаптық немесе статистикалық көрсеткіштер. Олар зерттеліп отырған нысандарда кейбір қасиеттер мен қатынастырдың барлығын немесе жоқтығын анықтайтын тұжырымдамалар, фактілердің символдық көріністері – диаграммалар, графиктер, таблицалар, математикалық модельдер. Эмпирикалық білімнің үшінші деңгейі функционалдық, себептілік, құрылымдық, динамикалық және статистикалық заңдар. Олардың көмегімен заңдар мен құбылыстар арасындағы жекелеген байланыстар анықталады. Эмпирикалық білімнің төртінші деңгейі – феноменологиялық теориялар. Олар гипотетикалық білім болып табылады, өйткені ол эмпирикалық заңдар мен фактілердің өзара қисынды байланысқан жиынтығы. Зерттеу барысында біреуі расталуы, ал кейбіреулері расталмауы мүмкін [79,80].

Ғылыми танымның теориялық деңгейі ұғымдардың, теориялардың, заңдар мен ойлау операцияларының кеңінен қолданылуымен ерекшеленеді. Сезімдік таным бағынышты рөл атқарады.

Теориялық таным құбылыстар мен үдерістерді олардың әмбебап ішкі байланыстары мен заңдылықтары тұрғысынын зерттейді. Эмпирикалық мәліметтерді топтайды, қорытындылайды.

Теориялық білімнің негізгі мақсаты – объективті ақиқатты жан-жақты тану. Ол үшін абстрактілеу, идеалдандыру, біріктіру сияқты тәсілдер кеңінен қолданылады.

Теориялық танымның тағы да бір маңызды сипаты – өзін-өзі түсіндіруі, яғни ішкі ғылыми рефлексия. Басқаша айтсақ, таным процесін, оның түрлері мен заңдылықтарын осы деңгей түсіндіреді

Ғылымның теориялық деңгейінде рационалдық таным басым болады. Ол ойлау процесінде іске асады. Ойлау дегеніміз – практика барысында іске асырылатын шындықтың жинақталған және дерексізденген бейнесін жасау, яғни сезімдік танымға сүйене отырып, шындықтың терең, тылсым қабаттарындағы қасиеттеріне, заңдылықтарына бойлау, топтау [79,80,81].

Испан ойшылы Х.Ортега и Гассет атап көрсеткендей, ғылым дегеніміз – бұл, ең алдымен, зерттеу, яғни мәселені қою, оны шешу жолын анықтау [159]. Зерттеу дегеніміз – ақиқатты анықтау, яғни осы уақытқа дейін орын алған кемшіліктерден арылу.

Ғылым – бұл адам жасаған, дүниеге келтірген заттардың ішіндегі ең қымбаттысы, жоғарысы. Ғылым – бұл шығармашылық, өте терең және тылсым шығармашылық. Ол өзіне кез келген адамды жақындатпайды. Төкпе тілді, оралымды өткір ойларды, тұтас та жүйелі проблемалық мәселелер мен қоғам қажетіне ауадай керек өміршең материалдарды түп етектен қалай ұстауды жақсы білетін дарын иесі ғана ғылымның түбіне жете алады.

Әр нәрсеге мән беріп қарау – ғылымның маңызды сипаты. Кез келген ғылыми зерттеу проблема қоядан басталады. Проблема дегеніміз – адам әлі білмейтін, бірақ білуге ұмтылыс жасалатын білім. Проблема дегеніміз – білмеу туралы білім. Ол проблеманы қою және шешу сияқты өзара қайшылықта болатын кезеңдерден тұрады. Проблемалық білімді дұрыс қояудың өзі оны шешудің қажетті алғы шарты.

В.Гейзенберттің пікірі бойынша, ғылыми проблеманы қою және шешу барысында мынадай нәрселерге көңіл аудару қажет: а) зерттеуде белгілі бір құбылыстарды белгілеп отыру үшін қажет болатын ұғымдардың нақты жүйесі; б) шешілетін мәселенің сипаты мен зерттеу мақсатына сай әдістер жүйесі; в) ғылыми дәстүрлерге сүйену, өйткені мәселені таңдауда, тарихи дамудың барысы іргелі рөл ойнайды [160].

Сонымен қатар, ғалымның мүмкіндіктері мен қызығу деңгейі де белгілі рөл атқарады. Ғылыми дүниетаным объективті нақты болып табылады (шынайы, материалистік). Ғылыми дүниетаным дүниенің ғылыми бейнесіне, ғылыми талдаулар негізінде жасалған қорытындылар мен негіздеулерге және табиғи және қоғамдық құбылыстардың дамуын сипаттайтын, себеп-салдарын теориялық ұғынуларына сүйенеді. Ғылыми дүниетаным алдын ала көрудің, сол және одан басқа да құбылыстардың, процестердің дамуын және оларды саналы түрде басқаруға мүмкіндік береді.

Барлық берілген ғылымдарға дұрыс түсініктемені тек қана диалектикалық және тарихи материализм береді, яғни адамды танымды дұрыс танып білумен мен әлеуметтік өмірдің және табиғи құбылыстардың өзгерістерімен қаруландырады.

Ғылыми дүниетаным негіздеріне сыртқы қоршаған ақиқат дүниеге бағдарлауы, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзінің өмір сүруінің маңыздылығын түсінуі, өз өмірін саналы түрде құруға деген терең әлеуметтік қажеттіліктері жатады. Тұлғаның ғылыми дүниетанымды ғылыми-философиялық білімдерді, қазіргі ғылыми жаңалықтарды, сонымен бірге шынайы дүние танымдарының жалпы әдістер жүйесін, шынайы дүниені түсіндіру деректерін, әдіснаманы бір ізділікпен меңгеру нәтижесінде қалыптасады. Қоғамның, ойлаудың, табиғаттың даму заңдылықтары және мәнін түсіндіруші дүниетаным идеяларының жиынтығы білім алушылардың дүниетанымында көзқарас, сенім, ұсыныс, болжам, аксиома, жетекші идеялар, әр түрлі жаратылыс және қоғамдық

процестерді, құбылыстарды түсіндіре отырып, ғылыми негізін құраушы сол және басқа ғылымның нақты ұғымдары ретінде бейнеленеді [79,80,81,82]. Ғылыми дүниетаным негізіне дүниені түсіну, дүние туралы белгілі ғылымдардың жиынтығы жатады. Дүниетаным тек қана білімді меңгеру процесінде ғана емес, сонымен бірге ғылыми емес, қарапайым көзқарастарды жеңу нәтижесінде қалыптасады. Ол қоғамның жаңаруына, қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары дамуына сәйкес жетілу үстінде. Өмірді жақсартудағы жаңа ғылыми деректер, қоғамдық және жаратылыстану ғылымындағы ашулар, жаңа қоғамдық тәжірибелер толықтырылуда, нақтылануда, бұрыннан қалыптасқан көзқарастар және ойлау стеротиптері өзгеруде.

Аксиологиялық (құндылық) көзқарас тұрғысынан тұлғаның дүниетанымы оның іс-әрекетіне байланысты сипатталады; ол оптимист немесе пессимист, белсенді шығармашыл немесе баяу мазмұнды болуы мүмкін [67].

Сонымен ғылыми дүниетаным – қоғамдық сананың ең жалпы, ең жоғары формасы. Табиғат, қоғам, ой дамуының мәні мен заңдылықтарына түсінік беретін дүниетанымдық идеялар жиынтығы тұлға санасында көзқарас, сенім, ойлау-болжам, аксиома, әртүрлі табиғи және қоғамдық процестер мен құбылыстар түсіндірмесінің ғылыми негізін құрайтын кез-келген ғылымның жетекші идеялары мен негізгі ұғымдары ретінде қалыптасады.

Зерттеу жұмысымыздың келесі тарауында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері қарастырылды.

2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТҮЛҒАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Психологиядағы тұлға теориясы – тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің мазмұны

Тұлға – сөйлеу қабілеті бар саналы, шығармашылық мүмкіндігі бар қоғамдық және табиғи тіршілік иесі.

Ғалым Т.Р.Әбдіқадырова «Ж.Аймауытұлының психологиялық-педагогикалық мұраларындағы тұлғаны қалыптастыру мәселесі» атты зерттеу еңбегінде - тұлға қоғамда өзінің орны бар, ерекше қасиет иесі деген анықтаманы береді. Тұлғаны қалыптастырудағы қоршаған ортаның, қоғамдық орындардың, ата-ананың, көрші-туыстардың әсерін жеке адам тұлғасын қалыптастырудың негізгі жағдайлар екенін атап көрсеткен [161]. Басқа категориялар сияқты тұлғаның өзіндік теориясы барт екені белгілі.

Теория - педагогикалық құбылыстардың, кез-келген әдіснаманың негізі болады және сол әдістеменің көмегімен табылған фактілер арқасында кеңейеді. Теория – таным үдерісінің нәтижесі, ал әдіснама болса осы танымға жету мен оны

құру тәсілі болып табылады. Бұл – теориялық және тәжірибелік ғылыми-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен құрастырудың негізі мен тәсілдер жүйесі [83].

Теория көбінесе жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту мен қалыптастырудың қалыптасқан тәжірибесін шығармашылықпен қайта құрумен байланысты. Осылайша, ол педагогикалық тәжірибені қорытындылап, жеке тұлғаның болашақта қалыптасуы мен дамуының жоспарын анықтайды.

Теория өзара байланысты білімдер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар, ол – осы білімдердің белгілі бір зерттеу бағдарламасы түрінде құралуының тетігі. Теориялық білім зерттеушіге оның не нәрсені біле алатынын көрсетсе, практикалық білім оның не істеу керектігіне бағыттайды. Кез-келген теорияның ақиқаттылығының белгісі – болмыстың практикалық өзгерісі. Практика теориялық түсінікке қарағанда әлдеқайда кең және күрделі [79,80,81].

Тұлғаның психологиялық теорияларында тұлғаның табиғатын түсіндіретін өзара бір-бірін толықтыратын пікірлер мен идеялар тоғысып жатады. Көптеген әртүрлі тұлға теориялары бар оларда тұлға мәселесі әртүрлі қарастырылады. Мысалы психоаналитикалық теория дамуды қоғамдағы өмірге адамның биологиялық табиғатының адаптациясы ретінде, қажеттіліктерді қанағаттандыру тәсілдері мен қорғаныс механизмдерін жасау деп түсінеді. Элеуметтік үйрену теориясы тұлғаның дамуы адамдардың тұлғааралық өзара әрекет тәсілін қалыптастыру ретінде түсінеді. Гуманистік және басқа феноменологиялық теориялар оны «Меннің» қалыптасуы үдерісі ретінде талдайды.

Алайда тұлғаның даму мәселесін қарастырған позициялар мен теориялардан басқа интеграцияланған, тұлғаны тұтастық ретінде қарастыратын әртүрлі теориялар мен ықпалдар тұрғысынан анықтайтын бағыт та бар. Осындай ықпалдың аясында бірнеше концепциялар қалыптасты, олар негізгі назарды даму барысында тұлғаның жан жақты өзара байланысқан өзгерулері деп бекітеді. Тұлғаны теориялық тұрғыдан құбылыс ретінде қарастыруға болады, сонымен бірге тұлғаны зерттеудің реалды міндетін де қоюға болады. Диагностика мақсатымен тұлға психотерапиясында оның индивидуалды көрінулері зерттеледі. Р.Кеттелл тұлғалық қасиеттерді зерттей отырып, оны он алты факторлы тұлғалық сауалнамада суреттеп, тұлға махаббатқа ұқсайды деді: бәрі біледі, ол бар, бірақта ешкім де бар екенін, не жоқ екенін анықтаған жоқ деп бірде айтқан еді. Р.Кеттелл тұлғаны қасиеттердің иерархиялық моделі түрінде түсіндірді, олардың ішінде эмоциялық тұрақтылық, экспансия, өзіндік бекіту қасиеттері бар. Тұлға қасиеттерінің арасында табылған корреляцияның арқасында тұлғаның мына факторлары табылды: интроверсия, нейротизм, олар қасиеттер иерархиясының шыңындағы фактор болып саналды [87].

Бұл тұлғаға деген номотетикалық ықпалдың басталуына негіз болды, онда жалпы қасиеттер зерттеледі, сол арқылы әртүрлі адамдарды өзара салыстыруға болады. Оның өкілі Г.Оллпорттың пікірінше, тұлға жалпы қасиеттермен анықталмайды, оны уникалды, жалқы, қайталанбас жағдайларда көру керек деді. Ол тұлғаны түсінуді мүмкін етеді деді [87].

А.В.Петровский тұлғаның қасиеттерін қарады. Мәні қаралмайды деп тұлға жайлы сол ықпалға сын айтты. Мұндай ықпалды А.В.Петровский коллекционерлік ықпал деп атады. Зерттеуші қасиеттердің тізімін жасап, оны зерттейді [162].

Тұлға табиғатына байланысты кеңестік психологиядағы көзқарастардың ішінде ең алдымен А.Н.Леонтьевтің тұлға теориясын аламыз.

А.Н.Леонтьев өзінің «Іс-әрекет. Сана. Тұлға» деген еңбегінде көптеген кейбір зерттеушілер келісетін, келіспейтін жағдайды тұжырымдады. Ондай жағдайлардың бірі, тұлға қайталанбайтын тұтастық пен бірлік болып табылады. Екінші жағдай ол тұлға психикалық үдерістерді басқаратын жоғары ықпалдасқан инстанцияны береді [95]. Ғалым былай дейді, бұл жағдайлар бір уақытта әрі дұрыс емес қорытындыға да әкелуі мүмкін. Психикалық үдерістер мен тұлға психологиясын қарсы қою оларды бір-бірінен ажыратып қарауға әкеледі. Тұлға психикалық үдерістерден тыс қаралса ол абстракция болып қалады, толық мәнді емес тұтастыққа «айналады немесе диспозициялар мен мақсаты салынған «Мен» болып қалады. А.Н.Леонтьев бойынша тұлға мен психикалық үдерістерді бөлу психикалық үдерістерді индивидуалды қасиеттерге шоғырландыруға әкеледі. Алайда ол жағдай мәселені шешпейді, алдын ала ол сипаттамалардың қайсысы тұлғаны сипаттайтынын, қайсысы тұлғалық болатынын білуге болмайды. Бұл сұрақты шешу үшін ғалым ойынша тұлғаның ерекшеліктеріне арналған кешенді ықпал жасалады, онда тұлға барлық әртүрлі қасиеттер ретінде қарастырылады. Тұлға психологиясы антропология бола бастайды. Адамға деген кешенді ықпалды А.Н.Леонтьев жоққа шығармайды, алайда бұл ықпалды ауыстырмайтын тұлға мәселесін қозғайды.

Кешенді зерттеу психология үшін маңызды, алайда ол жағдай тұлға мәселесін ерекше етіп жылжытады. Тұлға жайлы білімдер жүйесі егерде онда тұлғаның негіздемесі жайлы сұрақты талдау жоқ болса, онда ол оның маңыздылығын түсіндіре алмайды. Тұлғаны психологиялық зерттеу жеке қасиеттерді зерттеу кешендерімен ауыстырылмайды.

Тұлғаның қалыптасуындағы тарихи антропологиялық ықпалды да А.Н.Леонтьев талдайды. Мәдени антропологиялық ықпал үшін негіз болып адам табиғаты тән емес, алайда мәдениет тән психологиялық айырмашылықтар болады деген ой-пікір болды. Мұнда тұлға жүйесі индивидуализацияланған әдениет ретінде қаралды, оған адам индивидуалды қатысады деп саналды. Даму адамның мәдениеттенуі (окультурирование) деп түсінілді. А.Н.Леонтьев мәдени антропологиялық ықпалды сынады, себебі өзінің авторлық теориясында негізгісі әлеуметтік болып табылды. Тұлға адамның іс-әрекетке ену үдерісінде әлеуметтік шарттар арқылы қалыптасады. Тұлғаның мәдени антропологиялық интерпретациясын А.Н.Леонтьев антипсихологиялық деп санады. Мұнда мәдениет конструкт ретінде қаралды. Мәдениетті тасушылар индивидтер, мәдениет адамдағы тұлғалықты емес, тұлғасыздықты, тұлғадағы жалпы нәрсе тілді, мәнді рөлдерді шарттандырады деді ғалым. Тұлғаны мәдениеттің жеке бір персонификациясы дегенге қарсы болды. Мәдениет теориясы нақты жағдайларға

мәдениетте анықталатын индивидуалды адаптация мен архетиптерді ажыратады. Ғалымның пікірінше, бұл айырмашылықтар конструктивті емес және архетиптер түсіндірілмейді. Бұл тұжырымдамадағы екі факторлы схема мәнді болып қала береді. Тұлға дамуын іс-әрекеттегі өзіндік қозғалыс деп қарастыруды, оның ішкі қозғаушы қайшылықтарын зерттеуді ұсынады. Дамудың алғышарты даму барысына шарт ретінде кіргізіледі. Өзіндік қозғалыс идеясы өздігінен қозғалатын іс-әрекет мәселесіне әкеледі. Іс-әрекет тұлғаны итермейді, оны ашады. А.Н.Леонтьев тұлғаның қоғамдық тарихи маңызы жайлы идеяны қозғады [95].

Тұлғаның әлеуметтік психологиялық ықпалын тарата отырып, А.В.Петровский және В.А.Петровский оны топтағы іс-әрекеттік жанамаланған қатынастарда қарастырады. Тұлға ол жүйе, ішкі тіпті тұлға аралық жоспарда шектелмейді. Тұлға өзіне басқадағы бейнеленуді де кіргізеді. Тұлға төмендегі жағдайларды құрамдас жасайды [162]:

1. интраиндивидті, адам өзін өзі мағынаны береді, қарым-қатынассыз адам өзі үшін ғана тұлға. Әлеуметтік өзара әрекетті қамтымайтын темперамент, мінез, қабілет сияқты қасиеттері қаралады.

2. интериндивидті ол өзара әрекеттің әлеуметтік тиімділігіндегі тұлға. Әлеуметтік өзара әрекет феноменінде тұлға жанданады. Өзара әрекет феномендері тұлғаны өздері қарым-қатынасқа түсіреді.

3. метаиндивидті құрамдас оған тұлғаны басқа адамның идеалды түсінуі жатады. Бір тұлғаның екінші тұлғада бейнеленуі бейнелерге әкелмейді, ол қатынас болуы мүмкін, әсерленулер, қайғырулар болуы мүмкін.

Субъектілік бейнелену бір адамның басқа адамда көрініс табуына әсер еткен тұлғалық үлес қосу болып табылады. Бұл үлес қосу бейнеленетін тұлға үшінде, бейнелеген тұлға үшінде қатысты болады.

Персонафикация әлеуметтік байланыстардың маңызды элементі. Персонализацияға қажеттілік тұлғаның маңызды қажеттіліктерінің бірі, басқа адамда идеалды көрініс берейін деген ойға ұмтылулар, басқа үшін мәнді болып табылатын өз бейнесін өзінде тіркеу.

Әлеуметтік психологиялық ықпалда тұлға топтық қатынастар контексінде қаралады, онда тұлға басқаларда персонализациялануға ұмтылады.

Тұлға топта қалыптасады, онда бейімделу сатыларынан өтеді, құндылықтарды, ережелерді, дағдыларды меңгереді, индивидуализациялану, қарсы қою сатысынан өтеді, басқа топ мүшелерімен тең өзара әрекетке түсе отырып интеграциялану сатысынан өтеді.

Тұлға жоғары формаларда *causa sui* ұстанымына жататын субстанциалды категорияға жатады. Бұл ұстаным өзіндік себептілік, өзіне себеп болуға қабілетті дегенді білдіреді. Бұл ұстанымды философияда Г.В.Ф.Гегель жасаған және тұлғаны психологиялық зерттеулерге В.А.Петровский қолданды. Өзіндік себеп жоғары категорияларда ашық көрінеді. Өзіндік себеп алдыменен ол ортаға бейімделу ары қарай іс-әрекетке бейімделу болып табылады [72, 162].

Тұлға осы өзіндік себепті айқын көрсетеді. Мәдениетке бағына отырып, ол онда қозғалады және үнемі шекарадан шығады. Барлық мәдениет шекарада өмір

сүреді дейді М.М.Бахтин [163]. Тұлға қозғалғыш болып табылады, өз шегінен, мәдениеттен шыға алады, және тұлғаны категорияға салу мүмкін еместігін оған аяқталған түсінік беру мүмкін емес екенін көрсетеді.

З.Фрейдтің тұлға теориясы. Фрейд Зигмунд (1856-1939) – австриялық психиатр, психоанализдің негізін қалаушы. Фрейд ашқан жаңалықтар психоневроз және бейсана туралы ілімдерден тұрады. Фрейд ілімінің тағы бір қыры – либидо немесе жыныстық талпыну туралы ұғым. Осы ұғым тұрғысынан келсек, адамның психикалық дамуы оның жыныстық талпынысының өзгеруіне байланысты. Фрейд ілімі бойынша, адамда жыныстық күш зерде қалыптастырған мәдениеттің қайшылығынан тұрады. Фрейдше, мәдениет адамзат бақытын азайтып, қалау мүмкіндігін шектеу арқылы ондағы кінә сезімін көбейтіп, мұқата береді. Фрейдтің ойынша, жеке тұлғалық және ұжымдық заңдылықтардың табиғаты бір, жөнді және жөнсіз психикалық құбылыстардың пайда болуы да ұқсас заңдылықтармен өрбиді. Сол сияқты діни рәсімдер де жабыспалық неврозына ұқсас, сондықтан, Фрейд дінді ұжымдық невроз дейді. Көсемшілдік мәселесіне де Фрейд осы тұрғыдан келеді. Оның пікірінше, адамдардың ұжымдағы қарым-қатынасы либодаға байланысты. Мұндай жағдайда әрбір тұлға өзін көсеммен салыстырып, оны идеал тұтады. Соның нәтижесінде адам өзінің Менінен айырылып, ұжымдық идеал – көсемге бағына береді [87,164].

Гарри Стек Салливан — «психиатрияның тұлға аралық теориясы» деп аталатын жаңа тұжырымдаманы жасаушы ірі ғалым. Оның негізгі, маңызды қағидасы жеке адам - қайсыбір болжамдық мазмұн, мағына. Оның негізі – тұлға аралық қарым-қатынастар"- деп түсіндіреді. Яғни, жеке адамды нақты әлеуметтік ситуациядан тыс зерттеу мүмкін емес дейді [87, 164]. АҚШ-та бихевиоризм мен терең психология ұстанымдарын байланыстыруға талпынған алғашқы тұжырымдама пайда болды. Оның авторы Г.С.Салливан. Сондықтан, оны екі бағыттың да өкіліне жатқызады. Оның теориясында негізгі үш ұстаным болды: қоғамдық тіршілік ету ұстанымы, қызметтік белсенділік ұстанымы және ұйымдастырушылық ұстанымы. Ол адам тұлғасы туыла берілмейді, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасында пайда болады деп жазды, сонымен қатар «тұлға – тұлға аралық қарым-қатынасты қайталаушы үлгі» деді. Өз даму жолында бала үш кезеңнен өтеді – балалық шақтан жастық шаққа дейін, әр кезеңнің өз үлгісі қалыптасады. Балалық шақта ол өз құрдастарымен ойнау барысында қалыптасады, жеткіншек шақта қарама-қарсы жыныспен қарым-қатынас барысында, т.с.с. Салливанның пікірінше, қажеттілік тек мазасыздықты туындатып қоймай, оның алдын алу тәсілдерін қалыптастырады – бұл динамизмдер. Ең басты қажеттілік мейірім және дабылдан аулақ болу деп есептеді. Осының нәтижесінде «Мен-жүйесі» қалыптасады [87,164].

Отто Ранктың (Rank Otto) тұлға теориясы З.Фрейд пен Г.С. Салливанның теорияларынан ерекшеленеді. Олардың ұстанымдары бойынша, адам – өз қажеттіліктері мен қоғам қызығушылықтары арасында келісімге келуді іздейтін тіршілік иесі болса, О.Ранктың пікірінше адам өмірінің мәні басқада, қарама-қайшы тұрған күштер тұлға ішінде бейтараптанады, сол арқылы тұлға

тұрмысының ерекшелігі анықталады. Басқаша айтқанда, кикілжің адамның туылғанынан бастап өлгеніне дейін жалғаса береді. Ол адамның әлеуметтік ортада немесе жалғыз өмір сүруіне байланысты емес, кикілжің үнемі болып отырады. Оның пікірінше, адамның субъективті өмірін сипаттайтын үлкен екі тенденция бар, олар: өмір қорқынышы мен өлім қорқынышын азайтуға деген талпыныс. Өмір қорқынышы мен өлім қорқынышы индивид үшін мазасыздық пен қолайсыздық күйі ретінде сипатталады. О.Ранк адам туылғаннан биологиялық инстинктерімен болатынын және оны қанағаттандырудың қажеттілігін мойындайды, дегенмен адам тұлғасының феноменін түсіндіру үшін бұл инстинктердің жүзеге асырылуы аса маңызды емес. Қалай болғанда да биологиялық инстинктің маңызы зор болғанымен адамның ішкі кикілжіңінің басты құрамдас бөлігі болып табылмайды. Адам өміріу континуумдағы 0озғалыс деп біледі, олар: «жекелендірілу – Басқалармен араласу». Жекелендірілу басқаларға тәуелділіктің азаюымен байланысты. Бұл үдеріс адамға үнемі қосымша жауапкершілікті жүктейді, өз тұрмысын ұйымдастыру арқылы ішкі мазасыздық күйі артып, өмір қорқынышы туындайды [87].

Фромм Эрих (1900-1980) – американдық неміс философы, неофрейдизмнің («мәдени психоталдаудың») негізін қалаушылардың бірі, әлеуметтік философияның франкфурттық мектебінің көрнекті өкілі. Фромм қоғам дамуындағы психологиялық және әлеуметтік факторлардың өзара байланысын анықтауға талпыныс жасаған. Өз еңбектерінде Фромм капитализмнің марксистік тұрғыдан сыналуын экзистенциализм, философиялық антропология және психоталдаумен ұштастыра білген. Фроммның синтездік тәсілі, өткір тілі, анық ойы және қоғамдағы өзекті мәселелерді орынды қоя білуі оны 60-жылдары бүкіл зиялылардың кумирі дәрежесіне жеткізді. Оның шығармаларының атауларының өзі («Еркіндіктен безіну», «Адам деген - адам», «Сау қоғам», «Үміт революциясы», «Махаббат өнері», «Иемдену әлде болу» және т.б.) Фроммның публицистикалық, саяси-этикалық бағыт-бағдарлы философиясынан хабардар етеді. Фромм барлық шығармаларын Батыс өркениетінің дағдарысынан бастайды. Техникалық тұрғыдан өте қуатты, бірақ рухани кемтар күйге түскен Батыс өзін өзі жою жолында тұр дегенді айтады [87].

Адамға деген биофизикалық ықпалдан басқа интеллектуалды тенденциялар қалыптасты, психоанализге «әлеуметтік психологиялық көзқарастар» әкелген концепциялардың ішінде негізгілерін айтуға болады (А.Адлер, К.Хорни, Э.Фромм, Г.Салливан) олардың ішінде «жаңа әлеуметтік психологиялық көзқарастың» әкесі Адлер Альфред болып табылады.

А.Адлер (1870-1937) Фрейд пен Юнгтен айырмашылығы сол ол адам мотивациясы әлеуметтік оянулармен шарттанады деді, адамдар әуелден-ақ әлеуметтік болып табылады, өздерін басқа адамдармен арақатыстырады, бірлескен әлеуметтік іс-әрекетке қатысады. А.Адлер әлеуметтік қызығулар адамда туа берілген мәнділік деп санады, осы тұрғыдан ол да Фрейд пен Юнг сияқты кейбір көзқарастары биологиялық болып табылады. Адлер психологтардың ойына әлеуметтік өзгерткіштер дегенді салып, әлеуметтік психологияның дамуына негіз

салды. Адлердің тағы бір екінші маңызды еңбегі ол тұлға теориясына жоғары персоналданған субъективті жүйе «Креативті Мен» деген ұғымды кіргізді. Үшінші айтқан маңызды жағдайы психоанализден айырмашылығы сол ол адамның уникалды сипаты жайлы айтты. Әрбір адам уникалды қырлар, мотивтер, қызығулар, құндылықтар жүйесі деп қаралды. Адлердің теориясында сексуалдылық минимумға апарылған, адам алдымен әлеуметті жан деп саналды. Тағы бір маңызды айтқан ойы тұлғаның орталығы сана болып табылады, адамдар саналы маңыздылық, мінез-құлық себептерін түсіне алады, адамдарда өзіндік сана болады, әрекетін жоспарлайды, басқарады, психиатр ретінде көп практика жасады. Адлердің концепциясында тұлғада болатын төмендегі жағдайларды көрсетті: фиктивті финализм, басым болуға ұмтылу, толық қанды емес сезімі мен компенсация, әлеуметтік қызығу, өмір стилі, креативті Мен. Адлер зерттеуде қолданған әдістері: туу реті мен тұлға жайлы, ертедегіні еске түсірулер, балалардың бастан кешкендері бойынша сезімдері. Альфред Адлер З.Фрейдтің психологиялық бағыты бойынша құрылған үйірме мүшелерінің бірі болды. 1910 жылы Фрейдтің ұсынысымен Веналық психоаналитикалық қоғамның алғашқы президенті болды, кейін ол Фрейдтің негізгі ережелеріне қарсы шығып, өзінің әлеуметтік-психологиялық бағытының негізін қалады. Оның теориясының классикалық психоанализбен байланысы шамалы болды, ол тұлға психологиясының тұтас жүйесін ұсынды [87]. Адлердің пікірінше, тұлға дамуындағы маңызды тенденция өз жеке тұлғасын тұтастай сақтап, сезініп, дамытуға талпыну. Тұлғаның тұтастығы мен қайталанбастығы туралы Адлер тұжырымдамасы оның психологияға қосқан баға жетпес үлесі болып табылады. Сонымен бірге ол ендірген «шығармашыл Мен» идеясының да маңызы ерекше. Шығармашыл Меннің өзіндік жүйесі бар, ол адамның өмірлік тәжірибесін ескере отырып, тұлға дамуының бағытын өзгерте алады, оған түрлі мән беруге мүмкіндігі бар. А.Адлердің тұлға теориясы белгілі бір құрылымға келген жүйе, ол бірнеше негізгі ережелерден тұрады, олар:

- жалған финализм;
- үстемділікке талпыныс;
- олқылық сезімі мен өтемақы;
- қоғамдық қызығушылық;
- өмір салты;
- шығармашыл Мен.

Карл Роджерс тұлға және терапия теориясын құрастырған, бұл адамға өзін және қоршаған әлемге деген қатынасын өзгертуге мүмкіндік береді. К. Роджерс адам құрамын шынайы «Мен» және идеалды «Мен» деп бөліп көрсетеді, ал адам өміріне әсерін тигізетін әлеуметтік ортаны қосымша етіп алады. Шынайы «Мен» - өзі туралы ой, сезімі, талпынысы тағы сол сияқты елестету жүйесі. Идеалды «Мен»- адам болашақта қандай болғысы келетіні, терең ойлауы мен өзінің тәжірибесін меңзейді. Әлеуметтік орта - бұл басқа адамдардың баға беруі (адамның құндылығы, көзқарасы, іс-әрекеті, нормасы тағы сол сияқтылар). Шынайы «Мен» және идеалды «Меннің» өзара сәйкес келмеуінен мазасыздық,

әрекеттің бейімделе алмауы, әртүрлі психологиялық мәселелер туындайды. К. Роджерстің тұжырымдауы бойынша, тұлғаның өзін-өзі бағалауы, өзіндік «Менін» бағалауы, өзіндік өзектендіруге талпынысы, қоршаған ортаны субъективті қабылдауы, әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін қарастырудың маңызы зор. Тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатынасы, жеткен жетістіктері мен ерекшеліктері көптеген жағдайларға тәуелді, оларды «тұлғаның әлеуметтік есеюі» ұғымымен түсіндіреді. «Мен — Тұжырымдамасына» сүйенетін К. Роджерс оны былай деп мінездейді: «Мен - Тұжырымдамасы» ұйымдасқан, бір ізді концептуалды гештальт, ол «Мен» қасиеттерін қабылдаудан, «Меннің» өзара қатынасын қабылдаудан тұрады, сонымен қоса, осы қабылдауларға байланысты құндылықтар, өмірдің әр түрлі жақтарын қабылдау». К. Роджерс, З. Фрейд, А. Адлер, Э.Эриксон т.б. ғалымдар сияқты «Мен - Тұжырымдамасының» құрылу үдерісіне байланысты белгілі бір арнайы кезеңдер кестесін көрсетпеген. К.Роджерс бойынша адам өміріндегі басқарушы мотив - өзектендіру үдерісі, яғни өзін сақтап дамыту, өзінің жақсы жақтарын ашу, осы іргелі үдеріс негізгі мотивациялық үдеріс болып табылады. Мәнді сыртқы шектеулер немесе антагонистік әсерлер жоқ болса, онда өзектендіру үдерісі әр түрлі мінез-құлық формалары арқылы көрінісін береді. Сонда тұлғаның дамуы, оның мінез-құлық қоршаған орта әсері арқылы белгіленеді. Тұлға үшін өзектендіру үдерісінің негізгі қажетті қыры болып, адамның өзіндік өзектендіруге ұмтылысы болып табылады. К.Роджерс теориясының аясында өзіндік өзектендіру үдерісі - адамның толыққанды қызмет жасайтын тұлға болу мақсатындағы өмір бойы өз әлеуетін іске қосу үдерісі. Осыған жету мақсатында адам өмірі мәнге, ізденіске, толқуға толы болады. Өзіндік актуализацияланатын адам еркін, тағдырдың әр мезетіне қанағаттанып өмір сүреді. Әр тұлға ақиқатты өз субъективті қабылдауымен байланысты түсіндіреді және оның ішкі әлемі толығымен тек оның өзіне ғана ашық. Тек субъективті тәжірибені түсіну адам мінез-құлықты түсінуде кілт болып табылады. Сол себепті адамның субъективті сезінулерін зерттеу психологиялық зерттеудің негізі болып табылады. Себебі, нақ осы сезінулер мінез-құлыққа жауапты, сонымен қоса, мінез-құлыққа адамның болашағын қалай болжайтындығы әсер етеді.

Маслоу Абрахам (1908-1970) – американдық ойшылы, гуманистік «жағымды психоталдаудың» негізін салушылардың бірі. Мәдениетті адамның негізгі қажеттіліктері арқылы талдады. Оның теориясының алғашқы пункті – жан-жақты жетілген, кемелдікке ұмтылған тұлға. Мәдениеттің кемелдік өлшемі – оның қажеттіліктерін қанағаттандыруы және тұлғаның әлеуметтік мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жағдай жасауы деп біледі. Маслоудың «жағымды психоталдауының» мақсаты: «Адам кім бола алса, сол болуы керек». Маслоудың зерттеу тақырыбы – шығармашылық, махаббат, ойын, болмыстың ең бағалы құндылықтары, сананың ең биік қалып-күйлері және олардың мәдениет қызметіндегі маңызы. Маслоу өз тұжырымдамасын кез келген мәдени институттарға (отбасы, білім, дін және т.б.) қолдануға болатын өмірдің жаңа философиясы деп біледі. Маслоу теориясының өзегі – қажеттіліктің иерархияланған бес деңгейі: 1) физиологиялық

қажеттіліктер, ағза қызметін қамтамасыз ететін қажетті жағдайлар; 2) адам өмірінің жеке адам деңгейіндегі, этномәдени қоғамдастық, азаматтық біртұтас деңгейіндегі маңызды шарттары – өз-өзін сақтауға, қауіпсіздікке, бейбітшілікке деген қажеттілік; 3) сүйіспеншілік пен қарым-қатынастың қажеттілігі; 4) өзін таныту, өзін өзі сыйлау, қадірлеуге деген қажеттілік; 5) қажеттіліктің ең биік түрі – маңыздылығын жоғарылату, өзінің әлеуеттік мүмкіндіктерін жүзеге асыру және оны жетілдіруге шығармашылықпен келу. Ол мәдениетті зерттеп тануда жаңа бағыт – трансперсональды психологияның негізін қалады [87, 130].

Гордон Оллпорт – гуманистік психологияның негізін қалаушылардың бірі. Өзінің жеке тұлға теориясында гуманистік және жеке даралық тұғырларын біріктірген гуманист Г.Оллпорт адам табиғатының – жеке тұлғалық даму, өзін-өзі жеңе білу мүмкіндіктерін толық іске асыра білу қырларын зерттеген. Оның теориясының басты қағидаларының бірі – тұлға ашық және өздігінен дамушы жүйе болып табылады. Адам – биологиялық емес әлеуметтік тіршілік иесі, сондықтан да қоғаммен, қоршаған адамдармен қарым-қатынассыз ол дами алмайды. Адамның қоғаммен қатынасы қоршаған ортамен тепе-теңдікті сақтап тұру емес, өзара әрекеттестік деп білді. Осылайша, сол кезде қоғам қабылдаған «даму – бұл қоршаған ортаға бейімделу» деген қатаң қағидаға қарсы тұрды. Ол адам тұлғасы дамуының негізі сол тепе-теңдікті бұзып, жаңа шындықтарды бағындыруға деген қажеттілікте екенін дәлелдеді. Оллпорттың маңызды пікірлерінің бірі, ол алғашқылардың бірі болып әр адамның қайталанбастығы туралы сөз қылды. Әр адам жеке дара қайталанбас тұлға, себебі әрқайсысының өзіндік қасиеттер жиынтығы мен Оллпорт trait деп атаған қажеттіліктері бар деп есептеді. Ол осы қажеттіліктерін немесе тұлға қырларын негізгі және инструменталды деп екіге бөлді. Осы қырлардың жиынтығы тұлға негізін қалайды, оған даралық және қайталанбастық қасиеттер береді [87,164].

Субъектілі іс-әрекет тәсілінің негізін салушы С.Л. Рубинштейннің пікірінше, индивидуалдылық – бұл барлық сыртқы әсерлерді жоятын психикалық қасиеттер жиынтығы. Ішкі шарттар жиынтығы ретінде ол бейімделу қасиеттер жиынтығына төмендегілерді жатқызады [97]:

- жоғары жүйке іс-әрекетінің қасиеттері;
- тұлға бағдары;
- адам өзіне қоятын түрткілер мен міндеттер жүйесі;
- адам қылығымен шартталған мінез қасиеттері; қабілеттер.

С.Л. Рубинштейннің пікірінше, барлық психикалық үдерістер тұлғада өтеді. Психикалық үдерістердің индивидуалдылық ретінде тұлғадан тәуелділігі индивидуалды-дифференциалды айырмашылықтардан көрінеді. Адамдардағы индивидуалдылықтың жалпы құрылымына байланысты қабылдау, ес, зейін және тағы басқалардың типтері бойынша ажыратылады [97,164]. С.Л. Рубинштейн индивидуалдылықты кешенді түрде, яғни психикалық қасиеттер мен үдерістердің өзара әрекеттесуінде қарастыруды ұсынады. С.Л.Рубинштейн жеке тұлғаның тұрақты элементтерінің құрылымын былайша жіктейді [97,164]:

- 1) бағытталушылық (ол дүниетанымда, қызығушылықтарда, қажеттіліктерде, мінез-құлықтарда пайда болады);
- 2) білім, білік, дағды (ол танымдық әрекеттерде және өмір сүру кезеңдерінде пайда болады);
- 3) жеке психологиялық ерекшеліктер (темперамент, мінез, қабілеттіліктер).

А.Н.Леонтьев Л.И.Божович сияқты жеке тұлғаның ішкі жан дүниесін мотивациялық деңгейге жатқызады. Оның теориясының тағы бір маңызды түсінігі «жекелей ойлаушылық» болып табылады. Ол адамның қарым-қатынас мақсатын, оның іс-қимылының қандай түрге бағытталғанын және қатынас мақсатын, оның іс-қимылының қандай түрге бағытталғанын және оның мотивтік ерекшелігін туғызатын жайларды анықтады. Жеке тұлғаның іс-қимылының әр түрлілігі – көптігі оның биік сипаты екендігін және ірі тұлғалылығын көрсетеді [95,108].

Платонов К.К. тұлға мәселесін құрылымдық-гендік тұғырда қарастырды. Тұлғаның динамикалық қызметтік құрылымы тұжырымдамасына сәйкес тұлғаны тұтастай сипаттаудың әдістемелік құралы оның құрастырған тұлға картасы болып табылады, ол тәуелсіз сипаттамаларды жалпылау әдісі бойынша толтырылады.

Тұлға, Платонов бойынша, бұл сана тасымалдаушысы және жалпы психология категориясы. Кез-келген дені сау ересек адам тұлға болып табылады, ол тұлға болып туылмайды іс-әрекет пен басқа адамдармен қарым-қатынас барысында қалыптасады, сол арқылы әлеуметтік тәжірибе жинақтап, оны көбейтеді. Тұлға дизъюнктивті де, альтернативті де емес, ол проградиянтті психикалық құбылыс. Тұлға құрылымын төрт үдерістік-иерархиялық құрылымдар сипаттайды [165]:

- бағыттылық құрылымы: сендіру, дүниетаным, кемелділік, талпыныс, қызығушылық, тілек. Бұл құрылымның қалыптасу ерекшелігі тәрбие болып табылады. Мұны әлеуметтік-психологиялық деңгейде талдау қажет.

- тәжірибе құрылымы: әдет, білік, дағды, білім. Бұл құрылымның қалыптасу ерекшелігі оқыту болып табылады. Мұны психологиялық-педагогикалық деңгейде талдау қажет.

- психикалық үдерістердің ерекшелігі құрылымы: зейін, ерік, сезім, қабылдау, ойлау, эмоция, ес. Бұл құрылымның қалыптасу ерекшелігі жаттығу болып табылады. Мұны жеке психологиялық деңгейде талдау қажет.

Жоғарыда келтірілген тұлға теорияларының барлығы да тұлға дүниетанымын қалыптастыру үдерісінде маңызды рөл атқарады.

2.2 Таным және мәдениет теориялары тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың тетігі

Танымды жалпы түрде адамның әлемге әлеуметтік тарихи тұрғыдан дамыған қатынасы деп анықтауға болады. Танымның мәні қоғам деңгейіне байланысты. Сондықтан, ол тарихи тұрғыдан өзгермелі болады. Таным сезімдік және рационалдық болып екіге бөлінеді. Танымның сезімдік деңгейі мына формаларға ие – түйсік, қабылдау, елестеу. Ал, танымның рационалдық деңгейіне ұғыну, пайымдау, ой қорытындылау жатады [79,80,81].

Ғылыми таным дегеніміз - жүйелі білімдердің негізділігі, ғылымның тілі, ғылыми зерттеулердің әдістері мен құралдары сияқты ерекше белгіге ие танымның түрі болып табылады. Ғылыми танымның әдістері мен формаларын екі түрлі деңгейде қолданады. Олар:

- эмпирикалық таным әдістері;
- теориялық таным әдістері.

Кейде ғылыми білім өзге білім салаларымен салыстырғанда өзінің жоғары дәлдігімен ерекшеленеді деп айтылады [83,84].

Бүгінгі күнгі техникалық дамудың өте жедел қарқыны күннен күнге ашылып жатқан ғылыми жаңалықтар үдемелі жылдамдықпен өндіріске еніп жатумен де сипатталады. Таным теориясы немесе гносеология философияның алғашқы даму кезендерінен келе жатыр (гр. gnosis-таным, logos-ұғым, ілім). Гносеология- адамның танымдық ізденістерінің табиғатын, білімнің шындыққа қатынасын, оның мәдениет және қатынастар-байланыстар жүйесінде алатын орнының, даму шарттарын, ақиқат өлшемін және сонымен қатар, шынайы білімдерге жету заңдылықтары мен әдіс-тәсілдерін қарастырады [80].

Одан кейін, кең тараған эпистемология термині пайда болады (гр. episteme-білім, logos-ілім). Бұл терминмен әдетте ғылыми таным теориясың белгілейді. Декарт заманынан батыс еуропаның философиясында танымды “субъект-объект” арақатынасы негізінде қарастырып келе жатыр. Таным субъектісі деп арнайы мақсатқа негізделген, белсенді пәндік-практикалық таным әрекетін жасаушы және оны бағалаушыны айтады, мұнда жеке тұлға, ұжым, әлеуметтік топ, жалпы қоғам жатады [79,80,83684].

Таным объектісі деп біз субъектінің танымдық әрекеті неге бағытталады соны айтамыз. Танымның объектісіне материалдық және рухани құбылыстар, сондай-ақ субъектінің өзі де кіреді. Танымның субъектісі мен объектісі бір-бірінің себебі болып табылады, өйткені субъектісіз объект жоқ, объектісіз субъектінің де болуы мүмкін емес. Таным үдерісінде субъект және объект бір-біріне едәуір әсерін тигізеді. Таным объектісін тандауының өзі субъектінің болуын қажет етеді. Ал бұл тандау адамның іс-әрекеттер мінезімен және оның рухани қажеттіліктерімен айқындалады: біреуге өнер туындысы эстетикалық сезімдер объектісі болса, екіншісіне ол өнертанымдық анализ жасау объектісі.

Таным процесінде маңызды орынды сезімдік және рационалдың өзара қатынасы мәселесі алады. Бұл мәселемен байланысты екі қарама қарсы пікірлер қалыптасты: сенсуалистер- танымда сезімдік формалардың маңыздылығын арттыра бағалайды; ал рационалистер- керісінше абстрактілі ойлау формаларына шешуші орын береді. Ал соңғы кездері бұл танымның екі түрлеріде маңызды екенін, екеуінде бір-бірінен бөліп қарастыруға, ажыратуға болмайтының дәлелдеді, өйткені олар бірі-бірінен өтіп жатады. 2. Адамға дүниенің ішкі мәнін үңілуге, табиғаттың, қоғамның, тухани өмірдің даму заңдылықтарың білуге, адам санасының ең жоғары бейнелеу формасы- ғылыми абстракциялық, теориялық ойлау көмектеседі.

Философиямен байланыс – педагогикалық ойлардың дамуының бұлтартпас шарты. Философиялық білімдер педагогикалық зерттеуді әдіснамалық қамтамасыз етуінің құрамына кіреді [164].

Тұлға қоғамның болашағын жасаушы. Сондықтан, зерттеуімізде «мәдениет» ұғымына берілген алуан түрлі анықтамаларға жан-жақты талдау жасалды.

«Мәдениет» ұғымы тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өтті. Көне заманда «мәдениет» ұғымы жерді жырту, бау-бақшаны өңдеу, яғни өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен, дәлірек айтқанда, егіншілік пен ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты қарастырылды [79].

Оған қоса біз үйреншікті болып кеткен мәдениет ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры да сонау көне заманда жатыр. Жаңа заманда (XVII-XIX ғ.ғ.) мәдениеттің көптеген теориялары өмірге келді (Ұлыбританияда – Голанд, Францияда – Вольтер мен Монтескье, Германияда – Лессинг, Шиллер, Гете). Олар дүние мен адамзат жайындағы ақиқатты айту құқығын діннен бөліп алып, адамның ақыл-ойының тәуелсіздігін батыл қолдады. Сонымен қатар мәдениеттің классикалық үлгісі, ұғымы мәдениетті адамзаттың тарихи дамуының нәтижесі және адамзат баласының саналы әрі адамгершілік қоғамдық қарым-қатынастарының қол жеткен дәрежесі деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. XIX ғасырда мәдениет мәселесімен арнайы айналысқан ағылшын ғалымы Э.Б.Тэйлор «мәдениет жөніндегі ғылым – реформалар жөніндегі ғылым» деп тұжырымдай отырып, мәдениетті үздіксіз даму үстіндегі үдеріс деп қарастырды [70].

Г.В.Ф.Гегель мәдениетті эстетикалық тұрғыдан ұғынып, меңгеруді басты орынға қойып, оның мазмұны адамдардың көркемдік қызметі деп жариялады [72].

Сонымен ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениет ұғымы «адамзат іс-әрекетінің әдісі», «адамзаттың өзіндік іс-әрекетінің көрінісі», «құндылықтар жүйесі және оны іске асыру үдерісі» ретінде қарастырылады.

С.И.Ожегов сөздігінде «мәдениет- әлеуметтік құндылықтарды игеру мен дамытудағы адамдардың шығармашылық қызметінің тәсілі мен нәтижесі, ол арқылы қоғам мен жеке адамның біркелкі дамуы қамтамасыз етіледі» - деп анықтама берілген [78].

Біздің зерттеуімізде «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығында берілген «мәдениет» ұғымы басшылыққа алынды. Онда «мәдениет» араб тілінде «маданият» - қала деген мағынаны білдіреді, адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері деп анықталады. Демек мәдениет теориясы мен практикасының зерттелу нәтижесіне сүйенсек, «мәдениет» жаңа жоғары жетістіктерден құралатын және адамның үнемі даму үдерісі болатын, әр түрлі қоғамдық-тарихи тәжірибе аймағындағы адамдар қызметінің жоғары жетістіктерінің (эталон, құндылық) сәйкестігі. Мәдениет субъектісі ретінде қоғам, әлеуметтік топтар ғана емес, сонымен қатар жеке адамдар да қатысатындықтан, «тұлға мәдениеті» түсінігін қалыптастыру қажеттілігі туады.

Мәдениеттілік – адамның тұлғалық қасиеттерінің көрінісі, әдептілік, имандылық, ізеттілік ұғымдарымен үндес. Адамның ұлттық мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарды құрметтеуі және оны ары қарай дамыту мәдениеттіліктің белгісі. *Мәдениеттілік* адамның тарихи дамуы барысында сұрыпталып алынған, мәдени-рухани әлемге лайықты қасиеттерден құралады, адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық, эстетикалық, құқықтық, саяси т.б. талаптардың орындалуын білдіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында адам бойында мәдениеттіліктің қалыптасып, дамуына ерекше көңіл бөлінген. Мәдениеттілік жөніндегі көзқарастар кемел адам ұғымымен үндестік тауып, адамгершілік, кісілік қасиеттерінің қалыптасуы арасында дамыды.

Адам тұлғасының мәдениеті – бұл оның қажетті, материалдық және рухани құндылықтарды құру мен тұтынудағы шығармашылық қызметінде қолданатын әдісінің жоғары даму деңгейі. Адамның негізгі күш-қуаты тек оның қызметінде, ең алдымен еңбек нәтижесінде көрінеді. Тек қана, еңбек іс-әрекеті арқылы адам қоғамға өзгеріс енгізе алады және өзінің күші мен қабілетін іс жүзінде көрсете біледі. Мұндай іс-қимылды педагогикалық зерттеулерде «*мәдени әрекет*» деп түсіндіреді. «*Мәдени әрекет*» мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, танытуға бағытталған іс-әрекеттер, оған шығармашылық талпыныс, альтуризм, ізгілік, т.б. адамдық қажеттіліктер жатады. Мәдени іс-әрекет белгілі бір мәдени ортада жүзеге асырылады. «*Мәдени орта*» ұғымы мәдениеттің коммуникациялық табиғатымен тығыз байланысты. Қайсыбір ұлттық мәдениетті алсақ та, ондағы салт-дәстүрлер жүйесіне бірден назарымыз ауады.

Философ И.Гердер «салт-дәстүр - тіл мен мәдениет бастауларының анасы» деп есептейді [166]. Демек мәдениет бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі. Әсіресе, жазу-сызу болмаған ерте заманда мәдениет ырымдар мен сәуегейлікке, сенім-нанымдарға, дәстүрлі түсініктерге иек артқан.

Тек қана ағылшын тіліндегі әдебиеттерде 50-ші жылдардың бас кезінде «мәдениетке» 160-тан астам анықтама беріліпті. Ал жалпы, батыс еуропалық әдебиеттерде мәдениеттің 250-ден астам анықтамасы бар екені айтылады. Сонымен, мәдениет терминінің көп мәнді, алуан мағыналы екені сонша, жарық жалған, кең дүние деңгейіндегі ұғымдардан бастап, тұлғаның тал бойындағы қасиетіне дейін қамтитын алуан түрлі тұжырымдарды білдіреді. Адамдар өздерін қоршаған ортаға оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді, оны өз мақсатына пайдаланады. Мәдениет әр түрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, таптардың, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес пайда болып қалыптасады.

Мәдениет - әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Адам, оның қызметі мен өзара қатынасы бар жерде мәдениет бар. Демек, «мәдениет - адамдардың бірлесе ғылыми, моральдық-әлеуметтік,

көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынастар жиынтығы» - деген тұжырымды қолдауға болады.

Мәдениеттің қоғамда атқаратын қызметтері жеткілікті. Зерттеушілер оның аксиологиялық, футурологиялық, герменевтикалық тағы да басқа түрлерін атайды. Соның ішінде, зерттеу барысында болашақ маманның ұлтаралық мәдениетін қалыптастыруда қажетті болып табылатын адамды тұлғалық және кәсіби қалыптастыру, жалғастық, танымдық, реттеу, коммуникативтік, қарым-қатынастық қызметтеріне ерекше назар аударылды.

Әсіресе, мәдениеттің жергілікті, аймақтық, ұлттық және халықаралық аядағы мәні мен болмысы туралы пікірлер сан алуан.

Мәдениет – халықтың туған топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің, тәлімі мен тәрбиесінің, өмір сүру бейнесінің жиынтығы. Бұл тұрғыдан ойды ары қарай өрбітетін болсақ, шығыс мәдениетінде батыс пен шығысты бірдей тербеген Абай көзқарасының маңызы зор. Ол қазақ халқының ойлау жүйесін алғаш рет әлемдегі даму мен өзгеруге, диалектикаға қатысты зерделеді. «Егер адам мәдениетін дүниежүзілік мұхитқа құятын ағысқа теңесек, онда дәстүрлер сабақтастығын қуат күшіне бірлестіруге болады» [12].

Адам мәдениетінің қайнар бұлағын іздеу Абай шығармаларының өнбойынан таралады. Мәдениет көріністерінде адамдық парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі құралған [12].

Сонымен бірге мәдениет - адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал. Оған Әл-Фарабидің мына пікірі дәлел бола алады: адам-«хайуани мадани», яғни мәдениетті жан [10].

Сондықтан, жоғарыда айтылған анықтамалардан мәдениет - адам әлемі, оның мәні адамның дербес еңбегіне байланысты туындайды, жеке тұлға адамдармен, қоғаммен қарым-қатынаста дамиды деп қорытындылауға болады.

Қазақтың этникалық мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясын зерттеген ғалым А.Сейдімбек жоғарыда айтылған шетелдік ғалымдар мен кеңестік және бүгінгі дәуірдің мәдениет мәселелерін зерттеп жүрген авторлардың пікірлерін сараптай келе: «Сөз жоқ, мәдениетті қоғамдық құндылық деуге болады. Яғни, адамсыз, адам қоғамынсыз мәдениетті елестету мүмкін емес... Демек, мәдениет дегеніміз қоғамның өмір сүруінің міндетті қызметі екенін аңғарамыз. Мәдениет қоғаммен диалектикалық байланыста. Былайша айтқанда, мәдениеттің өзі адамға ғана тән қоғамдық қатынастарға түсудің тәсілі болып шығады. Бұл тұрғыдан келгенде, мәдениет – қоғам дамуының көрсеткіші, сонымен бірге қоғамдағы өзгерістерге тәуелді де» деп ой тұжырымдайды [167].

Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау бүгінгі таңда «мәдениет» ұғымына берілген анықтамалардың жаңа анықтамалармен толықтырылып отыратынын көрсетеді. Бұл анықтамаларды былайша жүйелеуге болады: «Мәдениет дегеніміз – тұлғаның мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағыттаушы және жүзеге асырушы әмбебап механизм (А.Здравомыслов, А.Ядов, О.Дробинцкий және т.б.); заттық және рухани құндылықтардың жиынтығы (В.Тугаринов, Ю.Ефимов және т.б.); іс-әрекетті жүзеге асыру тәсілі (М.Коган, В.Давыдович, Ю.Жданов және т.б.);

қоғамның әртүрлі әлеуметтік және рухани саласында тұлғаның өзін-өзі шығармашылықпен жетілдіру әдісі (В.Библер, Н.Злобин, А.Леонтьев және т.б.); адамның табиғи биологиялық табиғаты, ондағы рухани бастаманың дамуын асқақтату дәрежесі (В.Розов, Д.Лихачев және т.б.) [79,80,81,96,97].

Жоғарыда айтылғанның бәрі «мәдениет» ұғымы аясының кең әрі күрделі екендігін көрсетеді. Егер, оны кең көлемде қарастырсақ, онда қоғамның қажеттілігін қанағаттандыруда адамның қолымен жасалған материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы қалыптасқанын байқаймыз. Мұндай түсінік Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» заңында да кездеседі. Онда «Мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы» - деп түсіндіріледі [168].

Осы факторларды ескере отырып, «мәдениет» дегеніміз - адамдардың бірлескен түрде ғылыми, моральдық-әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынастар жиынтығы.

Мәдениеттің мәні адамның ақыл-ойымен, еңбегімен байланысты туындайтын құндылықтар және іс-әрекет тәсілдері. *Мәдениеттің ең жоғары нәтижесі* - адамдардың қоршаған ортаға шынайы көзқарастары мен сенімдерін қалыптастырып, мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін және қарым-қатынасын соған сәйкестендіре бағыттап отыруымен анықталады. Ал, *мәдениеттің көрсеткіші*: ой-өрістің даму дәрежесіне; дүниетанымның қалыптасқан бағытына; әлеуметтік белсенділікке; жекелеген мінез-құлық нормаларының қоғамдық маңызына; іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдерін меңгеруге; мінездің эмоциялық қабылдауына және интуицияға тепе-тең келуіне байланысты айқындалады.

Бүгінгі таңда «педагогикалық мәдениет» ұғымына берілген әртүрлі анықтамаларда (В.А.Кан-Калик, Е.Бондаревская, А.Егоров және т.б.) мұғалім талғамына эстетикалық қасиеттердің қажеттілігі туралы айтады. Мысалы, педагогтың білімі мен тәжірибесі қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда қабылдау тәжірибесін, эстетикалық сананы, көзқарас пен қатынасты, идеалды қарастырады, ал оның педагогикалық сезімділігі өзінің бастауын эстетикалық сезім мен әсерлену мәдениетінен алады [150]. *Педагогикалық мәдениет* – бұл «психологиялық-педагогикалық сенім мен шеберліктің, жалпы және кәсіби-педагогикалық сапа дамуының, педагогикалық этика мен қарым-қатынас жүйелерінің, іс-әрекеттер мен мінез-құлық стильдерінің синтезі». Қарым-қатынас қоғам мен адам өмірінің барлық жағын қамтиды. Адам басқа адамдармен қарым-қатынасыз өз өмірін елестете алмайды, себебі оның өмірі бүкіл адамзаттың сақталуына тікелей байланысты. Қарым-қатынас мәдениеті адамдардың іс-әрекетінің сапалы бағалауы ретінде түсіндіріледі.

Мәдениетті болуға әрбір адам тырысатыны ақиқат, ал тұлға үшін мәдениетті болумен қатар дүниетанымдық мәдениеттің де маңызы орасан зор. Себебі, өзінің ұлттық менталитетін, мәдениетін, санасын, дәстүрін меңгермеген адам болашақта құлықсыз ұрпақ тәрбиелеп шығады. Сөз жоқ, мәдениетті қоғамдық құндылық деуге болады. Яғни, адамсыз, адам қоғамынсыз мәдениетті

елестету мүмкін емес. Сондықтан да, жетекші мәдениеттанушылар мәдениетке, ең алдымен, қызмет үдерісінің өзі және нәтижесі, қызметтің құрылымдық қасиетке ұласатын тәсілі (Э.С.Маркарян), қоғамдық үдерісті айқындайтын адам қызметінің мәні ретінде қарайды [169]. Демек, мәдениет - қоғамның өмір сүруінің міндетті қызметі. Ол қоғаммен диалектикалық байланыста, қатынастарға түсудің тәсілі болады. Осы тұрғыдан келгенде, мәдениет-қоғам дамуының көрсеткіші, сонымен бірге қоғамдағы өзгерістерге тәуелді де болады [79].

«Мәдениет» термині «адамның бастауы» аспектісінің дамуымен байланысты. Ол оның қабілеттері, ақыл-ой мен рухани әлемі, адамдардың тәжірибелік қызметінің спиаатмасы [79].

Мәдениеттің мәніне қатысты ізденістерге шетелдік ғалымдардың, соның ішінде еуропалық антропологтар мен әлеуметтанушылардың (Э.Тэйлор, Э.Эванс-Притчард, А.Кребер, Т.Парсонс т.б.) іргелі еңбектері назар аудартады. Олар қоғам өмірінің әр түрлі құрылымдық бөлігін анықтай отырып, кейбір салаларына ғана рухани құбылыс ретінде ден қояды. Сонан соң әрбір әлеуметтік құбылыстың қызмет ету (функциональный) мәнін саралау арқылы мәдениеттің анықтамасын береді [79,80,83,84].

Э.Тэйлордың тұжырымы бойынша, «адам қабілеті игерген білімнің жиынтығы, діни сенім, өнер, парасаттылық, заң, салт-дәстүр, әдет-ғұрып т.б. мәдениеттің аясына жатады» [170]. Дәл сол сияқты әлеуметтік антропологиямен айналысқан ағылшын ғалымы А.Редклифф Браун да мәдениет санатына «тілді, діни сенімді, эстетикалық талғамды, кәсіби шеберлікті және әр түрлі салт-дәстүрді» жатқызады [171].

Осыған дейін қарастырылған анықтамалардан бір түйінді ой айтуға болады: мәдениет - адам әлемі. Ол адамды парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік, игіліктер дүниесінен құрылған. Сонымен бірге мәдениет адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал. Мәдениет туралы танымды америкалық мәдениеттанушы Л.Уайт тереңірек зерттей отырып, мәдениетті біртұтас жүйе ретінде қарап, оның ішінен үш саланы таратады: біріншісі, технологиялық сала, ғни, материалдық игіліктер мен оны жасайтын құралдар арқылы адам мен адам, адам мен табиғат қатынасқа түседі; екінші, әлеуметтік сала, мұнда адамдар арасындағы қарым-қатынас өзінен-өзі туыстық, экономикалық, саяси, этикалық, әскери, кәсіби т.б. қасиеттер қалыптастырады; үшінші, идеологиялық сала, оған идея, діни сенім, білім, нысанның (символ) түрлері, мифология, ғылым, халық даналығы т.б. жатады [172]. Мәдениет (латын – cultura- өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс- әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген [79,83].

Кейіннен «мәдениет» деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанының бәрін де «мәдениет» деп атады. Осы ұғымды мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетілді. Мәдениет-адам жасаған әлем сияқты «екінші табиғат». Мәдениет-жеке адамның өмір сүру мақсатымен құндылық жүйесі адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол-өзара қарым-қатынас нәтижесінде

қалыптасатын ерекше көрініс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Мәдениет әр түрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, таптардың, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес пайда болып, қалыптасады.

Мәдениет -әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Адам, оның қызметі мен өзара қатынасы бар жерде мәдениет бар. Мәдениет материалдық және рухани: бірі- материалдық өндірістің, екіншісі- рухани өндірістің өнімі деп құралады. Себебі материалдық және рухани мәдениеттің өнімдері-еңбек құралдары және көркем шығармалар әр түрлі мақсатта пайдаланылады. Материалдық мәдениетті де мәдениетке айналдырған адамның идеясы мен білімі, ол рухани мәдениеттің өнімі материалдық формада болады, соның нәтижесінде ол объективке айналуы мүмкін және қоғамдық өмірдің факторы болып қалады. Сондықтан, мәдениетті материалдық және рухани демей-ақ тұтас бірлікте алып қарауға да болады.

Қазіргі білім беру кеңістігінде мәдениет әлеуметтік-гуманитарлық танымның іргелі түсінігі ретінде қарастырылады және оның жүздеген анықтамасы мен деңгейлері да бар. Бірнеше дейгейлердің ішінде көбінесе төмендегілерін атауға болады: мәдениет материалдық және рухани байлықтың жиынтығы, ол қоғам мен адамның тарихи дамуын анықтаушы деңгей; мәдениет адамның білім мен іс-әрекетті меңгеру деңгейі; мәдениет адамның әлеуметтік тәлімінің үлгісі, ол тәрбие мен білім көрінісінің деңгейі; мәдениет адам іс-әрекетін өзгерту әдісі, өзін-өзі өзгерту деңгейі [78,79].

Ғалымдар тарапынан мәдениеттің мәні мен түсінігі турасында әртүрлі тұғырлар мен пайымдаулардың бар екені белгілі. Өткен ғасырдың 70-жылдардың ортасында формациялық тұғыр өкілдері (А.И.Арнольдов, В.М.Межуев және т.б.) әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-тарихи заңдылықтарды тұлғалық детерминанттылықтың және қоғамдық мәдениеттің даму сапасы деп негіздеп, оның қажетті факторы деп адамдардың әлеуметтік-мәдени әрекетін атады [81].

Ол жағдайда адамның әлемге деген материалдық көзқарасы қалыптасып, тұлғаның қоғамдық тарихи-мәдени құндылықтарға қатынасы өзгереді. [138].

XX ғасырдың 70-80 жылдары ақпараттық-семиотикалық тұғыр Д.И.Дубровскийдің, Э.Кассирердің, Ю.М.Лотманның еңбектерінде көрініс тапты. Ғалымдар өз еңбектерінде негізгі материалдық және идеалистік түсініктерді адам және қоғам дамуының мәдени детерминанты ретінде қарастырған [81]. Ақпараттық-семиотикалық түсінікке А.С.Кармин «мәдениет – адамдар жасаған таңбалық құралдардың көмегімен қоғамда жинақталатын және сақталатын әлеуметтік ақпарат (мәдени-ғылыми қоқиғалар, өнер мен дін, дәстүр-салттар, әдеп, тіл және таңбалар т.б.)» деген анықтама береді. [173]. Мәдениет тұлғаның дүниетанымдық бағыттылық сапасы - әдеп және моральдық нормалар мен адамгершілік ұстанымдардың, рухани құндылықар мен идеалдардың жиынтығы. Сондықтан да, рухани-дүниетанымдық негіз әр қоғамның ішкі бірлігі мен нақты-

тарихи біртұтастығын көрсете алады. Демек, әлеуметтік-мәдени бағдарлардың дамуы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тарихи үдерісінде, қоғамның және адамның динамикалық дамуына өзгерістер енгізеді.

Қазіргі гуманистік педагогикада тұлға мәдениеті мен оның дамуына сипаттама беруде құндылықтық тұғыр жақынырақ (И.В.Бетсужев-Лада, И.С.Кон, А.С.Ядов, Б.С.Гершунский). Б.С.Гершунский – жалпы адами мәдениет пен халықтың ұлттық мәдениет өкілі ретінде тұлға мәдениеті дегеніміз – ұлттық-мәдени және жалпы адами құндылықтардың диалектикалық байланысы екенін ескертеді [174].

Біртұтас педагогикалық үдерісте тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда (О.С.Газман, И.Мищенко, Е.Н.Шиянов) төмендегілер дәлелденген: базалық мәдениет тұлғаның синтетикалық сипаттамасы ретінде қолданылады, танымдық және қарым-қатынас, кәсіби, қоғамдық шығармашылық, көркем-эстетикалық үдерісінде дамиды. А.А.Сластенин гуманистік дүниетанымның қалыптасуы базалық мәдениеттің негізгі міндеттерінің бірі дейді [175]. ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы Н.Ф.Маслованың жетекшілігімен жүргізілген педагогикалық зерттеулерде (В.М.Акименко, И.В.Ильина, А.М. Митяева, Н.В.Степанова және т.б.), мамандардың кәсіби білім алу жүйесінде тұлғаның жеке мәдениетін қалыптастыру (Ю.А.Самсонов, В.Д.Симоненко) мәселелеріне арналған ғылыми зерттеулерде өте қажет қорытындылар жасалған [81].

Осылайша, мәдениет феномені гуманитарлық-ғылыми тұрғыдан қарастырылғандықтан, келесі пікірлерді туындатты. Кең мағынасында мәдениет - адамның рухани және шығармашылық қызметтерінің ажырамас компоненттері.

Қоғамның әлеуметтік-тарихи дамуы үдерісінде мәдениеттің компоненттері түзіледі: рухани (білім және ғылыми идеялар, дүниетанымдық бағдарлары мен идеалдары, тілі мен мәдени дәстүрлері, әлеуметтік нормалары мен ережелері) және материалдық (іс-әрекет әдістері мен өндірістік технологиялары, азық-түлік пен тұрмысқа қажетті заттары). Демек, тұлғаның жеке-мәдени дамуы санасы мен дүниетанымының деңгейінің қалыптасуы, ойлау тәсілі, қоршаған орта жағдайында әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетінен көрініс береді деуге болады.

Мәдениет - адамның шығармашылық іс-әрекетінің нәтижелерін жинақтайды, рухани-практикалық күштерін жетілдіреді және оны шығармашылық тұлға тұрғысынан қалыптастырады [83].

Жеке тұлғаның мәдениеті ұғымының мәнін анықтау барысында Н.Д.Хмельдің «адамның мәнді күштерінің дамуының жоғары деңгейі мен оларды материалдық және рухани құндылықтарды жасау мен тұтыну бойынша жүзеге асыру тәсілдері» делінген анықтамасын негізге ала отырып, бұл *«адамның қолынан келетін және игеруге тиісті адамзаттың ғасырлар бойы жасаған ең жақсыларына тәрбие арқылы қол жеткізуінің, оларды бойға сіңірудегі адами жетілуінің дәрежесі»* деп түсінеміз [176].

Бүгінгі қоғам жағдайында терең білімді, ой-өрісі, рухани-адамгершілігі, танымдық қабілеті жетілген, ұдайы шығармашылық ізденісте жүретін жастарды

тәрбиелеу – білім беру жүйесінің негізгі мәселесі. Бұл ғасырлар бойы адамзат жинаған тәжірибені жастарға жеткізетін педагогтардың алдына қойылатын талап деңгейлерін айқындап алуды қажет етеді. Соңғы жылдардағы білім саласындағы өзгерістер педагогика ғылымында қордаланған тәжірибені зерттеп-зерделеп, практикада тиімді пайдалануды талап етіп отыр.

В.В.Краевский білім мазмұны бойынша мәдениеттану моделін ұсынды. Бұл модельде білімді әлеуметтік-мәдени прогреспен сабақтастыру идеясы көтерілді. Ол компонентті бөліп көрсетті: өмір шындығының әр түрлі салалары туралы білім жинау тәжірибесі, әрекеттің белгілі тәсілдерін орындау тәжірибесі, шығармашылық қызмет тәжірибесі және адам әрекетінің нысандары мен құралдарына эмоционалдылық құндылық қатынас тәжірибесі. Осы жүйе арқылы алған білім тұлғаның өмірлік дағдысын қалыптастырудың тетігіне айналады [177].

Бүгінгі жоғары білім берудің көп деңгейлі құрылымы, жоғары оқу орнының халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы және оларды қоғамның талаптарына сай басқару мәселелері білім беру саласына жаңа тәсілдерді енгізуді талап етуде. Білім сапасына ендірілетін жаңалықтың қайсыбірі болмасын арнайы даярлықты талап етеді. Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың кәсіби даярлығына, педагогикалық мәдениетінің дамуына және олардың жаңа педагогикалық технологияларға терең түсіністікпен бейімделуіне жағдай жасау қажет. Білім берудің мазмұнын мәдернизациялау, педагог мамандарды даярлаудың мазмұны мен құрылымын саралап қайта ой-елегінен өткізу оқытудың ғылымилық дәрежесін жоғарылатуды, болашақ мамандардың жан-жақты дамуына жағдай жасауды көздейді.

Мәдениеттану теориясының проблемасы саласындағы еңбектерге талдау жасау арқылы біз «мәдениет» ұғымының қазіргі қоғамтануда іргелі зерттеулердің қатарына жататынын анықтап, оны ұғымдық түсінігінің ерекшелігіне қарай танымның әрқилы саласында пайдалануға болатынын айғақтаймыз. Мәдениет арабша «маданият» - қала, қалалық; латынша – өңдеу, өсіру деген ұғымдарды білдіреді. Бұл ортағасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркенлеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты.

Мәдениетке берілген көптеген анықтамаларды альтернативтік (қарсы қоюшылық) деп атауға болады. Бұл жерде алдымен көзге түсетіні – мәдениет пен табиғатты «культура» мен «натураны» қарсы қоюшылық. Көне заманда «культура» деген ұғым «жерді өңдеу» деген мағынаны берген. Кейінірек, дәлірек айтқанда, Цицеронның еңбектерінде (б.э.д. 45 ж.) бұл сөздің мағынасы «тереңнен жанды жетілдіру» деген ұғымды білдірді. Уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады. Қазіргі заманның сөздіктерінде мәдениетке төмендегідей анықтамалар берілген: 1) белгілі бір халықтың қол жеткізген табыстары мен шығармашылығының жиынтығы; 2) адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, крит-микен мәдениеті, т.б.); 3) адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу

деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті, т.б); 4) агро-мәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет, т.б.) [83,84].

Мәдениет адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан – мәдениет саласының өрісі кең.

Сайып келгенде, осының бәрі мәдениеттің біртұтас болмысын танытумен бірге, оның алуан арналы қоғамдық қатынастар жүйесінде көрініс табатынын аңғартады. Ойдың орамын былай түйіндеуге болады:

1. Мәдениет дегеніміз – қоғам өмірінің дара бөлігі немесе оқшау саласы емес, керісінше сол қоғам өмірінің біртұтас қалпындағы мәнді де құнды айғағы;
2. Мәдениет адам қызметінің тәсілі мен нәтижесі арқылы көрініс табады;
3. Мәдениет – материалдық өндіріс пен қоғамдық сананың, білім мен тәрбиенің, ғылым мен өнердің белгілі сатыдағы даму дәрежесін бейнелейді;
4. Мәдениет арқылы этностың тарихи, мекендік, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, этнографиялық, болмыс бейнесі көрініс табады және кез келген мәдениетті қоғам осы талаптардың мүлтіксіз жүзеге асу тетіктерін заң жүзінде қамтамасыз етуі керек [167].

2.3 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінің тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру әлеуеті

Қазақстан Республикасы демократиялық мемлекет құруда маңызды табыстарға, бәсекеге қабілетті экономика құруда, қоғамның әлеуметтік жаңғыртылуында едәуір жетістіктерге жетті. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың реформасының ауқымдылығы тарихи аз уақыт ішінде мемлекетіміз бен қоғамымызды түбегейлі өзгертуге мүмкіндік берді. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы» кітабында «біздің үлгінің мәні мемлекеттік билікті әлсіретпестен, нарықтық экономиканың негіздерін жасауға және демократияландыруға бағытталған, сонымен бірге «естен тандырмайтын» түбегейлі реформалардың жиынтығына саяды» деп жазған [178]. Елбасының ойынша, әлемдік қоғамда лайықты орын алуға қабілетті қазіргі заманғы мемлекеттің құрылуы ғылым мен білім беру дәрежесіне байланысты. Жаһандық әлемнің тарихы барлық мемлекеттердің алдында адам өмір сүруінің шарты негізіндегі зияткерлік және мәдени әлеуетті сақтау міндетін қояды. Жоғары оқу мекемелеріне Президент ерекше жауаптылық жүктейді, себебі дәл оқу қабырғаларында болашақ мамандардың тек кәсіби қасиеттері ғана емес, азаматтылық, ұлтжандық, жауапкершілік, табысқа жетуге ұмтылыс сияқты жеке қасиеттер де қалыптасады. Оқылатын курстардың мазмұнын жаңарту және «Қазақстандық құқық», «Өлкетану», «Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістік негіздері» сияқты пәндерді енгізу жастардың білім деңгейі мен әлеуметтік бейімделу деңгейін айтарлықтай жоғарылатады. Білім беру заманауи жүйесінде білім алушы тұлғаны, оның жеке және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін

әр алуан салаларда практикалық әрекет тәжірибесін иелену, өмір бойы оқу мүмкіндігі болу үшін жағдай жасалуға тиіс. Экономиканың қарқындап дамуы білім алушылардан зерттеуші-маман ретінде тұлғаның қалыптасуын, зерттеу біліктіліктерін дамытып отыруын талап етеді. Заманауи оқу мекемелері білім беру практикасына жай ғана зерттеу әдістерін қосумен шектеліп қалмай, оны тәжірибе жүзінде іске асырып, зерттеу әрекеті мәдениетінің қалыптасып, дамуына бағытталған мақсатты жұмыстарын қажет етеді.

Осымен байланысты әлемдік білім стандарттарына мектеп пен жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің білім сапасын сәйкестендіру мәселесі қазіргі таңда негізгі орында тұр. Себебі барлық әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің тетігі болып табылатын жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы ортада қаланады. Сондықтан, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім беру саласының барлық құрылымын модернизациялау қазіргі қоғамның өркениетті дамуын қамтамасыз ететін басты тетігі болып отыр.

Әлеует (Потенциал; лат. *potentia* — күш) — қолда бар және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу, қандайда бір тапсырмаларды орындау үшін жұмылдырылуы мүмкін құралдар, көздер, қорлар [79,80].

Қазақстан өз азаматтарының қабілеттері мен мүмкіндіктерін кеңінен қолдана отырып, үздіксіз оқыту арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім аясын кеңейту жолымен үлкен табыстарға жетуде. Нәтижеге негізделген оқыту мен ұтқырлық білім алушылардың өзгермелі еңбек нарығында біліктілік, белсенділік, жауапкершілік құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді [179].

Қазақстанда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында мамандарды даярлау **магистратура** және PhD докторантура бағдарламалары арқылы жүзеге асырылуда (сурет-3).



Сурет-3. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының сатылары

Суретте көрсетілгендей, Қазақстандағы магистратураның білім бағдарламалары батыс елдерінің білім бағдарламаларына сәйкестендірілуде. Отандық ғалымдар тарапынан елімізде магистратурада білім беру жағдайлары мен мәселелері талқыланып бір жүйеге келтірілді. Біз зерттеу жұмысымызда нысан ретінде жоғары оқу орнынан кейінгі оқу бағдарламалары бойынша білім алушылар магистранттар болғандықтан, магистратураға ерекше тоқталғанды жөн санаймыз.

Магистрант – магистратурада білім алушы тұлға. Магистратура – тиісті мамандық бойынша «магистр» академиялық дәрежесін бере отырып: ғылыми және педагогикалық бағыт бойынша кемінде 2 жыл нормативті оқу мерзімімен теориялық оқытудың кемінде 42 кредитін, кәсіптік практиканының кемінде 6 кредитін және ғылыми-зерттеу жұмысының кемінде 7 кредитін міндетті түрде меңгерту; бейіндік бағыт бойынша кемінде 1 жыл нормативтік оқу мерзімімен теориялық оқытудың кемінде 18 кредитін, кәсіптік практиканың кемінде 2 кредитін және эксперименттік-зерттеу жұмысының кемінде 4 кредитін міндетті түрде меңгерту арқылы ғылыми, ғылыми-педагогикалық және басқарушы кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасы [7].

Магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы білім мазмұнын анықтайтын оқу және ғылыми жұмыстардың түрлерінен тұрады және олардың ара қатынасын, өлшемін және есебін көрсетеді.

Магистратураның білім беру бағдарламасында:

1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін меңгеруді қамтитын теориялық оқыту;

2) магистранттардың практикалық даярлығы: практика, кәсіптік тағылымдама түрлері;

3) ғылыми және педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы;

4) бейіндік магистратура үшін магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын эксперименталды-зерттеу жұмысы;

5) аралық және қорытынды аттестаттау қамтылады [7].

Қазақстанда соңғы 3 жылда магистранттарды даярлауға бөлінген гранттар саны 2,5 есеге артып, 6 959 орынды құрады. Магистратура мен PhD докторантурадағы кадрлар даярлауға баса назар аударылуда. Соңғы 3 жылда ғылыми, және ғылыми-педагогикалық кадрлардың магистрлері мен докторларын даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемі айтарлықтай артқан. Егер, 2010 жылы магистратурада кадрлар даярлау көлемі 2 739 орынды құраса, 2013 жылы ол 6 959 орынды құрады, яғни 2,5 есеге өскенін байқап отырмыз [180].

Қазіргі кезде магистрлерді даярлауға көп сұраныс туып отыр. Қазақстан магистранттары әлемдік деңгейдегі білім бағдарламаларымен қамтылуда. Әлемдік білім беру кеңістігінде жүзеге асырылып жатқан шаралардың негізгі мақсаты –

Қазақстан жоғары білімінің халықаралық стандарттармен сәйкестілігін қамту. Бұл тарихи қадам жоғары білімнің сапалылығын және жоғары оқу орындары түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Болон Декларациясының негізгі ұстанымдарының бірі - оқытушылар мен студенттердің, магистранттардың академиялық ұтқырлығы.

2010 жылдың 11-12 наурызында Болон үдерісіне қатысушы елдердің Білім министрлерінің II Болон Форумында (Будапешт қаласы, Венгрия және Вена қаласы, Австрия) Қазақстан Болон декларациясына қосылып, Болон үдерісіне 47-ші ел ретінде мүше болды.

Қазақстан Республикасы Болон декларациясына қосылу мәртебесіне ие болған және еуропалық білім кеңістігіне толық енген бірінші Орталық-Азиялық мемлекет болып табылады. Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы Қазақстан ЖОО-дары мен студенттеріне, магистранттарына:

1) еуропалық стандарттарға сәйкестендірілген отандық білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын енгізуге;

2) отандық біліктілік және академиялық дәрежені тануға;

3) оқытушылар мен студенттердің, магистранттардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан ЖОО-лары студенттеріне, магистранттарына шетел университеттерінде кредиттерді қайта тапсыруға және керісінше;

5) бірлескен білім беру бағдарламаларын таратуға;

6) жоғары білім жөніндегі қазақстандық дипломдардың еуропалық аймақтарда жарамдылығын қамтамасыз етуге жағдай жасауға және кез-келген елде түлектердің жұмысқа орналасуына жаңа межедегі мүмкіндіктер береді.

Барлық батыс елдеріндегі магистратура деңгейіндегі білім бағдарламалардың ұзақтығы мен ұйымдастырылуы, сондай-ақ құрлықтың әртүрлі елдерінің серіктес-университеттері ұсынған халықаралық жоғары оқу орындары аралық бағдарламалардың дамуы еуропалық жоғары білімнің күн тәртібінде тұрған басты мәселе болып табылады. Батыс Еуропа елдеріндегі жоғары мектептің негізгі құрылымдық және мазмұндық түбегейлі өзгеруі 70-80-жылдары басталып, іс жүзінде 90-жылдары аяқталды. Бүгінгі таңда бұл елдердің басым көпшілігінде көп деңгейлі даярлау жүйесі жұмыс істейді, салыстырмалы сынақ бірліктері (кредиттері) жүйесін енгізу аяқталуда және өзара біліктілікті мойындау мәселесі іс жүзінде шешіліп отыр. Өзіндік мақсатты және мазмұнды орнығуы бойынша Болон процесі Батыс Еуропа елдеріндегі ілгері жоғары білім реформасының жаңа айналымының бастамасы ретінде ғана емес, еуропа құрлықтарында орын алған жаңа геосаяси және экономикалық шынайылыққа сәйкес бар жоғары білім жүйесінің түйісуін іс жүзінде жүзеге асырудың табиғи кезеңі ретінде көрінеді. Сондай-ақ мұны Ұлыбритания, Франция және Германия сынды Еуропаның ірі үш елінің жоғары мектебінде жүзеге асырылған жаңарудың өзгешелігі мен көлемі растайды. Ұлыбританияда жоғары мектептің ұйымдастырылған құрылымы іс жүзінде Болон декларациясының ережесіне анағұрлым сәйкес келеді, жоғары білім басшыларының негізгі күші сапа

мәселесін шешуге, ең бірінші неғұрлым кәсіби бағыттылық беруге және білім беру жүйесіндегі біршама елеулі құрылымдық жаңаруларсыз бірінші университеттік дәреженің (бакалаврдың) іс жүзінде талап етушілігіне бағытталған. Францияда да осыған ұқсас амал-тәсіл байқалады [121].

Қазақстанның жоғары білімі мен жоғарыда аталған Болон процесінің бастамашы елдерінің жоғары білім беру аясында қолданылатын біліктілік құрылымдарының арақатынасын толықтай түсінуге байланысты.

Болон процесі аясында магистранттардың академиялық ұтқырлығына үлкен мән беріледі. Болон декларациясы магистранттардың басқа оқу орындарына ауысуына және сәйкесті қызметтер алуына ерекше көңіл бөле отырып, бұл ауысудың еркіндігін тиімді жүзеге асыруда кедергілерді ескеру арқылы ұтқырлығына жағдай жасау мақсатын жариялайды. Болон процесінің міндеттері: жұмысқа тұру мүмкіндігімен азаматтардың ұтқырлығын дамыту бағытының негізгі кілті ретінде жоғары білімнің еуропалық аймағын құру; Еуропаның зияткер, мәдениетті, әлеуметтік және ғылыми-техникалық әлеуетін қалыптастыру мен нығайту; дүниежүзінде жоғары мектептің беделін көтеру; басқа білім жүйелерімен еуропалық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету; жоғары білімнің ұлттық жүйелерінің үлкен үйлесімділігі мен салыстырмалылығына қол жеткізу; білім сапасын арттыру; мәдени құндылықтарды дамытуда өздерін жаңа ізгіліктік сана түсінікті қолдаушы, таратушы ретінде санайтын университеттердің орталық рөлін көтеру [113].

Болон Декларациясына қосылған мемлекеттер өздеріне белгілі бір нақты міндеттер алады, атап айтқанда, Болон процесінің негізгі талаптарына сай ұлттық білім жүйелерін реформалау міндеті. Болон процесінің міндетті параметрлері жоғары білімнің үш деңгейлік жүйесі, - ECTS академиялық кредиттерінің жүйесі, ЖОО студенттерінің, магистранттарының, оқытушыларының және әкімшілік қызметкерлерінің академиялық ұтқырлықтары, дипломға еуропалық қосымша, жоғары білімнің сапасын бақылау, бірыңғай еуропалық зерттеу кеңістігін құру болып табылады.

Болон жүйесін Қазақстанда енгізудің мақсаттары: білім, оқу сапасын қамтамасыз ету; Қазақстанның жоғары білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және оның еуропалық жоғары білім кеңістігіне ықпалдастыру; студенттердің, магистранттардың академиялық ұтқырлануларына алғышарт жасау; халықаралық үлгілерге сәйкес келетін жоғары оқу орындары дипломдарының мойындалуы мен баламалылығы; ұлттық және халықаралық деңгейдегі еңбек нарығында отандық университеттер дипломдарының мойындалуын қамтамасыз ету; құзыреттілікті қалыптастыру; өздігінен білім алу деңгейін өсіру мен үзіліссіз оқуды қамтамасыз ету.

Қазіргі кезде дамыған, өркениетті мемлекеттермен қоса елімізде әлемдік білім кеңістігіне сәйкес білім мен ғылымды дамыту жолдарын іздестіруде. Мысалы, «Қазақстан -2030» бағдарламасында егеменді мемлекет құруда еліміздің әр тұрғыны өзінің қоғамдағы орнын саналы түрде түйсінуі және экономикалық талаптарға сай келетін тәрбие, білім беру қажеттігіне зор көңіл бөлінген [6].

Дегенмен, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу », - деп атап көрсетеді [4]. Осындай міндеттерді шешуде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде әлемдік білім кеңістігіне енуге іргелі реформалар жасалынып, орындалу үстінде. Республикамызда қазіргі жағдайда Болон декларациясына сай білім беру бағдарламалары кредиттік жүйеде жүзеге асырылуда.

Республиканың жоғары оқу орындарында кредиттік оқытудың Еуропалық білім жүйесіне көшу - әлемдік білім кеңістігіне енудің алғашқы қадамдары болып отыр. Республикадағы білім беру жүйесінің кредиттік технологияға көшудегі басты мақсаты ұлттық білім жүйесін әлемдік білім кеңістігімен кіріктіру, яғни Лиссабон конвенциясы (1997) және Болон декларациясының (1999) ережелеріне бейімдеу [181,182].

Қазіргі кезде кредиттік оқыту жүйесінің негізгі ұстанымдары мен қағидалары төмендегідей:

- тұлғаға халықаралық деңгейде білім алуға мүмкіндік жасау;
- әлем мемлекеттерінің білім беру жүйесімен ұқсастығы;
- жоғары білім алудың барлық бағдарламалары мен түрлерінің (күндізгі, кешкі, қашықтан оқыту) пайдаланылуы;
- «диплом қосымшаларының» еуропалық үлгіге сай келуі.

Әлемдік білім беру жүйесінің бағдарламасына сай жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кредиттік технологияға сәйкес үш сатылы академиялық дәрежелер ендірілді: «бакалавр», «магистр», «доктор».

Негізінде, кредиттік оқыту жүйесін 1869 жылы Гарвардтық ғалым Чарльз Элиот қолданысқа ендірген болатын. Осы жүйе Америка құрама штатында білім сапасын көтеру үшін жалпы білім беретін мектептен бастап жоғары оқу орнына дейін ендірілген болатын. 1988 жылдан батыс мемлекеттері де кредиттік жүйеге көше бастады. 1999 жылдың маусым айында батыс елдерінің білім министрлері бас қосқан жиынында кредиттік оқытудың еуропалық жүйесін енгізді [182].

Халықаралық білім кеңістігінде жоғары білім бойынша кредиттік оқытудың іргелі төрт жүйесі бар: еуропалық жүйе – ESTS, американдық жүйе – VSCS, британдық жүйе - CATS, Азия мемлекеттерінде және Тынық мұхиты кеңістігіндегі жүйе – VCTS [182].

Қазақстан білім беру, жүйесінде негізінен Еуропалық кредиттік жүйеге (ESTS) енді. Бұл жүйе бойынша еуропадағы Ұлыбритания, Франция, Испания, Германия, Италия т.б. мемлекеттерде білім беріледі [182]. Сондай –ақ, әлемдегі 1200 университетте жоғары білім беру Еуропалық кредиттік оқыту жүйесі негізінде іске асырылады.

Кредиттік оқыту жүйесі дегеніміз – жеке оқу жоспарын білім алушының тікелей қатысуымен, жеке оқу жоспарына сай әр магистранттың жеке оқу

жоспарын жасауда магистранттың пәндерді өз еркінше таңдауына, әр магистранттың және оқытушының кредит бойынша еңбек шығынын есептеуге негізделген білім беру жүйесі. Кредиттік оқыту жүйесі бірізді емес оқыту жүйесі болып саналады. Бірізді емес оқыту жүйесіне – оқу үдерісін жекелей жоспарлау арқылы жүйелі түрде ұйымдастыру тәсілі жатады. Бірізді оқыту жүйесі деп– білім берудің қисынына сай білім алушы кәсіптік білім бағдарламасындағы пәндерді жүйелі түрде берілген сағаттық көлем негізінде белгілі уақытта оқыту [182].

Бірізді емес оқыту жүйесінің бірізді жүйеден ерекшелігі:

- оқу жоспарында көрсетілген пәндерді магистранттар өз бетімен таңдай алады;
- жеке оқу жоспарын құрастыруға магистрант тікелей қатынаса алады;
- бірізді емес оқыту жүйесінде білім алушы кейбір қосымша кредитті өздерінің қалаған уақыттарында алуға мүмкіндігі бар. Білім алушы өзі қалаған ғалымдардан дәріс алу еркі бар [182].

Кредиттік технологиямен білім беруде оқытушы бірізді білім жүйесіндегідей тек білімді беруші ғана емес, білімді қайдан және қалай меңгеру қажеттігін қамтамасыз етіп, магистранттардың іс-әрекетін ұйымдастыра алу мен қажетті материалды өз бетінше тауып, талдай білуге үйретеді. Кредиттік оқыту жүйесінің ерекшелігі– магистранттардың өзіндік дамуына мүмкіндік беру. Магистрант жеке оқу жоспарында көрсетілген пәндердің 70 пайызын өз бетінше орындап, оқытушыға өткізеді [182].

Қазақстандағы жоғары білім бірқатар өзгерістер мен жаңаруларды басынан өткерді, Қазақстан жоғары мектебінің аса маңызды жаңаруы 1999 жылы «Білім туралы» Заң қабылданғаннан кейін жүргізілді. Аталмыш заңның 25-бабына сәйкес жоғары кәсіптік білім үш кәсіптік білім бағдарламалары бойынша жүзеге асырылды: бакалавриатта жүзеге асырылатын жоғары базалық білім; магистратурада жүзеге асырылатын жоғары ғылыми-педагогикалық білім және арнайы жоғары білім. Үш деңгей білім бағдарламаларының сабақтастығын жүзеге асыратын көпдеңгейлі жоғары білім жүйесін енгізудің құқықтық негізі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы №1845 «Жоғары кәсіптік білімнің көпдеңгейлі құрылымы туралы Ережесі» болып табылады [179]. Сонымен тиісті кәсіптік білім бағдарламаларының тұтастығы ғылым, техника және мәдениеттің барлық саласын қамтыды.

2007 жылдың 27 шілдесінде «Білім туралы» заң қабылданып, күшіне енді. Ол заңда жоғары білім жүйесінің құрылымы өзгертілді. Жаңа заңға сәйкес магистратура жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейіне шығарылды. Қазіргі кезде жоғары оқу орнынан кейінгі білім магистратура мен PhD докторантура болып есептелінеді [4].

Болашақ ұрпақтың дамуы ұстаздарының адамгершілігіне, белсенділігіне, білім деңгейіне, шығармашылық іс-әрекетіне байланысты болмақ. Сол себептен бізді қоғамға аса қажет мамандардың кәсіби шеберлігінің қандай дәрежеде екендігі үлкен мәселелердің бірі. Сондықтан, мамандар осы сұраққа жауап алатындай білім, жоғары мәдениеттілік, дағды, іскерлік, өз ісіне деген сенімділік,

тез шешім қабылдай алатын, ұйымдастыру қабілеті жоғары болмағы мәлім. Жас мамандардың ой-өрісінің, адамгершілігінің, рухани байлығының білім деңгейінің, жоғары мәдениеттілігінің, дүниетанымдық көзқарасының, шығармашылық ойлау қабілетінің мәдени ортасына байланысты дамуына қарай бірлесіп, түсінісіп кәсіби мамандығын жетілдіруге бағытталады. Бұдан шығатын қорытынды, жас мамандардың бойына мынадай қасиеттерді қалыптастыруына мүмкіндік туады. Жоғары саналылық, белсенділік, жауапкершілік, борыш сезімі, экономикалық ойлау және т.б. Сонымен мәдени - әлеуметтік іс-әрекеттерді ұйымдастыру өзінің қосымша жасырын күшін, резервін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оны әсерлі қолдану барысында болашақ маманның өзі таңдаған кәсібіне сүйіспеншілігі артып, білімін тереңдетеді, яғни кәсіби шеберлігін шыңдап өз ортасындағы беделін арттыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік белсенділігін, мәдениеттілігін, іскерлігін қалыптастырады. Олай болса, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша білім алып жатқан тұлғалар жоғары деңгейлі кәсіби мамандар болмақ. Магистрлік білім бағдарламалары бойынша оқыту мен тәрбиелеу мәселелері ғылыми еңбектерде жарық көрді.

Профессиограмма – маңызды құжаттың бірі. Оның талаптарында кәсіби дайындық пен қайта дайындаудың барлық кезеңдері ойластырылады.

Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин, И.Ф. Исаев профессиограмманы түрліше талдап, маманның кәсіби сапаларын анықтауда бірнеше нұсқаларын ұсынды. [183]. Магистрант өзінің психологиялық-физиологиялық сапаларымен кәсіби қызметке дайын болуы мүмкін, бірақ теориялық немесе практикалық жағынан даярлықты әлі де болса қажет етеді. Магистранттың кәсіби дайындығы ұғымын құрайтын тұлғалық және кәсіби сапаларды профессиограмма түрінде көрсетуге болады. Профессиограмма – магистранттың тұлғалық сапасының, қажетті педагогикалық және арнайы білімдері мен біліктерінің жиынтығы [183].

Қазіргі кезде еліміз адами капиталды дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, білім беру жүйесін реформалауға басты көңіл бөліне бастады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың кешенді бағдарламасы құрылып, ол кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі ретінде:

- еліміздің индустриялық-инновациялық даму жобаларына сай келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету;
- жоғары білімнің еуропалық аймағына бірігуді қамтамасыз ету;
- білімнің, ғылымның және өндірістің бірігуін қамтамасыз ету; жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлау;
- өмір бойы оқыту, баршаға білім алу үшін жағдай жасау;
- жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және олардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуетін ашу тетіктерін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру көрсетілген.

Аталған міндеттерді жүзеге асыру барысында Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23-тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес магистратурада білім беру бағдарламасы түзілген.

Стандартқа сәйкес, 6М010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша магистранттар міндеттелген: Ғылым тарихы мен философиясы, шет тілі, педагогика, психология, ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері пәндерін оқиды. Аталған мамандық бойынша магистранттарға ұсынылатын таңдау пәндерін тізбектеп көрсете кеткіміз келеді. Себебі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруда септігін тигізетіні сөзсіз және оқылатын пәндерді сараптай келе тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мақсатында өз пәнімізді болашақта ұсынғымыз келеді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 6М010300 – Педагогика және психология мамандығында білім алушы магистранттарға төмендегідей пәндер оқуға ұсынылады. Магистрант пән таңдауға құқылы. Пәндер: Этнопсихологияның қазіргі заманғы мәселелері; Қазақстанда психологиялық-педагогикалық ғылымдардың даму тарихы мен тенденциялары; полиэтникалық мәдениеттің психологиялық негіздері; полиэтникалық мәдениеттің педагогикалық астарлары; білім беру мәселелеріндегі психологиялық қызметтің ғылыми-практикалық негіздері; білімді психологиялық қолдау; білімді ақпараттандыру және электронды оқыту негіздері; ЖОО итерактивті оқыту; білімді ақпараттандырудың беталыстары; педагогикалық шеберхана технологиясын ЖОО пайдалану; психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың заманауи әдістері; жоғары психикалық функциялардың даму тарихы; Педагогика мен психологиядағы квалиметрия; менеджмент психологиясы; инклюзивті білім беру жүйесі; білім сапасын басқару; басшының басқарушылық мәдениеті; психологиядағы және білім берудегі мәдени-тарихи және әрекеттік амалдар; ұйымдастырушылық және әлеуметтік психология; кредиттік оқыту технологиясының ерекшеліктері; виртуалды психологиялық қызмет. Аталған пәндер магистранттың ғылыми танымы мен кәсіби құзыреттілігін жоғарылатыны ақиқат. Дегенмен, осы тұста зерттеу жұмысын орындау барысында құрылған арнайы **«Тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру негіздері»** деген тақырыпты курс ұсынғымыз келеді. Арнайы курс үшінші тараудың 3.3 параграфында берілген.

6М010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша бітірген түлекке педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесі беріледі.

6М010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша магистранттың біліктілік сипаттамасы төмендегіше:

Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (23.08.2012 ж.) ғылыми және

педагогикалық магистратура бітірушілерінің негізгі құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар [7]:

1) қоғамдық өмірдегі ғылым және білімнің рөлі туралы; ғылыми танымның дамуындағы қазіргі үдерістер туралы; жаратылыстану (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) ғылымдарының әдіснамалық және философиялық өзекті проблемалары туралы; жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі туралы; жаһандану үдерістерінің қарама-қайшылықтары мен әлеуметтік-экономикалық салдары туралы түсінігі болуы керек.

2) ғылыми танымның әдіснамасын; ғылыми қызметті ұйымдастырудың қағидаттары мен құрылымын; оқыту процесінде студенттердің танымдық қызметінің психологиясын; білім берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың психологиялық әдістері мен құралдарын білуі тиіс.

3) алған білімін ғылыми зерттеулер контекстінде идеяларды қолдану немесе өзіндік дамыту үшін қолдана білуі; процестер мен құбылыстарды зерттеудің қолданыстағы тұжырымдамаларын, теориясы мен әдістерін сын-көзбен талдай алуы; әртүрлі пәндер аясында алған білімін жаңа таныс емес жағдайларда зерттеу мәселелерін шешуде интеграциялауы; білімді интеграциялау жолымен, толық емес немесе шектеулі ақпараттар негізінде тұжырымдама жасап, шешім қабылдай алуы; жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясынан алған білімін өз педагогикалық қызметінде қолдана білуі; оқытудың интерактивті әдістерін қолдана білуі; ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмысты қазіргі ақпараттық технологияларды қолданып жүргізуі; жаңа проблемалар мен жағдайларды шешуде креативті ойлауы және шығармашылықпен қарауы; ғылыми зерттеулер жүргізуге және ЖОО-да арнайы пәндер бойынша сабақ жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей кәсіптік деңгейде шет тілін еркін меңгеруі; диссертация, ғылыми мақала, есеп, аналитикалық жазбалар және т.б. түрінде ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмыс нәтижелерін жалпылай білуі тиіс.

4) ғылыми-зерттеу әрекеттері, қалыпты ғылыми мәселерді шешу; кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметті жүзеге асыру; кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі; білім беру процесінде қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану; кәсіптік қарым-қатынас және мәдениетаралық байланыс; шешендік өнер, өз ойын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және логикалық тұрғыдан ресімдеу; күнделікті кәсіптік қызметте және докторантурада білімін жалғастыру үшін білімін кеңейту және тереңдету дағдысының болуы қажет.

5) ғылыми зерттеулердің әдіснамасы саласында; жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; қазіргі білім беру технологияларына қатысты мәселелерде; кәсіптік салада ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындауда; білімді үнемі жаңартуды, кәсіптік дағды мен білікті кеңейтуді қамтамасыз ету әдістерінде құзыретті болуы тиіс.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінің қызметі: оқу, оқу - әдістемелік, ғылыми – зерттеушілік, тәрбиелік – ұйымдастырушылық сияқты жан – жақты қызметтерден тұрады. Бұндай қызметтер тәжірибеде бір-бірімен тығыз байланыста, жинақты түрде жүзеге асқанда ғана нәтижелі болады, яғни тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесінде көздеген мақсатқа жеткізеді.

2.4 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында әрекетін жетілдіру үшін Платон, Аристотель кезеңінен басталатын үлгілеу (моделдеу) әдісіне назар аудардық [70, 71]. Моделдеу зерттелетін нысанның мінездемесін көрсететін ұқсастықтарды, көрініс пен үдерісті бейнелеу үшін керек екені белгілі.

Модел - түпнұсқа туралы ақпаратты құрастыру және көбейту, жаңа құрылымын жасау, басшылық ету мен дамыту қызметін көрсетеді. Моделді құрастыру іске асырудан әрекетке даярлықты бейнелейтін аралықты көрсетеді.

Моделдеу әдістемесі танымның көрінісі мен нысанын саналы талдаудың белгілі түрі. Мазмұны жағынан моделдеу абстракциялау және дәріптеушілік деген математикалық түсініктер аясында пайда болған, себебі математика ұғымында абстракциялау деген бір заттың бір немесе бірнеше қасиеттерін ойша бөлуді түсіндіреді, осындай қасиеттер біздің зерттеу жұмысымыз үшін өте қажет.

Ғалым Ш.Т.Таубаева «Педагогика әдіснамасы» атты зерттеу еңбегінде педагогика саласындағы моделдеу мәселесіне кеңірек тоқталған. «Модел» түсінігі, латынның «modules» сөзінен туындаған, ол «өлшем», «бейне» деген түсінікті білдіреді. «Моделдеу» түсінігі ғылым саласында әртүрлі мағынада пайдаланылады. Нақты мағынада «моделдеу» объектінің арнайы жасалған пішінінің, нақты нысанның сипаттамасын өңдеп жасауы. Логикалық түсіндірме сөздікте «моделдеу» нысанның қолдан құрастырылған нұсқасы, қисындық-математикалық таңбалау формуласы, физикалық конструкциялар құрастырулар т.б. Моделдеу зерттеу нысанына сәйкес, құрылымы мен құрылысын түсінікті түрде қайта өңдеп бейнелейді. Зерттеу нысанының элементтері арасындағы қарым-қатынастары мен байланыстарын, қасиеттерін көрсетіп, түсінуге қиын, көп уақыт жұмсауды талап ететін қиын мәселелерді шешіп, өзінің қажетті мәлімет алу үдерісін тиімді етеді. «Моделдеу» даяр зерттеу нысанының түпнұсқа моделі делінеді. [164].

Осы бағыттағы басқа да ғылыми зерттеулерді талдап қорыту жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға мүмкіндік берді.

Осы орайда алдымен моделдің мақсатын - жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру үдерісінде магистранттарды белсендендіру деп белгіледік.

Одан төмендегідей **міндеттер** туындайды:

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру үшін мәдени орта туғызу;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру білімдерді қалыптастыру;

- тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру шарттарын дәйектеу;

Жоғарыда айқындалған педагогикалық шарттар (теориялық, ұйымдастырушылық, әдістемелік) арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың үлгісін жасау керек.

Психологиялық сөздікте «модель» - білім беруді модельдеу деген ұғымды білдіреді. Білім беруді модельдеу екі сатыдан: біріншісі – оқу үдерісіндегі білімді меңгеру; екіншісі оқудағы іс-әрекеттен тұрады.

Тәрбие жүйесін модельдеу Ресей ғалымы А.В.Мудрик зерттеулерінен бастау алды. Жеке тұлғаның тәрбиесі арқылы құндылық бағдарды қалыптастыруды модельдеуге Қазақстандық ғалымдар Г.К.Нұрғалиева, К.Әтемова; құндылық негізінде ұлттық тәрбие жүйесінің моделін жасауға К.Ж.Қожахметова, рухани-адамгершілік қасиеттер арқылы жеке тұлғаның моделін жасауға Б.Н.Игенбаева, Ж.Ембергенова және т.б. ғалымдар өз үлестерін қосты [65].

Әрбір адамның дүниетанымдық көзқарастары ұзақ та күрделі зияткерлік қызмет-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Ал, көзқарастар болса оның рухани мәдениетінің негізін құрап, оның «Мен» деген сезімінің мәнісін ашып, оның өмірлік ұстанымдарын, ар-ұятын анықтайды. Сенім- көзқарастардың сапа жағынан мейлінше жоғары күйі [184]. Демек моделдеу дайындалған зерттеу нысанының түпнұсқа моделі деп аталады. Моделдеу әдістемесі танымның көрінісі мен объектісін саналы талдаудың белгілі түрі болып табылады (3-сурет).



Сурет -4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі

Суретте көрсетілгендей, тұлғаның дүниетанымдық белсенді мінез-құлқы мен іс-әрекеті оның мінез-құлықтық-еріктік дүниетанымдық дайындығын анықтап, мыналарды: өзінің жеке құндылықты бағдарының жеткілікті қалыптасуы, өз көзқарасын дәлелдей алуы мен өз ойын пікірін жеткізе білуі; алға қойған мақсаты мен міндеттерін орындай алуы, іс-әрекетінің нақты мақсатқа бағытталуы; тұлғаның өзін-өзі коррекция жасай алуы, кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі бақылауы мен ұйымдастыра алуы және т.б. қамтиды.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті (ТДМ) – адамның негізгі, тұтас және жеке дара сипаты. Ондағы негізгі өзек - тұлғаның дүниетанымдық бағыттылығы мен қатынастағы ұстанымы: қоғамның мәдениетіне, кәсіптік іс-әрекетіне, басқа адамдарға және өзіне, жалпы қоршаған әлемге қатынасы. Мәнді қасиеттері адамның ақиқат шындыққа теориялық және іс-әрекеттік қатынасының бірлігін, рухани-практикалық маңызын негіздейді. Оның құндылықты игеру тәсілі дүниетанымдық қабылдау, дүниетанымдық сезіну, біртұтастық дүниетанымдық түсінік пен ізгілік дүниетанымдық талқылауды дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге ТМД (тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті) бір мезгілде кәсіби маманның рухани және шығармашылық күшін өздігінен дамыту, кәсіби іс-әрекетке саналы, тәжірибелі түрде дайындығының құзыреттілігін сипаттайды. Осы тұста маманның әлеуметтік және кәсіби құзыреттілігінің бағдарлары айқындалады. Таңдап алған мамандығына деген құнды қатынастарының жиынтығы маманның кәсіби, азаматтық, жеке бағдарларын қалыптастырады. Тұлғаның дүниетанымдық бағдарларының мазмұны әлеуметтік-мәдени іс-әрекетте бекітіледі, дүниетанымдық қасиеттері мен сапалары ықпалдасады (дүниеге қатынасы, дүниені қабылдауы, дүниені түсінуі, дүниетанымының қалыптасуы). Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында болашақ маманның осы сапаларын анықтауға мүмкіндіктер туады. Бұл мүмкіндіктер бізге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделін жасауға негіз болды (кесте 3).

Кесте 3. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің құрылымдық - мазмұндық моделі

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық-мақсаттық	Дүниеге қатынасы	Қоғамның адамгершілік нормаларына орнығуы; Қоғамдағы жеке мәдени бағдарлары; Әлеуметтік тәрбиелерінің жеке ұстанымдары; Толерантты іс-әрекеттерге қабілеттілігі
Эмоционалды-құндылықтық	Дүниені қабылдауы	Өз ұлтының құндылықтары мен мәдени идеалдарына бағдар жасау; Адамгершілік жетілдірулерге қол жеткізудің рухани қажеттіліктері; Рухани-адамгершілік сезімдер (ортақтық, альтруизм, оптимизм); Іс-әрекеттегі және қарым-қатынастағы өзін-өзі шығармашылық жетілдіруі
Когнитивтік	Дүниені түсінуі	Дүние және адам туралы жүйелі білімі; Дүниені диалектикалық және икемді түсінуі; Ойлаудың аналитикалық-синтетикалық қабілеттері; Тұлға мәдениетін бағалауы және дәлелді ой-пікірлері
Операциялық іс-әрекеттік	Дүниетанымдық құрылымы	Кәсіби білім мен дағдыларды игерудегі жүйелілік; Қоғамдық маңызды және кәсіби міндеттерді жоспарлау мен шешу қабілеттері; Дүниетанымдық құрылымдарды кәсіби-іс-әрекеттер арқылы жүзеге асыру; Мәдени жасалымдарды адекватты бағалау
Рефлексивтік	Өзіне-өзі қатынасы	Өзіне-өзі талапшылдық, еріктік өзін-өзі реттеу; Өзін-өзі тануға және мәдени қайта құрылымдарға қабілеттілік; Шешім қабылдаудағы дербестік және іс-әрекеттегі мақсаттылық; Кәсіби және этномәдениеттік ұқсастықтар

Кестеде көрсетілгендей, магистранттардың жеке дүниетанымдық мәдениетінің қалыптасуын ашатын құрылымдық компоненттерін қарастырдық.

Жалпы теориялық модель төрт компонентті және оларды сипаттаудың негізгі белгілерін қамтиды. Ұсынылып отырған модельдің барлық компоненттері өзара тығыз байланысты. Нақты жағдайда әрбір магистрант дүниетанымдық мәдениеттің белгілерін белгілі бір ретпен жүзеге асырады.

Зерттеулер көрсеткендей, қалыптастыру міндеттерінің ішінде негізгісі **мотивациялық-мақсатты** болып табылады. Бұл компонентте тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті феноменінің психологиялық-педагогикалық көрсеткіштері айқын. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің мотивациялық-мақсаттылық компоненті маманның әлеуметтік-адамгершілік түсінігі, мәдени және этномәдени білімі, кәсіби қызметіндегі әлеуметтік жауапкершіліктермен байланысты. Бұл тұлғаның этномәдениеттік дүниетанымдық бағытының мазмұнын анықтайды.

Оқу-тәрбие үдерісінде магистранттардың бойында дүниетанымдық қасиеттерді қалыптастыру мақсатына жету үшін оқу-тәрбие үдерісінің магистрант тұлғасына бағытталуы, олардың әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерінің сәйкестендірілуі және мақсаттың айқындылығы мен нақтылығын, дәлдігін ұстану қажеттігін сезінуі.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің **эмоционалды-құндылықты** компоненті ең алдымен болашақ маманның тұлғалық рухани-адамгершілік өсу деңгейін көрсетеді. Оның мазмұны өз ұлтының құндылықтары мен мәдени идеалдарына бағдар жасау; адамгершілік жетілдірулерге қол жеткізудің рухани қажеттіліктері; рухани-адамгершілік сезімдер (ортақтық, альтруизм, оптимизм); іс-әрекеттегі және қарым-қатынастағы өзін-өзі шығармашылық жетілдірумен сипатталады.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті құрамындағы **когнитивті компонент** тұлғаның: дүние және адам туралы жүйелі білімі; дүниені диалектикалық және икемді түсінуі; ойлаудың аналитикалық-синтетикалық қабілеттері; тұлға мәдениетін бағалауы және дәлелді ой-пікірлерін сипаттайды.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудағы **операциялық-іс-әрекеттік компонент** маманның кәсіби білім мен дағдыларды игерудегі жүйелілігін, қоғамдық маңызды және кәсіби міндеттерді жоспарлау мен шешу қабілеттерін, дүниетанымдық құрылымдарды кәсіби-іс-әрекеттер арқылы жүзеге асыруын, мәдени жасалымдарды адекватты бағалауын анықтайды. Бұл компоненттің мазмұнына маманның өзінің кәсібіне деген мақсаттары мен міндеттері, болашақ жоспарлары және кәсіби жағдаяттарды шешудегі қабілеттері жатады.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің құрамындағы **рефлексивті даярлық**: өзіне-өзі талапшылдық, еріктік өзін-өзі реттеу; өзін-өзі тануға және мәдени қайта құрылымдарға қабілеттілік; шешім қабылдаудағы дербестік және іс-әрекеттегі мақсаттылық; кәсіби және этномәдениеттік ұқсастықтарды айқындайды. Осылайша, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің сапалық-ықпалдасқан өлшемдері когнитивті, эмоционалды-құндылықты, мотивациялық-мақсатты, рефлексивті және операциялық іс-әрекеттік компоненттері арқылы сипатталады.

Зерттеуімізде сонымен бірге тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің қалыптасуының ғылыми-теориялық дайындық; рухани-адамгершіліктік жетілу; мінез-құлықтық дайындық; кәсіби құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілікті

көрсететін өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды. Тұлғада олардың қалыптасу деңгейлері: жоғары, орта, төмен.


Ғылыми-теориялық және тәлімдік-еріктік даярлықтар, рухани-адамгершілік өсу, кәсіби және әлеуметтік құзыреттіліктер тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің сапалық-ықпалдастырылған негіздердің бірі.

Бұл жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің қалыптасу деңгейлерін әлеуметтік-педагогикалық диагностикалауға негіз болады. Соның ішінде жоғары деңгейдегі көрсеткіштерге толық сипаттама беріледі:

Ғылыми-теориялық дайындық: Қазақстанның мәдени-тарихи өткенін танып білу, икемді, жүйелі, ғылыми дүниетанымның болуы; кең әлеуметтік қабылдау және әлеуметтік нормаларды ажырата білу; этномәдениеттік білім алуда дүниетанымдық ұғыну, аналитикалық және рефлексивтік қабілеттерінің жоғары деңгейі; ғылыми-зерттеу жұмыстарына даярлығы; Қажет жағдайларда өзіндік дұрыс шешім қабылдауы, өзін-өзі жетілдіруі, ойлаудың диалектикалық қабілеттерінің болуы.

Рухани-адамгершілік кемелдену: өзіндік тұлғасын сақтап қалу, өз мүмкіндіктерін, табиғи дарынын дамыта білу; қоғам игілігі үшін еңбек етуге үнемі кемелденіп отыру; төл мәдениетті қорғау, халыққа қызмет ету мотивтері; ізгілік-адамгершілік бағдарды түсіну; тұлғаның өзін-өзі жетілдіріп отыруда рухани құндылықтарға бағдар жасау; кәсіби-шығармашылық және әлеуметтік қарым-қатынастарда тұрақты адамгершілік сапаларды таныту.

Кәсіби және әлеуметтік құзыреттіліктер кәсіби білімді, дағдыны, икемді жүйелі меңгеруі; дүниетанымдық бейнесін қалыптастыру мақсатында рухани және азаматтық идеалдарды жоғары деңгейде сезіну; қазіргі жағдайда ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттауда тұрақты әлеуметтік-мәдени бағыт пен дүниетанымдық бағдардың болуы және т.б. Осылайша тереңірек талдаулар мен жоғарыдағы кестеде көрсетілгендер жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі өзінің құрылымы жағынан компоненттерден, оның мәнін аша түсетін өлшемдер мен көрсеткіштерден тұратыны белгілі, енді оған сәйкес келетін деңгейлерді айқындаймыз (Сурет 5).



Сурет 5. – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің қалыптасу деңгейлері

Суреттен көріп отырғанымыздай, зерттеу жұмысымызда анықталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің қалыптасу деңгейлері өлшемдері мен көрсеткіштеріне негізделіп отырып, шартты түрде жоғары, орта, төмен деп бөлініп, сипатталады.

Әлеуметтік құзыреттілік: қазіргі қазақстан азаматының рухани-дүниетанымдық бейнесін қалыптастыру мақсатында рухани және азаматтық идеалдарды жоғары деңгейде сезіну; жалпы адамдық идеалдар мен құндылықтар жүйесінде Қазақстанның рухани құндылықтары мен мәдени салт-дәстүрлерін кеңінен қабылдау; қазіргі жағдайда ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттауда тұрақты әлеуметтік-мәдени бағыт пен дүниетанымдық бағдардың болуы; өзге ұлттармен қарым-қатынасқа түсе білу даярлығының болуы.

Гуманитарлық тұрғыдан алғанда, тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті қоғамның нақты мәдениетінің рухани-адамгершілік, әлеуметтік және этномәдени құндылықтар деңгейін, үйлесімді өмірін көрсетеді. Сондықтан, танымдық, коммуникативтік, кәсіптік және рефлексивті іс-әрекеттерде тұлғаның өзін және қоршаған әлемді мәдени тұрғыдан қалыптастыруына ықпал етеді.

Қорыта келгенде, осылардың негізінде тұлғаның дүниетанымдық санасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу жағдайында дүниетанымдық өзін-өзі дамыту, этно және әлеуметтік өзін-өзі анықтау үдерсіндегі эмоционалдық-еріктік, интеллектуалды-шығармашылық, кәсіби және әлеуметтік белсенділікке бағыттайтын ұстанымдар, дүниетанымдық сенім мен бағдар жүйесі ретінде қалыптасады.

3 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТҮЛҒАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ

3.1 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары және әдістемесі

Қазіргі таңдағы кәсіби білім берудің бағыты педагогикалық іс-әрекет аясындағы жеке жетістіктеріне көзқарастарын өзгертуге бағытталған шарттарды тудыру мәселесін алға қойып отыр.

Осы орайда тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру жолдары мен шарттарын қарастыруда жалпы педагогика ғылымындағы қалыптасқан тәжірибеге назар аудардық.

Алдымен *шарт* дегеніміз не екендігіне талдау жасасақ, ол белгілі бір жағдайдың туындауы, тіршілік жасау, оқу, еңбек ету, өзгерістер, түрлендірулер үшін қажетті объектілердің жиынтығы. Әрбір нысанның бір-бірімен тікелей және жанама байланыстары бар, олар белгілі бір шамамен сипатталатындықтан, жиынтық мөлшерде жеткілікті педагогикалық шарттарды құрайды.

Әр құбылыстың ақырғы нәтижесі әсер етуші жеке себептерге ғана емес, ішкі және сыртқы шарттардың нәтижесінің ара қатынасынан туындайды. Ғылыми әдебиет көздерінде «шарт» ұғымына бірнеше анықтамалары берілген. Шарт - қоршаған ортаның қандай да бір үдерісіне ықпал ететін жағдайлар мен факторларды түсіну деп анықталады [164].

Ғалымдар С.И.Ожегов пен Н.Ю.Шведова шарт түсінігін өзіне тәуелді, бағынышты болатын жағдай деп анықтайды [78].

Философиялық түсіндірме сөздікте «шарт» біріншіден, онсыз өмір сүру мүмкін емес орта, екіншіден, бір жайт жүргізіліп жатқан жер деп анықталады [79].

Ғалым В.И.Андреев педагогикалық шарттар мазмұн, әдіс-тәсіл элементтерін жасау және пайдалану, мақсатты түрде іріктеудің, мақсатқа жету үшін білім беруді ұйымдастыру түрлерін пайдаланудың нәтижелерін білдіреді деген тұжырым жасайды [185].

Кез келген педагогикалық үдеріс белгілі бір шарттарды сақтаған жағдайда табысты жүзеге асатыны белгілі (Ю.К.Бабанский және т.б.) [46].

Шарттар тәрбие мақсаттары мен педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру үшін ескеріледі және құрылады. Педагогикалық зерттеулерде қарастырылатын мәселелерге байланысты шарттар жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз ететін себеп-салдар; оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастыруға қойылатын талаптар; әрекеттің реті; педагогикалық міндеттерді шешу үдерісін жүзеге асыратын орта; педагогикалық әсерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ережелер мен қарым-қатынас түрлері ретінде ұсынылады.

«Педагогикалық шарттар» мағынасы оқу-тәрбие үдерісінің барлық бағыттарының тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті объективті және субъективті факторлардың жиынтығы және олар тарихи қалыптасып, бейнелер мен түсініктер түрінде айқындалады [121].

Ғалымдар Н.Д.Хмель, Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев және т.б. оқу-тәрбие үдерісін шартты түрде оқу және оқудан тыс іс-әрекетке бөліп қарастырып, зерттейді [85, 176].

Сонымен шарт - бұл белгілі бір объектінің қызмет етуінің негізі болып, объективті және субъективті, қажетті және жеткілікті деп жіктеледі.

Біз зерттеу мәселесі бойынша философия, әлеуметтану, психология және педагогика ғылымдары бойынша жарық көрген ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдап, оқытушылар мен магистранттардың арасында жүргізілген нақты практикалық материалдарды зерделей келе, *педагогикалық шарт* – тұлғааралық қарым-қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік туғызып, ынтымақтастық іс-әрекеттерге жетелеп, коммуникативтілік қабілеттілікті қалыптастыратын жағымды педагогикалық жағдай деп ұйғардық.

Демек, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісіндегі *педагогикалық шарттары* дегеніміз - оқытушы мен магистранттардың өзара түсінісуі, серіктестікпен бірлесіп әрекет істеуге бейімділігі, бірлескен шығармашылық жұмыстарға негізделетін диалогтық, субъектаралық қатынастарынан жасалған жағымды жағдай деп анықтама береміз. Сондай-ақ, *педагогикалық шарт* оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталады. Осы уақытқа дейін оқыту үдерісі «оқытушы-магистрант-оқытушы» үшбұрышымен сипатталса, қазіргі білім пирамидасының өзгеруі «магистрант-оқытушы-магистрант» қатынастарының объектілі-субъектілі, субъектілі-объектілі байланыстарына негіз болуда. Өйткені, оқыту үдерісінің жүзеге асырылуы магистранттар ықпалымен орындалады.

Келесі кезекте тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің *педагогикалық шарттары* қарастырылады. Бұл шарттар ретінде біз магистраттардың дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудағы оқытушының рөлі, білімдік үдерістегі дәстүрлілік және жаңашылдық, білім алушының өзіндік бағалауларының сәйкестігін қарастырдық.

Осыған орай зерттеу жұмысымыздың барысында **тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды жүзеге асыратын үш педагогикалық шарттарды бөліп көрсетеміз:**

- **теориялық шарттар** – **мазмұндық** жағынан тұлғаға ақпарат беру (*ақпараттық қамтамасыздандыру*), **дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру** мәселесін шешуге мүмкіндік беретін бағдарламаларды, оқу құралдарын жасаумен айқындалады;

- ұйымдастырушылық шарттар - тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің көріну ортасына эмоционалды-құндылық қарым-қатынасын белсендендіру (*дүниетанымдық мәдениетін жобалау*), оқу-тәрбие үдерісінде әртүрлі жұмыс формаларын, әдіс-тәсілдерді, амал-жолдарды пайдалану;

- әдістемелік шарттар – магистранттардың әлеуметтік тәжірибесін байыту (*кәсіби іс-әрекетке енгізу*), тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының кешені, ғылыми негізделген әдістемелік жүйесі арқылы дәйектеледі.

Сонымен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын (*теориялық, ұйымдастырушылық, әдістемелік*) қойылған мақсат пен міндеттерге жеткізуді қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен оны ұйымдастыру түрлерінің объективті және оларды іске асырудың материалдық мүмкіндіктерінің жиынтығы деп түйіндейміз.

Демек, жоспарланған нәтижені қамтамасыз ететін, міндетті түрде сақтауды қажет ететін сыртқы талаптар ретінде олардың іс-әрекетте жүзеге асырылуы жоғарыда санамалап берілген педагогикалық шарттардың қызметтік жүйесіне тікелей байланысты.

Олай болса, *әрбір педагогикалық шарттарға жеке-жеке тоқталсақ, теориялық шарттар* ақпараттық қамсыздандыруды мазмұндық жағынан ұйымдастыруға көмектеседі. Тұлғалық-бағдарлық, іс-әрекет және таным теорияларына сүйене отырып, тұлғаның дүниетанымның бірізділікпен жүйеленуін қамтиды.

Теориялық шарттар магистранттардың тұлғалық мүмкіндіктерінің диагностикасын енгізетін, тұлғаның дамуына психологиялық – педагогикалық қолдау көрсететін, оқу-тәрбие үдерісінің тұлғалық-бағдарлық бағытын күшейтуді қамтамасыз етеді. Сонымен бірге бұл шарттар педагогикалық және білім алушылар ұжымында адамгершілік-психологиялық климатты (ахуалды) сақтау, педагогикалық ынтымақтастықты іске асыру, дүниетанымдық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-әрекетте осы үдеріске қатысушылардың субъектілік қарым-қатынасын сипаттайды.

Ұйымдастырушылық шарттар - іс-әрекетті ұйымдастыру кезінде ұжым мүшелері мен оқытушылар арасында ортақ іс пен мүддеге деген бірыңғай ынтымақтастық көңіл-күйдің орнауы; магистранттар қиындыққа кездескен кезде басқа топ мүшелері мен оқытушылардың көмекке келуі; топ мүшелерінің іс-әрекетін бақылап – марапаттау; атқарылған істі қорытындылау, ұжымның қол жеткен табыстарына көпшілік болып қуана білу; ұжымда оңтайлы педагогикалық көңіл-күйдің (атмосфераның) орнауы; жеке тұлғаның қоғамның талаптарына сай әлеуметтенуі; ұжымның алдында тұрған ортақ мақсатты дұрыс белгілеу, соған сәйкес атқарылатын іс-шараларды дұрыс жоспарлау; жоспарланған міндеттердің әркімнің іскерлік қабілетіне қарай дұрыс бөлініп берілуі.


Ұйымдастырушылық шарттар мақсаттылық, тәртіпті анықтау, диагностика, тиімді ұйымдастырушылық құрылымын, механизмін меңгеруді; білім алушы тұлғасының өзін-өзі басқаруын, өзін-өзі бақылауын ұйымдастыруды; педагогикалық талдауды және ақпараттық-коммуникативтік технология құралдарымен тұлғаның дүниетанымының қалыптасуының алдын алудың белсенді тәжірибелік-бағдарлық формалары мен әдістерін пайдалануды; оқу-тәрбие үдерісінің технологияландыру жақтарын қамтамасыздандырады.

Әдістемелік шарттар – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың әдістері мен тәсілдері; оның мазмұны мен құралдарының эксперименттік-тәжірибелік жұмыста тексерілуі.

Әдістемелік шарттар қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында кешенді педагогикалық міндеттерді шешудің қажеттілігін дәлеледейтін ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданып жүзеге асыруды; әрбір адамның тұлғалық ерекшелігін, деңгейін ескеруді; мақсатқа бағытталған рефлексияның жүзеге асыруды; магистарнатардың әрекетін ертерек танып білуге оқытушының дайындығын қалыптастыруды және жалпы бұл үдерісті әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандырады. Бұл педагогикалық шарттардың іс-әрекетте жүзеге асырылуы олардың өзіндік атқаратын қызметтеріне байланысты.

Дүниетанымның атқаратын қызметтері жоғарыда толық қарастырылды.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінде біз теориялық моделдің негізінде мына сызбанұсқада тереңірек бөліп қарастырдық (Сурет-6).



Сурет -6. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің сызбанұсқасы

Ендігі кезекте сызбанұсқадағы тұлғаның әрекет ету жүйелеріне мазмұндық сипаттамма беріледі.

І. Оқу үдерісі, сабақ-аудиториялық жүйе. Сабақ ұғымы оқыту жұмысын ұйымдастырудың мақсатын, мазмұнын, оқытудың әдістері мен жабдықтарын сипаттайды. Негізгі сипаттамалардың ішінде сабақтың мақсаты негізгі рөл атқарады. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыру – оқытудың білім беру мақсатынан туындайды.

И.С.Якиманскаяның айтуынша, білім беру үдерісі білім алушы мен мұғалімнің оқу диалогы негізінде жүреді. Оқу диалогы бағдарламалық әрекетті бірге құруға бағытталған және ол мына қағидаларға сүйенед [186]:

- білім беру – бұл тұлғаның түрлі қабілеттерінің дамуы мен тұрақтануы жүретін адамның белсенді, жан-жақты, қоғамдық құндылыққа ие іс-әрекеті;

- білім беру – бұл екі құрамдас бөліктердің бірлігі: оқыту және оқу; бұндағы оқу – адамның жеке қажеттіліктеріне, өмірлік мақсаттарына, ұмтылыстарына, қызығушылықтарына сәйкес тұлғалық дамуы нәтиже ретінде танылатын үдеріс;

- білімділік көрсеткіштері – дербестік, белсенділік, шығармашылық, ойдың өзгергіштігі.

Сабақ жағдайында білім берудің негізгі міндеті — мұғалімнің басшылығымен білім алушыларға ғылым негіздерінен берілетін мағлұматтарды саналы түрде игерту, алған білімді іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру, іскерлікке үйрету, адамға қажетті қасиеттер қалыптастыру [86].

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастырудың сабақ-аудиториялық жүйесінде өткізілуіне қарай: дәріс (сабақ), семинар, тәжірибелік сабақтар, сарамандық сабақ; мазмұнына қарай: жаңа білімді беру сабағы, қайталау сабағы, бекіту сабағы, аралас сабақ және т.б. бөлінсе; коммуникативтік формасына қарай: тұлғаға бағдарланған сабақ, ұжымдық технологияға бағытталған сабақ, диалог пен топқа негізделген сабақ және т.б. бөлуді жөн санадық.

Елімізде жоғары оқу орындарында білім беруді ұйымдастырудың әр алуан формалары бар екені белгілі: дәрістер, тәжірибелік оқулар және оның түрлері – просеминар, семинар, арнайы семинар, зертханалық жұмыстар, практикум, өзіндік жұмыс, магистранттардың оқу-зерттеу жұмыстары, өндірістік және педагогикалық тәжірибе және т.б. Оқытуда магистранттардың белгілі бір дидактикалық міндеттерді шешуі үшін танымдық қызметтік басқару тәсілдері ретінде айқындалады. Лекция, семинар, өзіндік жұмыс, оқытуды ұйымдастыру түрлері ретінде анықталады, себебі, олар оқытудың мазмұны мен әдістерін жүзеге асыру шеңберіндегі магистранттар мен оқытушылардың өзара іс-әрекетін іске асыратын әдіс болып есептелінеді [187]. Жоғары мектептерде білім беруді ұйымдастыру дәрісханалық және дәрісханадан тыс әдістермен іске асырылады, әрқайсысында магистранттармен оқу жұмысын ұйымдастырудың жаппай, топтық және жеке түрлері іске асады. Оқу пәнін ұйымдастырудың дәстүрлік түрін топтастыруға болады. Теориялық дайындыққа негізделген тәжірибелік жұмыстарға бағытталған, лекция, семинар, өзіндік жұмыс, конференция, кеңес беру тәжірибелік оқулар, курстық жобалау, дипломдық жобалау, практика, іскерлік ойындар іске асырылады [187].

Бірінші біздің қарастыратынымыз дәріс. Жоғары мектептің тарихында – пайда болуынан бастап, бүгінгі күнге дейін лекция білім берудің басты формасы екені анық. Магистрант оқу пәнімен лекция арқылы танысады, ол жастарды ғылымға жетелейді, ғылыми білімдерді құрайды. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі лекция – оқытудың дидактикалық циклі. «Лекция» түсінігі латынша «*lektio*» оқу деген мағынаны береді. Лекция

Грецияда туындаған және ертедегі Римде орта ғасырлардан пайда болған. Лекцияларда тыңдаушыларға қайталанбас, дара әсер қалдыратын, айрықша, тек өзіне ғана тән ерекшеліктер бар. Лекция білімнің екшелген түрін және оқу материалына бағытталған тиімді тәсіл екендігі анық [86].

Демек, лекция ойлау қызметінің белсенділігін арттырған жағдайда, онда оқылатын жаңа оқу материалын магистранттар жақсы игереді. Себебі, лекцияда ең бастысы– тыңдаушылардың ықыласын арттыру. Магистранттарға әсер етудің негізінде оқу материалын жеткізудің лекциялық тәсілі, әзірге, дәріскердің өзінің ықпалы мен дәрісханамен байланысы арқасында ешқандай басқа әдістермен теңестірілмейді. Магистранттардың танымдық қызметін ұйымдастырудың бұл жетекші түрінің барлық әлеуеттік мүмкіндіктерін лекцияда толық мүмкіндігімен қолдану, оларды ғылыми ойлау жүйесіне және дәріскердің ғылыми мектебіне тарту – оқытушыға тікелей қатысты. Осы тұста, ғалым Е.В.Бондаревская білім берудің негізгі құндылықтарын сипаттайды:

- адам - мәдениеттің, өз өмірінің және жеке дамуының субъектісі;
- білім - мәдениетті дамытушы орта, ол тұлғаны дамытады және күш береді, оның өмірін мәдениеттілік маңызға ие қылады;
- шығармашылық және диалог - мәдениетті-білімді ортада адамның өмір сүруі мен өзін-өзі дамытуының тәсілдері [187]

Автор білім берудің негізгі үш қызметін ажыратады. Ең маңыздысы – гуманитарлық, оның мәні – адамның экологиясын, оның тән және жан саулығын, өмірінің мәнін, жеке бас еркіндігін, руханилығын, адамгершілігін сақтап қалу және дамыту; мәдениетті зерделеуші қызмет білім беру құралдары көмегімен мәдениетті сақтап қалуды, тасымалдауды, қайта өндіруді және дамытуды қамтамасыз етеді; үшінші маңызды қызмет – бұл әлеуметтендіру, яғни индивидтің әлеуметтік тәжірибені меңгеру және қайта өндіруін қамтамсыз ету.

Біздің жағдайымызда, сабаққа қатысушылар әдеттегі мектеп оқушылары емес, оң солын танитын, белгілі бір білімдер шеңбері қалыптасқан, маман иелері. Олай болса, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісіне аса көңіл бөлуіміз қажет. Әдетте, сабақтық оқыту жүйесінің бірнеше типтері бар екені белгілі. Дегенмен, біздің жағдайымызда сабақтың түрлерін талдай отырып, диалог пен топқа негізделген сабаққа баса назар аудардық. Себебі, көзқарастары қалыптасқан, білімді азаматтардың дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастырудың бірден бір жолы диалогқа негізделген білім беру деп тұжырымдадық.

Диалог пен топқа негізделген сабақты ұйымдастыруды талдай келе, оның бірнеше ерекшеліктерін атауға болады. Бірінші, сабаққа барлық қатысушылар бір деңгейде қаратылады. Осы мақсатта сабаққа қатысушыларды талқылау үдерісіне қатысуға мүмкіндік беретін технологияны қолдану. Екінші, білім алушылардың психологиялық даярлығына қамқор болуды қамту. Сабаққа қатысушылардың барлығы бірдей жұмыстың қандай да бір түріне тікелей

қатысуға психологиялық дайын болмауы мүмкін. Осыған орай, сергіту, қатысушыларды жұмысқа белсенді қатысуымен мақтау, білім алушының өзін дамытуға мүмкіндік беру. Үшінші, қатысушылардың саны мен білім беру сапасы тікелей бірлікте болады. Төртінші, жұмысқа арналған орынды даярлауға көңіл бөлу қажет. Бесінші, сабақтың жүру барысы мен тәртібіне аса мән беру ерекшелігінде. Алтыншы, сабаққа қатысушылардың топқа бөлінуіне көңіл бөлу керек. Қорыта айтқанда, топта білім беру бір мезгілде бірнеше міндетті шешуге мүмкіндік жасайды. Ең бастысы - ол коммуникативтік білік пен дағдыны дамытады, білім алушы тұлғалар арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі, тәрбиелік міндетті қамтамасыз етеді, өйткені топта жұмыс жасауға, жолдастарының пікірін ескеруді меңгертеді [188]

II. Аудиториядан тыс білім беру жүйесі. Бұл жүйеге біз өндірістік тәжірибе жұмыстарын енгіздік. Өндірістік тәжірибе оқу үдерісінің құрамдас бөлігі, онда магистранттар оқыту кезінде алған білімдерін мақсатты тереңдетіп, оқып жатқан мамандығы бойынша қажетті білім, білік, дағдыға үйренеді. Тек тәжірибеден өту арқылы ғана келешек маманның таным көкжиегі барлық деңгейде артып, сол арқылы өмірлік тәжірибеге ие болуға мүмкіндік беретіні бәрімізге мәлім.

1. Магистранттардың өндірістік іс-тәжірибесінің мақсаты мен міндеттері.

1. Магистранттың өндірістік іс-тәжірибесінің мақсаты мен міндеттері өндірістік іс-тәжірибе негізгі пәндердің циклын оқып бітіруінде ұйымдастырылып, өндірістік іс-тәжірибені құрастырған кезде немесе жалпы теориялық оқу жөнінде өндірістік іс-тәжірибе бітіруші курста теориялық оқудың толық аяқталған кезінде ұйымдастырылады.

1.2. Өндірістік іс-тәжірибенің мақсаты кілттік құзыретін бекіту мен іс-тәжірибелік дағдыны қалыптастырудан және оқу мамандығы бойынша кәсіби тәжірибемен қызметтен тұрады.

1.3. Өндірістік іс-тәжірибе барысында оқытындардың тапсырмасы құқықтық статустың ұйымдастырылуының танысуы мен оқуынан, тәжірибе өтетін мекемеден тұрады.

1.4. Іс-тәжірибеде тапсырманың кейбір іс-тәжірибелік тапсырмалары қалыптаса, оның негізгі әдістерінің шешімін талап ететін немесе әдістің таңдауын зерттеу өткізу арқылы шешіледі. Атқарылған жұмыс ұйымдастырушының нормативтік-құқықтық базасын таныстыруын да негізге алады.

1.5. Білім алушы өндірістік іс-тәжірибе барысында кәсіби қызметіне сәйкес дипломдық жұмысына материалдарды жинауы тиіс. Іс-тәжірибенің нәтижесі дипломның жоспарына қолданылады және рәсімделеді.

1.6. Магистранттардың іс-тәжірибедегі қызмет түрі:

- Іс-тәжірибе бағдарламасында қарастырылған барлық жұмыс түрін орындау;

- Жекеше жұмысты орындау үшін керекті жинақтамалар және материалдарды талдау;

- Кәсіби теориялық білімді тереңдету;

- Магистр диссертациясында өндірістік жүргізу.

2. Іс-тәжірибе барысындағы өндірістік жұмысының мазмұны.

2.1. Магистранттардың өндірістік іс-тәжірибесі мамандығына сәйкес өзіндік кәсіби жұмысы үшін қажетті, университетте алған біліктілік сапасы іс-тәжірибесімен дағдысын бейнелейді. Есеп жұмысы студенттің алғашқы өзіндік жұмысы болып табылатындықтан, магистранттың шығармашылық қабілеттерін ашып көрсетуіне мүмкіндік береді.

2.2. Іс-тәжірибенің мерзімі оқу жоспарымен бекітіледі. Магистрант іс-тәжірибенің басында жұмыс жоспарын өзінің жетекшісімен бірге анықтап кафедраға бекіту үшін ұсынуға міндетті.

2.3. Магистрант іс-тәжірибе бағдарламасын орындамағаны үшін, іс-тәжірибені қорғау кезінде қанағаттандырылмаған баға алса немесе жұмысы жөнінде кері пікір айтылса, -іс-тәжірибелік жұмысқа қайта жіберіледі, ал ректор басқа жағдайларда осы мәселе бойынша магистранттың келешекте университетке келуін қарастырады.

2.4. Өзінің мән-жайларына қарай зерттеу жұмыстары іс-тәжірибенің орындалуы бойынша:

- бастапқы мәселесіне мамандығының сәйкестігі;

- қазіргі заманғы ғылыми-тәжірибелік, теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне жүгінуі;

- қазіргі заманға сай өндірістік әдістемесін пайдаланып орындау.

2.5. Оқу жоспары мен талаптарының құрылымын есепке ала отырып, магистрантқа ұсынылған бітіруші квалификациялық жұмысы (магистрлік диссертация), яғни өндірістік іс-тәжірибені магистрант орындағанда, ол өзінің қабілеттілігін көрсетуге міндетті:

- нормативтік-құқықтық базаны талдау;

- жұмыс бойынша әріптестерімен жақсы қарым-қатынастарға дағдылану;

- тәжірибелік жұмыста сол мекемеге өзінің көзқарасын немесе өзге де өзгерістер енгізуін ұсынуы.

2.6. Ғылымы-зерттеу іс-тәжірибе барысында магистрант әдебиеттер және мамандығы бойынша басқа да қайнар көздерін оқу керек. Яғни, ол осы әдісті қолданып және бітіруші квалификациялық жұмыстарға сәйкес болуы қажет. Соның ішінде:

- зерттелу объектісіне бағытталған ақпараттық процестер модельдерін өңдеу және игеру;

- зерттеу қорытындысын бағалау және жинау, жұмыстың келесі бағытталған, қойылған тапсырма мен ұсыныстарының толық орындалуын бағалау;

- отандық және шетел жұмыстарының қорытындысының салыстырмасын талдау және оның қабылданған қорытындыларын бағалау.

2.7. Өндірістік іс-тәжірибесі барысында магистрлік диссертацияның тақырыбы бойынша магистрант мыналарды орындауы қажет:

- диссертацияның тақырыбы бойынша ақпаратты жүйелеу және жинақтап талдау;
- берілген тапсырма бойынша теориялық және эксперименталдық зерттеу;
- алынған қорытындыларды нақты талдау;
- ғылыми-тәжірибе зерттеуінің маңыздылығын талдау, сонымен қатар техникалық-экономикалық әсерін әзірлеу.

Өндірістік іс-тәжірибе барысында магистрант магистрлік диссертацияның мағынасы мен мәтінін оның әдістемесінің қорытындысын әзірлеуі тиіс.

3. Есеп жұмысын қорғау, рәсімдеу және құру тәртібі.

3.1. Магистрлік диссертацияның бөлімі іс-тәжірибелік жұмыстың орындалуының әзірлеуін қамтамасыз етуі болып табылады, сондықтан да қорытындылау кезінде іс-тәжірибелік жұмысында магистрант соңғы квалификация жұмысының мазмұнын өзінің жетекшісімен бірге анықтауға міндетті, жұмыстың орындалуына қажетті материалдар жиынтығын қамтамасыз етеді.

3.2. Кафедра меңгерушісінің өкімімен, нәтижелерін қорғаумен шектеледі. Қорғау нәтижесі балдық-рейтингпен, әріптік жүйемен дифференциалды сынақ кітапшасының белгіленген жүйесімен бағаланады.

3.3. Магистрант іс-тәжірибе қорғауында ұсынуы тиіс:

- тәжірибеге сай мөрі мен қолы бар күнделікті;
- мекеме басшысының пікірі мен МҒЗІТ бағасы;
- мекеме басшысының мінездемесі;
- іс-тәжірибені орындағаны жайлы жазбаша есеп беру;
- МҒЗІТ ғылыми жетекшісінің есеп бағасы және пікірі.

3.4. Өз пікірінде жетекші жүктелген сұрақтың өзектілігін атап өту керек, теориялық дәрежесін, практикалық маңыздылығын, толықтыруларды, берілген сұрақтардың шешімін таба білудегі өзгешелігі және жұмыстың дайындалғанына, сонымен қатар қорғауға деген нақты нұсқауларға баға береді.

3.5. Есеп-беруде магистранттың жұмысының нақты орындалғаны туралы мәліметтер қамтылуы тиіс және:

- магистрант іс-тәжірибесінің алдына қойылған тапсырмаларды;
- амал-әдістердің көмегімен сараптама;
- қабылданған шешімге негіздеуі;
- тапсырма барысында алынған негізгі нәтижелерді ашып көрсету;
- магистр диссертациясындағы жұмыстың даму перспективасын есеп түрінде рәсімдеуі тиіс.

3.6. Есеп өндірістік іс-тәжірибесі барысында орындалған материалдар қоса тіркеледі.

3.7. Өндірістік іс-тәжірибесінің қорытындысын қорғау магистранттың жасаған жұмысы туралы ақпаратты (7-10 минут) және комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беруден тұрады.

3.8. Жұмысты таныстыру өз жолында берілген есепке сай болу керек және тіркеудегі мәліметтерді көрсетуі қажет.

3.9. Комиссия мүшелерінің сұрақтары әдісті анықтау мен іс-тәжірибесі нәтижесін шешумен ғана айналыспайды, сонымен қатар магистранттарға магистрлік диссертациясын түсіндіруді қамтамасыз етеді.

4. Өндірістік іс-тәжірибесінің мазмұны мен есептеу көлемі.

4.1. Іс-тәжірибе барысында орындалған жұмысы ұйымдастыру, техникалық жұмыстарын, білімдерін айқындайды және іс-тәжірибе есебі магистранттың негізгі құжаты болып табылады. Магистрант есептегі мәліметтерін алдағы уақытта өз диссертациясында пайдалана алады.

4.2. Магистрант есеп іс-тәжірибесін өзі дайындап, ғылыми жетекшісіне оның біту күніне дейін 3-4 күннен кешіктірмей тексеруге ұсынады.

4.3. Есеп іс-тәжірибе аяқталған өндірістік жұмыстың нәтижесін белгілей отырып белгілі құрылымдарды қамтиды (қосымша А).

4.4. Магистрант есеп-беру үшін жұмыстың келесі қорытындысын енгізуі тиіс. Ғылыми –зерттеу іс-тәжірибесі кезінде өз бетінше орындаған жұмысы:

- қазіргі уақытта бар бағдарламаның қамтамасыз етуге зерттелмеген шолу және тапсырма мен мәселенің сәйкес шешім шешуге талап етеді; жұмыстың орны мен рөлін анықтау, осы зерттеулер арасындағы тәжірибе қорытындысы;

- талдау құралдары мен тәсілдері, тапсырма үшін қойылған тапсырманың шешімдерін қолданылуы мүмкін болып табылатын, солардың ішінен таңдап, тиімді орындау үшін рұқсат етіледі, экономикалық талаптарға жүгінбей, уақыттың жұмсауына, құрастыруына және шарттарына, осы жұмысты қамтитын;

- таңдалған тәсілдер мен материалдар қолданылады, қойылған тапсырманы орындауы, сонымен қатар материалдарға жүгінуі тиіс. Өндірістік іс-тәжірибесі барысында алынған ереже бойынша жұмыс қорытындысы бітімгершілік бейнелеуі қажет. Іс-тәжірибенің қолданылуын мүмкіндігінше қамтамасыз етіледі.

4.5. Есептің жазылуы мен рәсімдеуі тексттік құжаттың талаптарына сәйкес - (әрекеттегі стандарттың негізгі ережелерін сақтай отырып - ББТМС 2.105-95 КҚБЖ «Текстік құжаттарға жалпы талаптар»). Жұмыстың жалпы талаптарына сәйкес:

- материалдық мазмұнының айқындылығы және логикалық дәйектілігі;
- дәлелдеудің сенімділігі;
- тұжырымның қысқалығы және нұсқалығы, талдаудың ерекше мүмкіндіктің біркелкі еместігі;
- жұмыс шешімдерінің нақты мазмұны;

- ұсыныс пен ақыл- кеңестің негізділігі болып табылады.

5. Өндірістік іс-тәжірибесі бойынша есеп-беруді рәсімдеу (қосымша Ә). Құжаттарды рәсімдеудің өзі тұлғаның дүниетанымын қалыптастырудың бірден бір жолы болып табылады. Сондықтан бұл үдеріске де белгілі талаптар қойылып, магистранттардың жауапкершіліктері арттырылуы тиіс.

II. Қосымша білім беру жүйесі бойынша. Қосымша білім беру жүйесі арқылы тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үшін ең бастысы – қосымша білім беру бағдарламалары және олардың түрлері туралы білу маңызды.

Қосымша білім беру бағдарламалары - әртүрлі бағыттағы білім беру бағдарламалары: қосымша білім берудің жалпы білім беру мекемелерінде (біліктілікті жетілдіру мекемелерінде, кәсіптік бағдар беру курстарында орталықтарында, музыка және көркемсурет мектептерінде, шығармашылық үйлерінде, өнер мектептерінде, түрлі техниктер станцияларында, натуралистер станцияларында және тиісті лицензиялары бар басқа да мекемелерде); жеке педагогикалық қызмет арқылы жүзеге асырылады.

Осындай қосымша білім беру бағдарламаларының негізінде, тұлғаның өмірге, табиғатқа көзқарасының қалыптасу процесі дүниетаным идеясы элементтерін игеруден, яғни білімнің, ғылымның негіздерін және мінез-құлықтың белгілі нормаларын білу, оларды сақтай білуден басталады.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің біз ұсынған жүйесін жүзеге асырған жағдайда өзбетімен білімін дамыта алатын, дүниетанымы кең тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді деп тұжырымдаймыз.

Қазіргі уақытта ең басты мақсат – оқытушыны өзінің тұлғалық, кәсіби қорларын пайдалануға және тұтас педагогикалық қызметтің жеке жүйесін құруға үйрету болып табылады.

Бірқатар жұмыстарды талдай отырып, Э.А.Урунбасарованың «Оқытушы этикасы» (2003ж.) атты еңбегінде [189] жасаған оқытушы этикасының негізгі компоненттерінің құрылымдары моделі біліктілікті арттыру жүйесі оқытушыларына тиімді және қолданымды екені анықталды (кесте 4).

Кесте – 4. Оқытушы этикасының негізгі компоненттерінің құрылымдары



4.Оқытушы тұлғасын психологиялық ұйымдастыруы

Шындығында, ЖОО кейінгі білім беру оқытушысы – тек білім дамытушы субъект қана емес, ол сонымен қатар білім алушылардың жан-жақты сұраныстарына сай келетін, олардың қатып қалған негативті ұстанымдарын позитивті бағытта ешқандай қақтығыссыз шеше білетін, жоғары мәдениетті тұлға болуы тиіс.

Екінші педагогикалық шарт – технологиялар. Технология дегеніміз өнім алу үшін оған керекті материалдарды өңдеу әдістері және өнім шығаруға керекті жүйелі процесс. Кез - келген технологияның (өндірістік, әлеуметтік) негізгі бөлігі - түпкі нәтижені мұқият анықтау және оған қалай да жету. Процестің жобасы жақсы болса, шығарылатын өнімнің қандай болатындығы анықталса, оны жасау құралдары белгіленсе, жағдай жасалса, онда өндірістік және әлеуметтік саладағы процестер «технология» деген атауға ие болады. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда, педагогикалық технология - педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады оның мәні мен құрылымы айқындалады, педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі саласындағы (дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздерін оқып-үйренеді, педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі және педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі. Ғылыми-педагогикалық зеріттеулерге жасалынған талдау жаңа педагогикалық технологиялардың бірнеше түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Енді солардың ішінен жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде қолдануға ұсынылатын бірқатарына тоқталайық. Себебі, қазіргі кезде оқу-тәрбие үдерісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес. Бүгінгі таңда мынадай жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиялары бар:

- В.Ф.Шаталовтың тірек белгілер негізіндегі технологиясы;
- П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы;
- В.В.Фирсовтың саралай оқыту технологиясы;
- Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы;
- Л.В.Занковтың, Д.Б.Эльконин-В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы;
- Ю.К.Бабанскийдің оқу процесін оптимизациялау технологиясы;
- М.Чошановтың, П.И.Третьяковтың, К.Я.Вазинаның, В.М.Монаховтың модульдік оқыту технологиялары;
- Г.К.Селевконың өзін-өзі дамыта оқыту технологиясы;

- Ж.А.Қараевтың, Т.Т.Ғалиевтің, Ә.Жүнісбектің, М.М.Жанпейісованың, Н.Н.Нұрахметов пен К.Әбдіғалиевтің оқыту технологиялары кеңінен танымал [86].

Солардың ішінде, мәселен, ЖОО төмендегі технологияларды көптеп қолданып жүр:

- дифференциация бойынша жаңа материалды түсіндіру;
- модульдік оқыту технологиясы;
- ынтымақтастық технологиясы;
- деңгейлеп оқыту технологиясы;
- ақпараттық технологиялар;
- бағдарламалап оқыту технологиясы;
- қашықтықтан оқыту технологиясы;
- кредиттік оқыту технологиясы;
- сыни тұрғыдан оқыту технологиясы және т.б.

Көріп отырғандай, бұл технологиялардың барлығы дерлік тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған. Аталмыш технологиялар көптеген ғылыми еңбектерде және оқу құралдарында талданып жүргендіктен, біз әрқайсысына жете тоқталмай атап өтуді жөн көрдік.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісіндегі педагогикалық шарттардың келесісі - әдіс-тәсілдер.

Ғылыми әдебиеттердегі, мақалалардағы әдіс-тәсілдердің сан алуандығын саралай отырып, біз ЖОО кейінгі білім беру жағдайында қолдануға тиімді әдістері іріктеп алдық, және олардың әрқайсысына жеке тоқталып өттік.

Сократтық әдіс. Тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағытталған оқытудың белсенді және өнімді формасы. Негізі – білім алушының өзі араласатын білім беру үдерісіне белсенді қатыстыруда ақыл-ойдың қозғалысы жайындағы Сократтың ілімі. «Сократтық сұрақтар» көмегімен білім алушының іс-әрекетін ұйымдастыру - оның санасында «шындықтың өз бетімен туындауының» факторы болып табылады. Сократтық әдістің дидактикалық құрылымы білім беру мазмұнының өткеннен келесіге, жақыннан қашықтағыға өту қағидасына негізделеді және «белгілі білім емес» ұстанымы бойынша құрылады. Ерекшелігі – әдіс қарапайым өмірлік жағдаяттар негізінде құрылады. Шындықты бірлесе іздеу – білім берудегі ең басты тәсіл. Сократтың білім алушылармен әңгімесі дәстүрлі тақырыптардан басталған. Диалогты өрістете отырып, оны құрамдас бөліктерге ажырата отырып, оның әрбір талқылау тармақшасынан жаңа сұрақтар тудырып, өзімен бірге ойлануға дайын адамдардың ойын шындықты іздестірудің қиын жолына апарған. Ойдың туындауына көмектесе отырып, Сократ бірде бір көзқарасты назарынан тыс қалдырмаған, алдын ала ешбір көзқарасқа жақтаспай, әңгімелесушілерді өзін-өзі жоққа шығаруға қатыстырған, осылайша, беделге емес, тек дәйектерге сенуге үйреткен. Сократтың пайымдауынша, педагог ештеңені қалыптастыру керек емес, ол басқа адамдарда даналықтың туындауына жағдай жасауы керек.

Бұл сенім оның «майевтика» (повивальное искусство) деп аталатын еркін әңгімелесу әдісінің негізінде жатыр. Кейде майевтиканы әңгімелесушіге көрсетілетін құрметтің жеткіліксіз деңгейі үшін сынға алған, былайша айтқанда, сократтық мысқыл үшін: философ өтірік ештеңе білмейтін және ештеңе түсінбейтін болып көрініп, өзі әңгімелесіп отырған адамнан үйренген, олардың айтқан дәйектерін кенеттен «қарапайым» сұрақтармен, қорытындылармен, ой тұжырымдарымен оның білімін жоққа шығару. Бұндай әңгімеден кейін аса ақылды емес адам ренжісе, ақылды адам өзінің біліміне күдіктене қарап, ізденетін болған. Сократ оқытушы тұлғасына ерекше қараған: одан нақты білім де, идеяны білім алушының бойына дарыту да емес, сұрақ қою шеберлігін, өзіндік талқылау, ой жүгіртуге итермелеу шеберлігін жоғары бағаланған [190, 191, 192].

Дебат. Білім алушылардың сыни ойлауын, талдау, маңыздысын ажырату іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Элементтері: дәйектерді құру; проблемаға байланысты түрлі көзқарастарды ашу; проблеманың фактілерін және идеясын көрсету [193, 194]. Еркін микрофон. Бұл белгілі бір мәселе бойынша ұжым алдында сөйлеу. Бір күннің проблемасы алдын ала ұсынылады. Бұл білім алушыларға даярлануға, өз сөзін белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл форманың уақыты аса шектелген. Еркін микрофонды бір адам жүргізу қажет. Ол сөйлеушілер ретін белгілейді, қорытындылайды, жұмысты ұйымдастырады. Міндетті шарт - әкімшіліктен оқытушылардың, жетекшілердің, кураторлардың қатысуы. Миға шабуыл. Шығармашылық белсенділікті және жаңа идеяларды тез жасау іскерлігін дамытудың әдісі. Қолданылу уақыты: проблеманың шешімін табу үшін; жаңа тақырыпты ұсыну және білім алушылардың іс-әрекетін өзектілеу, берілген проблемаға білім алушылардың зейінін шоғырландыру үшін. Әдістің басты міндеті – танымдық іс-әрекетті белсендендіру және білім алушыларды өнімді білім беру үдерісіне қатыстыру. Технологиясы: сипаты бойынша әртүрлі сұрақтарды пайдалана отырып берілген сұрақ немесе зерттелетін проблема бойынша көп идеялар жинақтау. Миға шабуылды ұйымдастыру ережелері: 1) Миға шабуыл уақытында барлық білім алушылар қатысады. 2) Ұсынылған идеяларларға комментарий берілмейді және сынға алынбайды. 3) Идеяны нақтылау және дамыту мақсатында сұрақ қоюға болады. 4) Миға шабуыл барысында аралық бағалар қойылмайды. 5) Мәселені талқылау деңгейінде ұсынылатын барлық идеялар қабылданады. 6) Ойлар нақты және қысқа болуы керек (Айтуреева Ж.Ж.). Ашық ойлар сәті. Алдын ала проблема айтылады. Білім алушылар берілген мәселе бойынша өз дәйектерін құрады, өз көзқарасын білдіреді. Білім алушылар жауаптары қысқа, нұсқа, қисынды құрылған болуы тиіс. Зерттеу үдерісі, ақпаратты, фактілерді өзінше іздеу ынтымақтастығы. Жобалау әдісі. 1920 жылы АҚШ-та пайда болған. Оны немесе проблемалар әдісі деп те аталады. Дж. Дьюидің ізгіліктік бағыттағы философия және білім беру саласында пайда болған. Негізі – білім алушылардың танымдық дағдыларын дамыту, өз білімдерін өз бетімен құру және ақпарат кеңістігінде бағытталу іскерлігін, сыни ойлау іскерлігін

қалыптастыру. Жобалау әдісі – белгілі бір проблеманы бөлшектеп өңдеу арқылы дидактикалық мақсатқа жетудің тәсілі. Оның нәтижесі – шынайы, белгілі бір түрде рәсімделген практикалық нәтиже. Жобалау әдісінің негізі мына идея – ол «жоба» ұғымының мәнін құрайды, оның прагматикалық бағыты белгілі бір теориялық және практикалық мәнге ие проблеманы шешу барысында алынатын нәтижеге жетумен көрсетіледі. Оған қол жеткізу үшін балаларды мынаған үйрету керек: өз бетімен ойлау, ғылымның түрлі салалары бойынша білімдерін пайдалана отырып, проблеманы табу және шешу, шешімдердің түрлеріне орай олардың мүмкін болатын нәтижелерін болжау қабілеті, себеп-салдарлы байланыстарды орнату іскерлігі. Жобалау әдісі әрдайым білім алушылардың өз бетімен жұмыстануына бағытталған. Оны білім алушылар белгілі бір уақыт аралығында жеке, жұппен, топта орындауы мүмкін. Іскерлік ойынның негізінде иммитациялық модель жатыр, ол психологиялық көзқарас тұрғысынан жасалып жатқан іс-әрекеттің бағдарланушы құрылымының арнайы материалдық формасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл модель ережелердің қатал жүйесін қоюға, оларды ескеру қатысушылардың ойынды біртұтас бейнелеуге, яғни жасалатын іс-әрекеттің бағдарланушы құрылымын игеруге мүмкіндік береді. Іскерлік ойын механизмі өмірдегі шындықпен беттесетіндей ерекше жағдайларды жаңғыртады. Бұдан өту «ортаның қарсы шығуы» адамның кәсіби және әлеуметтік қалыптасуы үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Рөлдік ойындар. Қатысушылар өздеріне белгілі бір рөлді, жобаның мазмұны мен сипатын алады. Бұл әдеби кейіпкерлер немесе ойдан шығарылған кейіпкерлер болуы мүмкін. Ал ол әлеуметтік немесе іскерлік қарым-қатынасқа, қатысушылардың ойлап шығарған жағдайына қарай күрделенеді. Бұл жобалардың нәтижесі оның басында белгіленеді немесе тек соңына қарай айқындалады. Мұнда шығармашылық деңгей өте жоғары, бірақ басым әрекет түрі рөлдік-ойын болып қала бермек [195].

Топтық өзара әрекеттің ең қарапайым түрі – «үлкен шеңбер». Жұмыс үш түрлі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең - ол үлкен шеңбер болып орындықтарға отырғызылады. Оқытушы мәселені қояды. Екінші кезең - белгілі бір уақыт ішінде (10 мин. шамасынды) әр білім алушы жеке, өз парақтарында мәселені шешу жолдарын жазады. Үшінші кезең - шеңбер бойымен әр білім алушы өзінің ұсынысын оқиды, топ тыныш тыңдайды (сынамайды) және әр бөлім бойынша дауысқа салынады. «Үлкен шеңбер» тәсілі сұрақты шешу жолдары мен оның шешімін құраушыларды тез анықтау мүмкін жағдайда қолдану тиімді. Мұнымен жобаларды немесе нұсқауларды, бағдарламаларды жасауға болады. «Аквариум» - диалог түрі, мұнда білім алушыларға «көпшілік алдында» мәселені талқылау ұсынылады. Топ мәселесі бойынша диалогты жүргізе алатын сенімді адамды таңдайды. Кейде бұл бірнеше адам болуы мүмкін. Қалған қатысушылар көрермен рөлінде болады. Аты да осыдан шығып тұр. Бұл ұйымдастыру түрі білім алушыларға не береді? Өзіндей адамдарды сырттан қарауға мүмкіндік алады: яғни, олар қалай қатысады, өзгенің ойына

қалай жауап береді, туындап келе жатқан дау-жанжалды қалай шешеді, өз ойын қалай дәлелдейді т.б [195].

Пікірталас механизмінің арқасында адам эгоцентрикалық ойлаудан тысқара кетіп, өзгенің көзқарасын қабылдауға үйренеді. Пікірталастың объектісі болып тек арнайы қойылған мәселелер ғана емес, сонымен бірге өмірдегі жағдаят және қатысушылардың тұлғааралық қарым-қатынасы бола алады. Топтық талқылау әдісі әр қатысушының өзіндік көзқарасының қалыптасуына, белсенділігінің, сондай-ақ коммуникативтік сапалар мен іскерліктердің дамуына әсер етеді. Талқылау кезінде шешендік біліктердің қажеттілігі туындайды. Талқылау кезінде қарастырылған материалдың есте сақталу деңгейі жоғары екені дәлелденген. Оқу қарым-қатынасын ұйымдастырудың тиімді әдістері болып тренингтер танылған. Ол бұл қарым-қатынасты субъект-субъект шеңберінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді, қатысушылардың психологиялық тұрғысының теңдігін, тараптардың белсенділігін қамтамасыз ете отырып, оның барысында әр қайсысы тек әсер алып қана қоймайды, сонымен бірге тең дәрежеде өзге адамға да әсер етеді [195].

Келесі педагогикалық шарт – қалыптастырушы орта. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.А.Тұрғынбаева біліктілікті арттыру жүйесіндегі *дамытушылық орта - әлеуметтік-мәдени кеңістіктің бір бөлігі, субъектілердің шығармашылық жағдайындағы өзара әрекеттесетін аймағы* [58] деп анықтама береді.

Біз осы анықтаманы негізге ала отырып, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастырушы ортаны жоғарыдағы анықтамаға сәйкестендіруге тырыстық. Себебі, біліктілікті арттыру жүйесіне өз білімдерін жетілдіруге келген мұғалімдер де жоғары білімді, өзіндік көзқарасы бар, дүниетанымы қалыптасқан мамандар болып табылса, ЖОО кейінгі білім алушы магистранттар да осы көрсеткіштерге сәйкес келеді.

Қалыптастырушылық ортаның негізгі аспектілеріне:

- кәсіби және тұлғалық әрекеттесу;
- кәсіби және тұлғалық өсу;
- кәсіби ізденісті ынталандыру;
- кәсіби шебер тұлғалардың қарым-қатынасқа түсу барысында өзара ынтымақтасуы.

Қалыптастырушылық орта жасаудың негізгі қағидалары:

- оқу топтарының ұйымшылдығы;
- тұлғааралық қарым-қатынастың синтониялық моделін қалыптастыру траекториясын анықтап, білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне және сұраныстарына негізделуі;
- білім алу үшін топтарда жағымды психологиялық ахуалдың болуы;
- ашық пікір алмасулар мен білім алудағы еріктілік пен еркіндік.

Ортаның параметрлері:

- білім алушының өзімен, өзге этнос өкілдерімен әрекеттесу кеңістігі;
- қатысушылар, олардың мәдени-құндылық бағдарлары, қызығушылықтары мен мүмкіндіктері, этникалық ерекшеліктері.

Ортаның позициялары:

- өзгелерге үлгі көрсету;
- басқалармен біртұтастықта болуға ұмтылу;
- жағдайды ортаның ортақ көзқарасына сай бағалау және бақылау;
- өзгенің тұлғалық ерекшеліктерін бағалай білу.

Олай болса, *тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастырушы орта дегеніміз – тұлғаның әлеуметтік, мәдени, танымдық аумақтарын қалыптастыруға бағытталған, мақсатты шығармашылық аймақ болып табылады.*

III. Магистранттардың ғылыми зерттеу жұмыстары.

Магистранттардың ғылыми зерттеу жұмысының (МҒЗЖ) негізгі мақсаты болып – ЖОО басшылары мен профессорлық оқытушылар құрамының ЖОО тәрбиесіндегі үнемділік жүйесінде ғылыми әдістемелік, ұйымдастырылған, кадрлық, ақпараттық және басқада бағыттарын дамыту үшін қажет. Бұл болашақ маманның кәсіби дамуы мен әлеуметтік бейімделуі, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді, көп мәдениеттілік, адамгершілікті, жоғары зияткерлік бағытта, бәсекеге қабілетті тұлға болуы үшін қажет. Тұлғаның шығармашылық дамуы ұлттық дәстүрге сай және тәрбие саласындағы қазіргі кездегі жетістіктердегі әлемдік көштен қалмау үшін, жоғары азаматтық бағыттағы ең күрделі міндеттерді шешу және өз бетінше көзқарасын қалыптастыра алатын тұлғаны тәрбиелеу қажет. МҒЗЖ міндеттері [7]:

- Ғылыми зерттеу арқылы тәрбиенің әлеуметтік статусын жоғарылату.
- ЖОО кейінгі білім беру жағдайында тәрбиелік қызметін дамыту және бекіту.
- Жетекшілердің білім алушылардың өзін-өзі басқаруды жеделдетуде тәрбиелік үдерістегі демократиялық үлгісін қалыптастыру, олардың көшбасшылық сапасын дамыту.
- Білім алушы жастар ортасында ұлтаралық және этникалық қатынастағы мәдениетті жоғарлату.
- Қоршаған ақиқатын құндылық қатынасын қалыптастыру (тіл, мәдениет, тарих, салт дәстүр, дін және тағы да басқа).
- Адамгершілікті және азаматтық тәрбиенің мазмұны мен механизмін гуманистік принципін дамыту.
- Адам құқығының Декларациясына сай жастар мен баланың құқықтық қатынастарын сыйлауды қалыптастыру.
- Білім алушыларға көмек ретінде дәрігерлік әлеуметтік және психологиялық педагогикалық жүйені құру.
- Тәрбиені педагогикалық үдерістің басты саласы ретінде қабылдап, тәрбиелік басқарудың кәсіби деңгейін жоғарылату мақсатында ЖОО басқа

әлеуметтік институттармен өзара іс әрекетін қамтамасыз еті жүйесі болып табылады.

- МҒЗЖ мәні туралы педагогикалық кадрлар мен жетекшілердің теориялық білімін кеңейту және тереңдету, заманға сай мақсаты мен міндетін, мазмұнын, түрін, әдістер мен тәсілдерді жетілдіру.

- Жетекшілер мен педагогикалық кадрлардың этнопедагогикалық көзқарасты дүниетанымдарын кеңейту, мемлекеттік тілдің мәніне байланысты ұғымның дұрыс қалыптасуын, өнер, мәдениет, қазақ халқының салт дәстүрі мен әдет ғұрпының мәніне назар аударылып ары қарай дамыту.

- Этнопедагогикалық білім мәселесі бойынша мамандарды дайындау және қайта даярлау.

Сонымен, жұмысымыздың осы бөлімінде біз тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісін, оның жүйесін және сол жүйені табысты жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық шарттарды ашуға тырыстық. Ал жұмысымыздың келесі кезеңінде тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастырудың тәжірибелік зерттеу бағдарламасы арқылы жоғарыда айтылған тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісін, оның жүйесін және сол жүйені табысты жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық шарттардың тиімділігін дәлелдедік.

3.2 Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламасы және кезеңдері

Тәжірибелік жұмысымыздың келесі кезеңінде тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің жоғарыда аталып өткен (3.1) педагогикалық шарттары негізінде зерттеу болжамдары жасалды. Бұл шарттар ретінде біз оқытушы, технологиялар, әдіс-тәсілдер, қалыптастырушы орта категорияларын қарастырған болатынбыз. Сонымен қатар, ЖОО кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыруға бағытталған арнайы курс құрылып, сол курстың нәтижелері сараланды.

Зерттеу жұмысының негізгі эмпирикалық болжамы:

Егер, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде білім беру үдерісінің теориялық моделі мен әдістемесі жасалып, практикаға ендірілсе, онда білім алушының дүниетанымдық мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасады, өйткені ұсынылған жүйе педагогикалық-психологиялық теорияларға негізделеді.

Олай болса, зерттеу жұмысымыздың негізгі болжамына сәйкес, төмендегі эмпирикалық болжамдар жасалынды:

Бірінші эмпирикалық болжам, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы мен оқытушының білім беру арасында тығыз байланыс бар.

Екінші эмпирикалық болжам, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы мен ЖОО педагогикалық технологияларды қолдану арасында тығыз байланыс бар.

Үшінші эмпирикалық болжам, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімділігін арттыру мен тиімділікті арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдер арасында тығыз байланыс бар.

Төртінші эмпирикалық болжам, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы арнайы жасалған қалыптастырушы ортаға тікелей байланысты.

Бесінші эмпирикалық болжам, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы мен магистранттардың дүниетанымдық деңгейлерін арнайы анықтап отыру арасында тығыз байланыс бар.

Осыған сәйкес *зерттеу жұмысымыздың міндеттері* айқындалды:

- бірқатар бақылаулар жүргізу және оқытушылардан, білім алушылардан сауалнама алу;

- магистранттардың білім алу үдерісіне қанағаттану жағдайын және тұлғалық дүниетанымдық мәдениеттерінің қалыптасу деңгейлерін бақылау және анықтау;

- жинақталған эмпирикалық мәліметтерге талдау жасау;

- нәтижелерді жинақтап талдау және қорытынды жасау.

Тәжірибелік зерттеудің әдістері: Толық және нақты нәтижелерге қол жеткізу мақсатында қолданылған зерттеу әдістері: бақылау, сауалнама жүргізу, сұхбаттасу, жинақталған мәліметтерге сандық және сапалық талдау жасау.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы үш кезеңде жүргізілді. Яғни,

I-кезең – анықтау эксперименті;

II-кезең – қалыптастыру эксперименті;

III-кезең – бақылау эксперименті.

I кезең. *Анықтау экспериментінің мақсаты* - жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруда олардың бұл мәселе туралы пікірлерін білу мақсатында арнайы дайындалған сауалнамалар, жедел-сұрақнама беріліп, бақылау жүргізілді, нәтижесінде жалпы білімдері мен біліктіліктері, тәжірибелері анықталып, сұрыпталды.

Зерттеу барысында жүргізілген теориялық-әдіснамалық талдаулар барысында және *анықтау экспериментінің* нәтижелері жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін

қалыптастыру үдерісінің жүйесін жүзеге асыруға дайындаудағы тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын үш кезеңде (*айқындау, ұйымдастыру, бағалау*) жүргізуге мүмкіндік берді:

1) *айқындау кезеңі* – анықтаушы эксперимент жұмыстарының нәтижелері сараланып, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың мазмұндық сипаттамасы анықталды.

2) *ұйымдастыру кезеңі* – тәжірибелік-педагогикалық жұмыстарды жүргізу жағдайларын қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінің мүмкіндіктеріне сай, зерттеліп отырған мәселелерге байланысты магистранттардың даярлығын қалыптастырудың оңтайлы жолдары анықталды.

3) *бағалау кезеңі* – арнайы жұмыстар ұйымдастыру: магистранттарға арналған «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі дайындалды, педагогикалық зерттеу жұмыстары ары қарай жалғастырылды.

Сонымен бірге анықтау эксперименті барысында үш компонент бойынша (*мотивациялық-мақсатты, эмоционалды-құндылықты, когнитивті, іс-әрекеттік, рефлексивті*) даярланған сауалнама арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру деңгейлері анықталды.

Тәжірибелік зерттеу жұмысымыздың бірінші болжамына сәйкес, біз «Оқытушының сабақ үстіндегі қимылдарын бағалау» сауалнамасын жүргіздік (қосымша Б).

«Оқытушының сабақ үстіндегі қимылдарын бағалау» сауалнамасын жүргізудегі мақсатымыз: оқытушының сабақ жүргізу барысындағы бейвербалды қарым-қатынасының негізгі компоненттері ерекшеліктерінің білім алушыларға қаншалықты әсер ететіндігін зерттеу.

Зерттеудің барысы: зерттеу жұмысы әр түрлі топтардағы оқытушыларға бірнеше сабақ барысында жүргізілді. Бақылау жүргізу кезінде оқытушының сабақ үстінде қандай дене қимылдарын және қаншалықты жиі қолданатыны анықталды. Жүргізілген бақылаулардың нәтижесінде оқытушылардың жиі қолданатын ишараттары, дене қимылдары, сондай-ақ оларды қолдану жиілігі белгіленді.

Біз зерттеу барысында түйген білімдерімізді тұжырымдай келе оқытушылардың қолданатын дене қимылдарының түрлеріне қысқаша сипаттама береміз:

1. Нұсқаушы қимылдар (саусақпен немесе көрсеткіш таяқшамен) көп жағдайда өктемдікті немесе басымдықты білдіретін ишарат ретінде қарастырылады, алайда, біздің ойымызша, бұл нұсқаушы қимыл берілген ақпаратты бекітуші немесе білім алушыға білім беру кеңістігінде бағдар беруші ишарат ретінде жиі қолданылады.

2. Саусақтарын айкастыру – қобалжуды білдіретін ишарат қимылы болғандықтан, оны педагогикалық қарым-қатынас барысында қолданбаған орынды.

3. Көрсеткіш таяқшаны немесе қолындағы сақинасын қозғай беру, басын сипалау – оқытушының өзіне сенімсіздігін, қатты мазасыздануын білдіретін қимылдар.

4. Жасырын кедергілерді (белгілі бір заттардың, үстелдің және т.б. көмегін) пайдалану – педагогтің айналасындағы адамдардың жағымсыз әсерінен қорғану үшін, өзіне-өзі сенімсіз болған жағдайда тірек іздеу әрекеті болып табылады.

5. Қолымен бүйірін таяну – тыңдаушыларға қысым көрсету, басымдық және өктемдік танытуды білдіретін қимылдар.

6. Жауаптарды тыңдау кезінде сұқ саусағын (алақанын) бетіне тіреу жауап берушіге немесе оның айтып отырған жауабына сынай қарауды, жағымсыз көзқарасты білдіретін қимыл.

7. Үстелді ұру – ашуланғанды, жақтырмағанды, ыза болуды білдіретін қимыл.

8. Ашық кейіп таныту, сондай-ақ алақанын ашық ұстау – оқытушының жағымды, қарым-қатынас жасауға ашық, педагогикалық қызметтің тең дәрежедегі, демократиялық стилін ұстанатынын білдіретін қимылдар.

9. Үстелге, орындыққа қолын тіреп, сүйену – белгілі бір нәрсеге көңілі толмауды, өзіне сенімді болу үшін сүйеніш іздеуді білдіретін қимылдар.

10. Қолымен сипаттаушы-бейнелеуші қимылдарды көрсету – белгілі бір нәрсені, ерекше құбылысты сипаттап беруге көмектесетін, яғни ауызша жеткізілетін мағлұматтарды толықтыратын дене қимылдары.

11. Аузын қолымен көлегейлеу, құлағын, көзін уқалау – оқытушының өзіне сенімсіздігін білдіретін қимылдар.

Сауалнамаларды бағалау үшін төмендегідей баға шкаласы қолданылды:

а) жауабы – 3 балл; ә) жауабы – 2 балл; б) жауабы – 1 балл; в) жауабы – 0 балл.

Бақылау жүргізу, тестік сұрақтар алу, оқытушылармен сұхбаттасу өткізу нәтижелері және оларды жан-жақты талдау төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Тәжірибелі оқытушылар сабақта белгілі бір ишарат қимылдарын пайдалануды жиі жоспарлайды, қимыл-қозғалыстардың көпшілігі (әсіресе нұсқаушы қимылдар) алдын ала нақты ойластырылады.

2. Оқытушылардың көпшілігі сабақ жүргізу барысындағы бейвербалды қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін жеткілікті деңгейде сезінбейді, дегенмен, жалпы өз қимыл-әрекеттеріне көңілдері толады. Өздерінің ишарат қимылдарын қолдану деңгейін белгілейтін коэффициент орташа.

Жүргізілген зерттеудің нәтижелері оқытушылардың басым көпшілігі (әдетте бұл еңбек өтілі көп тәжірибелі оқытушылар) сабақ барысында белгілі бір қимылдарды пайдалануды алдын ала жоспарлайтынын көрсетеді. Олардың кейбіреулері сызбалармен, суреттермен жұмыс істеу барысында нұсқап көрсету қимылдарының кездейсоқ қолданылмайтынын атап көрсеткен. Сонымен қатар, кейбір сипаттаушы-бейнелеуші қимылдар да алдын ала ойластырылады.

Алайда дене қимылдарын мүлдем жұтаң қолданатын оқытушылар да кездеседі. Сонымен бірге, кейбір топтарда оқытушының қимыл-қозғалыс ерекшеліктеріне бақылау жүргізілетіні туралы хабарланғанын айта кету қажет (I топ). Ал басқа топтарда қимыл-ишарат арқылы қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу мақсатында бақылау жүргізілетінін сабақ аяқталғаннан кейін ғана хабарланған (II топ). Атап айта кететін қызықты мәселе, I топқа жатқызылған оқытушылардың жұмысында «жабық позиция», «жасырын кедергілер» сияқты қимылдар өздерін сабақта сенімді ұстап, топпен еркін қарым-қатынас жасайтын II топтағы оқытушыларға қарағанда жиірек қолданылды. Оқытушылардың басым көпшілігі студенттермен қарым-қатынас жасау барысында өздерінің бейвербалды әрекеттерінің ерекшеліктерін жақсы сезінеді – олар өздеріне тән ишарат қимылдарын нақты белгілеп, қимыл-ишарат түрлерін қиындықсыз тандайды.

Жалпы алғанда, оқытушылардың өздері сабақ барысында қолданатын қимылдарына көңілдері толады, белгілі бір қимыл-қозғалыстарының орынсыз болғаны туралы әсерлері жоқ.

Көптеген оқытушылардың сабаққа бөгде адамдар қатысқан кезде топпен қарым-қатынас жасауда өздерін сенімсіз сезінетінін, кей кезде өктемдіктің белгілері байқалатынын көрсетеді.

Адамның бүкіл өмірі басқа адамдармен үнемі қарым-қатынас жасау барысында өтеді. Қарым-қатынас үдерісінің барлық жақтары: коммуникативтік (қарым-қатынас жасаушы тұлғалардың ақпарат алмасуы), интерактивтік (өзара әрекеттестікті ұйымдастыру), перцептивтік (бірін-бірі қарым-қатынастағы әріптестер ретінде қабылдау және өзара түсіністік орнату) – белгілі бір құралдар жүйесінің болуын талап етеді. Мұндай құралдар ретінде сөйлеу, белгілердің оптикалық-кинетикалық жүйесі (ымдау, мимика, пантомимика), паралингвистикалық (дауыс сапасы, оның диапазоны, дауыс тоны) және экстралингвистикалық (сөйлеуде кідірістер, жөтелу, сызбаларды енгізу және т.б.) белгілер жүйесі, коммуникативтік үдерісті ұйымдастыру кеңістігі мен уақыты (проксемика), көру арқылы қарым-қатынастағы «көзбен байланыс орнату», басқа адамдардың қабылдауы үшін әрекет барысында «өзін ашу» және бірлескен қызметті ұйымдастыру мақсатында қолданылатын тағы басқа көптеген тәсілдер жатады. Белгілі бір әлеуметтік қажеттіліктерді (еңбек ету, жетекшілік ету, танымдық, аффилиативтік және т.б. қажеттіліктер) қанағаттандыруға арналған коммуникативтік әрекеттер мен операциялардың жиынтығын «қарым-қатынас шеберлігі» деген терминмен атауды жөн көрдік.

Екінші эмпирикалық болжам, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы мен ЖОО педагогикалық технологияларды қолдану арасында тығыз байланыс бар. Олай болса, зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде жедел-сұрақнама қолдандық.

Анықтау *жедел-сұрақнама* негізінде жүзеге асырылды, онда мынадай сұрақтар қамтылды:

1) Сіздерге оқытуда инновациялық технологиялар қолданыла ма?

А) жиі Б) кейде В) мүлде қолданылмайды

2) ЖОО кейінгі білім беруде инновациялық технологиялар қажеттілігі қанша деп ойлайсыз?

А) өте қажет Б) орташа В) мүлде қажет емес

3) ЖОО кейінгі білім беруде инновациялық технологияларды қолдану арқылы нәтижелілікті қаншалықты көтеруге болады деп ойлайсыз?

А) жоғары Б) орташа В) төмен

Зерттеу жұмысымыздың үшінші эмпирикалық болжамына сәйкес, келесі кезекте «Әдістерді таңдауда қандай өлшемдерді қолданар едіңіз?» сауалнамасын жүргіздік. Сауалнама төмендегі сұрақтарды қамтыды:

1. Сіздерге оқытушылар тарапынан қандай әдістер қолданылады:

2. Әдістер төмендегі қай көрсеткіштерге сай болуы керек деп ойлайсыз?

а) қызықты ә) ой туғызатын б) танымдық в) белгілі мақсатты

3. «Миға шабуыл» әдісінің негізгі мақсаты қандай?

а) шатастыру ә) ой қозғау б) логикалық ойлау в) қызықтыру

4. Сократтық әдістің мақсаты?

а) ақыл ойды қозғау ә) шындықты бірлесе іздеу б) өз жауабыңыз

5. Жалпы осындай әдістерді ЖОО кейінгі білім беруде қолдану қажет пе?

а) міндетті түрде ә) кейде б) қажет емес в) мүлде қажет емес

6. Дебат ойындарына қатыса отырып, білім алушы өзінің дүниетанымын кеңейте алады деп ойлайсыз ба?

а) арине ә) жартылай келісемін б) мүлде келіспеймін

7. Жобалау әдісі білім алушының танымдық дүниетанымын қаншалықты деңгейде көтере алады деп ойлайсыз?

а) өте жоғары ә) жоғары б) орташа в) төмен

8. Искерлік ойынның жүргізілу ретін білесіз бе?

а) толық білемін ә) шамамен білемін б) мүлде хабарым жоқ

9. Рөлдік ойындар ЖОО кейінгі білім беру жағдайында қолдануға қаншалықты қолайлы?

а) жоғары ә) орта б) төмен

10. Тренинг жүргізуді білесіз бе?

а) иә ә) шамамен білемін б) жоқ

Аталып өткен сұрақтардың барлығы білім алушылардың белгілі бір әдістер туралы білімдері туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді. Сауалнама нәтижесі келесі бөлімде толық баяндалады.

Төртінші эмпирикалық болжамымызға сәйкес, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы арнайы жасалған қалыптастырушы ортаға тікелей байланысты болатындығын дәлелдеу үшін тәжірибеге қатысушыларды арнайы екі топқа бөлдік. Олар:

- бақылау тобы (бұл топта ұйымдастырылған тәжірибелік жұмыстар арнайы қалыптастырушы орта жағдайында жүзеге асырылмайды);

- тәжірибелік топ (бұл топта ұйымдастырылған тәжірибелік жұмыстар арнайы қалыптастырушы орта жағдайында жүзеге асырылады).

Бесінші эмпирикалық болжам, яғни тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы мен магистранттардың дүниетанымдық деңгейлерін арнайы анықтап отыру арасында тығыз байланыс бар екендігін анықтау үшін біз бірнеше бағыттарда қарастырдық. Олар: білім алушының өзін-өзі бағалауын анықтау, өзіндік баға беру деңгейін анықтау жүргізілді.

Осы мақсатқа жету үшін бірнеше әдістемелер таңдап алынды.

Біріншіден, «**Өзін-өзі бағалау**» әдістемесі. Мақсаты: жеке тұлғаның өзіндік қасиеттеріне беретін бағасының шынайылық деңгейін анықтау.

Қосымша: жеке тұлғаның өзіндік бағалауын жат көзбен берілетін бағамен салыстыру, ұжымда алатын орнын бағалау.

Нұсқау бойынша сынаққа қатысушы берілген 20 қасиеттің ішінен өзіне тән, бойында бар қасиеттерді белгілеп шығуы тиіс. Ол үшін мына қатарлар беріледі.

Идеалды адамға тән қасиеттер:

- Адалдық
- Адамгершілік
- Шынайылық
- Қарапайымдылық
- Жанашырлық
- Жауапкершілік
- Лидерлік
- Инабаттылық
- Тұрақтылық
- Шыдамдылық
- Тіл табысушылық
- Сенімділік
- Ақылдылық
- Ұстамдылық
- Мейірімділік
- Ақкөңілділік
- Кішіпейілділік
- Сыйластық
- Тапқырлық
- Сыпайылық

Зерттелінуші белгілеп болғаннан кейін, қасиеттер тізімін зерттелінуші жақсы білетін адамға беру керек.

Нұсқау: сіз (зерттелінуші – Айдос) осы тізімнен Айдосқа тән қасиеттерді белгілеңіз. Жауабыңыз өте шынайы болуы қажет.

Соңында зерттелінушінің белгілеген қасиеттерін бөлек, оның құрбысының белгілеген қасиеттері төмендегі формула бойынша бөлек есептелінеді.

U-жалпы қасиеттер саны /20 қасиет/

X-зерттелінушінің өзі белгілеген қасиеттері

Өзіндік баға $=X/U*100\%$

U-жалпы қасиеттер саны /20 қасиет/

X-шет көздің бағасы

Сырт көздік баға $=X/U*100\%$

Бағалау критерийлері

100%- өте жоғары (мүмкін емес)

80-90% - жоғары деңгей

60-80% - ортадан жоғары деңгей

40-60% - орта деңгей

20-40% - ортадан төмен

10-20 % - төмен деңгей

0-10% -өте төмен (мүмкін емес)

Соңында өзіндік баға мен шет көздің бағасы салыстырылады.

Екіншіден, **Өзіндік бағаның деңгейін анықтауға арналған тест** қолданылды (қосымша В). Мақсаты: тұлғаның өзіндік бағалау деңгейін анықтау.

Тест 10 сұрақтан тұрады. Әр сұрақта үш жауаптан берілген, тиісті жауапқа тиісті ұпай беріледі. Тест соңында тиісті ұпайлар жинақталып, нәтиже шығарылады. Тест өңделуі бойынша өзіндік баға берудің үш деңгейі анықталады:

Жоғары деңгей - 50-38 ұпай аралығы. Мұндай адамдар өздеріне риза және сенімді болады. Адамдарға үстем болу қажеттілігі үлкен. Ойын, өзінің «Мен» қасиетін көрсеткенді жақсы көреді. Олар туралы біреулер сын айтса, мән бермейді, бірақ басқаларға сын айтқанды жақсы көреді. Ұпай саны жоғары болған сайын мұндай адамдар өздерін жақсы көреді, бірақ басқаларды ұнатпайды анықтамасы дәл келеді. Олардың кемшілігі: ешқандай сыни ақпараттарды қабылдамайды.

Орта деңгей - 37-24 ұпай аралығы. Мұндай адамдар өз-өзімен үйлесімділікте өмір сүреді. Олар өздерін жақсы біледі және сене алады. Адамдармен қатынаста, жеке бас мәселерінде қиын жағдайлардан шығудың жолын әрдайым таба біледі. Мұндай тұлғалардың қарым-қатынас формуласы: «өзіңе риза, басқаларға да риза бол». Өз-өздерін дұрыс бағалайды және өзгелерге көмек беріп тірек бола алады.

Төмен деңгей - 23-10 ұпай аралығы. Мұндай адамдарға өздерінің интеллекті, қабілеттері, жетістіктері, жасы, тіпті жынысы да ұнамайды. Өздеріне риза емес. Өзіндік бағалау деңгейлері өте төмен деңгейдегі адамдар.

Бұл әдістемелердің барлығы зерттеу жұмысымыздың алғашқы анықтау кезеңінде жүргізілді.

II кезең. Жоғарыдағы жасалған талдау барысында анықталған магистранттардың түсініктерінің төмендігі әрі бір жақтылығы; жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесі бойынша әдістемелік жүйенің жоқтығы *қалыптастыру экспериментін жүргізу* қажеттілігін туғызды.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Анықтау кезеңіндегі нәтижелердің қорытындысына сәйкес келесі кезекте қалыптастырушы эксперимент жүзеге асырылды. Бұл кезеңде зерттеу жұмысымыздың 3.1 бөліміндегі тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің сызбасына сәйкес тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

Оқу үдерісінде тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруға байланысты магистранттармен «Ғылыми зерттеу жұмыстарының әдістемесі» пәнінен қосымша тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар, магистранттардың ұйымдастыруымен студенттер арасында "Экспо көшбасшысы" зияткерлік сайысы өткізілді. Мақсаты: 1851 жылдан бастау алып келе жатқан дүниежүзілік көрмелер тарихы және 2017 жылы Қазақстанда өтетін ЭКСПО көрмесі туралы білімдерін тереңдету. Шығармашылық қабілеттерін нығайту, тарихи зерделілік қасиеттерін дамыту және қоғам жаңалықтарынан және өзгерістерінен тыс қалмауға баулу. Отанымыздың жетістіктеріне мақтаныш сезімін ояту.

Өткізілу формасы: "XXI ғасыр көшбасшысы" зияткерлік бағдарламасы негізінде.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, ЭКСПО дүниежүзілік көрмелері және сайыс бөлімдерінің тапсырмалары туралы слайдтар.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Әділқазылармен таныстыру.

III. Сайысқа қатысушылармен таныстыру.

Сайыстың барысы:

I бөлім. "Бәйге". Әрбір сайыскерге 4 сұрақ қойылады. Әр дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі.

1. Дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі тұңғыш өткен жыл?

2. Халықаралық көрмелер бюросы қашан құрылды?

3. 1876 жылы АҚШ - тың алғашқы ЭКСПО көрмесі қай қаласында өтті?

4. 1889 жылы ЭКСПО көрмесінің символына айналған Лондонда тұрғызылған ғимарат?

5. АҚШ тарихында дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі қанша рет өтті?

6. Австро- Венгрия империясы дүниежүзілік ЭКСПО көрмесін қай жылы өткізген еді?

7. 1888 жылғы дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі Испанияның қай қаласында өтті?
8. 1893 жылы дүниежүзілік ЭКСПО көрмесінде Чикагода орыстың көрнекті ғалымы Славянов өзі ойлап тапқан қандай құралды ұсынған ?
9. 2008 жылы дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі өткен мемлекет?
10. Қазақстан дүниежүзілік ЭКСПО көрмесінде қанша рет өз павильонын орнатты?
11. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1958 жылы алғашқы "бейбіт" көрме өткен қала?
12. 1967 жылы адамдардың ғарышқа деген қызығушылығы артқан уақытта, Кеңес Одағының павильонына 13 млн. көрермен келген, дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі өткен қала?
13. Дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі 2015 жылы өтетін қала?
14. 2010 жылы "Жақсы қала - жақсы өмір" тақырыбымен дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі өткен қала?
15. 2005 жылы "Табиғат даналығы" тақырыбымен дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі өткен қала?
16. 1988 жылы "Техника ғасырындағы бос уақыт" тақырыбымен дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі өткен қала?
17. 1986 жылы " Көлік және байланыс: қозғалыстағы және байланыстағы әлем" тақырыбымен дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі өткен қала?
18. 1855 жылы адамдар алғаш рет көгалшапқыш, кір жуу машинасы, сөйлейтін қуыршақ сияқты өнертабыстарымен танысқан көрме өткен қала?
19. Франция астанасында австриялық император І Франц Иосиф, пруссия королі І Вильгельм және ресейлік патша ІІ Александр кездескен дүниежүзілік көрме қалай аталған?
20. Дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі Францияда алғаш қай жылы өтті?
21. Халықаралық көрмелер бюросына қазіргі күнде қанша ел мүше?
22. Халықаралық көрмелер бюросының штаб - пәтері орналасқан қала?
23. 2000 жылы "Адамзат, табиғат және технологиялар" тақырыбымен дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі өткен қала?
24. 1851 жылы Лондонда өткен дүниежүзілік ЭКСПО көрмесінің символына айналған ғимарат қалай аталған еді?
25. Алғашқы рет Александр Грэм Беллдің телефоны және Томас Альва Эдисонның телеграфы көрермендер назарына ұсынылған көрме өткен қала?
26. Дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі тұңғыш өткен жыл?
27. 1986 жылы Ванкуверде өткен дүниежүзілік көрменің символына айналған роботтың атауы?
28. 1893 жылғы Чикагодағы алғашқы көрме қалашықтарының қарлығашы не деп аталды?
29. Қазақстанда 2017 жылы өтетін мамандандырылған ЭКСПО көрмесінің тақырыбы не деп аталады?

30. Қазақстан 2017 жылы ЭКСПО дүниежүзілік көрмесін өткізу құқығын жеңіп алған күн?

31. 1925 жылы Париж көрмесінде этнографиялық концертке қатысып, күміс медальға ие болған қазақтың дарынды әншісі кім?

32. Бірінші рет Қазақстан жалауы 1998 жылы қай ел көрмесінде желбіреді?

Сайыскерлерді іріктеу. Ұпай саны аз 2 қатысушы сайыстан шығады.

II бөлім "Көкпар". Жасырын сандар беріледі. Бұл сандардың астында сұрақтар жасырылған. Сұрақтарды таңдау сайыскерлердің өз еркінде. Әр дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі.

20/1: Қазақстан Халықаралық Көрмелер Бюросына мүше болған жыл? (1997 жыл)

20/2: Тұңғыш дүниежүзілік көрме өткен жыл? (1851 жыл)

20/3: Қазақстан ЭКСПО - 2017 дүниежүзілік көрмесін өткізу құқығын жеңіп алған күн? (2012 жылы 22 қараша)

30/1: Лондондағы алғашқы дүниежүзілік көрме өткен саябақтың атауы? (Гайд саябағы)

30/2: 1958 жылы Брюссельде өткен дүниежүзілік көрменің символына айналған ғимараттың атауы? (Атомиум)

30/3: 1889 жылы Парижде өткен дүниежүзілік көрменің символына айналған ғимараттың атауы? (Эйфель мұнарасы)

40/1: ЭКСПО - 2017 мамандандырылған көрмесінің өтетін уақыты? (10 маусымнан 10 қыркүйек аралығы)

40/2: Шанхай ЭКСПО - 2010 -дағы Қазақстан павильонының тақырыбы қалай аталған? ("Астана- Еуразия жүрегі")

40/3: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕЛЕР БЮРОСЫ құрылған уақыт? (1928 жылы 22 қараша)

Сайыскерлерді іріктеу. Ұпай саны аз 2 қатысушы сайыстан шығады.

III бөлім. "Тіл өнері". Мұнда дүниежүзілік көрмелерде қол жеткізген жаңалықтар туралы жұмбақ - сұрақтар қойылады. Жауапты кім бірінші болып тапса, сол сайыскер бұл сөздің орысша және ағылшынша баламасын табады. Әрбір дұрыс жауап 10 ұпай, орысша дұрыс жауабы 20 ұпай, ағылшынша дұрыс жауабы 30 ұпай, жауапты үш тілде жеткізген білім алушыға толық 30 ұпай қосылады.

1. ЭКСПО атауының түбірі қандай сөзден шыққан? (Жәдігер, экспонат, ...)

2. 1851 жылғы тұңғыш дүниежүзілік көрменің символына айналған ғимарат? (Хрусталь сарайы, ...)

3. 1904 жылғы Сент - Луис көрмесінің атын шығарған, бір ғасырдан өтсе де ескірмей келе жатқан жаңалық не? (Балмұздақ, ... , ...)

4. ЭКСПО - 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің тақырыбы не деп аталады? ("Болашақтың энергиясы", ... , ...)

5. 1893 жылғы Чикагодағы алғашқы көрме қалашық не деп аталды? ("Ақ қала", ..., ...)

Сайыскерлерді іріктеу. Ұпай саны аз 2 қатысушы сайыстан шығады.

IУ бөлім. "Жорға" Танымал тұлғалар. Әрбір сайыскерге 5 - 5- тен сұрақтар беріледі. Сандардың астында сұрақ жауабының суреті жасырылған. Дұрыс жауап берілсе, суреті ашылады.

1-сайыскерге қойылатын сұрақтар:

1. 1867 жылы Парижде өткен көрмеге қатысқан танымал тұлғалар, мемлекет қайраткерлері де болды. Мәселен, Португалия патшайымы Мария Пиа Савойская, Швеция ханзадасы Оскар, Бельгия королі Леопольд II және оның әйелі Мария-Генриетта, түрік сұлтаны Абдулазиз, жапон ханзадасы Токугава Акитаке, Отто фон Бисмарктер мен бірге көрмені тамашалаған орыс патшасын атаңыз? (II Александр)

2. 1876 жылы Филадельфиядағы көрмеге телефонды ұсынған ғалым кім? (А.Грэм Бэлл)

3. 1958 жылы Брюссельде өткен дүниежүзілік көрмеде "Қарақұм ГРЭС - індегі таң" картинасы үшін күміс медаль иеленген қазақтың ұлы суретшісі кім? (О.Таңсықбаев.)

2-сайыскерге қойылатын сұрақтар:

1. Америка құрлығының ашылғанына 400 жыл толу құрметіне 1893 жылы Чикагода өткен бүкіләлемдік көрме испан саяхатшысының есімімен қалай аталды? ("Колумбтық")

2. 1925 жылы Париж көрмесінде этнографиялық концертке қатысып, күміс медальға ие болған қазақтың дарынды әншісі кім? (Ә.Қашаубаев.)

3. 1876 жылы Филадельфиядағы көрмеге жазу машинасын ұсынған ғалым кім? (Ремингтон)

Қорытынды сөз әділқазылар алқасына беріледі. Сайыстың нәтижесі бойынша "ЭКСПО КӨШБАСШЫСЫ" номинациясы анықталды. Жеңімпаз сайыскер мақтау қағазымен марапатталды.

Бұл шараны өткізудегі мақсатымыз, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісін түрлендіру болып табылды.

Осы шараның екінші жағы бойынша, студенттер мен магистранттардың дүниетанымдық мәдениет деңгейлерін салыстыру болды.

Мәселен, осы ойынның бірінші бөлімінде ұсынылған сұрақтарды (32 сұрақ) студенттер арасында жүргізіп көргенімізде, сынаққа қатысушы студенттердің шамамен 30 % - ғана дұрыс жауаптар берді, ал магистранттардың 43 % -ы ғана сұрақтарға жауап бере алды. Демек, екі таңдамалылар арасындағы айырмашылық бірлік шамамен 7 пайызды ғана құрайды. Ал дүниежүзілік мәдениет, соның ішінде өз елімізде жоспарланып отырған айтулы оқиғаға қызығушылықтың әлі де төмен екендігін көруге болады.

Демек, бұл жерден шығатын тұжырым негізгі оқу үдерісімен қоса ЖОО кейінгі білім алу жағдайында білім алушыларды әртүрлі бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларымен қамту қажет. Сонымен бірге, қалыптастырушы эксперимент барысында магистранттармен түрлі тақырыптарда *тренингтер* жүргізілді. **Тренинг** – білімді дамыту немесе адамды оқытуда жоспарланған жағдайға жүйелі күш салу арқылы орындау. Жұмыс жағдайында тренинг адамның бір немесе бірнеше әрекет түрлерін нәтижелі орындауынан білім мен дағдыны меңгеру қабілетіне негізделеді. Тренингтік жаттығулар кейбір жағдайларда тұлғалық өзгеруге түрткі қызметін атқарады. Өзіндік сана тұлғаның даму үдерісін жанама түрде және мазмұндау арқылы қарым-қатынас үйлесімділігін орнатып және қарым-қатынастағы қиындықтардың себебін ұғыну динамикасына ықпал етеді. Тренинг барысында мынандай жағдайларға да дайын болуы тиіс, олар: ыза, қатты дауыс, дөрекілік, өзімшілдік, қатыспаушылық, қажетсіз күлкі, ынтасыздық, шыдамсыздық немесе «сөзге керісу», қажетсіз сөзге араласу; тыныштық, селсоқтық; қылжақтық және т.б [196].

Жетекші, жаттықтырушы, ұйымдастырушы немесе жүргізуші мына мақсаттарды негіз етіп алуы жүктелінді:

- жеке тұлғаны дамыту;
- қатысушылардың әлеуметтік – психологиялық құзыреттілігін, білімін көтеру;
- қатысушылардың белсенді әлеуметтік бағытын көтеру, дамыту;
- өзінің және қоршаған адамдардың өмірінде маңызды өзгерістер жасау мүмкіндіктерін дамыту;
- өзін-өзі және басқаларды толық тану;
- жеке тұлға құндылықтарын ашу, білімдерін көтеру, бәсекелестікті жоюға себепкер болу. Зерттеу жұмысының нәтижелілігі тренингке қатысқаннан кейін тұлғалардың қарым-қатынас барысында өздерін ұстауы, жүріс-тұрысының өзгергендігін, сөйлеу мәнері мен мәдениетінің жоғарылағандығын байқауға болады [179].

Психологиялық тренингті ұйымдастыру ерекшеліктері туралы айта кетсек. Кез-келген практик психолог өз қызмет жолында психологиялық тренингтерді өткізуге міндетті. Бұл тренингтер әр түрлі тақырыптарды қамтиды. Психологиялық тренинг қалай ұйымдастырылады және жүргізілу барысы туралы сөз алдында, «тренинг» ұғымын толық ашып алу қажет. Тренингтің үйрену, білім беру және дамыту ұғымдарына сәйкестігін анықтау. Үйрену – зерттеу немесе нұсқаушының білім, дағды және тәжірибе жинау үдерісі. Білім беру немесе оқыту тар көлемді әрекеттегі мәселені талдап, кең мағынада шешуде білім және құндылықтарды жүйелі меңгеру үдерісі. Дамыту – жеке тұлғада саналы және бейсаналы үйрену мүмкіндіктерін кеңейту және икемдіктерінің өсуі. Психологиялық тренингтің ең маңызды мәселесі — өзінің жек даралық қасиеттері арқылы тұлғаның өзін-өзі ашуына көмек береді. Ал, ол үшін ең бастапқы жағдайда адам өзін жеке тұлға ретінде қабылдап және

түсіне білуге үйренуі қажет. Тренингтердің жағымды нәтижелі болуына жаттықтырушыға бірнеше талаптар қойылады [179]:

- қоршаған жағдай туралы мағлұмат;
- қатысушылар саны қаншалықты үлкен;
- бөлме көлемі қандай;
- бөлме жаңғырығы, акустикасы қатысушыларға түгелдей естіледі ме;
- жаттығудың негізгі құрылымы қандай;
- қандай оқу құралдары қолданылмайды;
- жаттықтырушы бөлменің қай бұрышында тұрады;
- плакат, тезис, резюмелер қолданылады ма;
- орындықтар қалай орналасқан;
- бөлмеде сағат бөлу қажет пе;

Психологтың қолайлы нәтиже алу мен ықпал ету қабілетін орнату үшін жүргізілетін тренингтің жалпы мақсаты төмендегі міндеттерді шешеді:

- білімдерді толық меңгеру;
- жаңаны үйрену мен тапсырманы орындау барысында және топтық қарым-қатынас өрісінде ептілік пен дағдыны қалыптастыру;
- табысты бірлескен іс-әрекет орнатуды дамыту;
- өзін-өзі және басқа адамдарды танудың толық және тепе-теңдік мүмкіндіктерін дамыту.

Әрбір бөлімнің құрылымында біз материалды зерттейтін ортақ игеру логикасын және тұлғалардың өзіндік бақылауы мен бағалауын қалыптастыруда төменгі аспектілері жүзеге асырылды:

- Мен қандаймын?
- Мен не істей аламын және осыны қалай қолдану керек?
- Менде жоқ қасиеттерді мен қалай дамытуым және икемдеуім керек?

Әрбір сабақтың құрылымында біз жұмыстың негізгі кезеңдерін ерекшелейміз. Яғни, білім алушы колледж білімгерлерімен түзетіп-дамытатын формалардың дәстүрлі түрлері:

- Сәлем беру рәсімі;
- Жаттығу тапсырмалары;
- Үй жұмысы, өткен сабақтың рефлексиясы;
- Тапсырманың негізгі құрылымы
- Өткен сабақтың рефлексиясы
- Қоштасу рәсімі

Бұл жастағы тұлғалармен осы тектес жұмыстар аптасына 1-2 рет өтеді. Тренинг ұзақтығы – 1 сағаттан 3 сағатқа дейін.

Қасытушылармен жүргізілетін дамыту-түзету жұмыстарының құрылымында келесі бөлімдер ерекшеленеді:

Кіріспе бөлімі. Оның басты мақсаты қатысушыларды тапсырмалармен жұмыс түрімен, топтың бірігуімен, ондағы жағымды атмосферамен, жеке анализдың алғашқы түрін қалыптастыру және өзін-өзі оқу барысында субъект ретінде тануын қалыптастыру. «Танымдық үдерісі» бөлімі. Оның мақсаты есте

сақтау, зейін, ойлау, қабылдау процестерінің ерекшеліктерін дамыту. Сонымен психологиялық тапсырмалар арқылы осы танымдық белсенділіктің дамуына, шығармашылық қабілеттің қалыптасуына ықпал ету түрлерін анықтауға көмектеседі. **«Назар аудару» бөлімі.** Бұл бөлімде қатысушылардың назарын ортақ мәселені бірге шешуге, бірін бірі қабылдау мен тыңдау ерекшеліктерін қалыптастыруға бағыттайтын түрді игеру. **«Нейропсихологиялық ерекшеліктер» бөлімі** мидың доминанттық бөлімімен тығыз байланыстың танымдық аспектілері қарастырылады [196].

Білім беру орындарындағы оқыту ісінде теориялық даярлық, қоғамдық, педагогикалық және арнайы ғылымдардағы меңгеру психолог мамандарының қызметімен үйлестіре жүргізіледі, ал оны ұйымдастырудың негізгі формасы – тренинг екені дәлел. Тұлғаның жаңа ортаға енуі, құрбыларымен дұрыс қарым-қатынас жасай алуы дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыстарға байланысты. Тренинг мақсаты – адамды нақты тапсырманы орындауға қажетті білім, шеберлік және бағытпен қамтамасыз ету. Тренингте өзгеріс, нәтиже бірден көрінеді. Осы міндеттерді шешу кезінде ұйымдастырылатын тренинг теңдігі түрлері де ерекшеленеді. Рольдік тренинг, видеотренинг, қарым-қатынас тренингі, іскерлік қарым-қатынас тренингі, мәдениетаралық өзара әрекет және т.б. Тренингтер белгілі бір ортадағы мәселелер мен қиындықтарды түзету, өзін-өзі шығармашылық тұрғыда дамытуға, тұлғаның әлеуметтік ортада өзіндік реттелуіне мүмкіндік болатын қажетті жағдайды туғызуға көмектеседі. Тренинг принципіне жататындар:

1. Белсенділік принципі.
2. Зерттеу және шығармашылық қатынасындағы принцип.
3. Мінез құлық объективтілік принципі.
4. Қарым-қатынаста субъект, субъектілік принципі.
5. Шындық принципі.
6. Қазір, осы жерде принципі.

«Адам табиғаттың қызық қасиеттерінің бірі оның айналадағы адамдар көзқарасындағы өз бейнесін ойлауға ұмтылғандығы. Кейбіреулер қиналса да соңына дейін ойнап шығады» — деп Ф. Искандер тұжырымдағанындай әлеуметтік – психологиялық тренингтің басты жоспары – ұйымдастырылған іс-әрекетті соңына дейін жеткізу болып табылатынында. Тренинг барысында жеке бастың дамуы туралы мәселелер нәтижелі шешіледі және коммуникативті дағдылар жемісті қалыптастырылады. Сабақ, оқу процесінде ұйымдастырылған әлеуметтік – психологиялық тренингтер білімгерлердің қарым-қатынастары жақсартады, өздерін белсенді қатысушы және басқаларға әсер етуші жағдайда сезінеді, топтың толық сеніміне кіреді. Әр бір бастаған іс-әрекеттің толық аяқталуын қадағалайды. Ең бастысы – басқаларға өзінің ойы мен сезімін, уайымы мен күдіктенуін сенуге қорықпайды. Кейбір тренингтерді арнайы жоспарланған адамдарға ғана емес, отбасы мүшелеріне, достары және жолдастарға да жүргізуге болады. Тренинг арқылы жақын адамдардың адамдық

қасиеттерін ашып, бағалауға көмек беріледі, сөйлеу мәдениетін, тұлғаның қоғамда өзін ұстау іскерлігін және әдептілік ережелерін сақтауды енгізеді. Дұрыс ұйымдастырылып, жүргізген тренинг жеке тұлға қалыптасуының жетекші құралы екендігіне толық сенімдеміз.

Әлеуметтік психологиялық тренинг арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас формасы. Тренингтің бұл түрін тек психология маманының қызметкерлері ғана емес арнайы психологиялық білімі жоқ мұғалімдер де сабақ беру барысында қолдана алады. Оқу және тәрбие жұмысына жағымды өзгерістер енгізуге, оқу процесін белсендіруге тренингтердің ықпалы жоғары. А.С.Прутченков «Мектептегі әлеуметтік – психологиялық тренинг» еңбегінде, дұрыс ұйымдастырылған тренингтің білім алушыларға жағымды әсері, ұйымдастырушының шеберлігі, педагогикалық қақтығысты реттеуші құрал екендігін атап көрсеткен.

Кез келген тұлғаның жаңа ортаға бейімделуі, құрбылар арасында үйлесімді қарым-қатынас орнатуы, өзін дұрыс таныстыра білуі және т.б. жағдайлары кейде айналасындағылар тарапынан ұйымдастырылған әрекеттерге да байланысты әсер етеді. Сондықтан ең алғашқы кездесуде «Танысу» тренингін жүргізуге болады. Бұл тренингтерде қолданылатын ең бастапқы жаттығу болғандықтан қатысушыларды жұмысқа жауаптылықпен қарым-қатынас жасауға жұмылдыру қажет. Кейде жай ғана танысу мен кездесу адамды түсінуге үлкен маңыз береді. Адам туралы ақпаратты тек сыртқы келбетінен ғана емес, сөзі арқылы да есте сақтауға болады [179].

«Шеңбер бойынша сөз тізбегі» ойыны тренингке қатысушылардың сөздік мағыналы ойлауын, топтық қатынасын, сөйлеу мәнерін дамытуға ықпал етеді. Ойынның ережесі: Қандай да бір қарапайым сөйлем таңдап, қатысушылар сол сөйлемді түрлі дауыс ырғағымен жалғастырулары қажет. Мысалы “Біз компетентті, кәсіби білімді маманбыз”. Енді оң жақтағы ойыншыдан бастап осы сөйлемді кезекпен айтамыз. Ойынның әр қатысушысы сөйлемді жаңа интонациямен айтуы тиіс (сұраулы, қуанышты, таңқалушы, немқұрайлы және т.б.). Егер қатысушы жаңа дауысқа сала алмай айтылғанда қайталаса ойынан шығарылады. Осылайша ойын бірнеше рет ойналады. Басқа адамның интонациясын қайталауға болмайды [196].

«Комплимент» ойыны.

Жаттығудың тапсырмасы – қатысушылардың бірін бірі түсінісуі арқылы эмпатия деңгейін көтеру, тіл табыса алу қасиетін, бірі бірін толық тануын дамыту. Тренингке қатысушылар шеңбер бойымен орналасады. Кез келген қатысушы жағымды комплимент айтады. Ал қалғандары ол кімге арналғанын табады. Комплимент алған қатысушы ойынды әрі қарай жалғастырады. Барлығы түгелдей жағымды эмоция алмайынша ойын аяқталмайды. Осы жаттығу тренингке қатысушылардың қаншалықты қызығушылықпен тапсырмаларды орындағандарын дәлелдеді. Тренинг аяқталғаннан кейін қортынды ширингте «Тренинг саған не берді?» деген сұраққа қатысушылар

өздерінің ойларын ортаға салды. Осыдан тренинг нәтижесінде бірлескен іс-әрекет қарым-қатынас қабілетін арттырып қана қоймай, сонымен қатар тұлғаның дамуы мен өзгеруіне тікелей ықпал етеді [196].

Іскерлік ойын «Жағымсыз қасиеттер жәрмеңкесі» [196].

Ойын ережесі: Шеңберде қатысушылар өздеріне жағымсыз деген қасиеттерін атайды. Олардың тізімі тақтаға жазылады. Осылайша жағымсыз қасиеттер тізімі құрылды. (жалқаулық, асығыстық, артық сөйлеу және т.б.). Топтың міндеті осы жағымсыз қасиеттерді қайта қарап, оның тиімді және жағымды жақтарын табу мен оны жағымсыз қабылдау себептерін анықтау болып табылады. Ал жағымды сипаттама жасап, сол қасиетті қорғап алған қатысушы оны өзіне алады.

Жоғарыдағы жаттығудан кейін эмоциялық қысымды шығару үшін «Жағымсыз эмоциялық күйді шығару» [196] арт терапиялық тапсырма орындалды.

Тапсырма ережесі: Қатысушыларға А4 және А1/4 қағаз беріледі. Олар А1/4 қағазға жағымсыз көңіл күйін түсіреді. Сол қағазды үлкеннің үстіне жапсырып өзінің қалауы бойынша суретті жалғастырады. Кішкентай қағазды жапсырар алдында мына сөздерді айту маңызды «Өмірді ашық, жарық, көңілді жағдайлар өте көп». Сурет қатысушының қалауы бойынша, өзі қалай өзгергертікісі келгенше салынады, боялады.

Тапсырманы қорытындылау үшін талқылау сұрақтары берілді:

- Суретте ненің бейнесі салынған?
- Осы суретті салғанда қандай сезімде болдыңыз?
- Бұл сурет сізге нені көруге әсер етті? т.б.

Ойын «Әрекет» [187].

Ойын ережесі: Қатысушыларға келесі тапсырмалар беріледі. Олар жылдам жауап қайтарулары тиіс:

- Қандай жағдайда үстелде тамақ жеуге, ал стөлде отыруға болады.....
- Астроном айға телескоппен қарап тұр, ал егер оған айдан біреу қарап тұрса ше?
- Полмен патолокты аударыңыз.....
- Суретті аяғынан басына төңкеріңіз.....
- Кеме мен балықтың ауада ұшып жүргенін елестетіңіз.....

Жоғарыда сипатталған жаттығуларды орындау тиімді. Бұл жаттығуда тапсырма немесе құрал – жабдықтар нақты берілмейді, оның орнына тұлғаның басқалармен бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас кезіндегі күйзелісіне, қайтар бағдар беру мүмкіндігін жасайды. Көптеген адамдар қарым қатынас кезінде қиындықтарды басынан кешіруінің бір нұсқасы болуы мүмкін. Өзіңнің көңіл – күйің дұрысталғаннан кейін өзіңе ғана емес, өзгелерге де көмек жасауға болады. Ал қайта бағдар берудің екінші нұсқасы негізсіз тәжірибелердің құндылықтары жөніндегі әңгіме. Осы арқылы адам қоршаған әлем турасында тану дәрежесіне жетеді. Сонымен танымдық белсенділік адамның өмірлік іс-әрекетінің, әсіресе білім, ғылым, өнер салаларында

бөлінбейтін біртұтас бөлшегі. Топта үйлесімді қарым-қатынас орнауы үшін адамның, білім алушының, маманның және т.б. іс-әрекетін сапалы ұйымдастыру, ақпаратты жүйелеу, оны қабылдауға жағдай жасай отырып, бағыт, бағдар беру болып табылады. Оның дәлелі ретінде психологиялық тренингтер жүргізу арқылы тұлғаның танымдық белсенділігін дамытуға тиімді қол жеткізуге болады [196].

Міне, зерттеу жұмысымыздың II қалыптастыру кезеңінде жоғарыда аталған және тағы басқа да жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстардың қаншалықты нәтижелі болғандығын зерттеу жұмысымыздың III бақылау кезеңінде анықтадық.

III кезең. *Бақылау эксперименті* барысында зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік мақсатына сәйкес, осы кезеңде алғашқы анықтаушы эксперимент нәтижелері мен бақылау кезеңінің нәтижелері салыстырыла отырып, қалыптастырушы эксперимент барысында жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі анықталды.

Анықтау жұмыстары екі бағыт бойынша жүзеге асырылды.

Бірінші бағыт – өзіндік бағалау деңгейлерін анықтау, яғни алғашқы кезеңге қарағанда қатысушылардың пайыздық көрсеткіштері қаншалықты артқан немесе кемігендігін анықтау. Бұл үшін Буддаси әдістемесі қолданылды (қосымша Г).

Буддаси әдістемесі тұлғаның кейбір қасиеттерін өзіндік бағалауға бағытталған. Әдістеменің мақсаты: өзін өзі бағалаудың сандық көрсеткіштерін анықтау.

Әдістеме тұлғаның өзін өзі бағалау сапаларын сандық өлшеуге мүмкіндік береді. Оның негізінде жіктеу әдісі жатыр.

Аталмыш әдістеме өзіндік бағалау деңгейін және «Мен» үлгілі мен «Мен шынайы» арасында нақты баға беруге көмектеседі. Өзіндік бағалау екі түрлі жолмен жүзеге асуы мүмкін:

1) Өзінің қасиеттерін өзінің шынайы әрекеттерімен салыстыра отырып, бағалау.

2) Өзін өзгелермен салыстыра отырып, бағалау.

Қатысушыға бірнеше сөздер тізімі беріледі. Олар адамның тұлғалық сапаларын сипаттайды. Берілген тізім бойынша қатысушы екінші қатарға 20 маңызды тұлға сапаларын жазып шығуы тиіс, соның ішінде 10-ы жағымды сапалар, ал 10-ы керісінше жағымсыз сапалар.

Екінші қатарды толтырып біткен соң, сыналушы X_1 қатарын екінші қатар сөздерін қолдана отырып толтырады. Бұл кезеңде қатысушы екінші қатарда өзі таңдаған сапалардың ішінде өзіне сәйкестерін маңыздырағына қарай қойып шығуы тиіс. Қатар ретінде жағымды не жағымсыз сапалардың аралас келе беруі мүмкін. Ең бастысы – шынайы болуы тиіс.

Осы жұмыс кезеңі аяқталған соң сыналушы X_2 қатарын толтырады. Бұл қатарда сыналушы өзі үлгі тұтатын адамды сипаттауы тиіс. Сипаттау барысы

жоғарыдағы секілді жүзеге асырылады. Бұл жерде сыналушы тек №2 қатармен жұмыс жасауы тиіс.

№4 қатарға сыналушы әр сапаның ранг айырмашылығын жазып шығуы тиіс. Мысалы: «ұқыптылық» сапасы бірінші қатарда 1 орында, ал екінші қатарда 7 орында болуы мүмкін, олай болса олардың айырмасы: $1 - 7 = -6$ болады.

№5 қатарда әр сапа бойынша d^2 есептелінуі тиіс.

Ал №6 қатарда d^2 суммасы есептелінуі тиіс, ол мына формула бойынша есептелінеді: $\sum d^2 = d_1^2 + d_2^2 + \dots + d_{20}^2$

Кесте-5.

X_1	Сапалар	X_2	$d = X_1 -$	d^2	$\sum d^2$
1	1				
2	2				
...	...				
20	20				

Жіктеу корреляция коэффициенті Спирмен әдістемесі бойынша есептелінуі тиіс. Формуласы:

$$R = 1 - \frac{6 \sum d^2}{n^3 - n};$$

Мұндағы:

n – салыстырмалы жұптардың саны.

Егер $n = 20$ жағдайында формула мынадай болуы мүмкін: $R = 1 - 0.00075 * \sum d^2$, яғни бұлай есептеу оңайырақ болады. R мәні $[-1; +1]$ шегінде жатады. Егер R мәні $[-1; 0]$ шегінде болса, онда тұлғаның өзін қабылдамауын, яғни өзін төмен бағалау деңгейін көрсетеді.

Егер $R = 0,1; 0,2; 0,3$, онда өзін бағалау деңгейі төмен.

Егер $R = 0,4; 0,5; 0,6$, онда өзін бағалау деңгейі қалыпты.

Егер $R = 0,7; 0,8; 0,9$, онда өзін бағалау деңгейі невротикалық тип бойынша жоғары.

Егер $R = 1$, онда өзін бағалау деңгейі шамадан тыс жоғары.

Екінші бағыт – «Мәдениет және білімге шолу» атты сауалнама жүргізілді. Әдістеменің мақсаты: білім және оқу бойынша білімгерлердің пікірлерін зерттеу. Аталмыш әдістеменің көмегі арқылы педагогтар білімгерлердің қажеттіліктерін, сұраныстарын жақсы түсінуге мүмкіндік алады.

Әдістеме үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімінде білімгерлердің өздеріне қатысты сұрақтар берілген, мысалы, курсы, білім алу бағыты, ағылшын тілін игеруі, жасы, жынысы, туған жері, ата-аналары және олардың білім деңгейлері.

Екінші бөлімінде эпистемологиялық көзқарастар тізімі берілген (қосымша F).

Үшінші бөлімінде өзі туралы түсініктер қарастырылған.

Зерттеу жұмысының әр кезеңі бойынша алынған нәтижелер туралы жұмысымыздың келесі бөлімінде (3.3) толық қарастырамыз.

3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Қазіргі философиялық, педагогикалық, психологиялық зерттеулерде тұлға мәселесі күрделі феномен ретінде әлеуметтік жүйелерде өзара байланыста қарастырылады. Педагогикалық тәжірибеде тұлғаның даму деңгейіне диагностикалық талдау жасау үшін белгілі бір әдістеменің қажеттілігі күннен күнге артып отыр. Ол тұлғаның қалыптасу үдерісін тиімді басқаруға, білім алушыларды қоғамдағы өмір сүруге бейімдеуге және өзгерістердің ерекшеліктерін білуге мүмкіндік береді.

Біздің зерттеу жұмысымыздың эксперименттік бөлімінде 350 (N=350) зерттелушінің өлшеу қорытындысы талқыланды. Барлық алғашқы мәліметтер бойынша сыналушылардың ұқсас көрсеткіштерінің нәтижесі топтастырылды. Төменгі көрсеткіштері бойынша эксперименттік топтарға (тәжірибелік және бақылау тобы) сарапталынды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы үш кезеңде жүргізілді: I-кезең – анықтау эксперименті; II-кезең – қалыптастыру эксперименті; III-кезең – бақылау эксперименті. Бұл кезеңдердегі жұмыстар жоғарыда ашып көрсетілді.

Зерттеу базасы ретінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 50 мамандық бойынша білім алатын магистранттар алынды. Мамандықтар: 6M010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, 6M010200 – Бастауыш оқытудың әдістемесі мен педагогикасы, 6M010300 – Педагогика және психология, 6M010500 – Дефектология, 6M010700 – Бейнелеу өнері және сызу, 6M010800 – Дене шынықтыру және спорт, 6M010900 – Математика, 6M011000 – Физика, 6M011100-Информатика, 6M011200 – Химия, 6M011300 – Биология, 6M011400 – Тарих, 6M011500 – Құқық және экономика негіздері, 6M011600 – География, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011800 – Орыс тілі мен әдебиеті, 6M011900 - Шет тілі: екі шет тілі, 6M012000 – Кәсіптік оқыту, 6M012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 6M012200 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, 6M020100 – Философия, 6M020200 – Халықаралық қатынастар, 6M020300 – Тарих, 6M020400 – Мәдениеттану, 6M020500 – Филология, 6M020600 – Дінтану, 6M020700 – Аударма ісі, 6M020900 – Шығыстану, 6M021200 – Түркология, 6M021300 – Лингвистика, 6M021400 – Әдебиеттану, 6M030100 – Құқықтану, 6M041600 – Өнертану, 6M050100 – Әлеуметтану, 6M050200 – Саясаттану, 6M050300 – Психология, 6M050500 – Аймақтану, 6M050600 – Экономика, 6M050700 – Менеджмент, 6M050800- Есеп және аудит, 6M050900 – Қаржы, 6M051100 – Маркетинг, 6M060100 – Математика, 6M060200 – Информатика, 6M060300 – Механика, 6M060400 – Физика,

6M060600 – Химия, 6M060700 – Биология, 6M060800 – Экология, 6M060900 – География.

Тәжірибелік зерттеу жұмысымыздың бірінші болжамына сәйкес, біз «Оқытушының сабақ үстіндегі қимылдарын бағалау» сауалнамасын жүргіздік (қосымша Б). «Оқытушының сабақ үстіндегі қимылдарын бағалау» сауалнамасын жүргізудегі мақсатымыз: оқытушының сабақ жүргізу барысындағы бейвербалды қарым-қатынасының негізгі компоненттері ерекшеліктерінің білім алушыларға қаншалықты әсер ететіндігін зерттеу.

Зерттеу нәтижесі бойынша екі тип анықталды:

1. Тәжірибелі оқытушылар сабақта белгілі бір ишарат қимылдарын пайдалануды жиі жоспарлайды, қимыл-қозғалыстардың көпшілігі (әсіресе нұсқаушы қимылдар) алдын ала нақты ойластырылған.

2. Оқытушылардың көпшілігі сабақ жүргізу барысындағы бейвербалды қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін жеткілікті деңгейде сезінбейді, дегенмен, жалпы өз қимыл-әрекеттеріне көңілдері толады. Өздерінің ишарат қимылдарын қолдану деңгейін белгілейтін коэффициент орташа.

Екінші эмпирикалық болжам, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы мен ЖОО педагогикалық технологияларды қолдану арасында тығыз байланыс бар. Олай болса, зерттеу жұмысымыздың нәтижесі төмендегідей болды:

Кесте – 6. Анықтау жедел-сұрақнамасының нәтиже көрсеткіштері


№	Сұрақтар	Топтар					
		Бақылау тобы			Тәжірибелік топ		
		Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
1	Сіздерге оқытуда инновациялық технологиялар қолданыла ма?	48 %	37 %	15 %	52 %	9 %	9 %
2	ЖОО кейінгі білім беруде инновациялық технологиялар қажеттілігі қанша деп ойлайсыз?	80 %	15 %	5 %	85 %	13 %	0 %
3	ЖОО кейінгі білім беруде инновациялық технологияларды қолдану арқылы нәтижелілікті қаншалықты көтеруге болады деп ойлайсыз?	50 %	47 %	3 %	50 %	48 %	2 %

Кестеде көрсетілгендей, сыналушылардың ЖОО кейінгі білім беру үдерісінде инновациялық технологиялар қолданылады ма деген сұраққа бақылау тобында 48 пайызы «жоғары» деңгейде деп жауап берсе, тәжірибелік тобында 52 %-ы «жоғары» деңгейді көрсеткен. Ал ЖОО кейінгі білім беруде инновациялық технологиялар қажеттілігін екі топта да жоғары деңгейде бағалайды. ЖОО кейінгі білім беруде инновациялық технологияларды қолдану арқылы нәтижелілікті қаншалықты көтеруге болатындығын 50 пайыздан жоғары деп көрсетіп отыр. Бұл жерден шығатын тұжырым, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы мен ЖОО педагогикалық технологияларды қолдану арасында тікелей байланыс бар.

Зерттеу жұмысымыздың үшінші эмпирикалық болжамына сәйкес, келесі кезекте «Әдістерді таңдауда қандай өлшемдерді қолданар едіңіз?» сауалнамасын жүргіздік. Сауалнама нәтижесі төмендегідей сипатта болды:

«Сіздерге оқытушылар тарапынан қандай әдістер қолданылады?» деген сұраққа сыналушылардың берген жауаптары әртүрлі болды. Жауаптардың ішінде: пікірталас, тренинг, кейс-технологиялар, интернет желісі, миға шабуыл, аквариум, Блум таксономиясы, дебат, өздік жұмыс және т.б. атап көрсеткен.

Осы сауалнаманың екінші: «Әдістер төмендегі қай көрсеткіштерге сай болуы керек деп ойлайсыз?» сұрағына сыналушылар төмендегі пайыздық үлесте жауаптар алынды:




Сурет – 7. «Әдістер төмендегі қай көрсеткіштерге сай болуы керек деп ойлайсыз?» сұрағының нәтижелері

Демек, суретте көрсетілгендей, сыналушылардың берген жауаптары бойынша әдістер қызықты болуы (38 %) тиіс десе, 27 пайызы «танымдық» болуын таңдайды, ал 21 пайызы «белгілі мақсатты» деп көрсетсе, қалған 14 пайызы «ой туғызатын» болуы қажет деген пікірлерін білдіреді.

Осы сауалнаманың үшінші «Миға шабуыл әдісінің мақсаты қандай?» деген сұрағына сыналушылардың 80 %-ы «ой қозғау» деп дұрыс жауап қайтарған. Демек, білім беру үдерісінде қолданылатындықтан, сыналушылардың бұл әдіс туралы пікірлері қалыптасқан.

Төртінші сұраққа Сократтық әдістің мақсаты ақыл ойды қозғау деп сыналушылардың 25 пайызы, шындықты бірлесе іздеу деп 59 %-ы, ал қалғаны келесідей өз жауаптарын берген: «логикалық ойлауды дамытады», «ізденіске итермелейді», «ойлануға мүмкіндік береді», «қызықтыру үшін қолданылады» және т.б.

«ЖОО кейінгі білім беруде түрлі оқыту әдістерін қолдану қажет пе?» деген сұраққа сыналушылардың берген жауаптары төмендегі суретте көрсетілген:



Сурет – 8. «ЖОО кейінгі білім беруде түрлі оқыту әдістерін қолдану қажет пе?» сұрағының нәтижесі

Демек, бұл көрсеткіштер ЖОО кейінгі білім беру үдерісінде де оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқытудың қажеттілігін көрсетеді.

Бірінші кезеңіміздің келесі жұмысы «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі. Бұл әдістеменің бағалау критерийлері бойынша жеті деңгей екі бағытта анықталды, яғни сыналушылар алдымен өз-өздеріне баға берсе, содан кейін өзгелерге (бір-біріне) баға берді. Нәтижелері төмендегі кестеге тіркелді:

Кесте - 7. «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі бойынша I-кезеңнің нәтиже көрсеткіштері

Бағалау критерийлері	Нәтиже көрсеткіштері		Айырмашылық бірлігі
	Өзіндік баға	Сырт көздік баға	
100%- өте жоғары (мүмкін емес)	2 %	0 %	2 %
80-90% - жоғары деңгей	45 %	39 %	6 %
60-80% - ортадан жоғары деңгей	28 %	37 %	5 %

40-60% деңгей	- орта	15 %	23 %	8 %
20-40% төмен	- ортадан	6 %	1 %	5 %
10-20 % деңгей	- төмен	4 %	0 %	4 %
0-10% (мүмкін емес)	- өте төмен	0 %	0 %	0 %

Кестеде беріліп отырғандай, «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі бойынша I-кезеңнің нәтиже көрсеткіштері жалпы сыналушыларда екі түрлі бағытта жүргізілді: әр сыналушы өз-өзіне баға берді және әр сыналушы тобындағы бір сыналушыға баға берді. Алынған көрсеткіштер, өзіндік бағалау критерийі бойынша 2 пайызға айырмашылық бірлігін ең жоғары 100 пайыздық шкалада беріп отыр, ал «сырт көздік баға» шкаласы бойынша бұл көрсеткіш 0-ге тең. Яғни, бұл жерден сыналушылар өзгелерге қарағанда, өз-өздеріне жоғары баға беретіндігін көруге болады. 80-90% - жоғары деңгей аралығында 6 пайызға айырмашылық бірлігі анықталды, дәлірек айтсақ, өзіндік бағалау 45 пайыз болса, сырт көздік бағалауда 39 пайызды көрсетіп отыр. Ал 60-80% - ортадан жоғары деңгей мен 40-60% - орта деңгей аралықтарында керісінше (сырт көздік бағалау-23; өзіндік баға-15), сырт көздік бағалауда 37 пайыз болса, өзіндік баға беруде 28 пайызды көрсетіп отыр. Бұл жерден: сыналушылар өзгелерді бағалауда объективтілікті көбірек сақтайды деген болжам жасалынды. Келесі 20-40% - ортадан төмен деңгей аралығы бойынша сыналушылардың 6 пайызы өз-өздерін төмен санаса, сырт көздік баға беруде 1 пайыз ғана; ал 10-20 % - төмен деңгей аралығында өзіндік баға беруде 4 % көрсетіп отыр. Ал сырт көздік баға беруде 0 %. Демек, өзгелерге қарағанда сыналушылар өздеріне төмен баға береді.

Әдістеме көрсеткіштері бойынша жасалынған тұжырым: сыналушылар өз-өздеріне баға беруде ең жоғары немесе төменгі шкалаларға дейін жеткізіп отырса, сырт көздік баға шкаласы бойынша орта деңгейді ұстап отырған. Демек, өзгелерге қарағанда өз-өздеріне сын көзбен қарай алады деген тұжырым жасадық.

Жұмысымыздың келесі сатысында «Өзіндік бағаның деңгейін анықтауға» арналған тест жүргізілді. Тест нәтижесі бойынша төрт деңгей анықталды.

Кесте - 8. «Өзіндік бағаның деңгейін анықтау» тестінің нәтижелері

Деңгейлері	Сипаттамасы	Жалпы сынаққа қатысушылар б/ша
<i>Жоғары деңгей</i>	Ұпай саны жоғары болған сайын мұндай адамдар өздерін жақсы көреді. Олардың кемшілігі: ешқандай сыни ақпараттарды қабылдамайды.	38 %

	<i>Орта деңгей</i>	Өз-өздерін дұрыс бағалайды және өзгелерге көмек беріп тірек бола алады.	34 %
	<i>Төмен деңгей</i>	Өздеріне риза емес адамдар.	28 %

«Өзіндік бағаның деңгейін анықтау» тестінің нәтижелері бойынша жоғары деңгей – 38 %, орта деңгей - 34 %, ал төменгі деңгей – 28 %. Жоғары деңгей мен төмен деңгей көрсеткіштері өзіндік бағаның адекватты еместігін көрсететіндіктен, тәжірибелік жұмысымыздың қалыптастыру кезінде түзету жұмыстарын жүргізуді қажет етеді деген тұжырым жасалынды.

Сонымен, анықтау кезеңіндегі нәтижелердің қорытындысына сәйкес **II кезеңде** қалыптастырушы эксперимент жүзеге асырылды. Бұл кезеңде зерттеу жұмысымыздың 3.1 бөліміндегі тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің сызбасына сәйкес тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Оқу үдерісінде тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруға байланысты магистранттармен «Ғылыми зерттеу жұмыстарының әдістемесі» пәнінен қосымша тапсырмалар берілді. Магистранттардың ұйымдастыруымен студенттер арасында "Экспо көшбасшысы" зияткерлік сайысы өткізілді. Сонымен қатар, қалыптастырушы эксперимент барысында магистранттармен түрлі тақырыптарда тренингтер жүргізілді.

Зерттеу жұмысымыздың **III кезеңі** - бақылау кезеңінде алғашқы анықтау кезеңінде сынаққа қатысуға алынған 350 магистранттың 131-і бақылау тобына іріктелініп алынды. Бұл іріктеу алғашқы кезеңде төмен көрсеткіштер берген сыналусылардың нәтижелеріне байланысты жүзеге асырылды.

Бұл кезеңде Буддасидің «Тұлғаның өзін-өзі бағалауы» әдістемесі жүргізілді. Әдістеме нәтижелерін Роджерс формуласы (1.1) негізінде жіктелулердің корреляциялық коэффициенттерін талдау жасалынды (Қосымша Д).

Зерттеудің статистикалық болжамы:

H_0 -таным субъекті бола отырып, адам өзін объект ретінде қарастыра алғанда ғана, өз-өзіне адекватты баға бере алады.

H_1 - таным субъекті бола отырып, адам өзін объект ретінде қарастыра алғанда да, өз-өзіне адекватты баға бере алмайды.

Қорытынды бойынша $-0,5 < r < +0,5$ болған жағдайда, сыналусылардың өзін-өзі бағалау деңгейлері қалыпты болып шықты.

$$r = 1 - (6 S d^2 / (n^3 - n)) \quad (1.1)$$

мұндағы:

d – жіктеулердің нөмірлері;

n – қарастырылып отырған қасиеттердің саны (20).

Сыналусылардың ортақ коэффициенттері – 0,6 құрайды. Егер, эмпирикалық мән критикалық мәннен (+1) жоғары болса, тұлғаның өзін бағалау


деңгейлері жоғары болып табылады. Ал керісінше, эмпирикалық мән критикалық мәннен (-1) төмен болса, онда тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейлері төмен болатынын көрсетеді. Біздің жағдайымызда, эмпирикалық мән 0,6 пайызды көрсетіп отыр, олай болса, $-0,5 < r < +0,5$ болғанда сынлаушылардың өз-өздеріне берген баға қалыпты деңгейде болып табылады.

Сол секілді, сыналушылардың сырт көздік бағалау көрсеткіштері де талданды. Бұл жерден алынған көрсеткіш мәні: 0,4. Эмпирикалық мән 0,4 пайыз болғандықтан, $-0,5 < r < +0,5$ сынлаушылардың бір-бірлеріне берген бағасы да қалыпты деңгейде болып отыр.

Нәтижелердің сызбасын төмендегі суреттерден көруге болады:



Сурет – 9. Буддасидің «Тұлғаның өзін-өзі бағалауы» әдістемесі бойынша сыналушылардың өз-өздеріне берген бағасы



Сурет – 10. Буддасидің «Тұлғаның өзін-өзі бағалауы» әдістемесі бойынша сыналушылардың бір-біріне берген бағасы (сырт көздік баға)

Әдістеме нәтижесі бойынша, алдымызға қойған H_0 болжам дәлелденді. Яғни, таным субъекті бола отырып, адам өзін объект ретінде қарастыра алғанда ғана, өз-өзіне адекватты баға бере алады.

Алайда, сыналушылардың барлығы өз-өздеріне адекватты баға бергенімен, жас ерекшеліктеріне қарамастан олардың басым көпшілігінде өзін-өзі бағалаудың төмендеуі байқалады. Бұ жағдайда, адамда өз-өзіне деген сенімсіздік, ұяңдық сияқты қасиеттер орын алуы мүмкін.

Әдістеме нәтижелерін қорытындылай отырып, тұлғаның таным субъекті бола отырып, адам өзін объект ретінде қарастыра алғанда ғана, өз-өзіне адекватты баға бере алуы өте төмен және өте жоғары деңгейде де емес, қалыпты деңгейде болуы тиіс. Себебі, осындай өзін-өзі бағалау ғана нақты жағдайлар үшін қажетті болып табылады. Сонымен, тұлғаның өзін-өзі бағалау формуласы төмендегідей сипатта болды:

$$\text{Өзін-өзі бағалау} = \frac{\text{табыс}}{\text{талаптану}}$$

Өзін-өзі бағалаудың негізін индивидтің өзі қабылдаған құндылықтар жүйесі, тұлғаның жеке маңыздылықтар жүйесі құрайды. Өзін-өзі бағалау адамның өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы қалыптасады, және осындай салыстыру табиғи түрде жүргізіледі де өте қызықты болды. Тұтас педагогикалық процесстегі қатынастар жүйесіне енгеннен бастап бала өзін басқа балалармен салыстырып, зерттеп, мынандай сұрақтарға: «-Неге мен осындаймын?», «Басқалар мені қалай қабылдайды?», «Өмірде мен қандай жетістіктерге жете аламын?»-деген сұрақтарға жауап іздеп, өзінің барлық мүмкіндіктерін көрсетуге тырысады. Өзін-өзі нақты бағалау, өзін-өзі тәрбиелеудің мақсаттарын дұрыс құрастыруға мүмкіндік береді. Өзін-өзі бағалау жоғарлатылған, нақты, төмендетілген болуы мүмкін. Тұрақты және жаңа ақпараттар әсеріне, жинақтаған тәжірибесіне, қоршаған адамдардың пікірлеріне байланысты өзгеріп отыратын бейімделгіш өзін-өзі бағалау түрі адамның дамуы мен тиімді еңбек етуі үшін ең қолайлы бағалау болып саналады.

Өзін-өзі бағалаудың басты мазмұнына өз әрекетін реттеу және жөндеуде тұлғаның белсенді қатысуы жатады. Бірақ өзін-өзі бағалауды осындай тар шеңберде қарастыру жеткіліксіз. Біздің ойымыша, тұлға белсенділігін оятумен бірге, оны өзіндік бағалауды қажетсінуге баулу, өзін-өзі бағалауға бейімдеу және қалыптастыру қажет. Сөйтіп, өзіндік бағалау білімді игерудің ғана емес, алған білімді пайдалана білу тұрғысынан да білім алудың процессуалдық қырының жетілуіне жағдай туғызады. Бұл жерде тұлға бұрынғы тәжірибелеріне


сүйеніп оқуды әрі қарай нәтижелі жалғастыруға мүмкіндік беретін білім деңгейіне қойылатын талаптарды басшылыққа алып отырады.

Өзін-өзі бағалау білім алушының оқу танымдық әрекетінің бағыттылығына қол жеткізеді, себебі оқу - танымдық әрекет кезінде білім алушы өзіне қоятын талаптарды да реттеп отырады, оқу әрекеті барысындағы өзін-өзі бағалаудың құрылымы өзіндік әрекеттің мақсатын айқындау, оқыту нәтижелерімен оған қол жеткізу жолдарын анықтау, өзіндік іс-әрекетті жүзеге асырудан алынған нәтижелерді оқыту нәтижелерімен салыстыру, орындалатын іс-әрекет барысын бағалау жіберілген қателерді анықтау, оның себептерін ашу өзін-өзі бағалау негізінде жұмысты түзету, әрекет жоспарын нақтылау, жетілдіру, қорытындылау деп аталатын бірнеше буыннан тұрады.

Өзін - өзі бағалау туралы ХХІ ғасырда француз философы Мишель Монтень жасаған тұжырым бойынша «Кез-келген адам қандай да бір істі атқарудан бұрын ол алдымен өзінің кім және не нәрсеге бейім екенін білу қажет» деген. Ал тұлға өзінің білім шекарасының қайдан өтетінін біле бермейді. Өзінің нақты нені білмейтінін біліп алмай, нені білу керектігін түсінбейді және оны білу үшін талаптанбайды да.

Жұмысымыздың келесі кезеңінде «Мәдениет және білімге шолу» сауалнамасы жүргізілді (Қосымша F). Әдістемені жүргізудегі мақсатымыз: білім және оқу бойынша магистранттардың пікірлерін зерттеу. Аталмыш әдістеменің көмегі арқылы педагогтар магистранттардың қажеттіліктерін, сұраныстарын жақсы түсінуге мүмкіндік алады.


Әдістеме нәтижесі үш бөлім бойынша талқыланды. Бірінші бөлімде сыналушылардан «Өздері туралы» ақпараттар алынды. Сынаққа 131 магистрант қатысты. Олардың курстар, мамандық бағыттары бойынша сандары төмендегі суретте көрсетілген.



Сурет – 11. «Мәдениет және білімге шолу» сауалнамасы бойынша сыналушылардың курс және мамандықтар туралы көрсеткіштері

Сыналушылардың ағылшын тілін игеру деңгейлері орта және жақсы, үйде 50 пайызы қазақ тілінде, 44 %-ы орыс тілінде, қалған 6 пайызы өзге тілдерде сөйлейтіндіктері анықталды. Ал сыналушылардың ортақ жасы – 27,8 құрайды. Жынысы бойынша саны: ерлер – 62, ал әйелдер – 69.

Сауалнаманың екінші бөлімі бойынша сыналушыларға бірқатар көзқарастар қатары берілді. Олар сол қатарлармен SD=мүлдем келіспеймін, D=келіспеймін, N=бәрібір, A=келісемін, SA=толық келісемін деген пікірлерін білдіру нұсқауы берілді. Нәтижелер бойынша сыналушылардың жауаптары (12-17 сұрақтар бойынша) өзара сәйкес келіп шықты, олардың жауап қорытындылары бойынша «оқуға деген қабілеттілік оқу-тәрбие үдерісінің тиімді ұйымдастырылуына байланысты» деген тұжырым жасалынды. Нәтиже үлестерін төмендегі суреттен көруге болады:




Сурет – 12. «Мәдениет және білімге шолу» сауалнамасы бойынша эпистемологиялық көзқарастар және сыналушылардың жауап қорытындылары

Келесі 18-35 сұрақтар тұлғаның оқуға табандылығын, оқуға деген ынтасын, табысты болуға деген ұмтылыстарын сипаттайтын сипатта құрылған. Бұл аралықтағы «Жақсы оқитын білімгерлерге үнемі бас көтермей еңбек студің қажеті жоқ» деген сұраққа сыналушылардың 50%-ы «келіспейтіндіктерін» білдірген. «Белгілі ғалымдардың еңбектерінде жазылған ақпараттарға сенесіз бе?» деген сұраққа сыналушылардың 78 %-ы «келісетіндігін» айтса, 20 %-ы «келіспейтіндігін» көрсетеді. Себебі, бұл сыналушылардың тұжырымдауынша, ештеңе де нақты және абсолюттік болып

табылмайды (25%). «Егер бір нәрсе түсініксіз болса, онда соны түсінгенше әрекет ету керек» деп 65% сыналушы жауап қайтарса, 70%-тәжірибеге қатысушылар «Табанды түрде оқымасаң ештеңенің түбіне жете алмайсың» деген жауап берді. Әдістеменің жалпы қорытындысы бойынша, сыналушылар «Алынған білім деңгейі адамның талаптануына тікелей байланысты» деген тұжырымға тоқталады (86 %).

Әдістеменің үшінші бөлімі бойынша сыналушылар өздерінің топқа деген қатынастарын және өзіндік бағалау деңгейлері туралы ақпараттар берді. Нәтижелері келесі беттегі суретте көрсетілген (сурет - 12).




Сурет – 13. «Мәдениет және білімге шолу» сауалнамасы бойынша эпистемологиялық көзқарастар және сыналушылардың жауап қорытындылары (өзі туралы блок)

Суретте көрсетілгендей, сыналушылардың белгілі бір сұрақтар төңірегіндегі жауаптары шкаланың екі жағында да шамалас пайыздарды көрсетіп отыр («Топ маған ұнамаса да, топқа қажет болсам құрамында қалар едім» сұрағы бойынша суреттегі астыңғы көк сызық). Сонымен қатар, сыналушылардың жауаптарын талдай отырып, топқа қатысты және өзіне қатысты мәселелерге келгенде жауаптары «өзіндік» таңдауда басымдық танытқан, яғни топ немесе өзінің қызығушылығы таразының екі басында тұрса, көбіне өз бастарына қызмет жасауды таңдаған. Олардың 69%-ы «Өз қызығушылықтарымды топ үшін құрбан етпейтіндігін» көрсетсе, 53%-ы өз жетістіктеріне қарағанда, өзгелермен қарым-қатынас жасауды маңыздырақ деп табады. 56 %-ы үшін топ қабылдаған шешімді құрметтеу маңызды болып табылса, 26%-ы өз бақытын өзгелердің бақытына тәуелді етіп көрсеткен. Тәжірибеге қатысушылардың 21%-ы өзгелерден өздерін артық санап, өзгеше

болған ұнайды және марапаттау мен сыйлықтарға лайықты болған ұнайды, «Менің жекелігім өзгелерге байланысты емес, бұл мен үшін маңызды» деген жауаппен келіскен. 76%-ы барлық адамдармен тең қатынас жасайтындығын, таныс емес адамдармен қарым-қатынас жасауда ашық және турашыл болғанды қалайтынын білдірсе, 46% сыналушы «Түсінбеушілікке тап болғанша, «жоқ» деп тура айтқанды таңдар едім» деген жауапқа келіскен.

Жүргізілген жоғарыдағы жұмыстардың соңында алынған нәтижелер бойынша қалыптастырушы эксперимент мақсатты түрде жүзеге асырылған жағдайда тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімділігін едәуір арттыратындығын көрсетеді.



Сурет – 14. Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі тұлғаның өзін-өзі тану және дамытуға деген қызығушылық деңгейлерінің көрсеткіші

Сонымен, әдістеменің нәтижелерін қорытындылай келіп, біз тәжірибеге қатысушылардың өзін-өзі тану, дамыту деңгейлері бойынша түзету жұмыстары қажет екендігін тұжырымдаймыз. Бұл жұмыстар жүйелі түрде, магистранттардың жаңа оқу үдерісіне бейімделуінің бастапқы кезеңінде аудиториялық формада жүргізілуі тиіс.

Осыған байланысты, ЖОО кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру үдерісінің тиімділігін арттыру үшін және жоғарыда жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижелеріне сүйене отырып, біз ЖОО кейінгі білім беру траекториясын барынша даралау мүмкіндігін арттыру **мақсатында** магистратура білім алушыларына арналған «Тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру негіздері» атты арнайы пәнін таңдау компонентіне енгізуді ұсынып отырмыз.

«Тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру негіздері» атты арнайы курсы магистратураның 1 курсына, таңдау компоненті құрамына енгізуге болады. Кредит саны: 1.

«Тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру негіздері» пәнінің **мақсаты** магистратура білім алушыларының дүниетанымын, өзін-өзі тану және бағалауын, магистранттың мәдени деңгейін қалыптастыру болып табылады.

«Тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру негіздері» пәнінің негізгі **міндеттері:**

– магистранттарды тұлғаның дүниетанымын қалыптастырудың мәнін тануға бағдарлау;

– өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі дамыту мен жүзеге асыра алуды үйрету;

– түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыру;

– педагогикалық үдеріс барысында практикалық міндеттерді шешуде,

– зерттеу әдістерін қолдануды меңгеру құзырлылықтарын дамыту.

«Тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру негіздері» пәнін оқыту нәтижесінде магистрант:

- әдіснамалық білімінің құрылымы мен қызметі туралы жалпы түсінікті;

- мәдени дүниетанымының жүйелілік құрылымын;

- пәннің жалпы ғылыми және психологиялық – педагогикалық әдістерін;

- диагностикалық құралдардың орындалу тәртібі және негізгі сипаттамасын білетін болады.

Пререквизиттер: магистр академиялық дәрежесін алу жоғары мектепте немесе колледждерде оқытушылық іс-әрекетті атқаруға бағдарлануды қажет етеді. Сондықтан кәсіби тұрғыда ЖОО-дағы оқыту үдерісімен байланысты пәндерден білім алу маңызды. Бұл пәнді сәтті меңгеру үшін магистранттар келесі пәндерден мағлұматта болуы керек: «Ғылым тарихы мен философиясы», «Тұлға психологиясы», «Жоғары мектеп педагогикасы», «Эксперименттік психология».

Постреквизиттер: осы оқытылатын пәнмен тығыз байланысты келесі пәндер: «Мамандық бойынша оқытылатын әдістемелік пәндер», «Психология ғылымының әдіснамасы», «Ғылыми-зерттеу практикасы», «Қазіргі психологияның тарихы, тенденциясы және даму жағдайы».

Курсты оқытуда мына әдістер кеңінен қолданылды: оқытудың хабарламалық-дамытушы (әңгіме, түсіндіру, педагогикалық әдебиеттермен өз бетіндік жұмыс, білім беру бағдарламалармен өз бетімен жұмыс), проблемалық-ізденіс (оқу материалын проблемалық баяндау, эвристикалық әңгіме, пікірталас, зерттеу жұмысы, кіші топтарда студенттердің ұжымдық ойлау іс-әрекеті), репродуктивті (оқу материалын мазмұндау, үлгіге байланысты тапсырмаларды орындау) және шығармашылық-репродуктивті (педагогикалық тақырыптарға шығарма, эссе жазу, кроссвордтар құрастыру, педагогикалық жағдайларды талдау, іскерлік ойындар, педагогикалық міндеттерді шешу), семинарда талқылау, реферат даярлау, жоспар құру, рольдік

ойындар, топтық жұмыс, «аквариум», жұптық жұмыс, пікірталас, рольдік ойындар.

Аталмыш курс үш модуль бойынша жасалынды: «Тұлғаның өзін-өзі тану» модулі, «Дүниетаным және мәдениет» модулі, «Тәжірибелік модуль».

Курстың оқу-тақырыптық жоспары:

Кесте – 9. «Тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру негіздері» курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Дәрістер	Тәжірибелік-семинар сағаттары
I. «Тұлғаның өзін-өзі тану» модулі			
1	Тұлғаны талдау. Тұлғаны талдау теориялары	1 с.	
2	Тұлғаның өзін-өзі тануы. Өзін-өзі тану әдістері	1 с.	1 с.
3	Өзін-өзі дамыту, адамның ішкі дүниесі мен өмірлік жолының дамуы	1 с.	
4	Тұлғаның өзін-өзі бағалауы	1 с.	
5	Өзін-өзі жетілдіру формалары	1 с.	
		5	1
II. «Дүниетаным және мәдениет» модулі			
6	Таным философиясы. Гносеология. Ғылыми таным әдіснамасы туралы шолу	1 с.	
7	Танымның адам өміріндегі маңызы	1 с.	
8	Таным және құндылықтар.	1 с.	
9	Тұлғаның өзін-өзі дамыту мәдениетін қалыптастыру мәселелері	1 с.	
10	Таным және түрлері	1 с.	
11	«Менің өмірімнің құндылықтары» тренинг		1 с.
		5	1
III. Тәжірибелік модуль			
12	Өзін-өзі қабылдау және өзіндік болжам жасау		1 с.
13	Өзін-өзі дамытудағы кедергілер мен қиыншылықтар. Өзіндік талдау		1 с.
14	«Өмірдің мәні» эссе		1 с.
			3

	Барлығы	10 сағ.	5 сағ.
--	----------------	----------------	---------------

Курстың мазмұны мына тақырыптармен ашылды:

1-тақырып. Тұлғаны талдау. Тұлғаны талдау теориялары

Тұлға. Тұлғаның даму генезисі. Тұлғаны талдау теорияларына сипаттама. Тұлғалық-бағдарлы білім берудің даму тарихына шолу.

2-тақырып. Тұлғаның өзін-өзі тануы. Өзін-өзі тану әдістері

Өзін-өзі тану үдерісі. Мәні, мақсаты. Міндеттері. Өзін-өзі танудың жалпы сипаттамасы. Адамның ішкі жан дүниесі. Субъективті шынайылықтың дамуы. Өзін-өзі тану әдістері.

3-тақырып. Өзін-өзі дамыту, адамның ішкі дүниесі мен өмірлік жолының дамуы

Өзін-өзі дамыту үдеріс ретінде. Өзін-өзі дамытудың формалары.

4-тақырып. Тұлғаның өзін-өзі бағалауы

Тұлғаның танымдық стратегияларын зерттеу әдістері. Тұлғаның өзін-өзі бағалауы. Баға беру: «өзіндік баға», «сырт көздік баға». Бағалаудың адекваттылығы.

5-тақырып. Өзін-өзі жетілдіру формалары

Өзін-өзі тану. Өзін-өзі дамыту. Өзін-өзі бекіту. Өзін-өзі жетілдіру. Өзін-өзі жүзеге асыру

6-тақырып. Таным философиясы.

Таным. Таным әрекеті. Гносеология. Ғылыми таным әдіснамасы туралы шолу

7-тақырып. Танымның адам өміріндегі маңызы

Таным және оның адам өміріндегі маңызы.

8-тақырып. Таным және құндылықтар.

Таным және құндылықтар. Жалпыадамзаттық құндылықтар. Құндылықтардың түрлері. Құндылықтардың мәні.

9-тақырып. Тұлғаның өзін-өзі дамыту мәдениетін қалыптастыру мәселелері

Мәдени дүниетаным. Тұлғаның өзін-өзі дамыту мәдениетін қалыптастыру мәселелері

10-тақырып. Таным және түрлері

Психологиялық таным процестері. Түйсік. Қабылдау. Ойлау. Сөйлеу. Зейін. Қиял. Сана – таным негізі.

11-тақырып. «Менің өмірімнің құндылықтары» тренинг

12-тақырып. Өзін-өзі қабылдау және өзіндік болжам жасау

Өзін-өзі қабылдау және өзіндік болжам жасау өзін-өзі дамытудың механизмі ретінде. Өзіндік қабылдау. Тұлғаның болжам жасауы

13-тақырып. Өзін-өзі дамытудағы кедергілер мен қиыншылықтар. Өзіндік талдау

14-тақырып. «Өмірдің мәні» эссе.

Аталмыш курс мазмұнына тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында теориялық әрі тәжірибелік бағыттағы тақырыптар енгізілді. Әр модуль соңында курс тыңдаушылары алған ақпараттары бойынша өзіндік талдау жасай отырып, өзіне және өзгелерге деген көзқарастары қалыптасады.

Сонымен, зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін қорытындылай отырып, келесі тұжырымдар жасалды:

- тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімділігін арттыру үшін оқу үдерісін жүйелендіру қажет;

- аталмыш үдерісті жүзеге асырудың педагогикалық шарттары және олардың тиімділігін анықтау арқылы, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімділігін арттыру жолдарын анықтау керек;

- тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы мен оқытушының білім беру арасында тығыз байланысты тәжірибелік тұрғыда анықтау қажет;

- тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін ЖОО кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы мен ЖОО педагогикалық технологияларды, әдіс-тәсілдерді қолдану арасында тығыз байланысты анықтау;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісінің тиімді болуы үшін арнайы жасалған анықтаушы және қалыптастырушы орта құру қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру» атты диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми болжамы орындалып, бірнеше теориялық және қолданбалы ұғымдар жинақталды. Сонымен, жүргізілген теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей **қорытындылар** жасауға мүмкіндік берді:

1. Зерттеу жұмысы бойынша жарық көрген ғылыми еңбектерге және нормативті құжаттарға жасалған талдау жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесі жоғары мектепте өзекті екендігін көрсетті. Зерттеу барысында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесі педагогикалық теорияның өзекті мәселелерінің бірі және ол ары қарай пайымдауды қажет етеді. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің дамуының біртұтас үдерісінің жетекші факторы тұлғаның белсенді дүниетанымдық санасы. Ол дүниетанымдық сана тұлғаның белсенді-субъектілік позициясын қалыптастырады, кәсіби және рухани өсу мен жетілуіне жол ашады.

Зерттеу барысында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің мәні мен мазмұны анықталды. Ол социумның өмір сүру барысында тәжірибелік іс-әрекетінен, тұлғаның жеке мәдени-дүниетанымдық дамуынан көрінеді. Оның рухани негізі ретінде объективті түрде нақты қоғамның әлеуметтік-мәдени тәжірибесі кіреді: тарихи қалыптасқан дүниетанымдық идеалдар мен құндылықтар, адамгершілік ұстанымдары мен тәрбиелері, халықтың салт-дәстүрі, көркем-шығармашылық жұмыстар және т.б. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін мотивациялық-мақсаттылық, эмоционалды-құндылықтық, когнитивті, операциялық-іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттер деп бөлуге болады. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің **эмоционалды-құндылықтық** компоненті ең алдымен болашақ маманның тұлғалық рухани-адамгершілік өсу деңгейін көрсетеді. Оның мазмұны өз ұлтының құндылықтары мен мәдени идеалдарына бағдар жасау; адамгершілік жетілдірулерге қол жеткізудің рухани қажеттіліктері; рухани-адамгершілік сезімдер (ортақтық, альтруизм, оптимизм); іс-әрекеттегі және қарым-қатынастағы өзін-өзі шығармашылық жетілдірумен сипатталады.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті құрамындағы **когнитивті компонент** тұлғаның: дүние және адам туралы жүйелі білімі; дүниені диалектикалық және икемді түсінуі; ойлаудың аналитикалық-синтетикалық қабілеттері; тұлға мәдениетін бағалауы және дәлелді ой-пікірлерін сипаттайды.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудағы **операциялық-іс-әрекеттік компонент** маманның кәсіби білім мен дағдыларды игерудегі жүйелілігін, қоғамдық маңызды және кәсіби міндеттерді жоспарлау мен шешу қабілеттерін, дүниетанымдық құрылымдарды кәсіби-іс-әрекеттер арқылы

жүзеге асыруын, мәдени жасалымдарды адекватты бағалауын анықтайды. Бұл компоненттің мазмұнына маманның өзінің кәсібіне деген мақсаттары мен міндеттері, болашақ жоспарлары және кәсіби жағдаяттарды шешудегі қабілеттері жатады.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің құрамындағы **рефлексивті даярлық**: өзіне-өзі талапшылдық, еріктік өзін-өзі реттеу; өзін-өзі тануға және мәдени қайта құрылымдарға қабілеттілік; шешім қабылдаудағы дербестік және іс-әрекеттегі мақсаттылық; кәсіби және этномәдениеттік ұқсастықтарды айқындайды. Осылайша, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің сапалық-ықпалдасқан өлшемдері когнитивтік, эмоционалды-құндылықтық, мотивациялық-мақсаттық, рефлексивтік және операциялық іс-әрекеттік компоненттері арқылы сипатталады.

Зерттеуімізде сонымен бірге тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің қалыптасуының ғылыми-теориялық дайындық; рухани-адамгершіліктік жетілу; мінез-құлықтық дайындық; кәсіби құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілікті көрсететін өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды. Тұлғада олардың қалыптасу деңгейлері: жоғары, орта, төмен.

Ғылыми-теориялық және тәлімдік-еріктік даярлықтар, рухани-адамгершілік өсу, кәсіби және әлеуметтік құзыреттіліктер тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің сапалық-ықпалдастырылған негіздердің бірі.

2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің психологиялық-педагогикалық мәселелері сипатталып, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі жасалынып, оның өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды.

4. Эксперименттік жұмыстың қорытындылары зерттеу барысындағы болжамдарды орындады. Жүргізілген зерттеу көрсеткеніндей құрастырылған модель мен технологиялар тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін дамытудың тиімді екеніне септігін тигізді. Мәдениеттану, философия, әлеуметтік жұмыс салаларындағы теориялық зерттеулерді жүйелей келе өз авторлық жобаларымызды ұсынуымыз тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың дәстүрлі құрылымын өзгертеді.

Зерттеу нәтижесі бойынша бірқатар **ұсыныстар** жасауға болады.

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды пайдалану жоғары оқу орны оқытушыларының осы бағыттағы нәтижелі іс-әрекетінің негізінде қамтамасыз ету мүмкіндігі ескерілуі қажет.

2. Біздің «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру» атты ғылыми-зерттеуіміздің негізінде дайындалған «Тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру негіздері»

атты таңдау курсы студенттерге, магистранттарға дәріс оқуда, семинар сабақтарын өтуде пайдалануға болады.

3. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.

Зерттеу мәселесі күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын жеткілікті дәрежеде қамту мүмкін емес, сондықтан қарастырылып отырған мәселе толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Болашақта жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесін кәсіби өндірістік тәжірибемен тығыз байланыста қарастыру керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 17.01.2014.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, №828-831 (27902) желтоқсан, 2012.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 10.06.2011.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда. 27.07.2007.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана. 30 тамыз, 1995.
6. «Қазақстан - 2030» стратегиясы. 1997.
7. Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты бекіту туралы» №1080 бұйрығы. 23.08.2012.
8. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. Алматы: Ғылым. 1996. - 240 б.
9. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 358 б.
10. Әл Фараби. Тарихи-философиялық трактаттар. - Алматы, 1985.
11. Махмұт Қашқари, «Түрік тілінің сөздігі»: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. — Алматы: 1997, 1-том.
12. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Көркем әдебиет, 1957. - 368 б.
13. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары.- Алматы.: «Рауан», 1991.
14. Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдер мен поэмалар /Құраст.: М.Мағауин. - Алматы: Жалын, 1988. - 256 б.
15. Жұмабаев М. Педагогика.- Алматы: Рауан, 1993. – 154 б.
16. Аймауытов Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 1995. - 312 б.
17. Крымский С.Б. Эпистемология культуры: Введение в обобщённую теорию познания – Киев: Дельта, 1993. - 377 с.
18. Кедров Б. М. Классификация наук – М: 1985. - 472 с.
19. Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы. Алматы, 2006. – 216 б.
20. Нысанбаев А.Н. Социокультурные и мировоззренческие основания развития современной науки - Алма-Ата, 1993. - 251 с.

21. Қасабеков А, Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе» - Алматы «Ер-Дәулет. 1994. - 377 б.
22. Алтаев Ж. А. Қазақ философиясындағы рухани сабақтастығы. ҚазҰУ хабаршы. Философия сериясы. – 2011. - № 2(37). – 29-32 б.
23. Кішібеков А. Философия. Алматы, 1998. - 360 б.
24. Толысбай К. Асан Қайғының дүниетанымы. Қызылорда, 2002.
25. Абдильдин Ж.М. Диалектическая логика в 5-томах. Алматы, 1997.
26. Бердяев Н.А. Русская идея основные проблемы русской мысли XIX века и начало XX века // О России русской философской культуры. Философы русского после октябрьского зарубежья. – М., 1990. – 44 с.
27. Гершунский, Б.С. Философия образования на XXI век. (В поисках практико-ориентированных образовательных концепций) / Б.С. Гершунский - М.: Изд-во "Совершенство", 1998. - 608 с.
28. Шелер М. - Избранные произведения М., 1994. - 490 с.
29. Тәжібаев Т. Жалпы психология: Оқу құралы / Т. Тәжібаев. - Алматы: Қазақ ун-ті, 1993. - 240 б.
30. Жарықбаев Қ. Жалпы психология/ Қ. Жарықбаев. - 5-ші бас.өңделіп. - Алматы: Эверо, 2004. – 378 б.
31. Намазбаева Ж.И. Жалпы психология. Алматы: 2005. – 293 б.
32. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. 2 изд. - Алматы: К, азақ, университет, 2009. - 308 с.
33. Шерьязданова Х.Т. Технология внедрения инновационного курса "Самопознание" в практику высшей школы // Учен. зап. СПб. гос. ин-та психологии и социал. работы. - 2011. -№1. - с. 92-96.
34. Ерментаева А. Педагогикалық инновациялық технологиялық тұлғалық көрсеткіштеріне психологиялық сипаттама / А. Ерментаева // Ұлт тағылымы.- 2004.- №2.- С. 122- 126.
35. Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы. Докторлық диссертация. А., 2001.
36. Данилов М.А. Роль начального обучения в умственном и нравственном развития человека. Москва, 1947. - 375 с.
37. Лернер И.Я. Проблемное обучение. Москва, «Знание», 1974. 64 стр.
38. Занков Л.В. О начальном обучении. Москва, 1963. - 93 с.
39. Махмутов М.И. Организация проблемного обучения в школе. Москва, 1977. - 176 с.
40. Люблинская А.А. Бастауыш мектеп оқушыларының психологиясы жөнінде, Алматы 1981. - 277 б.
41. Леонтьев А.Н. Психологическое развитие ребёнка в дошкольном возрасте. Москва, 1998. - 188 с.
42. Менчинская Н. А. Развитие психики ребёнка: Дневник матери. – М., 1957. - 237 с.
43. Гальперин П.Я. Методы обучения и умственное развитие ребёнка. Москва, 1985. - 335 с.

44. Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника. Москва, 1974. - 121 с.
45. Левина М. М. Основы технологии обучения профессиональной педагогической деятельности. – М., 1996. - 226 с.
46. Бабанский Ю.К. Педагогика. Москва, «Просвещение», 1983. - 370 с.
47. Шамова Т.И. О реализации новых программ в начальных классах Народное образование. № 11, 1974.
48. Барнов С.П. Педагогика. Москва, «Просвещение», 1987. - 117 с.
49. Қоянбаев Р. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1991.
50. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. - Алматы: Ғылым, 1998. – 225 с.
51. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. Монография. – Алматы, 2011. – 350 с.
52. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. А., 2003.
53. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика - Алматы : Ғылым, 1998. - 317 с.
54. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негізі. Монография, -Алматы: 2001. – 295 б.
55. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. 2001. - 343 б.
56. Шалғынбаева Қ.Қ. Қазіргі жастардың әлеуметтік-тұлғалық мәселелері// Педагогика және психология журналы. Алматы, 2010 №1.109-112 б.
57. Сарбасова А.Қ. Қазіргі қазақ педагогика ғылымындағы әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің тәлім-тәрбиелік идеялары: пед.ғыл.докт.авторепф. – Қарағанды, 2008. - 46 б.
58. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. - Алматы, 2012. – 316 б.
59. Аймағамбетова Қ.А. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың ғылыми - әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докт.авторепф. – Алматы, 1998. -41 б.
60. Батталханов Е.З.Формирование гуманистического мировоззрения учащейся молодежи как социально-педагогическая проблема. авторепф. канд.пед.наук. Караганда, 2002. - 41с.
61. Мұханбетжанова Ә. Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық негіздері. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2001.
62. Тілеубай С.Ш. Болашақ информатика мұғалімінің ақпараттық дүниетанымын қалыптастырудың әдістемелік негіздері. пед.ғыл.канд.авторепф. – Алматы, 2009.
63. Нағымова М.М. Өнер салалары сабақтастығы арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру. Педагогика ғылымдарының

кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2004.

64. Ахтанова С.К. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық дүниетанымын музыка арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттары. пед.ғыл.канд.автор.реф. – Шымкент, 2010.

65. Текесбаева А.М. Өлкетану негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру: Педагогика ғыл. канд. дис. Алматы, 2004.- 149 б.

66. Оразбекова К. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. пед.ғыл.докт.автор.реф. – Алматы, 2001. - 45 б.

67. Бейсенбаева. А.А Теория и практика гуманизации школьного образования. – Алматы: Ғылым, 1998. –225 с.

68. Қазақстан Президентінің Назарбаев Университеті студенттері алдында сөйлеген сөзі. Астана., 05.09.2012.

69. Лурье С.Я. Демокрит: Тексты. Перевод, исследования. – Л.: Наука, 1970. - 664 с.

70. Платон. Диалоги. (Серия «Философское наследие». Т. 98). — М.: Мысль, 1986. — 605 с.

71. Аристотель. О душе //Сочинения. — М.:Мысль, 1976. — Т. 1. — 371 — 448 с.

72. Гегель. Феноменология Духа. Философия истории. — М.:Эксмо, 2007. — 880 с.

73. Леонардо да Винчи. Избранные естественнонаучные произведения. М. 1955.

74. Джон Локк. Опыт о человеческом разумении. М: Мысль., 1960.

75. Кондаков Н.И. Введение в логику. – М.:Наука, 1967. – 467 с.

76. Менчинская Н.А. Проблемы воспитания, обучения и психического развития ребенка. М.: МПСИ, Воронеж: Модэк, 2004. - 512 с.

77. Большой толковый словарь русского языка. — СПб.: Норинт, 2001. - 1286 с.

78. Ожегов, С.И. Словарь русского языка / С.И. Ожегов - М.: Рус. яз., 1988. - 746 с.

79. Философский энциклопедический словарь. 2-е изд. — М.: Советская энциклопедия, 1989. - 814 с.

80. Философиялық сөздік.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. 525 б.

81. Абросимова Л.Ф. Формирование мировоззренческой культуры студентов в вузе гуманитарного профиля. автор.реф. канд.пед.наук. Кисловодск, 2009. – 45 с.

82. Таубаева Ш., Дорожкина Л. Мировоззренческая культура личности: сущность и структура. \ \ Менеджмент в образовании. №1(32) 2004, - 45-53 с.

83. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.

84. Политическая энциклопедия»(РОССПЭН), (Серия «Культурология. XX век»). 2004. -960 с.
85. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. А., 2000.
86. Педагогика. Дәрістер курсы. А., 2003.
87. Ларри Хьелл, Дэниел Зиглер. Теории личности: основные положения, исследования и применение. Перевод С.Меленевской и Д.Викторовой. К.: PSYLIB, 2006.
88. Моносзон Э. И. Основы педагогических знаний. Москва. Педагогика. 1986. - 244 с.
89. Залесский Г.Е. Мироззрение и убеждения личности как психологические категории. М., 1994. 144 с.
90. Харламов И.Ф. Педагогика. Москва. Высшая школа.1999. - 244 с.
91. Спиркин А. Основы психологии. Москва.1988. 298 с.
92. Богословский В. В., Степанов А. А. Общая психология. Москва. Просвещение. 1981. - 246 с.
93. Ковалев А. Г. Воспитание ума, воли и чувств у детей. Минск. 1974. - 174 с.
94. Виноградова А. Д. и др. Практикум по психологии умственно отсталого ребенка: Учебное пособие для студентов пед. инс-тов по спец. 2111 «Дефектология» / А. Д. Виноградова, Е. И. Липецкая, Ю.Т. Матасов, И. П. Ушакова; Сост. А. Д. Виноградова. – Москва.: Просвещение, 1985. – 144 с.
95. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. М., 1982.
96. Мясищев В. Н. Психология отношений: Под редакцией А. А. Бодалева. М., 1995.
97. Рубинштейн С. Л. О мышлении и путях его познания. Москва. 1988. - 152 с.
98. Узнадзе Д. Н. Общая психология. Москва. 2003. - 276 с.
99. Матюхина М. В., Михальчик Т. С., Прокина Н. Ф. Возрастная и педагогическая психология: Учеб. Пособие для студентов пед. ин-тов по спец. № 2121 «Педагогика и методика нач. обучения» / М. В. Матюхина, Н. Ф. Прокина и др.; Под ред. М. В. Гамезо. – М.: Просвещение, 1984. - 256 с.
100. Алмұратов Ә. Жалпы психология. Білім. 1996.- 422 с.
101. Степанова О. А. Развитие ребенка в игровой деятельности: Обзор программ дошкольного образования. М., 2009. - 128 с.
102. Федосеев, Иван Егорович. Учитель от бога: Повесть о народном учителе М. А. Алексееве; Пер. с якут. А. Шапошниковой. — Якутск: Бичик, 1994. — 155 с.
103. Балавадзе Т. Ш. Восприятие и понимание других людей и самих себя подростками с разным уровнем межличностных отношений. Москва. 2009. - 233 с.
104. Лихачев Д. Педагогика. Прометей.1998. - 132 с.

105. Рогова Р.М. Развитие гуманистического мировоззрения и ценностных ориентаций личности Москва : Институт развития личности РАО, 1996. - 144 с.
106. Лернер И. Я. Проблемное обучение. — М.: «Знание», 1974. — 64 с.
107. Сағындықұлы Е. Педагогика. Дәрістер курсы. Алматы. 1999. 76 б.
108. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. - М., 1997.
109. Выготский Л.С. Собрание сочинений. Т.2. М., 1983 г.
110. Аманбаева, Л.И. Организация личностно-ориентированного обучения в целях формирования гражданских качеств учащихся / Л.И. Аманбаева // Современные технологии обучения «СТО-2001»: Материалы VII межд. конф. Ч. 2. - СПб.: ЛЭТИ, 2001. - 83-84 с.
111. Айтбаев О. Діни және діни емес дүниетанымның типологиясы мен сұхбаттық мүмкінділігі. Қарағанды, 2009. - 224 б.
112. Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 27-қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту -қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы.
113. Болонская декларация (1999). европейское пространство высшего образования. Совместная Декларация европейских министров образования г. Болонья 19.06.1999.
114. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі: Дамудың жетістіктері мен болашағы. Астана, 2008. - 95 б.
115. Сайлыбаев Б. Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде мұғалімдер даярлауды сабақтастықпен басқарудың ғылыми негіздері. пед.ғыл.докт.автореф. – Түркістан, 2010.
116. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос\ Орыс тілінен ауд. Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев. – Алматы.: Жазушы, 1988. – 192 б.
117. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет. -Алматы: Арыс, 2001.
118. Бес ғасыр жырлайды. (XV-XX ғасыр бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары).-Алматы: Жазушы, 1989.-Т.1.
119. Уәлиханов Ш. 5-томдық шығармалар жинағы. 1-ші том. Алматы. 1961. - 640 б.
120. Кусаинов А. Развитие образования: проблемы и перспективы. ROND & A,2005.- 280 с.
121. Барсай Б.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби - дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми – педагогикалық негіздері: пед.ғыл.докт. дис. - Шымкент, 2010. -349 б.
122. Park Chung Hee. Korea Reborn. A Model for Development. Prentice-Hall, Inc., EnglewoodCliffs, New Jersey,USA, 1979.
123. Методологические подходы в педагогике и их реализация в исследованиях казахстанских ученых // Этнопедагогика. - 2006. - №1. 56-61 с.
124. Субботин А. Л. Фрэнсис Бэкон. М.: Мысль, 1974.-175 с.
125. Декарт Р. Сочинения в двух томах. М.: Мысль, 1989.

126. Кравец А.С. «Методология науки» Воронеж. Изд. ВГУ, 1991.
127. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: 1 т. М., 1980.
128. Кожахметова К.Ж., Таубаева Ш.Т., Джанзакова Ш. Методология общей и этнической педагогики в логике-структурных схемах. Алматы, 2005. - 174 с.
129. Смирнов С.А. и др. Педагогика: педагогические корни, системы, технологии: учебное пособие для студентов сред.педучебн,заведений. М.:Изд.центр «Академия», 1999, - 544 с.
130. Маслоу А. Мотивация и личность. — СПб.: Питер, 2008.
131. Франкл В. Воля к смыслу = The will to meaning. — М.: Пресс; ЭКСМО-Пресс, 2000.
132. Амонашвили Ш. А. Размышления о гуманной педагогике.- М., 1996.
133. Загвязинский В.И., Атаханов Р. Методология и методы психолог-педагогического исследования- Москва, 2001.
134. Анисмов С.Ф. Введение в аксиологию. Уч. пос. для изучающих философию. М., 2001.
135. Кузьмина Н.В. Предмет акмеологии. – СПб.: Политехника, 2002. - 189 с.
136. Деркач А.А. Акмеологические основы развития профессионала. – М.: Изд-во Московского психолого-социального института; Воронеж: ИПО «МОДЭК», 2004. - 752 с.
137. Бодалев А.А., Рудкевич Л.А. Как становятся великими и выдающимися. – М.: Квант, 1997. – 102 с.
138. Каган М.С. Философия культуры / М.С. Каган. - СПб.: ТОО ТК «Метрополис», 1996. - 430 с.
139. Слостенин В.А. Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки. - М., 1976. –160 с.
140. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы (монография).–Астана,2001.-275 б.
141. Меңлібекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, структура, содержание // Высшая школа Казахстана.- 2001.-№4-5. –С.153-159.
142. Маркова А.К. Психология труда учителя. –М., 1993. -190 с.
143. Прохорова М.В. Теоретические и методические основы формирования управленческой компетентности специалистов по физической культуре и спорту в условиях высшего физкультурного образования: дис ... доктора пед.наук. –СПб, 1992, -449 с.
144. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация: Пер.с англ., -М., 2002. -396 с.
145. Пискунов А.И. Педагогическое образование: цель, задачи и содержание//Педагогика. -1995.-№4. -59-60 с.
146. Журавлев В.И. Педагогика в системе наук о человеке. –М.: Педагогика, 1990. -168 с.

147. Реан А.А. Педагогические особенности взаимодействия педагога и студента. Вопросы психологии, 1983. -№ 5. 29-31 с.
148. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: Контекстный подход. –М., 1993. – 273 с.
149. Рогова Р. М. Становление самосознания личности школьника. Москва. 2003. - 376 с.
150. Основы научных исследований: Учебник. Друтов Б.И. и др. М.: Высш.школа, 1989.
151. Коменский Я.А. Великая дидактика. Избр.пед.соч.- М.: Учпедгиз, 1955, 164-240 с.
152. Зәкім Жайлыбай. Кодекс Куманикс – бабалар болмысының баяны. А., 2013.
153. Махмұт Қашқари, «Түрік тілінің сөздігі»: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. ЕҒЕУБАЙ. — Алматы: ХАНТ баспасы, 1997, 1-том, 30 б.
154. Ахмед Йүгінеки. Ақиқат сыйы. Түпнұсқаның фотокөшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэтикалық аудармасы, Баспаға дайындағандар: Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықов., А., 1985. Хибат-ул хақайық, Ташкент, 1971.
155. Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы (Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған Алма Қыраубаева), Алматы, Ана тілі, 1991. 2-басылымы / Баспаға әзірлеген: Н. Мәтбек. – А, 2013. – 374 б.
156. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. -117 б.
157. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том: Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. –Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2003. – 344 б.
158. Лемберг Р.Г. Дидактические очерки. Учпедгиз. –Алма-Ата, 1960.-128с.
159. Х.Ортега и Гассет Избранные труды. Сост., предисл. и общ.ред. А.М.Руткевич. М.: «Весь мир»,1997. — 704 с.
160. Гейзенберг В. Философские проблемы атомной физики. — М.: Изд-во иностр. лит-ры, 1953.
161. Әбдіқадырова Т.Р. Ж.Аймауытұлының психологиялық-педагогикалық мұраларындағы тұлғаны қалыптастыру мәселесі. пед.ғыл.докт.авторeref. – Тараз, 2002.
162. Петровский А.В. Общая психология. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Просвещение, 1976 - 479 с.
163. Бахтин М.М.. Эстетика словесного творчества. Изд. 2-е, М., 1986, 381 с.
164. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы, Қарасай баспасы 2013. - 384 б.
165. Платонов К.К. Структура и развитие личности. М. , 1987

166. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества М.: Наука, 1977.
167. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Алматы: Санат, 1997. - 464 б.
168. Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңы. 2010, 27-мамыр.
169. Маркарян Э.С. Очерки теории культуры. Ереван, 1969, 228 с.
170. Тэйлор Э. Первобытная культура, М., 1989.
171. Рэдклифф-Браун А.Р. Структура и функция в примитивном обществе. Очерки и лекции. Пер. с англ. — М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2001. — 304 с.
172. Уайт Л. Избранное: Наука о культуре/Пер. с англ. — М.: «Российская.
173. Кармин А.С. Основы культурологии: морфология культуры / А.С. Кармин. - СПб.: Лань, 1997. - 512 с.
174. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. - М.: Совершенство, 1998. - 608 с.
175. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, А.И. Мищенко, Е.Н. Шиянов. — М.: Школа-Пресс, 2000. - 512 с.
176. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы. – Алматы; 2003.
177. Краевский В.В., Полонский В.М. Методология для педагога: теория и практика. – Волгоград: Перемена, 2001.
178. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. Астана, 2007. - 372 б.
179. Қазақстан Республикасы ЖОО-да білім алатындардың академиялық ұтқырлығы тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы кеңейтілген Алқа мәжілісі аясында ректорлар басқосуында талқыланып мақұлданды.
180. www.primeminister.kz.
181. Правила кредитной системы обучения. Астана. МОН РК 2003.
182. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы №1845 «Жоғары кәсіптік білімнің көпдеңгейлі құрылымы туралы Ережесі.
183. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: Учеб. пособие для студ.сред.пед.учеб.заведений/С.А.Смирнов, И.Б.Котова, Е.Н.Шиянов, Т.И.Бабаева и др.; /Под ред. С.А.Смирнова. –М.: Издательский центр «Академия», 1999. - 544 с.
184. Педагогика. Дәріс курсы. А., 2003, - 368 б.
185. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. Интенсивный курс по развитию творческого мышления. М., 2005.
186. Якиманская И.С. Личностно- ориентированное обучения в современного обучения//Вопросы психологии. -1985. -№2. - 31-41 с.
187. Бұзаубақова К.Ж «Жана педагогикалық технология» Тараз 2003.
188. Нағымжанова Қ.М «Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психология-педагогикалық негіздері» Өскемен 1999.

189. Урунбасарова Э.А. Этика преподавания: учебное пособие / - Алматы : Бастау, 2003. - 160 с.
190. Гуревич Г.Ф., Бекишева Р.И., Шаймакова Р.К. Русская речь: Учебник для 6 класса общеобразовательной школы с казахским языком обучения. 2-е издание, доработанное. – А., Атамұра, 2006. – 240 с.
191. Оқытудың интерактивті және инновациялық технологиялары// М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Университетішілік жас оқытушылардың ғылыми-практикалық семинар-конференциясы. Орал-2005.
192. Панюшкин В.П. Функции и формы сотрудничества учителя и учащихся в учебной деятельности: Автореф. дисс. на соиск. уч. степен. канд. психол. наук. М., 1984.
193. Панюшкин В.П. Освоение деятельности в условиях взаимодействия ученика с учителем// Психолого-педагогические проблемы взаимодействия учителя и учащихся/ Под ред. А.А. Бодалева, В.Я. Ляудис. М., 1980.
194. Хуторская А.В. Современная дидактика: Учебник для вузов. СПб:Питер, 2001.
195. Тұрлыханова М. Педагогикалық технологиялар оқу үрдісінде. Алматы, 2000.
196. Досжанов Б, Альменаева Р. «Электрондық оқулықтарды даярлау әдістері» Алматы 2002.

Есеп іс-тәжірибе аяқталған өндірістік жұмыстың нәтижесінің құрылымы

- **Титул беті.**

- **Іс-тәжірибе тапсырмасы.**

- Барлық тақырыптардың **мазмұны** 1-3 деңгейдегі беттерді қамтуы керек. Мазмұндағы тақырыптар мәтіндегі тақырыптарды тура қайталауы тиіс.

- Мәселенің сипаттауын қамтитын тапсырманың мақсат құрылымын зерттейтін, сонымен қатар жақын жұмыс тақырыбына шолу **кіріспеде** көрсетеді.

- Кәсіби қызмет базасына сәйкес магистрлік диссертация тақырыбы бойынша деректі және практикалық материалдар **теориялық бөлімде** қамтылады.

- Өзінің қысқаша жинақталған мәлімет қорытындысын, жұмыс барысында алынған келешектегі зерттеулермен бағытталған қорытынды шешімдер **қорытынды** бөлімінде көрсетеді.

- **Пайдаланатын әдебиет тізімі**, бастапқы қайнар көздері болып табылатын библиографиялық сілтемелерді қамтиды, жұмыстың бұл тізіліміне жіберілмейді. Сілтемелері жоқ диссертациялық мәтіндер ғылыми-белгілі журналдармен газеттерден алынған оқу-құралдары мен мақалалар енгізуге ұсынылмайды.

- **Қосымша** (болмауы мүмкін) негізгі бөлімдердің мазмұны материалдар бөлігі, қосымша және көмекші материалдар енгізуге қажетті, мәтін диссертацияның негізгі бөлігіндегі үйілуі болып табылады.

Ғылыми мақаланы жазудағы есеп *мәтінді* баяндау кезінде тіл мен стильді пайдалану қажет.

Өндірістік іс-тәжірибесі бойынша есеп-беруді рәсімдеу

1. Есеп мәтінді құжатқа жатады және ББТМС 2.105-95 КҚБЖ және ББТМС 2.106-96 КҚБЖ талаптарына сәйкес келуі тиіс. Стандарттау талаптарынан шегінген есеп өндірісте жеке толтырылатын құжаттар (әр түрлі тізім, бағдарламалар, сынау әдістері және т.б.) қатарынан тұрады.

2. Жұмыс компьютерде терілген түрде беріледі. Мәтін жұмысы бір жақты, ақ түсті парақта, А4 (210x297) форматында жасалады. Шрифт: Times New Roman, 14 пт, аралық интервал 1 (бір) болуы тиіс. Парақтың сол жағы - 30 мм, оң жағы - 15 мм, жоғары және төменгі жақтары – 20 мм. Азат жолы – 10 мм.

Есеп көлемі 25-30 бет болады.

3. Беттің реттелуі ашық болу керек және арап сандарымен, нүктесіз, жоғары оң жағында болу керек. Бастапқы бетте сан реті қойылмайды. Тақырыптардың бөлімдері жаңа бетте бас әріпте жазылуы тиіс (МАЗМҰНЫ, МОДЕЛЬДІ ӨЗІРЛЕУ). Бастапқы беттегі сөзді тасымалдауға, нүкте және астын сызуға жол берілмейді. Бастапқы беттің және мәтіннің арақашықтығы (строка) 1-ден аспау керек. Қосымша А, В, С мен реттеледі.

4. Салыстырмалы көрсеткіште жақсы көріну үшін және ыңғайлық болу үшін кесте қолданылады. Кестенің көлеміне қарай сілтеме мәтіннің төменгі жағына қойылады. Кестенің аты кестенің сандық реті сызықша арқылы және азат жолдан бас әріппен кестенің санынан кейін жазылады.

5. Суретті әшкерелеу үшін кестеден басқа «Сурет» сөзімен және сан ретімен жүйелі арап санымен бөлімдік мөлшерде көрсетуі керек. Мысалы, Сурет 1.2- сурет астындағы таңбамен.

6. Формуланың нөмірі парақтың оң жағында формулалық деңгейде дөңгелек жақшада ескеріледі. Мысалы (3.1).

7. Мәтіндегі сілтемелерге деректерді беруге квадраттық жақшада беріледі. Пайдаланылған тізімді, деректерді (әдебиеттерді) мәтіндегі деректердің ретімен келуі, түсіндірілетін хаттамамен құрастырылады.

**«Оқытушының сабақ үстіндегі өзінің қимылдарын бағалауы»
сауалнамасы**

1. Оқытушы сабаққа дайындалу барысында белгілі бір қимылдарды пайдалануды ойластырады ма?

а) әрине, иә ә) жалпы, иә б) негізі, жоқ в) әрине, жоқ

2. Сабақ барысында оқытушының дайындықсыз тосыннан пайдаланған қимылдары болады ма?

а) әрине, иә ә) жалпы, иә б) негізі, жоқ в) әрине, жоқ

3. Кейде адам белгілі бір қимылды өзі де күтпеген кезде қолданады. Сіздің оқытушыларыңыз өз сабақтарында осындай жағдайға жиі тап бола ма?

а) әрине, иә ә) жалпы, иә б) негізі, жоқ в) әрине, жоқ

4. Сабақтарда қай оқытушының өзіне тән қимылдары бар?

5. Сол оқытушының қолданатын қимыл-ишараттарына Сіздің көңіліңіз тола ма?

а) әрине, иә ә) жалпы, иә б) негізі, жоқ в) әрине, жоқ

6. Сізге оқытушының кейбір қимылдары орынсыз болып көрінбейді ме?

а) әрине, иә ә) жалпы, иә б) негізі, жоқ в) әрине, жоқ

7. Оқытушының қолдары өзіңізге кедергі келтіріп тұрғандай сезінбейсіз бе?

а) әрине, иә ә) жалпы, иә б) негізі, жоқ в) әрине, жоқ

Сауалнамаларды бағалау үшін төмендегідей баға шкаласы қолданылды:

а) жауабы – 3 балл; ә) жауабы – 2 балл; б) жауабы – 1 балл; в) жауабы – 0 балл.

Өзіндік бағаның деңгейін анықтауға арналған тест

1. « Бұны айтпауым, мынаны істемеуім керек еді » деген сияқты ойлар сізді жиі мазалайды ма?
 - а) жиі-1ұпай
 - б) кейде-3ұпай
2. Егерөте ақылды , данышпан адаммен сөйлесіп отырсаңыз сіз
 - а) өзіңіздің ақылдылығыңызды көрсетіп , сөз сайысында жеңуге тырысасыз-5ұпай
 - б) жарысудан бет бұрып ,шыға саласыз-1ұпай
3. Өзіңізге жақын пікірді таңдаңыз
 - а) адамның «жолы болуы» -ерінбей еңбек етудің нәтижесі-5ұпай
 - б) жетістіктер –жағдайдың сәтті өтуіне байланысты -1ұпай
4. Сізге біреу пародия көрсетсе сіз:
 - а) күлесіз, сіздің бойыңызда ерекше қасиеттеріңіз болғанына риза боласыз-3ұпай
 - б) досыңыздың бойынан да күлкілі қасиеттерді табуға тырысасыз-4ұпай
 - в) өкпелейсіз,бірақ ешкімге білдіртпейсіз-1ұпай
5. Сіз әрқашан асығыссыз, сізге үнемі уақыт жетпейді немесе бір адам орындай алмайтын тапсырмаларды ала бересіз.
 - а) ия-1ұпай
 - б) жоқ-5ұпай
 - в) білмеймін-3ұпай
- 6.Құрбыңызға иіс су таңдап жатырсыз.Сізаласыз.
 - а) өзіңізге ұнайтын иіс суды-5ұпай
 - б) сізге ұнамайтын , бірақ құрбыңызға ұнайтын шығар деген иіс суды – 3ұпай
 - в) жарнамада көрсетілген иіс суды-1ұпай
- 7.Түрлі жағдайларды ойлап тауып ,өзіңізді өмірдегідей емес , басқаша қылықтар жасағаныңыз жайлы армандағанды жақсы көресіз бе?
 - а) ия-1
 - б) жоқ-5
 - в) білмеймін-3
8. Әріптестеріңіз / әсіресе сізден жастары/ үлкен жетістіктерге жетіп жатса, сіз ашуланасыз ба?
 - а) ия-1
 - б) жоқ-5
 - в) кейде-3
- 9.Басқаға қарсылық көрсету сізге ұнайды ма?
 - а) ия-1
 - б) жоқ-1

- в) білмеймін-3
10. Көзіңізді жұмып өзіңізге бір түсті елестетіңіз.
- а) көкшіл-1
 - б) сары-3
 - в) қызыл-5

Буддаси әдістемесі бойынша сөздер тізімі

Ұқыптылық
Бейқамдық
Ойланғыштық
Қабылдағыштық
Ашуланшақтық
Көкіректік
Дөрекілік
Ізгіліктік
Мейірімділік
Өмірге күштарлық
Қамқоршылық
Қызғаншақтық
Ұялшақтық
Кекшілдік
Шынайылық
Қырсықтық
Сенгіштік
Жайбасарлық
Арманшылдық
Секемшілдік
Кекшілдік
Сенімділік
Табандылық
Нәзіктік
Шешімге келе алмау
Өзін ұстай алмау
Сүйкімділік
Ренжігіштік
Байқағыштық
Ықыластылық
Күдікшілдік
Бір беттілік
Педанттық

Немқұрайдылық
Жүгенсіздік
Ақылдылық
Сынамшылдық
Ұстамдылық
Әділдік
Жанашырлық
Ұялшақтық
Тәжірибелік
Еңбекқұмарлық
Қорқақтық
Қағидашыл
Әуестенгіштік
Рақымсыздық
Өзімшілдік
Толеранттылық

«Мәдениет және білімге шолу» сауалнамасы

Әдістеменің мақсаты: білім және оқу бойынша білім алушылардың пікірлерін зерттеу. Аталмыш әдістеменің көмегі арқылы педагогтар білім алушылардың қажеттіліктерін, сұраныстарын жақсы түсінуге мүмкіндік алады.

Әдістемеге шынайы және нақты жауап беру керек. Сауалнама бойынша сұрақтар туындаса мына электронды поштаға хабарласуларыңызды өтінеміз: naminshin@dgu.edu.

ӨЗІ ТУРАЛЫ

1. Оқу жылы?

а) 1 курс б) 2 курс в) дайындық курсы г) жоғары курс

2. Білім алу бағытыңыз?

а) биология б) география в) тарих г) орыс тілі д) қазақ тілі е) шет тілі ж) өзге тіл з) экономика л) математика к) құқықтану м) басқа _____

3. Ағылшын тілін игеру деңгейіңіз?

а) өте нашар б) нашар в) орта г) жақсы д) өте жақсы

4. Үйде көбіне қай тілде сөйлейсіздер?

А) қазақша б) орысша в) басқа тілде _____

5. Жасы: _____

6. Жынысы: _____

А) ер б) әйел

7) Қандай этникалық топқа жатасыз?

А) қазақ б) орыс в) украин г) өзбек д) неміс е) татар ж) ұйғыр з) кәріс к) басқа _____

8. Қазақстанда туылдыңыз ба?

А) иә б) жоқ

Егер жоқ болса, онда қайда? _____

9. Ата-аналарыңыз Қазақстанда туылған ба?

А) иә б) жоқ

Егер жоқ болса, онда қайда? _____

10. Әкеңіздің білімі?

- А) негізгі мектеп (9-сынып)
- Б) аяқталмаған жалпы білім
- В) жалпы білім беретін орта мектеп (11-сынып)
- Г) колледж
- Д) 2 жылдық курс
- Е) бакалавр
- Ж) кәсіби дәреже (ғылым докторы, ғылым кандидаты, Ph.D., M.D., M.B.A., J.D., және т.б.)

11. Анаңыздың білім деңгейі?

- А) негізгі мектеп (9-сынып)
- Б) аяқталмаған жалпы білім
- В) жалпы білім беретін орта мектеп (11-сынып)
- Г) колледж
- Д) 2 жылдық курс
- Е) бакалавр
- Ж) кәсіби дәреже (ғылым докторы, ғылым кандидаты, Ph.D., M.D., M.B.A., J.D., және т.б.)

ЭПИСТЕМОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР ТІЗІМІ

Берілген бос торкөздерге өзіңіз келісетін не келіспейтін қағидалардың тұсына тиісті белгілерді қойып шығыңыз.

(SD=мүлдем келіспеймін,

D=келіспеймін,

N=бәрібір,

A=келісемін,

SA=мүлдем келіспеймін)

№	Көзқарастар тізімі	SD	D	N	A	SA
12	Оқуға деген тума қабілеттерді дайындауға келмейді					
13	Оқуға деген қабілеттілік туылған сәтте пайда болады					
14	Тума қабілеттердің негізінде ғана оқып үйренуге болады					
15	Кейбір адамдарда оқуға тума қабілеттер болады, ал кейбіреулерде болмайды					
16	Кей балалар туғаннан белгілі бір пәндерді оқуға қабілетсіз болады					
17	Білімге қабілеттілік туғаннан болады					
18	Орта қабілетті білімгерлер оқуларын бітіргеннен					

	кейін де солай болып қала береді					
19	Жақсы оқитын білімгерлерге үнемі бас көтермей еңбек етудің қажеті жоқ					
20	Белгілі ғалымдардың еңбектерінде жазылған ақпараттарға сенесіз бе?					
21	Ештеңе де нақты және абсолюттік болып табылмайды					
22	Егер бір нәрсе түсініксіз болса, онда соны түсінгенше әрекет ету керек					
23	Білім мен дәйекті жинағанға қарағанда, оқу маңызды болып табылады					
24	Табанды түрде оқымасаң ештеңенің түбіне жете алмайсың					
25	Білім мен дәйекті жинағанға қарағанда, пәнді түсіну мен ойлау үдерісі маңыздырақ болып табылады					
26	Әркім қалай оқуды білуі тиіс					
27	Түсініп оқығанда ғана адамдар жақсы оқи алады					
28	Белгілі бір нәрсені оқып үйрену көп уақыт пен күшті қажет етеді					
29	Бірінші болу үшін, көп еңбек ету қажет					
30	Тырысып оқысаң, пәнді түсінуге болады					
31	Қандай да қиын мәселенің бір шешімі бар					
32	Табысты шәкірттер дұрыс оқудың шарттарын біледі					
33	Кейде оқулықтарда белгілі ғалымдардың жазған дәйектеріне де сенбеймін					
34	Сарапшылардың кеңестеріне де күмәндану керек					
35	Көптеген сарапшылардың шындығында да көп білетіндігіне таң қаламын					
36	Білім үнемі өзгеріске ұшырап отыратындықтан, нақты болып табылмайды					
37	Өзімнің білетіндігімнен қатты айырмашылық болса да, сарапшылардың айтқанына сенемін					
38	Сарапшылардың айтқанына байланысты мүлде күмәнданбаймын					
39	Зерттеулерді жүргізу арқылы ғалымдар шындықтың түбіне әйтеуір бір жетеді					
40	Шынайы еңбек етсе, ғалымдар ненің болса да ақиқаттылығына қол жеткізеді					
41	Шынайы әрекет жасаса, кез келген адам күрделі ұғымдарды түсіне алады					

42	Ғылыми білім өзгермейді және талассыз					
43	Барша мәселелердің тиісті жауаптары бар					
44	Алынған білім деңгейі адамның талаптануына тікелей байланысты					

ӨЗІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕР

45	Топ маған ұнамаса да, топқа қажет болсам құрамында қалар едім					
46	Өз қызығушылықтарымды топ үшін құрбан етемін					
47	Өз жетістіктеріме қарағанда, өзгелермен қарым-қатынас жасауым маңыздырақ болып табылады					
48	Топ қабылдаған шешімді құрметтеу мен үшін маңызды					
49	Менің бақытым өзгелердің бақытына тәуелді					
50	Өзгелерден өзімді артық санап, өзгеше болған ұнайды					
51	Марапаттау мен сыйлықтарға лайықты болған ұнайды					
52	Менің жекелігім өзгелерге байланысты емес, бұл мен үшін маңызды					
53	Барлық адамдармен тең қатынас жасаймын					
54	Таныс емес адамдармен қарым-қатынас жасауда ашық және турашыл болғанды қалаймын					
55	Түсінбеушілікке тап болғанша, «жоқ» деп тура айтқанды таңдар едім					
56	Қарапайым адамдарды құрметтеймін					
57	Топтағы үйлесімді қарым-қатынасты қолдау мен үшін маңызды					

РАХМЕТ!!!

Буддаси бойынша нәтиже көрсеткіштері (бақылау кезеңі бойынша)

№	Магистранттардың аты-жөні	Жасы	Өзін-өзі бағалау деңгейлері		
			Жоғары	Орта	Төмен
1.	Әйгерім	21			-0,1
2.	Дана	22			-0,9
3.	Виктор	26			0
4.	Айнұр	36			0,33
5.	Зере	23			-0,1
6.	Анар	30			-0,5
7.	Эльвира	26			0,2
8.	Анастасия	38		0,4	
9.	Ринат	28			-0,5
10.	Асқар	30			0,2
11.	Екатерина	21			0,2
12.	Марғұлан	21		0,6	
13.	Нұрлан	22			0,2
14.	Базарбек	26			-0,4
15.	Любовь	29			-0,01
16.	Әлия	25			0,019
17.	Дарина	25		0,6	
18.	Арман	20			0,268
19.	Ардақ	23			0,327
20.	Ғалымжан	25			0,33
21.	Айдана	24		0,4	
22.	Асылбек	21			0,3
23.	Наталья	25			0,14
24.	Андрей	24			0,33
25.	Инна	25			-0,14
26.	Лиля	32			0,3
27.	Дина	22		0,4	
28.	Сара	26			-0,6
29.	Гүлжан	40		0,6	
30.	Жанар	28			-0,1
31.	Айбек	21			-0,12
32.	Раушан	22			
33.	Әсел	24			0,2
34.	Ермек	23			0,33
35.	Мақсат	34			0,2
36.	ШЫҢҒЫС	32			
37.	Аслан	23			

38.	Жандос	23			-0,5
39.	Эльмира	29			
40.	Сәуле	38			
41.	Алмагүл	24			
42.	Серік	25		0,6	
43.	Сағат	39			0,2
44.	Марат	31			0,3
45.	Мира	24			0,33
46.	Индира	25			-0,1
47.	Гүлсім	36		0,5	
48.	Гүлдина	24			
49.	Шара	28			0,33
50.	Роза	21			-0,5
51.	Сағым	24			0,2
52.	Дәулет	22			0
53.	Дарын	25			0,2
54.	Сандуғаш	29			-0,4
55.	Бану	23			-0,5
56.	Алтай	39		0,4	
57.	Алпамыс	27			-0,5
58.	Феруза	40		0,4	
59.	Хаким	33			-0,1
60.	Роллан	22			-0,4
61.	Мақпал	23			-0,4
62.	Қуаныш	31			-0,5
63.	Динара	21			0,33
64.	Қанат	34			0,2
65.	Ақмарал	29		0,5	
66.	Ерлан	25			0,268
67.	Бекежан	40		0,4	
68.	Сабира	23			-0,4
69.	Владимир	40		0,4	
70.	Назира	37		0,4	
71.	Балжан	22			-0,5
72.	Баян	26			-0,1
73.	Дамир	25			-0,13
74.	Диана	26			
75.	Қарлығаш	26			0,2
76.	Мұрат	26			0,268
77.	Қаламқас	21			-0,5
78.	Жанар	40		0,4	
79.	Гаухар	26			-0,4

80.	Біржан	39		0,4	0,3
81.	Нураддин	25			0
82.	Бақыт	28			0,2
83.	Ақан	30			-0,1
84.	Нүркен	32			-0,11
85.	Таңат	22			-0,1
86.	Жулдыз	31			-0,4
87.	Маржан	35			-0,5
88.	Алмас	21			-0,5
89.	Бейбіт	23		0,4	
90.	Акерке	34			0,019
91.	Мадина	24			0,268
92.	Жазира	23			-0,5
93.	Ақнур	24			-0,4
94.	Айжан	22			0,268
95.	Майра	30			-0,1
96.	Самал	37		0,4	
97.	Қазбек	22			0,2
98.	Асан	24			-0,12
99.	Назым	21			0,268
100.	Гүлнар	34			-0,5
101.	Рүстем	25			0,2
102.	Құралай	28			-0,13
103.	Айдын	36			0,1
104.	Еңлік	23			0,019
105.	Сая	24			-0,13
106.	Жайна	37			0,2
107.	Ғалия	23			-0,12
108.	Дәурен	38		0,4	
109.	Мая	24			0,019
110.	Асыл	32			-0,1
111.	Жанбек	21			0,2
112.	Әзімбек	25			0,1
113.	Сергей	22			-0,14
114.	Қасым	23			0,019
115.	Саят	27			-0,5
116.	Мэлс	31			0,327
117.	Роман	22			-0,5
118.	Болат	26			0,1
119.	Ерғали	29		0,4	
120.	Жалын	26			0,2
121.	Үміт	31			0,2

122.	Қайрат	30			0,327
123.	Шолпан	29			0,2
124.	Мария	38			0,3
125.	Дархан	38			0,2
126.	Толқын	25			-0,14
127.	Айдос	40			0,2
128.	Жаңыл	27		0,4	
129.	Назгүл	30			-0,13
130.	Ардана	31			0,019
131.	Жарас	35			-0,13
	Қорытынды		0	21	112
	%		0	15,7	84,3

Қосымша Е

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ғылыми және педагогикалық бағыттар бойынша оқитын магистранттар контингенті (2013/2014 оқу жылы)

№ р/с	Мамандық шифрі мен атауы	1-курс	2-курс	жалпы
1	6M010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	10	12	22
2	6M010200 – Бастауыш оқытудың әдістемесі мен педагогикасы	14	20	34
3	6M010300 – Педагогика және психология	25	36	61
4	6M010500 - Дефектология	11	11	22
5	6M010700 – Бейнелеу өнері және сызу	12	16	28
6	6M010800 – Дене шынықтыру және спорт	10	10	20
7	6M010900 - Математика	31	16	47
8	6M011000 - Физика	14	17	31
9	6M011100-Информатика	34	24	58
10	6M011200 - Химия	24	14	38
11	6M011300 - Биология	19	15	34
12	6M011400 - Тарих	24	20	44
13	6M011500 – Құқық және экономика негіздері	4	15	19
14	6M011600 – География	24	18	42
15	6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті	27	22	49
16	6M011800 – Орыс тілі мен әдебиеті	9	11	20
17	6M011900 - Шет тілі: екі шет тілі	35	37	72
18	6M012000 – Кәсіптік оқыту	12	9	21
19	6M012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті	10	15	25
20	6M012200 – Орыс тілінде	8	8	16

	оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті			
21	6M020100 – Философия	5	4	9
22	6M020200 – Халықаралық қатынастар	18	4	22
23	6M020300 - Тарих	10	9	19
24	6M020400 - Мәдениеттану	8	8	16
25	6M020500 - Филология	24	9	33
26	6M020600 - Дінтану	6	8	14
27	6M020700 – Аударма ісі	26	7	33
28	6M020900 - Шығыстану	12	8	20
29	6M021200 - Түркология	4	6	10
30	6M021300 - Лингвистика	6	4	10
31	6M021400 - Әдебиеттану	8	7	15
32	6M030100 - Құқықтану	34	4	38
33	6M041600 - Өнертану	1	3	4
34	6M050100 - Әлеуметтану	4	4	8
35	6M050200 - Саясаттану	2	0	2
36	6M050300 - Психология	8	6	14
37	6M050500 – Аймақтану	6	4	10
38	6M050600 - Экономика	3	3	6
39	6M050700 - Менеджмент	2	2	4
40	6M050800- Есеп және аудит	4	0	4
41	6M050900 - Қаржы	13	2	15
42	6M051100 - Маркетинг	0	0	0
43	6M060100 - Математика	0	0	0
44	6M060200 - Информатика	0	0	0
45	6M060300 - Механика	0	0	0
46	6M060400 - Физика	4	4	8
47	6M060600 - Химия	4	3	7
48	6M060700 - Биология	5	3	8
49	6M060800 - Экология	5	4	9
50	6M060900 - География	5	4	9
	Барлығы:	584	466	1050